

821.5/2.122  
M&G 15



# ҚАЙЫМ

---

# МҰХАМЕДХАНОВ



7



1987-02-22 10:00 AM  
1987-02-22 10:00 AM  
1987-02-22 10:00 AM

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ

# ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ  
ФЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

821.512.122-1 +



M86  
К

---

# ҚАЙЫМ

---

# МҰХАМЕДХАНОВ

7

Пьесалар  
Өлеңдер



АЛМАТЫ ЕЛ-ШЕЖИРЕ 2009

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз-7

М 86

*Қазақстан Республикасы*

*Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі*

*Ақпарат жөніне мұрағат комитеті*

*“Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару” бағдарламасы*

Шығармалар жинағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы “Отырар кітапханасы” ғылыми орталығында дайындалды.

Жауапты редакторы – филология ғылымшарының докторы, профессор Тұрсын Құлакелдиұлы Жүртбай.

Пікір жазғандар:

С С Қирабаев – КР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ. д., профессор

Р. Нұргали – КР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор.

А. С. Еспенбетов – филология ғылымшарының докторы, профессор.

Материалдар Қайым Мұхамедхановтың балалары – Мұслиманың, Розаның, Жәнібектің, Назымның, Бекеттің, Қанағаттың, Динаның, Деглардың, Қарлығаштың және Қазыбектің отбасы архивтерінен алынды.

Жинақты құрастырып, баспаға дайындал, түсініктемелерін жазған – Ербол Исламұлы Іргебай.

Мұхамедханов Қ.

М 86 Кон томың шығармалар жинағы. Қайым Мұхамедханов. – Атматы: “Ел-шежіре”, 2009.

Т.7: – 312 бет.

ISBN 978-601-7011-81-9

Фалым, әдебиет сыйншысы, драматург Қайым Мұхамедхановтың көп томдық шығармалар жинағының жетінші томына драмалық шығармалары еніп отыр. Жинақта “Майданнан майданта”, “Комиссар Габбасов”, “Ер Білсай”, “Перне” пьесалары және әр жылдарда жазған өлеңдері мен Карамзиннің өлеңмен аударған “Сормаңдай Лиза” поэмасы берілген. Фалымның драмалары мен өлеңтері бүрін-сөнді жеке жинақ болып баспа бетінде жарық көртеп жоқ. Кезінде пьесаларға М. Әуезов, F. Мусірепов сыйнды әдебиетіміздің атындары жақсы пікір берілген.

4702250201

К ----- 2009  
00(05)-09

УДК 821.512.122  
ББК 84 Каз-7

ISBN 978-601-7011-81-9

© Мұхамедханов Қ., 2009  
© “Ел-шежіре”, 2009



## *БІРІНШІ БӨЛІМ*

### **МАЙДАННАН МАЙДАНФА**

*4 перделі, 8 суретті пьеса*

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Еркін - әдебиетші, жазушы,	
майданнан қайткан офицер— 35-те	
Бақтыбала — Еркіннің әйелі, дәрігер	— 30-да
Айбала — Еркіннің карындасы, студентка	— 22-де
Мақсot — жас агроном, Совет Одағының Батыры.	
майданнан қайткан офицер. Еркіннің досы	— 28-де
Әлімбет — халық жыршысы	— 55-60-та
Мұрат — артист, режисер	— 30-35-те
Тұрдықұл — ақын	— 35-те
Зурә — студент, Айбаланың достары	
Зейнеп — медсестра	
Абзal Жантасов — райком секретары	— 35-40-та
Қаратай — колхоз бастығы	— 50-55-те
Төкен Әлімбаев — бригадир	— 25-те
Қадиша — звено бастығы	— 20-21-де
Колхоз жігіті	
Фотокорреспондент	
Оңғарбай Өндірбаев — агроном	— 45-50-де

Артистер, колхозшылар, жұмысшылар.

Оқиға Отан соғысынан кейінгі дәуірде болған.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

### *Бірінші сурет*

Еркіннің үйі. Ортада с.гол. орындықтар. Бір жакта диван. пианино. Еркін мен Бақтыбайтаның библиотекасы. Телефон, қабырғада айна, сағат. Бір қабырғада Горький мен Абайдың суреттері.

Шымылдық ашылғанда үйде Айбала жалғыз. Қуанышты. Іңшілдап өлең айта жүріп, үй шаруасының жабдығымен шұғылдануда.

**Айбала.** - Еркін ағатайым үйден аттанғаты бес жыл. Күнде күткен бес күн, бес жылдан да үзак сияқты. Бүгін де келмес пе еken... Жоқ, бүтін келеді. Қуаныш... Шаттық. /Айнала қарап/ Үйдің іші де бүтін өзгеше... /Терезеден қарап/ Дала неткен тамаша еді. /Аз пауза/ Бәрі де ұмытылды. /Ойланып/ Кешегі ауыр күндер... Қыншыстық... Қауіп-катер... /Телефон соғытады. Айбала тыңдал/ Иә, иә. тыңдал түрмyn. /Қуанып/ Бағыш тәтембісін. Ту... әлі келген жоқ па? Жарты сағаттан кейін. Жоқ, жоқ ешкім келген жоқ. Кімге дейсін? Айттым, айттым. Жарайды, жарайды. /Трубканы ітіп қояды. Сағатына қарап/ Жарты сағаттан кейін...:/кенет өзгеріп/ Ту мен әлі ойламаппын ғой... Қазір Еркін ағатайым кіріп келеді... Сонда мен не істемекін!/Ақыл тапқандай/ Е, не істеймін.../құшағын жайып есік жакқа қарай жүре беріп/ “Еркін ағатай!” деп құшақтай аламын...

Дәл осы кезде есіктен асығыс Тұрдықұл кіріп келеді. Баста шляпа, көзде көзілдірік. қолында таяқ, колтығында 3-4 кітабы бар.

**Тұрдықұл.** Faфу ет, Айбала. /Сағатына қарап/ Япырай, мен кешігіп қалғамын ғой сірә... Вокзал басына кетіп қалған фой шамасы.

**Айбала.** Иә, кетіп қайды...

**Тұрдықұл.** Япырай, бүгін де келмес пе еken.

**Айбала.** Бүтін келеме деп Бағыш тәтем тағы кетті ғой.

**Тұрдықұл.** Осында келе жатып. Болмашы жерден ұсталып қалғаным...

**Айбала.** Ұсталып қалдым дейсіз бе.

**Тұрдықұл.** Жо... о жолшыбай келе жатын: әншнейін бір болмашы жерден... Жәй әншнейін былайша...

**Айбала.** Каидам... Үсталип қалдым дегениңзге айтам.

**Тұрдықұл.** Жәй әншнейін... А... Поезд уакытында келе месекен?

**Айбала.** Бағыш тәтем жана телефон сокты...

**Тұрдықұл.** Иә, иә...

**Айбала.** — Жарты сағаттай кешігін келеді дейді.

**Тұрдықұл.** Э... Солай ма... /кетуге ынғайланнып/ Онда менде үлгереді екенмін ғой. /бір нәрсе айтқысы көтіп/ Айбала. карындас... өзін... Үйде қалған екенсің ғой...

**Айбала.** Бағыш тәтем мен Зейнен кетті.

**Тұрдықұл.** /Танырқап/ Зейнеп... Е. Зоя де.

**Айбала.** Зоя десеніз, Зоя...

**Тұрдықұл.** Да... а... Кои мен кешікпейін... /кенет өзгеріп/ Айтиакшы. Айбала қарындас /бір кітабын ұсынып/, міне. менің лирикалар жинағымды шығарынғы. Мына кітапты саған арнап әкелишім. /Береді/ Міне.

**Айбала.** /алып/ Рахмет.

**Тұрдықұл.** Шатобриянның тамаша тәтті киялы. Оскар Уайлдтың өткір ой, нәзік сезім. Байронның өршіл мінезі көз алдына келеді. Оқы қарындас, сүйіп оқы... Достар талап әкетті. /Бір кітабын нұсқап/ Мынаны Еркін досыма... Ал мен кеттім. Кешігін қалдым...

**Айбала.** Жаксы.

**Тұрдықұл** кетеді. Айбала жалғыз.

- Осы Тұрдықұл ағай қызық өзі. Кешігеді де жүреді... Соғыс басталғалы осы үйге келген сайын: “Әне аттанам майданға, міне аттанам!” Жазған өлеңінің бәрінде: “Мен аттандым майданға”, “Қош туған жер”, “Отан үшін жан піза”. /Тұрдықұлды кекей сөйтеп/ “Аспандағы айға балаған қарындасым, Айбала. Саған арнаған лирикам бар, лириканың терен сырын ұғынатын қарындассын... Лирика әркімге жазыла бермейді...

Сондыктан да ол - лирика”, - деп... Қойшы осы Тұрдықұл ағайды. /кенет өзгеріп ойланып қалып/, кітаптарының арасынан Максоттың суретін алыш қарал

Шіркін... Бүтінгі қызықтың ішінде Еркін ағатайыммен бірге сені де көретін болдым... Еркін ағатайым қандай жаксы көруші еді өзін... /дауысын өзгертіп, шын беріліп/ Айғысқан серт айнымас...

Есік қағылады. Айбала есікке жүтіріп барады. Зурә кіреді.

**Айбала.** Сен екенсің ғой.

**Зурә.** Элі келген жоқ па?

**Айбала.** Жоқ әлі...

**Зурә.** Жаксы болды ғой... Үйде оғырғанда келсем...  
Телеграммасында не цепті. Окышы тағы...

**Айбала.** /Еркіннің телеграммасын алғын/ Міне...

**Зурә.** Окышы, окышы.

**Айбала.** /Оқиды. Зурә Айбалаға жақындағы тыңдайды/.  
Аман есеммін. Үйге қайтып келемін. Қасымда досым Максот  
бар...

**Зурә.** Максот та осы үйге келе ме екен...

**Айбала.** Келмесе жазама... Енді қайда келуші еді...

**Зурә.** Ойпыр-ай, төрт күн бірдей вокзалға барып-барыш  
дә: бүтін біз бара алмай қалған күні келіп қалса ғой...

**Айбала.** Келсе екен...

**Зурә.** Бізді қөргенде Еркін ағай да, Максот та таң қалар...

**Айбала.** Есінде ме, ағатайым ана жылы екеумізге әдейі  
арнап жазған хаты.

**Зурә.** Енді қалай: "Сүйікті бауырларым, карындастарым  
Айбала. Зурә! Сендердің білім алғын, ғалым болуларың үшін,  
сендердің бақыттарың үшін ағаларың жаумен алсыда" демеп  
пе еді.

**Айбала.** Еркін ағатайымның сол хаты екеуіміз ауыл  
шаруашылық институтына түскен жыты келіп еді-ау...

**Зурә.** Қыздардың бәрінен оқып бердік емес пе...

**Айбала.** /Өзгеріп/ Еркін ағатайыммен бірге оны да көретін  
болдык...

**Зурә.** Максот! Менің ұстазым.... Сенің болашак жарың...

**Айбала.** Алдағыны қөрерміз, аман келсінші өздері...

**Зурә.** Соңғы хатында не жазып еді?

**Айбала.** Ұшарға канат жоқ... Не болса да осында келіп  
көрсем деп еді... Саулығы онша емес-ау деймін Максottың...  
Бірақ, толық жазбаған хатында.

**Зурә.** Бағыш тәтем не дейді?

**Айбала.** Келген сон қөрет те... не десін...

**Зурә.** Айбала, айтпақшы анада маған оқыған хатың мен  
суретінді Максotтка жіберіп пе едін?

**Айбала.** Енді хат салма деп телеграмма келіп қалды емес  
пе... /кітаптарының арасынан өзінің Макsottka арналған  
суретін алғып көрсетеді/ жібергем жоқ, міне.

**Зурә.** /Суретін алғып қарап/ Қалай тамаша түскенсін өзін.  
/сыртындағы жазуын оқыды/. "Сүйген досьма! Жарқын жүзім,  
ак көңілім. Айбала". Жібергенде кандай жаксы болар еді...

Датадан машинаның дауысы естіледі. Зурә терезеге барып.

**Зурә.** Машина келді. Айбала! Түсіп жатыр! Түсіп жатыр!  
Айбала терезеге жүтіріп барады.

**Айбала.** Солар, солар!

**Зурә.** Жүр енді... жүр.

**Айбала.** Агатайым-ай...

Зурә асығып. Айбаланың сурегін сғол үсінен тастаң. екеуі жүгіріп шығып кегеді. Сахна бос. Аздан соң қолында чемодан Тұрдықұл кіреді. Чемоданың койып кайта шығып бара жатып столға қарал.

**Тұрдықұл.** Стол да әзір... Мен де әзір... Максог та келді... /Стол үстіндегі суретті көріп, қолына атып қарап тұрып, сыртындағы жазуды оқиды/ “Сүйген досыма!..” Шіркін Айбала. Кімге екен! Маған емес пе екен...

Суретті асығыс қалтасына салып шығып кетеді. Сахна аз уакыт бос.

Аздан соң әскери киімді Еркін, екі жағында Бақтыбала. Айбала, сонынан Мақсot, Зурә, Зейнеп. Тұрдықұл кіреді. Нәрсе көтергендер екінші бөлмеге нәрселерін қойысып шығады. Мақсotta науқастық кейіп бар. Жолдан келгендер екінші бөлмеге барып жуынып шығады.

**Айбала.** /Еркінгө орамал әпереді/ Еркін ағатай, өз орамалың... Өзің кеткелі ешкім сүртінген жок...

**Еркін.** /Айбалаға/ Міне, қалқам: “Кары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, ғұл мол, жаксы жаз келмеуші ме еді”, - деген гой Абай... Ақпан қантарымен, сакылдаған сар аязымен, бұрқыраған боранымен қыс та өтті... Жаз дакелді /Мақsottы нұскап/ біз де келдік...

**Тұрдықұл.** Да... а, көніл-көктем, өмір – жаз...

**Мақsot.** Біз сол жаз үшін күрестік... осы үй, мына сендер көзден таса болса да көнілтімізден кеткен жок.

**Бақтыбала.** Еркіннен хат алған сайын сенен де сәлем келгенде, Айбала екеуміз Еркінмен бірге сені де көруді арман етуші ек...

**Айбала.** Бағыш тәтем екеуміз осы құнды... Дәл бүгінгі қунді арман еттік. Еркін ағатай. сенің аттанарда: “Келем” деген бір ауыз сөзің, сол сеніммен айткан сөзің, сол даусың кулактан бір минут кеткен емес...

**Тұрдықұл.** Еркіндер аттанған қуннің өзінде-ак, бүгінгі қуннің келетініне, бүгінгі қуаныш, шаттықтың болатынына көзіміз жеткен...

**Бақтыбала.** - /әзілмен/.Иә, Тұрдықұл тапжылмастан – ак Еркін досың күтті...

**Зейнеп.** Бұл кісі орнынан табылайын деген гой...

**Тұрдықұл.** Еркін, мені үшін тұрганың байқаймысын...

**Еркін.** /әзітмен/ Бактыбаланың жауабын мен беремін ғой.

**Ал.** мына Зейнепке өзін жауап бер.

**Тұрдықұл.** Е, майданға Зейнегітін өзі барса, менің өлеңім майданға бармады ма.

**Зейнеп.** /әзітмен/ Еркін ағай майданға кеткенде өлеңін үйге тастаң кетіп па?

**Тұрдықұл.** Еркін, майданға келген қарындастың сөз тастасы қалай...

**Еркін.** Тұрдықұл, сен бұл қарындастарының немістермен "сөйлескенін" көрсөн...

**Мақсot.** Мәншүк. Әлиялардың фрицтермен автомат, иулемет арқылы сөйлескені ақындардың да тілін байытатын шығар...

**Еркін.** Дұрыс айтасың, Максот.

**Тұрдықұл.** Да... а. /кенет өзгеріп/ ал бүтін өлең мен жырға, ән мен күйге жоғ беретін шығармыз.

- **Еркін.** - Бактыбала. Тұрдықұлдың бұл сөзіне қосылатын шығармыз.

- **Бактыбала.** - Эрине қосытамыз.

- **Тұрдықұл.** - Е, бәсе, манадан солай болу керек қой.

**Бактыбала.** - Қыздар...

**Бактыбала.** - Зейнеп, Айбалалар стол әзірлеуге кіріседі. Есік қағылады. Мұрат кіреді.

- **Мұrat.** - /Куанышты. Достық жүрекпен/ Еркін!

- **Еркін.** - /Куаныш/ Мұrat! /Күшактасып сүйіседі/

- **Мұrat.** - Осында келе жатып жошыбай... Бес жыл ғой, бес жыл... Ойтаймын кеп: апýрмау, бұл Еркінмен қалай амандассам еken ә... Акжайыктың ақмаралы Жібекті ансан келген Төлегенше ме. Жок Баянды ансаған Қозы-Көрнешше ме. Бірі де келмейді... Жок... Еркін... Досым... Бес жыл ғой, бес жыл...

**Еркін.** -Аман есен келдік, Мұrat. Келші (сүйіседі). Міне, осылай... тұра өзімше...

**Мұrat.** /Максотпен қол алысады/. Сені Еркін досыммен бірге көргеніме қуаныштымын.

**Мақsot.** Раҳмет, Мұrat!

**Мұrat.** Бактыбала, қайырлы болсын! Еркіндерін женіспен кайткан қуанышты – ел қуанышы...

**Бактыбала.** /барлығына/ Ал, қане отырыңыздар. Осындаи стол басынан қуанышпен кездесу – бәріміздің де кешегі арманымыз еді...

**Мұrat.** Бәріміздің де адап жүрегіміз осы болатын.

**Тұрдықұл.** /Солға шакырып/ Максог... Мұрат.

**Мұрат.** Қане достар!

**Еркін.** Бәріміз де кеше осы оғымыздың басының тишиштығы үшін, адақ дастарханымыздың аманығы үшін құрестік. Эрқайсымыздың отымыздың басында, амал дастарханымыздың үстінде Отан деген касиетті сөз жүргімізде орнады...

Даярланған столға айналға отырысады. Бақтыбала арак құяды. Еркін түрекелі:

**Еркін.** /Рюмкасын колына алып/ Ал, достар...

Осы кезде Әлімбет кіріп келеді. Еркін рюмкасын қойып, карсы алады.

**Еркін.** - О, Әлекен келді біздін...

**Әлімбет.** - Келші Еркінім - ерім, /манձайынан сүйеді/ сағындық қой. Еркін сені!

**Еркін.** - Күйлі қуаттысыз ба, Әлеке. Сіздің сағынғанынызды бітіп біз де жеттік. Міне біздің Әлекен...

**Максот.** Э, Әлеке аға, саусыз ба? Жоғары шығыңыз, жоғары шығыңыз.

**Әлімбет.** Келші Максотым, батырым! Келші... /құшактан сүйеді. Бәрі де жоғары шығыңыз десін-құрмет көрсетеді. Әлімбет Максотиен амандасын отырады/. Кыруар елдін тілегі текке кеткен жок. Сеніммен ағтандындар, сертке жеттіндер. Жау жағасы жығылды. Сағыныскан жүректер табысты. Жібермедік жауға намысты!

**Тұрдықұл.** Әлекен дұрыс айтады.

**Әлімбет.** - Еліме ерім, еріме елім сай. Түлен түрткен дүшпан түнде жортатын. Алыстан шабынған бураның айбыны белгілі болатын. Қабак түйіп, қаһар жылп аттанған ерілерімнің мерейі үстем болып келгенін көргенде, қуанғаннан аузыма сөз де түсней қалды. Қайырлы болсын Бағышжан... Айбала қалқам.

**Бақтыбала.** - Рахмет. Әлеке аға.

**Еркін.** Әлеке, сіздердің мұндағы өткен еңбегінізге біз де сүйсіндік...

**Максот.** - Артымызда сіздердей арқа сүйейтін ардакты адамдарымыз болғандықтан да біз басым болдық.

**Мұрат.** - Біздің Әлекендер асыт сөзді автоматтын оғындағы бүркүрлатканда жауға жайдан кем тилі дейсіз бе...

**Тұрдықұл.** - Қаһарлы сөз камал бұзбай ма!..

**Еркін.** - Ал, қане дос гар...

**Тұрдықұл.** /Ушып тұра келіп/ Аңсап күткен досыма арнаған аз жыр еді...

**Әлімбет.** Е. бәсе, еңді жол жырлікі.

**Мұрат.** Асы! жырын бүтін актармаған ақын ба. Қане. Тұрдықұл.

**Тұрдықұл.** /түреге.иі тамағын кенеи, көзіңдірігін жөндеп, көзін сүзіп жоғары қарағатып нақышшен оқиды/:

Алаудаған кан майданнан.  
Келді досым зұлматтаттап...  
Арсыз ажат ашқан аузын  
Күненде өлім кеше сақ-сақ.  
Міне досын, құшақ жайған  
Жаны таза, жүргегі аптақ!  
Түр ғой құлін раушан аспан,

О. Музат!

Кел Парнастан.  
Тарқалы шер.  
Гүлжазира –  
Құлпырды жер,  
О. ақындар,  
Баста дастан!  
Шөлтіркеген жас жүректер,  
Көтер көкке, көніл қуйін!  
Ал, шәрәпті, кел жігіттер,  
Міне досым.  
Ақын досың  
Алшы қабық!  
Тартқан сыйын!

Өлеңін Еркінге ұсынады. Еркін салқын ғана алады. Әлімбетке қарап.

Әлеке, міне енді...

**Әлімбет.**

Тұзу кел, кисық, қыңыр қырын келмей,  
Сыртын танып іс бітпес сырын көрмей,  
Шу дегенде құлағын тосаңсыйды  
Өскен соң мұндаі сөзді бурын көрмей, -

деп Абай айтқандай қайдам, қарағым...

**Тұрдықұл.** Иә, Әлеке, бұл лирика ғой /Әлімбет басын изейді/ Да... а. /Еркінге өлеңдер жинағын береді/ Міне Еркін, саған арнаулы тартуым. Лирикаларымның жинағы – “Данқ”

Еркін. Рахмет, Тұрдықұл.

**Бақтыбала.** - Мұрат, сен Еркін келген күні осы үйдің ішін театрға айналдырып жіберемін дегенің қайда осы.

**Максот.** А. сондай уәдесі бар ма еді Мұраггын. Дұрыс дұрыс.

**Мұрат.** Орындағы жағқан уәлеміз көп әлі. Максот. Бірак, орындамыз. Үлкен тои әлі де аша. Сендерден де күткен сауғамыз көп.

**Еркін.** Сау келген соң сауға құткендерінің жөні бар. Шабуылта шынықканбыз. Қол кусырып жата алмасныз.

**Максот.** Бейбітшілік өмірді... еркін еңбекті ансан кайтты...

**Тұрдықұл.** Шіркін бейбітшілік. Қандай тамаша! Басшы Мұрат. "Сұмбіл шашка".

**Мұрат.** "Сұмбіл шаш" қашнас. айтылар. Жана ырғағы табылса, айтылатын жыр да көп. шырқалатын ән де көп...

**Максот.** Дұрыс айттың. Мұрат. Бірак, біз естімеген әндерді аңсан келдік.

**Еркін.** - Ауылдың алты ауызы бар емес пе.

**Әлімбет.** - Бәсе, бәсе, орынды сөз тіпті.

**Тұрдықұл.** Шырқа. Мұрат!

**Бақтыбала.** Еркін, Максот.

**Еркін.** /Рюмкасын атың/ Біз аттанғанда орта мектептің оқушылары, бүтін міне маман болып, бізді қарсы атып отырған карынластарым үшін...

**Максот.** /рюмкасын атың. әзілдей сөйтеп/ Еркіннің кейде үмытпайтын жerde үмытып кететін әдеті болатын... Адал жар. жарғана емес-ау, сау-сәлеметтігіндін сакшысы – дәрігер, ғалым...

**Бақтыбала.** /сөзін бөліп/ Жетті, Мұрат. жетті.

**Мұрат** - Бақтыбала үшін, достар!

**Әлімбет.** Бәрекелді, бәрекелді сөз-ак.

**Мұрат.** Бәсе, бір мактаншы. Бағыш!

**Бақтыбала.** /рюмкасын көтеріп/ Мактанам. міне!

**Тұрдықұл.** /Айбалатарға/ Қане. карынластар...

Бәрі ішіп қояды.

**Максот.** Ал. енді сөзді Әлекене берсек деймін...

**Еркін.** Эрине.

Бәрі де макулласады.

**Мұрат.** Айбала, домбыра қайда қалқам.

**Әлімбетке** домбыра беріледі. Домбырамен желдірте жөнеледі.

**Әлімбет.**

Колында кектің қанжары,

Балдағынан қан болған,

Іңде жорға үдерे  
Дамышар серпін таң болған.  
Ағағы айдаи әлемге  
Білініп даңқы ұзарған.  
Койнынан акқан канына  
Ат тұяғы қызарған.  
Қатшыссаған қантарда  
Таң күзетіп мұздаған.  
Маңдайына наизаның  
Сабын тірең мызғыған.  
Жедеңдей тартқан жебесін  
Жеті қырға жеткізген.  
Жамысған болат танкіден  
Атқан оғын өгкізген.  
Шілдеде шілтер ыстықта  
Тамшыцай сұған тарықкан,  
Сүйіп алған сұлды  
Сарғая күтіп зарықкан.  
Ел үшін жаңым құрбан дең  
Ертерім шықкан халықтан  
Алатудай атағы  
Еркін. Максот ерлерім,  
Кездесінеген тарихтан.  
Ұлы өмірдің ұланы.  
Отанымның қыраны,  
Алғыс алып елнен  
Әлемге атын танытқан!

/Бәрі де Әтімбетті кошеметтейді/.

**Максот.** Жарайын, Әлеке.

Әтімбеттің колын агады.

**Мұрат.** - Бәсе, осынай аскактасын асы җыр.

**Еркін.** - Ризамыз, Әлеке.

**Мұрат.** - Еркін, бес жыл ғой, бес жыл... Сенен сағынып  
куткен сауғамыз көп...

**Еркін.** - Бастан кешкенім, көзбен көргенім, көнілімде,  
Мұрат. Жайбарақат жатқызбас.

**Тұрдықұл.** Көніл құсы шар тарапқа шарыктаса, жырдың  
керкі – лирика сонда тумак, Әлеке. Шабытта ғой мәселе.

**Максот.** Қанмен жазысған тарихты қағаз бетіне түсіріп,  
халық ақына тарту күр кияімен, жалған шабытпен болмас...

**Әтімбет.** Ат коюп айдар такқаны емес, адамның көніліне  
жакқаны керек кой.

**Тұрдықұл** Жағу деңен – сезімнің нәзік қызын таба білу...  
Махаббаг... Сұлулық сипат Классический нәссе.ердің жаны  
фой.

**Еркін.** Барлығы да өмірде...

**Мұрат.** Өмір шындығының шынында.

**Тұрдықұл** Шалқи білу керек достар, шақи білу керек..  
Әлімбет. /Қалжыңдау/ Шалқитын күн бүргін емес пе.

**Тұрдықұл.** Шалқимыз, шалқимыз... Сіз әлі терен түсінбей  
отырысыз... Поэзияның шынына шалқу... Ол солай...

**Мұрат.** /қалжыңдау/ Сен тіпті шақимын дең көзімізден  
мұлдем ғайып болып кеңін жүрме. Тұрдықұл.

Күтіседі.

**Тұрдықұл.** Көре білу керек.

**Еркін.** Көрсете де білу керек... Соғыс тақырыбында  
жазылғандарды оқылым... Көзбен көрмей, баиыбына бармай.  
күр көнітмен пішкен тон кімі е шак келмек..

**Тұрдықұл.** Еркін, ол тақырыпка өзің бір классический.  
Шекспировский бір нәрсе жазсан деп ем...

**Мұрат.** Осы классический, Шекспировский деп күні  
бұрын даурықтай-ак қояйык... Көрген шындығында жазып  
ко.лымызға бір тигізші.

**Еркін.** Жазамын Мұрат, жазамын... Жазамын деп келдім.

**Тұрдықұл.** /қызулау/ Еркін, мен тыл тақырыбына  
романтический планда пьеса жаздым. Мұрат өзі коюға тиіс...  
Оқырысың әлі. Қазір драматическая поэма жазып жатырмын...  
Как сказать... Просто байроновская восточная поэма деуге  
болады...

**Мақсot.** Неге реалистический емес.

**Еркін.** Ел шегінен шығып кетпедің бе.

**Тұрдықұл.** Поэзияда шек болушы ма еді.

**Еркін.** Жақсы, танысармыз, Тұрдықұл.

**Мақсot.** /Іштей қинальп/ Бағыш, достар, маган рұқсат  
болса...

**Бақтыбала.** Ауырлап отырын ғой, Мақсot.

**Әлімбет.** Жолдікі болар...

**Мұрат.** Еркін. Мақсottың саулығы солай ма еді.

**Еркін.** Эзірше солай болып тұр.

**Бақтыбала.** Қай жерін, Мақсot?

**Мақsot.** /білсіргісі келмей/ Жол азабы да бар...

Бактыбала, Айбала, Зурә. Зейнен Мақsotиен бірге екінші  
бөлмеге кетеді.

**Тұрдықұл.** Мына қызық үстінде... Япыр-ай ә, Еркін...

**Еркін.** Мақsottың жәйі солай болып тұр.

**Бактыбала** келеді.

**Әлімбет.** О не карагым.. Бағыш?

**Мұрат.** Максоттың мұңдай халі көнілісіздеу екен. ә...

**Бактыбала.** Әзірге не айтуға болады... Көрерміз...

**Максот.** қыздар қайта шығады.

**Әлімбет.** Максот қарағым. көңліп жақсы ма? Шошын қатылған кой.

**Максот.** /науқастығын білірмей/ Шошымаңыз. Әлеke аға. Қөктем келгенде агрономның көнілі жаман болушы маед!

**Әлімбет.** Бәсе, бәрекелді.

**Максот.** Соғыс бөліп кетті ғой. Бастап кеткен ісім бар. Баянды ету борышым. Егіс үстіне дәл келдік.

**Бактыбала.** Максот, дем алу керек.

**Максот.** Жақсымын Бағыш, жақсымын... Демді бір-ак аламызыз. Тұрдықұл. Е, бәсе... өршіл мінез. аскак көнілі романтический настроение керек...

**Әлімбет.** Денсаулық – зор байлық... /Қыздарға/ қайда менін үш қызыым.

**Бактыбала.** /Әзімен/ Ағалары шалқыш жатыр ғой, Әлеke. Әлімбет. Е, қыздарым да шалқысын.

**Тұрдықұл.** Басшы бір, Мұрат, “Ағаш аяққа!”

**Мұрат.** Дұрыс айтады. Әлеkeн.

**Бактыбала.** Қыздар!

**Максот.** Тыңдаймыз, тыңдаймыз!

Үш қыз пианинаға барып ән айтуға даярланаді пианина тартуға отырады. Зейнеп нота даярлап тұрады. Аиоала әннің кіріспесін өзі пианинаға тартып көрсетіп береді. Тұрдықұл тұрып барып нотаға қарап. Айбалаға бір көз тастап, келіп отырады. Айбала ән айтады, Зурә пианина тартады.

**Максот.** Міне, рахмет! Біз сендерді бекер сағынбаған екенбіз.

**Тұрдықұл.** Поэзия мен музыканы аңсамайтын адам бола ма! О, шіркін!

**Еркін.** /Рюмкасын алып/ Қане достар, бейбітшілік өмір үшін! Ұлы өмірде алдыңғы сапта бірге аттап, ел сенімін бірге актап шығамыз деген сенім үшін! Бәрі түрегеледі.

**Максот.** Барлығының үшін, достар! Еркін досым үшін! Майданнан майданға! Женістен женіске достар!

**Мұрат.** Достық үшін!

**Бәрі.** Достық үшін!

## Ш ы м ы л ы қ

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### *Бірінші сурет*

Қара адыр алабы. Егіс даласы. Қойтастар. Шауып келе жаткан аттылардың дүбірі естіледі. Агроном Онғарбай мен колхоз бастығы Қаратай шығады.

**Онғарбай.** Ал, Қареке Қара адырына келдік...

**Қаратай.** - "Қара адырдан" қол үзгелі үш жыл болды кайдам...

**Онғарбай.** - Үш жыл бүрын бір бала басып кеткен жерден береке шығады деп тұрмыз ғои енді...

**Қаратай.** - Осы жерге токырадық па өзі?

**Онғарбай.** Өзі майданнан келсе, омырауы толған орден болса, өр көкіректеніп бола ма сірә... Басыммен жауап берем деп отырып алған жок па облыста... Сенің жасын үлкен болса, менің басым үлкен деуден де тайынғалы тұрған жок. Оған біздің секретарь Абзal барып қосыла кетті...

**Қаратай.** Ол баланың жаманшылығын да, жаксылығын да көргеміз жок. Осында агроном болып бір-ақ жыл істеді...

**Онғарбай.** Не істеді сонда?!

**Қаратай.** Келген жылы арпалысып жүріп осы Қара адырдың анау алабына жонышқа мен бидай еккізді...

**Онғарбай.** Жұмыс тауып берген еken сіздерге...

**Қаратай.** Өзі де соңғы кезде өнім бермейтін бол кетіп еді. Тіпті бекер емес пе деймін сол баланікі...

**Онғарбай.** Несіне көзініз жетті?

**Қаратай.** Майданға кетіп қалды емес пе...

**Онғарбай.** Мен өзім дәл осы алапқа қарсымын. Тілмен бәрі де болып жатыр ау, көнер ме еken қеудеге...

**Қаратай.** Қайсымыз болсақ та дәл биыл аянатын жыл емес, шырағым...

**Онғарбай.** Әрине Қареке, о не дегеніңз...

**Қаратай.** Ол баланікі күр сөз бе, жок өз қолымен істері бар ма?

**Онғарбай.** Өз қолымен істер деп енді... не істеуші еді. Келеді осында.

**Қаратай.** Соны айтам...

**Оңғарбай.** Тау-гасын мынау, шалғай жаткан өзенін анау... Жаңбыр болмаса, тітеймісін, қайтпексін...

**Қаратай.** Оны олардағы ойланған шығар. Біз де қарал отырамыз ба. Ел бар, жұрт бар кенесерміз.

**Оңғарбай.** Е! Құландыға кетіп қалады емес не? Тракторлар да сонда барып қалған шығар. Кейде осы баланың ойыны сиякты етіп жібереміз...

**Қаратай.** Еңбек желге кеппеуін ойлаймыз да. Белді бекем байлаасақ, осы жерге келеді. Іске кіріседі. Оның өкініші жок. Бригадирлер, звено басшылары осында келсін деп хабар айтқызғам.

Таска шығып көз жібереді.

**Оңғарбай.** /Өз-өзіне/ Майдандағы ерлігін көрсетиек кой. Егін майдандағы кимылына көнсе иті еді...

**Қаратай.** Анау бір машина келе жатыр солар-ақ болар. / Тастан түсіп/ Жаксы болды.

**Оңғарбай.** /Ұнатпай/ Келсін, келсін...

**Қаратай.** Сізге мына жас агроном ұнанқырамай ма қалтай?

**Оңғарбай.** Ұнау деп қыз ба ол бір...

**Қаратай.** /Күліп/ Кыз демекші осы сіз әлгі ... Келін бола ма, күрбы бола ма... Со кісіні... Қалай енді... Былай...

**Оңғарбай.** Қалайы бар ма, Қареке. Агроном тілімен айтқанда өнім болмады... Екі жыл болтып барады, ажырастық.

**Қаратай.** Сондай бір сыйбыс естуші ем де. сенбеші едім. Солай-ақ екен. Кыз ба деп тұрғанының сол екен ғой... Бәсе /куледі/.

**Оңғарбай.** Ол да бар... Қырықтың қырқасынан асып бара жатқанда жәйі де бар...

**Қаратай.** Қырық та деп кім айтаңы тәйір.

**Оңғарбай.** Қыздарға қырық қорқынышты емес-ақ шығар...

**Қаратай.** Е, бәсе /куліседі/. /Машинаның дауысы естіледі/. Ә, келді.

**Абзат,** Максот. Айбала. Зәуре шығады. Максот таяқ ұстаған. науқас халі бар.

**Абзат.** Іске сәт. Қареке!

**Қаратай.** Айтсын-ақ. /амандасады/ Саусын ба, Максот карағым? Жол болсын! /бәрімен де амандасады/.

**Максот.** Рахмет, Қареке, айтканының келсін.

**Абзат.** Міне, Максот Қара адырға қайта келді.

**Қаратай.** Дұрыс-ақ. Азамат бастаған ісін аяқтамай тастамас болар.

**Максот.** Дұрыс айтасыз.

**Абзат.** Мына қыздарының биыл окуын бітірген, болашақ ауыт шаруашылық мамандары. Көмектесуге келді сіздерге.

**Қаратай.** Бәреке. іді. Өркендерің өссін.

**Оңғарбай.** /Қыздарға қырындаш карап/ Карындастардың осындағы болғаны да... Жаксы. Солай емес не, Қареке.

**Қаратай.** Мынау Оңғарбай ағаларың, шырактарым... Қайда бұл ағаларың көптен бері...

**Зурә.** - Э, агроном ағай ма?

**Оңғарбай.** - Иә, карынласым, /көлін ұсыныш/ танысын кояйык. Бас агроном Өндербаев Оңғарбай.

**Зурә.** - /Көлін алып/ Зурә.

**Оңғарбай.** - Жаксы қалқам, жаксы, /Айбаланың да қолын алады/.

**Айбала.** - Айбала.

**Оңғарбай.** Өте жаксы. Жеткен карындастарымызды көргенде куанып қаламыз.

**Қаратай.** /Шын ниетімен/ Енді қалай...

**Мақсot.** Жаксы Қареке. Ал енді іске кірісеміз ғой.

**Абзal.** Қареке, мәселе түсінкіті ғой. Даир.ық қалай болып жатыр?

**Қаратай.** Біз егіске сақадай-саймыз... Мәселе осы жерде... Мына Қара адыр алабына ғана тіреліп тұрған жок, па.

**Абзal.** Қара адыр алабы туралы Максот жолдастың ұсынысы қабылданды. Енді іске кірісу керек.

**Қаратай.** Мынау Оңғарбай жолдаш Қара адырға беттемей түр ғой.

**Абзal.** О, не леген сөз. Мәселе шешілген. Облыста шешілді емес не?

**Оңғарбай.** Қағаз жүзінде шешілді ғой. Мен нәтижесінен хауіттенем.

**Абзal.** Қауіттенген істен нәтиже шықпайды. Сол қауіпті женіл, нәтиже шығарамыз деп тұрмыз емес пе.

**Мақsot.** Қауіп сенімсіздіктен туады. Ғылым сенімсіздікті сүймейді.

**Оңғарбай.** Ғылым... ғылым ғой... Табиғат адамның айдауына онай көне бермейді ғой. Максот жолдаш.

**Мақsot.** Ғылым-ғылым. Табиғат онай көнбейді. Дұрыс айтасыз. Ал, біз көндіруте тиіспіз.

**Оңғарбай.** Көріп жүрген нәрсе ғой... Еңбек желге кетпесін деймін.

**Мақsot.** Көргенге ғана қанағаттанып жүре беруге болмайды. Көрсете де біту керек. Еңбек желге кететін қаңбак емес.

**Абзal.** Орынсыз, тірексіз айтылған сөз же, іле кегеді. Былтырғы еңбекті қайтесін.

**Оңғарбай.** Былтыр тозған жерге салынды, жауын да болмады, түкүм да белгілі болатын.

**Абзат.** Белгісіз не сонда?

**Қаратай.** Белгісіз – енбектің жемісін көре алмадық кой...  
**Оңғарбай.** Болжаку айтатын сәуегейлігіміз жок.

**Мақсot.** Фылым мен құрғақ сәуегейлік сыйыса алмас болар.

**Қаратай.** Жолдастар, мен осы Қара адырға сінген енбетіміз көп дең білем. Осыдан үш жыл бұрын осы мына тұрган Мақсot бізді тіпті де босқа әүре еткен жок.

**Абзат.** Дұрыс айтасыз. Сол енбектің жемісін көру керек. Желге келтірмеу деген сол болады.

**Айбала.** Оңғарбай аға, сіз Василий Робертовичтің ғылымина мойын сұнғыныз келмей ме?

**Оңғарбай.** Ай, қарындас-ай, баласың ғой әлі.

**Зурә.** Оныныз рас ағай... Бірақ академик Вильямс бала емес еді ғой.

**Оңғарбай.** Білеміз қарындасым, біз де 25 жыл бойы айналтыскан іс. Белгілі бәрі.

**Мақсot.** /ұнатпай, кекей/ Белгісіз де көп пе деймін, Оңғарбай жолдас.

**Оңғарбай.** Әрине, белгісіз де көп. Бұл іспен талай дөйлөр басын ағартқан, асыгуға болмайды.

**Абзат.** Асықлаған арбамен қоянға жетеді дегелі тұрсыз ба. Біздін заман, біздін дәуір оны көтермейді. Мағнасыз бас ағартатын ғылымның қажеті не. Қызық екен сіздің “теорияныз”.

**Оңғарбай.** /сасып/ Мен сіздің ауданға келгелі биыл екінші-ақ жыл. Әлі жер жағдайымен толық танысқаным жоқ.

**Абзат.** Мен келгелі 6 ай. Мен сізді осымен үш-ақ рет кездестірдім. Бірталай танып қалған сияктымын.

**Оңғарбай.** Оныныз рас, үш-ақ рет көрдіңіз. Мен демалыста болдым... Одан сырқаттанып курортта болдым. Мына егіс уақыты таяп қалған соң амал жоқ, қайтеміз...

**Қаратай.** /білдірмей іле сөйлеп/. Онысы рас. /Оңғарбайға/ сырқатыныз болу керек... Көнбесе қалада боласыз ғой.

**Абзат.** Жақсы, түсінікті.

**Мақсot.** Өндірбаев жолдас, ерте уақытты кеш қылмайық. Мен сіздің қарамағындыда қызмет істеуге келдім.

**Абзат.** Мақсot жолдас өз тілегімен осы “Қара адыр” колхозына агроном болып келді. Мына қарындастар практикаға келді. Мәселе түсінікті. Егіс бригадасы осы арада болсын делінген. Әлімбаевтың комсомол бригадасын осы жерге жіберу керек. Барлық қөмекті үйимдастырыныз.

**Қаратай.** Оң бригаданы Құландыға көшіріп жиберіп едік.  
Абзал. /келіп/ Қалайша? Келіспенне ек. Қареке?

**Қаратай.** Мынау Өндірбаи жолдас Қара алыр мәселесі  
әлі тиянақталған жок деi...

**Абзал.** Сіз тез хабар беріңіз. Келсін осында.

**Оңғарбай.** Құланды үлкен үміт етіп отырған жер. жолдас  
Жантасов. Ол бригаданы қозғауға болмайды менімше.

**Абзал.** Құрғак үміт пе? Тірері, негізі бар үміт пе? Осы  
күнге шейін неге айтылмаған ол? /Қарагайға/ Құландының  
анау қақ па?

**Қаратай.** Сол. Бірак. Онғарбай жолдас ерік бермеді тіпті.  
**Оңғарбай.** Көптен егітмеген жер. сынау керек.

**Максот.** Негіzsіз құр сынау. желгे кеткен деген сол болады.

**Абзал.** Мәселе түсінікті ғой. Қареке. /Максоттарға/ Ат,  
жер көрейік. Жүріндер карындастар.

**Қаратай.** Мен кеттім. Төкен өзі де зорға көніп еді. Барып  
та жетпеген болар. Осылай бүрайын.

**Оңғарбай.** Ойлану керек еді.

### *Шынылдық*

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### *Екінші сурет*

“Қара адыр”. Тігулі шатырлар. Перде ашылғанда жиылтыс өтіп жатады.

**Мақсot.** ... Міне, жолдастар, біздің ғылымның негізі осы. Құш де осында. Біз табиғаттан ракым күтіп отыра алмаймыз. Керегімізді алу біздің міндеттіміз дейді. Мичурин. Жаңа айтып кеттім. Біз академик Вильямстың жолымен осыдан үш жыл бұрын өткен еңбегіміздің нәтижесін көруге тиіспіз. Осы сеніммен іске кіріскелі отырмыз. Қара адыр алабынан мол өнім ату үшін құресеміз, женіспен, зор табыспен аяқталады деп сенем. Ол үшін Ұлы Отанымызды сүйген адап жүргіміз куә. Адал еңбегімізben айтқан сертке жетеміз. Іске сәт жолдастар.

Дауыстар. Бәрекелді. Рахмет. Іске сәт-ак!

**I- колхозшы.** Ғылым, ғылым дегенше... осылай түсіндіру керек қой.

**II- колхозшы.** Бәсе тіпті, көніліме қонып кетті емес пе.

**Қаратай.** Ал, жолдастар, айтылмаған сөз де қалған жок. Үкпаган құтак та жок шығар. Тіпті естігіміз кеп жүрген кенес еді. Басталғалы отырған ісіміздің негізгі тірері де айқындалаты білем. Отанға серт бергенде орындаимыз деп бергеміз. Айтылған серт – антымыз. Ол айқын нәрсе. Ал, енді Өндербаев жолдасқа ренжігіміз де келеді...

**Төкен.** Ренжіміз. Тура айту керек. Екі жыл бойы құр агротехника. агротехника деген бос сөзден басқа не бітірді...

**Қаратай.** Тура түр, Төкен... Оның рас. Ол өз алдына нәрсе. Ол енді белгілі бол түр. Ал, енді іске кірісеміз. Алты күнде орындау қолдан келеді деп білем жолдастар.

Дауыстар. Орындаимыз. Дау жок.

**Төкен.** Мәселе көнілде. Көніл сеніп іске кірістік. Бітті шаруа. Не сөз бар. Прямо айту керек.

**Қаратай.** Жақсы жолдастар. Енді даярлыққа, іске кірсейік. Трактор да қазір жетпек. Жантасов жолдас айтып кетті fой. Орындаиды. Көмектеседі. Жантасов.

**Төкен.** Мен Сейсеннің бригадасын жарысқа шакырам.  
Прямо айту керек. Бес күнде бітіреміз біз.

**Қаратай.** Ал, Сейсен сен не дейсін?

**Сейсен.** Сөзіңнің садағасы, мен лайын.

**Мақсot.** Жеке-жеке жарысқа түсеміз. Жарыстың шартын жазамыз, жолдастар.

**Дауыстар.** Қарсылық жок.

**Қаратай.** Ал, жолдастар іске сәт!

Іске сәт! Әншнейінде болмаушы ең, көрсет өнерінді Асықта іс көрсетеді. - десіп бір-бірімен әзілдесіп: гарасын жагалы.

**Мақсot.** Қаратай, Айбала, Зурә, Төкен, I-II қыздар, Қалиша қалады.

**Мақсot.** /Блокнотын алып ашып/ Ал, Қареке енді істі өзіміз келісken жоспар бойынша істейміз. График зан.

**Қаратай.** Сөз бар ма.

**Мақсot.** /Қыздарға/ Зурә, Айбала практика деген осы. Міндет кой белгілі.

Зурә. Әр гектарға 180 килограммнан тұқым себү... 6 сантиметр терендікке...

**Айбала.** 8-де.

Зурә. - Иә, иә 6-8.

**Мақсot.** Терен жыртуды да сендер бақытайсыңдар. Ә... газет шығарып тұруды да сендер үйымдастырыңдар.

Зурә. Бәріне де жетісеміз.

**Мақсot.** Сендер... /Қаратайға/ тұқым келді ғой.

**Қаратай.** Келді, келді.

**Мақсot.** /Қыздарға/ Барың көріндер онда.

**Айбала.** Өзің көрмейсін бе?

**Мақсot.** Мен де көрермін. Е, агроном емессіндер ме, көріндер, баға беріндер.

Зурә. Сынағалы тұрсын ғой.

**Айбала.** Жүр, сынасын.

**Мақсot.** Сынаймын. Енді қалай деп едіндер.

Зурә. Жақсы, жақсы. Жүріндер қыздар.

Төртеуі кетеді. Ән салып бара жатады.

**Мақсot.** /блокнотына қарап/. Ал жолдас Төкен... / ауырсынып қабағын катты шытынады/.

**Төкен.** /шошып кап/. О не, ағай.

**Қаратай.** Мақсot қарағым, немене?

**Мақсot.** /қөзін қаты жұмыш, ашып/ ештеңе емес...

Төкен. Майданның ескерткіші ғой ағай, ә?

**Қаратай.** Денсаулығын қалай еді, Мақсot?

**Мақсot.** Не деуге болады. Кезінде көрерміз...

**Қаратай.** Шырағым, аса көп қинальш, кейіп болай нетпие...  
Біз бармыз ғой.

**Төкен.** Бәрін де өзіміз орындаймыз. Мен де солдаттын.

**Мақсot.** Жаксы, рахмет сіздерге. Ештене етпес. /өзгеріп/  
Ал. Төкен 700 гектар ғой. ә?

**Төкен.** Иә, 700.

**Мақсot.** Қаншадан деп ойлайсын.

**Төкен.** Қайдам Мақсot ағай. Прямо айту киындау... Сізге  
аз боп кетеме 15-тен десем.

**Қаратай.** Кой, Төкен. 17-18-ге сал аузызды.

**Мақsot.** Кемі деңіз. Гектарынан 20 аламын деп кіріс.

**Төкен.** /құліп/. Артығы төбесінде деңіз. Аламыз. Мақsot  
аға. /Трактор дауысы естіледі/.

**Қаратай.** Ә... әне келді. Мен барып білдейін. /Кетеді/.

**Мақsot.** Қай майданда болдың?

**Төкен.** Сталинградтан бастап, прямо Берлинге шейін  
бардым.

**Мақsot.** Денсаулық жаксы ма?

**Төкен.** Госпитальға түскенде он, қолым жазылмайтындаі  
/қолын бүгіп көрсетіп/ прямо осылай қатып қалған еді. Дәнене  
де еткен жок. /Колын сілтеп көрсетіп/ Міне қазір.

**Мақsot.** Жаксы, жаксы. Кімін бар?

**Төкен.** Бір ағам майданнан қайтқан жок. Інім окуда.  
Шешем бар. Сол кемпір прямо мазамды алып жур.

**Мақsot.** /Таңырқап/ Е, не деп?

**Төкен.** Әй, ағай енді... Келін, келін дейді.

**Мақsot.** /Құліп/. Е, дұрыс қой онысы.

**Төкен** Мен өзім прямой адаммын, Мақsot ағай. Әлгі  
қара қызды қөрдініз ғой... Жаңағының ана... сұнғактауы...

**Мақsot.** Қой қара емес қой. Қараторы де.

**Төкен.** Торы емес. Настоящий қап-қара ғой енді.

**Мақsot.** /Құліп/ Иә?

**Төкен.** Сол еді қөңілімдегі... Ол өзі де солай.

**Мақsot.** Ә! Жаман бала емес қой.

**Төкен.** Тәп-тәуір енді быттай... Өзі звено бастығы.

**Мақsot.** Солай ма? Мен қазір әңгімелесем ендеше.

**Төкен.** Өзініз білініз.

**Мақsot.** /құліп/ Жо... жұмыс жөнімен... Әй, Төкен.

**Төкен.** Осында бір жұмыс іstemейтін ерке ерек бар. Сол  
қырындал...

**Мақsot.** Ондайларды мұндай қыздар менсінбейді. Аты  
кім?

**Төкен.** Аты, Қадиша. Өзім де солай ойлаймын.

**Мақсot.** Маған жіберші өзін.

**Төкен.** Қазір жіберейін.

**Мақсot.** Жақсы Төкен. Сен өзің солдатсын. Елге үлгі көрсег. Міндег ауыр. Жауалты. Биттей жерден мұлғ кетпесін.

**Төкен.** Мен енді. Мақсot ағай, еңбек майданының үлгілі солдат бола аламын. Майданда да жаман соғыскам жок.

**Мақсot.** Жақсы, Төкен. Ал, кіслеріңе бар. Тойды бірге тойлаймыз.

**Төкен.** Как же, Мақсot ағай. тойлаймыз.

Кетеді. Мақсot жағызы.

**Мақсot.** Бұңдай адамдармен жұмыс істеуге болады. Жүргі қандай таза... Өндірбаев... агроном... жиырма бес жыл. Жасарымды жасадым дейді ғой. Өз өмірі, өз басы /тұнжыраң отырып қалады/. Арманым жок... Мақсot. Мақсot... Мақсot... бәріне бірдей жете бересін бе... Өмір өлшеулі сияқты. Туган жер, өскен ел, борышым көп саған... /аз пауза/ Жас тілек. Анау Айбала... Жок. Үміт пен қауіптің таласында тұрған басты әуре етпе казір, жас жүрек. /Басын ұстаң отырып қалады/.

Әңдетіп келе жатқан жігіттің дауысы, арбаның салдыры естіледі.

**Ән.**

Айда қыздар дегенге, айда қыздар, қаздар-ай,

Алашолақ итінді байла қыздар, Ару-ай.

Қаранғы үйдің ішінде қалбандаймын, қыздар-ай.

Салып қойған төсегін кайла, қыздар...

Қолында ұзын бишік, алдында атжапқыш алпамсадаи жас жігіт шығады. Мақсot қолына блокнотын алғып, ойға шомып отыра береді. Жігіт оны көріп?

**Жігіт.** - Біздің батырлар қайда, қарғам-ая. Сабаздар... Енбекке арапасып та кеткен бе?! /Жан-жағына қарап/ Пәле, ойдайт дейсің, Кара алдырың алабын астан-кестен етуғе аттанған екен ғой сабаздар... Біздің қарагер қыз қайда жүр екен десенші. Қой барып көнілдерін көтерейін... Сусындалайын.

Әңдетіп кете барады.

**Мақсot.** /Орнынан тұрып/ Ой артынан ой туады. Истелетін іс көп. Оған жететін құш те көп. /анадай тұрған шоқыға қарап, блокнотына үніліп жаза тұрып сөйлейді/. Ым... ым сен шоқы жайсыз-ак орнықкан екенсің. Артым өзен, алдын шөл деп тұрсың ғой. Майданда мақсатты іске асыру үшін жолдағы бөгеттерді алып тастайтынбыз. Оңай-ак алатынбыз. Қол батыр, көз қорқақ дейді.

**Шоқыға** карай беттеп шығып кетеді. Сахна аз бос. Дабырласып сөйлесіп келе жатқан бір ерекк. бір әйелдің дауысы естіледі. Ерекк дауысы әндептің: Ақау керім. бұран белім... Әйел дауысы: қойсанцы шырағын. үят емес не тіпті. Қадиша мен манағы алжанқышты жігіт шығады.

**Жігіт.** Сағынып келдім десе, қызықсың ғой өзін.

**Қадиша.** Сағымбай-ак та, сарғаймай-ак та кой. Үят болар енді. Үттүй кісі бар.

**Жігіт.** Өзің қалай қыныр қызысын осы. Тіпті бір болмайсың.

**Қадиша.** Сендей не істерін бітмей ерігіп жүрген кісі жок. Қой енді жетер.

**Жігіт.** Ойбай, дертесінің шолағын қара.

**Қадиша.** Өзің арсыз болған соң, елдің бәрін солай деймісін. Бізде де тіл бар.

**Жігіт.** Ойдайт дейсің... жақсы көргенді бітмей, онисы несі-ай. Қой енді. Ашуынызды бас. /Құшактамақ болады/.

**Қадиша.** Ферманың кара бұкасындағы өнмендеңей қой енді. Эрі жүр. Жұмыс істе онан да. Ұялсаңды.

**Жігіт.** Мәссаған керек болса. Кетті ғой шырқап мына қыз.

**Қадиша.** Айтатын жерінде айтам. тұра тұр, жиылды болсын. /Мақсottы іздел алаңдайды/.

**Жігіт.** Жастықты ұмытып кеткеннен саумысың сен қыз. Әзілді білмей не болды саған, қалқашым-ау.

**Қадиша.** Мен сенің қалқашың емес. Жастықтың да орны бар. Әзілдің жарасқан кісінмен әзілдес.

**Жігіт.** Ойбой, қой енді, шөлден қалдың сусын іш. Кел татуласайык. /Кызды құшактамақ болады. қыз жолатпайды/.

**Қадиша.** Аулак әрі...

Осы кезде қолында блокноты Мақсot кіреді. Жігіт сасып қалады. Қыз үялыш қатады.

**Мақсot.** Ә, келген екенсің ғой.

**Жігіт.** /жылпылдан/ Сәлемәт есесіз бе, жолдас? /кол беріп аманласады/. Күйлісіз бе? Қайырлы болсын, қуанып қатык.

**Мақсot.** Жақсысыз ба? /Қадиша/ Иә, /блокнотын ашып/ сіздің звенода 25 гектар ғой?

**Қадиша.** Иә, 25.

**Мақсot.** Тазартылған тұқым аз сияқты ғой.

**Қадиша.** От быгай ағай. Мен өз звено мүшелеріммен сапалы тұқымды қысты күні он күн ішінде тазартып, екі рет тиерден өткізіп, даярлаған болатынбыз.

**Мақсot. Иә?**

**Қадиша.** Лаборатория өнгіштігін 97 процент дең танкан. Онғарбай ағай. сенін звенонұ был басқа звеномен косылың істейді. 10 гектарға жететін түкым болса жетеді дең тазартылған түкымды басқа бригадаға бергізді.

**Мақсot.** /Іштей ренжіп/ Уака емес. Бірак. 25 гектарға жететін түкым керек. Звенода 8 адам ғой?

**Қадиша.** 8 адам. Бәрі де комсомол.

**Мақсot.** Өте жаксы. Енді түкым табу керек. Канша керек деп ойлайсын?

**Қадиша.** /оілланып/. Екі жүзден астам керек болар. Қын ғой енді. Қалай болады. ағай. /Каратай. Зурә. Айбала келеді/.  
**Жігіт.** Ассалау мағатейкүм, Қареке. Амансыздар ма, карындастар? /кол алысын амандасады/.

**Қаратай.** /жігітке/ Сен қашан келдін?

**Жігіт.** Ауылдан...

**Мақсot.** Қареке, мына звеноның түкым мәселесін білесіз ғой?

**Қаратай.** Әнгі Өндірбаевтың істегені... анырмай енді.

**Мақсot.** Отken іс өтті. Өкініштен найда жок. Бұл звенога түкым табуымыз керек. Табамыз ғой. 300 центнер керек.

**Қаратай.** Таңканда тазартуы бар ғой.

**Мақсot.** Қемектесеміз. /оілланып/ 3-4 күнде тазартып, трейдерден өткізіп себу кондициясына жеткіземіз. Айбала. Зурә сендер мына жолдастарына қемектесіңдер. Амал бар ма сүйтеміз.

**Айбала.** Несі бар.

**Зурә.** Қемектесеміз.

**Мақсot.** /кызға/ Сүйт шырағым. Мол өнім аламыз ғой.

**Қадиша.** Қайдам ағай. Өзіміздің дайындағанды беріп койып...

**Мақсot.** Ештеге етпейді. Сендердей звено бастыктары, / /Айбалаларды көрсетіп/ агрономцар бәріміз мына жабылсак орындалмайтын іс жок.

**Қадиша.** Өзіміз даярлаған түкым болғанда. нысанамыз 30 центнерден кем емес еді.

**Мақсot.** Соны іске асырамыз.

**Зурә.** Біз барлық звеноларда болдық. Түкым өте жаксы. Бидайдан өзініз үйғарған түрі.

**Айбала.** Ал. сұлыдан лоховский...

**Зурә.** Арпаның прикоюс сорттары.

**Айбала.** Төкендердің түкымы тіпті тамаша іріктелген.

**Зурә.** Себу кондициясына әбден жеткен.

**Қаратай.** Олар, мына Қадиша!ар қытай тыным алған жок.

**Мақсot.** Солай болу керек, Қареке.

**Қадиша.** /шылдамсызданып/ Біз кеттік еңдеше. Қареке.

**Қаратай.** Әлгідей шештік кой. Төкенге айт, шырағым.

**Қадиша.** /ке түге ынғайланып/ Жақсы ағай.

**Айбала.** Жұр. біз бірге барамыз.

**Зурә.** Жұр.

**Мақсot.** Мен өзім де баармын.

Қыздар құщақтасып кетеді. Қадиша жігітке жаман көзімен қарал кетеді. Жігіт төмен қарайды.

**Мақсot.** /Жігітке/ Ал, жолдас, сіз де осы колхоздікі боласыз ба?

**Жігіт.** – (сасқалактап). Иә, иә осы мына Қарекендердін...

**Қаратай.** Бұл жігіт бізде, әйтеуір жұр, ауру, сыркau...

**Мақсot.** Қай бригададасыз?

**Жігіт.** Бригада емес.

**Мақсot.** Не қызмет атқарасыз?

**Жігіт.** Міне, көрмейсіз бе... айранбозбын...

**Мақсot.** /түсінбей/ Айранбозбын! Айранбозы не?

**Жігіт.** - Мына егіншілерге... сусын, енді ... айран тасимын. Айранбозбын.

**Қаратай.** Эй, шырағым-ай енді...

**Мақсot.** Кәсібің жақсы екен жігітім. Мына түрінмен, мына алпамсадай денемен “айранбоз” болып жүруге арланбаймысың. Азаматтық ар қайда, үят қайда.

**Жігіт.** /сасып/ Дене дегенмен енді... білесіз ғой. Сыркат болған соң... тіпті жүрек, өкпе дегеннен түк жок.

**Мақсot.** Қайта тірі жұр екенсің.

**Жігіт.** Жұлын-тұта қозғалтпайды. жолдас. Амалсыздың күні ғой.

**Мақсot.** Ана жүртты көріп, титтей сезім болса үялу керек кой, жігітім. Еңбек етпесен қайдан қозғалтады жұлын-тұтан.

**Жігіт.** /кійнынан қағаз алып ұсынып/ Міне... мінекінің, дәрігер біледі ғой. /Мақсot алып оқып жатады/ Инвалидке өткелі жүрмін.

**Мақсot.** /қағазын қайта беріп/ Бұл болмайды, жолдас айранбоз. Соғыс уақытында білесіз бе, аяғынан айрылған үшкыштар да, бомбовозben асияннан жау төбесіне жәй түсіргенін. /Қаратайға/ Мына қағаздан әкетіп бара жатқан ауруды көре алмай тұрмын.

**Қаратай.** /жігітке/ Енді маган өкпелеме, шырағым. Бір кісіні екі ете алмай отырғанда, бұның не! Дәрігер дегенге мен сеніп жүрсем.

**Мақсot.** Қағаз жазып ауданға жіберейік Қареке, қаралсын дәрігерге.

**Қаратай.** Өкініп журме. шырағым.

**Жігіт.** Аныр-ай енді, сенбедініздер ғой... Мына елдің сусынын беріп барсым барайын.

Кетеді.

**Максot.** Адал жұмыс істейтін колхозшылардың еңбегіне мысал болып, колхозшы атын жамыстың, елдің итілігімен пайдаланатын сұғанактар осылар болады. Қареке.

**Қаратай.** Онын рас. Максot. Осы бір үлкен дерт...

**Максot.** Үлкен дерт. Жұқпалы дерт. Берекенің жауы. Куресу керек бұл дертпен.

**Қаратай.** Жиылысқа салу керек бұны. Қайдам, дәрігер дегенге.

**Максot.** Тракторлар келді ғой барлығы?

**Қаратай.** Бір ХТЗ, бір СТЗ жіберіпті өзірге.

**Максot.** /Қатты кейіп/ Бұнысы не енді. Жантасовтың өзімен келістік емес пе? ЧТЗ-НАТИ болмаса бұл жерге жарамайды дегеніміз қайда. ХТЗ-ны неге жібереді. 25 сантиметр терендікке жеткізу шарт дегеніміз қайда?

**Қаратай.** ЧТЗ-ны Өндірбаев басқа участкеге. тың жерге деп жіберіпті.

**Максot.** Жантасов біле ме екен мұны?

**Қаратай.** Біле алмадым. Ай, Абзал естімеген шығар-ау.

**Максot.** Өндірбаев менің аяғымнан шатамын дейді ғой. Мені мұқатпақ қой. Мансаң іздеп келішпін бе мен... Мені мұқатуға ба болады, сүрінтер де... бірақ, қандай іске өрекет жасап жүргенін біле ме екен. Колхоз... коғам ісі.

**Қаратай.** Максot карағым кейінтін де жөнін бар... бірақ сабыр қылышы. Денсаулығың болса... мен барайын. Жеткізейін Жантасовқа. Бұл күндерде Абзал да ауданда отыра алады деймісін... табармын, колхоздарда болар.

**Максot.** Әрбір күн санаулы. Бос өтті қунің – ұтылдың. Қөнілдегідей істей алмасаң – максатқа жете алмадық деген сөз. Бұл қалай болды. Жантасов жаңылмаса керек еді ғой.

Ашулы асығып Текен кіреді.

**Текен.** Максot ағай, бұл қалай өзі? Прямо тұрасын айту керек. Биттей мұлт кетсе нәтиже жок дедік қой. Прямо айту керек. Ал ендеши кетіп жатыр. Айтқан терендікті ала алмайды мына тракторларын. Анау екі агроном қызызы жүгіріп өлшейді геп, өлшейді. Штоожы, дұрыс емес деп ойбай салады. Немене, бел-белгілі.

**Максot.** Бұл болмайды, Қареке. Бастаған істі айтқандай етіп аяқтауымыз керек.

**Текен.** Конечно, дұрыс сол. Қареке, прямо айту керек.

Мен как парторғі тұра айтам: Жантасов жолласқа: Жолдас Жанғасов деімін. Нежолый, мүмкіншік жоқ деімін..

**Мақсot.** Жоқ Қареке, көлік даярлатыңыз мен де барам.

**Қаратай.** Бірттай жер ғой.

**Мақсot.** Уақа емес.

**Қаратай.** Ал, Төкен кимылда.

**Төкен.** Ол оңай ғой. Бұл сериозный шаруа. Жұмыс жүре бере ме?

**Мақсot.** Сол жерге біз де барамыз, кеңесіп шешеміз.

**Төкен.** Макұл онда. /Кегеді/.

**Мақсot.** Қареке, сіздің шаруашылығының көп. Өзім-ак барып қайтайдын.

**Қаратай.** Жұмысты тоқтата турамыз ба қалай?

**Мақсot.** /кейіп/. Қайта кейімессін..

**Жүгіріп** Төкен келеді.

**Төкен.** Бір машина прямо осылтай ағызып келе жатыр. Жантасов-ак болар.

**Қаратай.** Жақын ба?

**Мақсot.** Жантасов?

**Төкен.** Абзат-ак болар. Соның машинасы. Міне өзі келіп қалды. Соңсaн қайттым. /Ушеуі де машина келе жатқан жаққа қарап асыға күттеде/. Айттым ғой, дәл өзі.

**Қаратай.** Абзат-ак болды. Бәрекелді.

**Жақындай** келіп қалған машинаның дауысы естіледі.

**Мақсot.** Төкен, онда жұмысты тоқтата тұр.

**Қаратай.** Сүйт. Төкен.

**Төкен** жүгіріп кетеді. Аздан соң Абзат келіп кіреді. Қаратай. Мақсot куанып қарсы алады.

**Абзат.** Аман жақсысыздар ма?

**Қаратай.** Аманбыз ғой.

**Абзат.** Мақсot денсаулық жақсы ма?

**Мақсot.** Жаман емес, жолдас Жантасов... Бірақ мәселе басқада бол тұр.

**Қаратай.** Тұра сізге бармак бол жатыр ек. Жақсы келдініз.

**Абзат.** Бәрін де білемін. Бүтін "Өрнек", "Комсомол" да болып, ауданға келе сала естілім. Өндірбаев мәсесесін бюорода қарадық. Содан МТС-төң осында трактор жіберіп келдім. Ал, қалай?

**Қаратай.** - Бәсе.

**Мақсot.** - Біраз уақыттан ұтылдық.

**Абзат.** ЧТЗ-НАТИ-ден үшеуі келеді.

**Мақсot.** /куанып/ Онда ұтылғамыз жоқ. Ұттық ендеشه. Рахмет, жолдас Жантасов! /қолын алады/.

**Қаратай.** Бәсе тіпті ... Бәрекелді.

**Абзат. Ат. Қареке, казір жұмыс үсті ғой.**

**Қаратай. Догара тұрып ек.**

**Абзат. Жақсы онда, жолдастармен біраз әңгімелесейік.**  
Мындағы тракторларды “Егінді бұлакқа” жібертініз. Ана тракторлар ертемен шықкан /сағатына карау/ казір келіп қалады.

**Қаратай. Дұрыс-ак.**

**Кегеді.**

**Абзат. Денсаулық жаман емес кой. Максот?**

**Максот. Бұғын нашарлан тұр еді. Қазір түзелі.**

**Абзат. Оңдай болады. Максог. Элі істейтін жұмыстар көн.**  
Бөгеттер де бар. Колхоздарда енбекті дұрыс үйымдастыру мәселесі ең басты міндет. Мүмкіншілік мол, күшіміз жетеді. Колхоз датасында 20 мындаған трактор істейді екен. Соларды дұрыс пайдаланып, негізгі жұмысты машинаға аударып, колхозшылдардың еңбекін женілдетіп, мағналы, жемісті іс істеуіміз керек. Женілдін асты, ауырдың үстімен жүретіндер әлі де аз емес. Солай Максот. Осы өлкені ну тоғайға айландыруға болмай ма. Өзендерді өз еркінізben ағызуға болмай ма... Бәрі де болады, Максот.

**Максот. Дұрыс айтасыз. /Блокнотын алыш/. Мен соғыста сапәр батальонында болдым... Иә, мәселе онда емес. Мынау арада бір татай жұмыс істеліп барып аяқтатмай қалған екен. Соғыстың атында бас галып еді. Мына шокыға кен тіреліпти. Әдейі барып көрдім.**

**Абзат. А... бұл мәселені колға ату керек. /ойланып/. Қазір мүмкіншілік те туғалы тұр.**

**Максот. Бұл Тасжарған өзені осы шокыдан /колоң сіттеп көрсетіп/ былай асып беттесе. Кара адыр алағын түгел сусыннатады. Ана колхоз тұсын басып өтетін Суық бұлакқа осы алағтан барып қосылса, 80 киловаттық, тіпті одан да күшті су электр станциясын салуға әбден болады.**

**Абзат. Бұл қазір күн тәртібінде тұрган негізгі мәселе. Ал, бұл жердің көп жұмысы қалған жок.**

**Максот. Үйымдастан жұмыс күші болса, шокыға дейін бір жұмалық, одан да аз жер казу... онан соң мына шокыны лактырып тастау...**

**Абзат. Бұл өзенді бұрып алақ, осы алағтағы 5 колхоздың жерін қанағаттанырады. Сөзді іске айналдыруымыз керек. Егісті аяқтаған колхозлардың артық күшін осыған жұмышыра бастаймыз. Осы колхоздарды қамкорлығына алып отырған қалада екі үлкен комбинат бар. Больсады бізге. Обтыс аттына колма-кол мәселе қоямыз.**

**Дабырласып сөйтесіп келе жатқан кісілер: Зурә, Әлімбет**

“Ей, айрамбоз, айрамбоз. Сірә саған қайран боз” деп күлісін келеді.

**Әлімбет.** /ө.індегітіп/.

Абзат, Максот карағым,  
Кайырлы болсын талабын.  
Еңбек-зейнет, елге ырыс,  
Егіске толсын алабым.

/амандасып жатады/.

Бәсе. Қара адырдың қабағы осылай жадырау керек кой.  
Ашкан екен койынын ерлеріме.

**Абзат.** Жол болсын, Әлеке.

**Әлімбет.** Колхозды датамда еңбек майданы кызғанда, жата алар ма қарт тарлан. Ерлерімнің ортасында жүргенде емес пе карағым-ау, Әлекенің жырдан мол өнім беретіні. Максот денін сау ма, қалқам?

**Максот.** Жақсы Әлеке, жақсы.

**Әлімбет.** Бәрекелді.

Зурә. Әлекен жана бір тамаша өлең айтып берді. Жазып алдым, газетімізге басамыз. Әлті айранбоз туралы. /Күліседі/.

**Әлімбет.** Күждай болған неме, айранбозбын дейді:

Ей, айранбоз, айранбоз  
Еңбектен қашқан еңжар ку.

Сірә саған қайран боз... демегендеге не деймін. Адал еңбек еткен ерлерімді асыл жырыммен алғаймын. Еңбектен қашқан ку аяктарды түйреймін өткір сезіммен.

**Абзат.** Дұрыс Әлеке. Ел тілегі де сол.

**Әлімбет.** Арапаймын елімді. Жыр етем ерімді. Көзіммен көрем, көніліммен сенем. Шынын жыр етіп беремін.

**Абзат.** Қазір өзіммен бірге жүрініз.

**Әлімбет.** Өзімде сүйтем.

Трактордың дүрлі естіледі. Әндетіп келе жатқан колхозшылар 3-4-тен топ-топ болып жиналышп жатады.

**Каратай.** /куанышты/ Келді алыптар. Енді көнбей көрші, Қара адыр.

**Төкен.** Максот аға, келді тілеген тракторлар.

**Абзат.** - Жолдастар, мен сіздерді бөгемеймін, ел жиналсын азғанағана сөйтесеміз.

**Төкен.** - /айғайлаң/ Жүрсендерші.

**Дауыстар.** Келеміз ғой.

**Төкен.** Эй, айранбоз, бас аяғынды!

**Максот.** Айранбоздар да жөнге келер, Қара адыр да еңбектің жемісін берер. Төкен.

Ел көнілді дабырласып келіп жатады.

## Шымышадық

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### *Үшінші сурет*

Кара адыр. Танертенгі күн көтеріліп келе жатқан кез. Аулакта егіс даласындағы салған ән. тракторлардың дүрлі естіліп тұрады. Айбала ертерек тұрған, газет шығару даярлығымен шұғылданып жүреді. Газет жаңсырылатын катқанға газет материалдарын орналастырып жүр.

**Айбала.** Зурә. Зурә. /Зурәнің шатырдан "казір, казір" деген дауысы естіледі/. Болсаңшы енді. /Колында қағазы бар. Зурә шығады/.

Зурә. Міне, карашы Айбала, суретші емеспін бе өзім?

**Айбала.** Қане. /қағазға карасып жатады/ қойшы тіпті мұрнын колағаштай етіп қойғаның не?

Зурә. Қойшы енді сен де. Өзінің мұрны да дәл осындей емес пе? Еркекке жәрәйді...

Күліседі.

**Айбала.** Қалжынды қойшы. Басына не деп жазамыз?

Зурә. Мақсottың мақаласының атын жазамыз.

**Айбала.** "Егіс даласы енбекті сүйеді" деп пе?

Зурә. Сүйтейік. "Егіс даласы енбекті сүйеді" деп пе? Мұнысы дұрыс.

**Айбала.** Иә, сонсоң.

Зурә. Сонсоң /ойланып тұрған бол әзітмен/ Айбала Мақсottты сүйеді. Максот Айбаланы сүйеді десе, тіпті жаксы бол шығар еді.

**Айбала.** /Күліп/. Зурә кімді сүйеді дейміз сонда...

Зурә. Оны Зурә өзі біледі.

**Айбала.** Қалжынды коя тұрайықшы. Мына газетті бітірейік те, егіс басына барайык.


Зурә. Сұра ендеشه өзінен...

**Айбала.** Сен сұра. Редактор сенсің...

Зурә. Үйыктап жатқан шығар сен бар. Мен сенің орнында болсам. Аяғынан сүйреп тұрғызып сұрап ем.

**Айбала.** Жүр екеуіміз де барайык.

Зурә. Е, несі бар, жур. Қойшы бірак, үйыктап жатса тимей-



ак кояның Өзін-өзі аямайтын не қылған адам осы. Күнітүні бір дамыл жок.

**Айбала.** Жаңын ашып тұр ма...

**Зурә.** Қарайкөр өзін. Сенің жаңың ашымай тұрған шығар. Э.. тұра тұр бәлем.

**Айбала.** Ақырын енді. естіп кояды.

**Зурә.** Жүр еңдеше.

Екеуі Максогтың бос тұрған косына епген ке.ін. баспалдақтап қарасады. Костың есігіне таяй бергенде аттындағы Айбалаң Зурә итеріп қатып, қаша жөнеледі. Айбала екінімен сүрініп барып қостың ішіне еніп барып қатады.

**Айбала.** Қойшы Зурә. солай оинай ма екен. Бар болса қайтер ен...

**Зурә.** Э... солай ма екен. Жаңың ашымайды екен. / шынымен/ Шынында да обал өзіне. Күн шықтай кеткен ғой тегі.

**Айбала.** Өзі де біткен бишара. Ауруын білдіртпеген болады. Бағыш тәтем айттып еді ғой... Тыңдалы ма.

**Зурә.** Ештеңе етпес. Жұмыс та аяқтауды деуге болады ғои енді. Бүтін бігірсек. Қалаға қайтып... Тойларың қашан осы. Жасырасың ба менен.

**Айбала.** Сенен немді жасырып көріп едім. Қызықсың Зурә сен.

**Зурә.** Е. несі қызық.

**Айбала.** Әуелі келелі бір шүйіркелесіп сөйлестің бе десенші. Бітмеймін. Біртүрлі салқын... Аурулығы ма, әлде не ойы бар кайдам...

**Зурә.** Неге сұрамайсың?

**Айбала.** Не деймін мен оған.

**Зурә.** Не деймін. Неменесі бар тұра айт. Сағынып күткендегім осы ма еді... Рас әй, ты смотри, еркекті білесің ғой... ана Тұрдықұл туралы көңіліне бірдеме келіп қалып жүрмесін.

**Айбала.** Немене келуші еді. Өз көңілім ак болса болды.

**Зурә.** Оны да кояйықшы. ауруын айтсаншы... Ештеңе етпес бірак, ә...

**Айбала.** Бағыш тәтем айтты ғой операция жасамай болмайды деп. Өзі оған болған жок. Егістен кейін бір-ак жасатам... ешгене етпейді деп кояды.

**Зурә.** Бағыш тәтем аман болса түк те етпейді.

**Айбала.** Өзіне айткан жок. Бірак, аса қауіпті деп Бағыш тәтемнің Еркін ағама айттып отырганын естідім ғой, Зурә. Менің де іштей тынып. артын күтіп жүргенім сол емес не.

**Зурә.** - Өз халың өзі де сезетін сияқты Мен көнілін қозғасам ауыр гие ме деімін... /ауыр оймен/ Кайтейін... /газет магериялдарын орналасырып болады/.

**Зурә.** Ту... сен немене қайдағы жокты айтың, сары уаиымға салып кеттін. Құткен кісін келді. Окуды бітіреміз. Мен енді тұра колхозға келіп істеймін. Практика дегенін осы. Агрономдарын мынау /өзін Айбалаңы нұскайды/. Максог екеуінің тойынды гойлап... Қандай тамаша...

**Айбала.** Иә...

/Жүгіріп/ Қадиша келеді. Қолында бір уыс биданы бар/.

**Қадиша.** Міне. Максод ағай аса тамаша тазаланған деңгапты. Біздің звено енді себе басгайды. Раҳмет достарым, екеуінің көмекгеріне.

**Айбала.** Бәле, Қадиша, еңбек сендерлікі.

**Зурә.** Максод сонда ма?

**Қадиша.** Ойлырмай Максод ағай әбден қалжырады. Торнай шырылдағаннан бері күнде гыным жок... бригададан бригада, звенодан звено... таяғына сүйеніп әрен жүр, жаны неткен сірі... Қаратай ағай да. Төкен де жаны шығыні кете жаздайды... ештеңе етпейді жолдастар, ештеңе етпейді дейді...

**Зурә.** Міне, Қадиша /газетті нұскай/.

**Қадиша.** /Оқып/. “Егіс даласы еңбекті сүйеді”. /көзін жүгіртіп қарап/ Ту... Төкенді тінті көкке көтерілсіңдер ғой... бәле біздің звеноны қара... бізді де...

**Айбала.** Өтірік пе?

**Қадиша.** Неге өтірік болсын. Уәдеден екі күн бұрын орындағалы отырмыз. Айтпақшы, бүгін үлкен артистер келеді дейді бізге. Кеше “Өрнекте” болынты.

**Зурә.** Мұрат ағайлар шығар...

**Айбала.** Мұрат ағайлар болса, мұнда соқпай кетпейді.

**Қадиша.** Атаманыз, Қаракенін өзі айтты, келеді дейді. О кісілер келгенше жұмысты аяқтасақ жаксы болар еді. Аяқтаймыз, ал мен кеттім.

/әндептіп жүріп кетіп қатады/.

**Зурә.** Эй Айбала...

**Айбала.** О не...

**Зурә.** Мұрат ағайлар келсе, мына түрімізben үяғ болады. Жүр ана өзенге барып шомылтын кайтайық.

**Айбала.** Е несі бар. Көрсін кайта.

**Зурә.** Койшы енді. /айнаға қарап/ Шан-шан бол кайтіп көрінеміз... Жүр-жүр /жүтіріп қосқа кіріп орамал, сабын алып шығады/.

**Айбала.** Жүр онда тез келейік. Бірақ, шомыла атмаймыз

Зурә. өзенде бері бүрүн әкеле жаткан еші кайтесін. үят емес ие?

Зурә. Айтпакшы солай екенғой... Е жуының кайтамыз. Жүр-жүр.

Екеудің күшактасып, әндегін кетеді. Сахна аз бос. Аулакта трактор дауысы. Қөктем шырындаған торғай. Тауда бұлбұр. қөкектің үні естіліп туралы. Аздан соң, басында шляпа. Колында қағазы бар Тұрдықұл шығады. Жан-жағына қараң. газетті қараң. көзімен бір сүзін шығады.

Тұрдықұл. /газетті тез жүгіртіп қарап шығып/ "Егін датасы еңбек сүиелі", дейді. Правильно. Еңіл қатай. Да... Бәрі жұмыс басында-ау бұлардың /қыздардың шатырын қарап/ Э... әһ... Солар. Айбала. Кайда екен... /Қыздар-ай әнін айтып бүрінғы айранбоз келе жатады. Еңбекке араласқан. Колында жер казатын кайтасы бар/.

Тұрдықұл тыңдай қалады. Қыздар-ай. дейді. /Жігіт шығады/.

Жігіт. Саләмәтсyz ба. жолдас?

Тұрдықұл. Сәләмәтсіз. Әншісіз ғой, өзініз. Осы колхоздікісіз бе?

Жігіт. Иә, жолдас. Осы Қара адырдікімін.

Тұрдықұл. Жұмыс қалай?

Жігіт. Жұмыс қазір жөнделі... Жақсы. Бүрын айранбоз едім. Қазір кәсіпті біраз өзгертук. Облыстықісіз ғой, жолдас, ә?

Тұрдықұл. Иә, иә...

Жігіт. ...Жақсы, мен Каракенді іздең жүр ем...

Кетуте айналады.

Тұрдықұл. Не істейсін?

Жігіт. Ана өзенде. /кайласын көтеріп/ көрмейсіз бе...

Тұрдықұл. /Түсінбей/ Посевте ғой, мына еісті...

Жігіт. Жо... жолдас айранбоздан соң /шокыны нұскап/ мынаны жайлатаға кірістім. Жұмыс қызу. Осы бүгін-ертендер осы шокыны төңкеріп тастасак... Сізге белгілі ғой енді...

Тұрдықұл. /түсінбей/ Эрине, әрине...

Жігіт. Жақсы енші... мында бір трактор керек бол жатыр еді. Кетейін...

Тұрдықұл. Мұнда әлгі... практикаға келген адамдар кайда екен?

Жігіт. Бәрі де осында. Сіз де агрономсыз ба? Жок әлде ана...

Тұрдықұл. Жо... поэт. Ақын-жазушы...

**Жігіт.** Е... ана газеттере ғои, былаи. ана әлгі... иә, иә білем, білем...

**Тұрдықұл.** Жо... білмедініз. Айбала осында ма?

**Жігіт.** Білмеймін... Айбала екенін. қайбала екенін қайдам. ерімдей екі қызы жүр әйтеуір... Қызы көн мұнда.

Ке геді.

**Тұрдықұл.** Ал, түсін мұны. /Өз-өзінен қиялданып/. О. шіркін табиғат. Тамашасың-ау. Да... а. мынаңдай ғұл бакшаның ортасында Иран бактағы бұлбұлдай сайрап. адамның жүрек сырын, сезімін, көңіл күйін нәзік лирика жырына бығандырып поэзияның құдіретті күшіне бас игізсе... Міне, бұл действительно акындық. /Аз ойланып/. Бұлбұл қызыл ғүлге ғашық... Сол ғұлдін құрметіне сайрайды. Ал, акындықтың өзіне хас бір қасиеті махаббат. Да... а. махаббат жыры – нәзік сезімнің жыры. Ақын бұлбұл болса, бұлбұлдың ғашығы қызыл ғұл болса. акынның да қызыл ғүлі бар. О.І. әрине. сүйген қызыны. /Аз ойланып/. Бейбітшілік дүниесіне жеттік... Иә, енді сүйген жар тауып. алансыз өмір сұру – бұл, әрине. негізгі мәселенің бірі. /Ойланып/ Да... а, ол қызы шынында да маған жоллас болуға әбден жарайды. Образованиесы бар. Көркі кімнен кем. По моему, сұлу дең айтуда әбден болады. Физиономия қандай. /Өз өзіне/ **Жок Тұрдықұл.** сен енді бет алды бөсө беруді қой. Саған қызы сынау жақпайды. Таңдайыңа тиген. достым. Жәмиля қайда. Гүлжаннат қайда. Нұрсұлу қайда... Ту... қой, қой... олар әлде қашан жыны орнын тапқан. Ал, сен кү тізенді құшактан жүрген құдай аткан сүр бойдақсың. Да... а, талай-талай лирикалар желгे кетті-ау шіркін. Жок болмайды енді... Құланның айғырындақ кокырандақ. жалғыз жүре алмайды., Тұрдықұл. Байлалым белді. Алдыңда екі кезең түр. Бірі – махаббат, бірі – атак, данқ. Екуіне екі түрлі тактика керек. /Ойланып/. Да... а. /қағазға жазылған өлеңін қолына алып/ Жан сезімін сүйген жарға жеткізетін сенсін ғой шіркін. /окиды/.

Сен қызыл ғұл Иранбакта жайнаған.

Мен бір бұлбұл саған ғашық сайраған.

Асы қардың музасы сен. ағыным.

Періштем сен, көрсө көзім тоймаған.

Аккуымсың айдын көлде қалқыған.

Жамалтыңды көрсө көнітім шалқыған.

Лебізінді естігенде ес кетіп,

Жүрек жанып, бой шымырлап бақыған.

Осы кезде Мұрат шығын, сыртынан тыңдағы тұрып, көлімен Тұрдықұлды нұсқауды.

**Мұрат.** Мынаны кара!

**Тұрдықұл.** /Мұратты абайлаамай, өлеңін айта береді/

Сені ойласам жанамын да күйемін,

Адал сырым, сәүлем, сені сүйемін.

Жайдым құшак, жағбарынам, қабы; ал.

Қағыбаңдай алдына бас иемін!

Киялна беріліп, басын ие бергенде шляпасы басынан үшін түседі. Мұрат шлянасын жерден алғы...

**Мұрат.** /мысылдай/ Махаббатың жалынына шыдамай, меніңдағы кетті-ау болғын: сүйегім. Faғу етініз /Тұрдықұлдың шляпасын кигізді.

**Тұрдықұл.** /Сасып қалғанын білдіргісі келмей/ Е... сен екенсің ғой... бәсе. Мұрат екенсің ғой... Бүйтисен әртист, режиссер болмасын...

**Мұрат.** /қалжындарап/ Әлгі бір тұрысынды көргенде, дәл мына шляпа болмаса, Ләйләнің алдына келіп, бас иіп тұрған, тұра Мәжүннің өзі ме деп ем...

Күледі.

**Тұрдықұл.** Ой Мұрат, қалжынды коя түршы. Жақсы ниеттің үстінде кез болдың... серьеzный әнгіме бар өзіңмен.

**Мұрат.** Ия, серьеzный әнгіменің тақырыбы не?

**Тұрдықұл.** Өзара сыр ғой. Мұрат. Осы мына менің пьесамды былай өзің нетіп енді... Өзің болсан болды. Маған елдің сөзі не керек.

**Мұрат.** Тұрдықұл-ау, қызықтаусың, деп айтуға тұра келеді. Айтығыны емес пе анада. Еркін әне отырған жок па сарытын, көрдің ғой...

**Тұрдықұл.** Еркіндікі соғыс тақырыбы ғой... Менікі адамгершілік, махаббат... өмір емес пе?

**Мұрат.** Өмір дейміз ғой... /жан жағын нұскап/. Міне, шын өмір. Жана сенен айрытып кеткенде не көрдім. Әдей бардым. Ең өміріне бөгет болады екен, ана шоқыны жолдан алғып тастағалы жатыр. Өзен дұрыс акпай жатыр, дұрыс ағызамыз дейді. Ильичтің шамының сәүлесінде еткен еңбек өнімдірек, өміріміз көнілдірек болады дейді. Мына алатта не бол жатыр. Анау соғыстан жараты бол кайткан Мақсot не істеп жүр. Осы ерлік еңбектің жемісі жайқалып шыклайда деп кім айта алады. Күз тағы келеміз. Елдің еңбегінің жемісін көреміз. Еңбектен тапкан бакытты, абырай, атағын көреміз.

Еңбек ерлерінің даңқын көкке көтереміз. Міне, шын өмір, Тұрдықұл. Жаз осыны. Сахна даяр. Біз даяр. Мына Максоғтын өзі қандай тақырын.

**Тұрдықұл.** Оның бәрі дүрыс кои. Мұрат. Бірак. агрономияда қандай поэзия бар. Агрономның өмірінде не романтика бар??!

**Мұрат.** Көре білсең бәрі де бар. /Өлең айтып келде жатқан артисгердің дауысы естіледі. Жакындан келін қалады/. Біздің жігіттер де келіп қалды. Елдің бәрі егіс басында той, сол жерге барамыз. Кейін әнгімелесерміз тағы, солай Тұрдықұл.

**Тұрдықұл.** Мен осы жерде бола тұрам. Дневниктерімді біраз гәртіпке көлтіруім керек.

**Мұрат** егіс жакка қарай кетеді.

**Мұрат.** /айқайлан/ Жігіттер, тұра тарғындар!

Ән салын, бір машинаға тиелген артистер өтіп кетеді.

Тұрдықұл жағызы.

**Тұрдықұл.** Да... акынның жан сезімін елдің бәрі түсіне бермейді. Түсінбесе қойсын түсінбейтіндер. 10 жыл 20-30 жыл, что же 50-60 жыл... түсінеді, таниды. /жоғары қараң ойланып/ Айбала! Жо... сен түсінерсін. Қыздың жан сезімін білем... ішкі дүниесі көз алдыымда сайрап тұр. Сыргы басқа. Ол бірақ уақытша нәрсе. Махаббат жалынын ішінде канша сақтай аласың... /Күлісіп, әзілдесіп Айбала. Зурә келе жатады. Өз-өзіне/ Келе жатыр. Ашам қызға сырымды... Бассам баекен әлде лирикаға.

/Зурә. Айбала шығады/.

Ә... агрономлар келіп қалды. Сәләмәтсіздер ма?

Зурә. Айбала амандасады

Зурә. Жаксысыз ба, ағай.

**Айбала.** Сәләмат боларсын.

**Тұрдықұл.** Жаксы, жаксы. Жазуга келдік сіздерді...

**Айбала.** Рахмет. Бізді жазуга ертерек қой әлі...

**Зурә.** /егіс жакты нұскап/ Әне, ана еңбек ерлерін жазыныз алдымен...

**Тұрдықұл.** Ер деп... Ердің бәрі тақырын бола алмайды акынға... На фоне природы сіздерді жазуға болады. Сіздердің мына өмірлерінізде аз да болса романтика бар.

Айбала шатырға кіріп, орамат, сабындарын қойып жатады.

**Зурә.** Жағызы келдіңіз бе?

**Тұрдықұл.** Мұраттар да келді.

**Айбала.** /куаныш/ Мұрат ағайлар да келді ме. О кісілер кайда?

**Тұрдықұл.** О кісілер ана егіс басына кетті.

Зүрә. Сіз неге бармадыңыз. Көрініз, қандаи тамаша іс істеп жатыр... /Трактордың гүрілі, ән естіледі/.

Тұрдықұл. Мұрагарлың жөні басқа ғой. Біздікі творческий мәселе.

/Үрейілі асығыс Қадиша кіреді. Тұрдықұлды көріп бөгелін, аулактау тұрып қалады. Трактор дауысы, ән кенет үзіледі/.

Қадиша. Зүрә. Зура бері кеп кетші.

/Зурә жүгіріп барады. сыйырлап үрейлі хабар айтып жатады/.

Тұрдықұл. /Айбалаға/ Айбала, менін бұлай жүрмелтінімді білесін ғой...

Айбала. /таңырқан/ Иә...

Тұрдықұл. Мені мұнда әкелиген маҳаббат... шын маҳаббат...

Айбала. Оныныз қызық екен. Түсінбедім.

Тұрдықұл. /өз-өзіне/ Бассам ба еken лирикаға.

Зүрә. /Анадайдан/ Айбала! /Қалиша жүгіріп кетіп қалады/.  
Мақсоттың халі ауыр...

Айбала. /Үрейленіп/ Не дейді! Мақсot...

Зүрә. Иә. Мақсot. Жүр жылшам. /асығыс екеуі де кетеді/.

Тұрдықұл. /артынан/ Айбала, Айбала! /Карамай кетіп қалады/. Мақсot дейді... Айбала қолым жетпейтін аспандағы ай болғаны ма? Қаш провал болды!

Анырап тұрап қалады.

### *Ш ы м ы л ә д ы қ*

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### *Төртінші сурет*

Кара адыр. Күн енкеиін батуға айналып бара жатқан кез. Егіс даласында қызу жүріп жатқан еңбек. Шоқының арғы бетінде де жер казу жұмысын ектиңді әбылды естіліп тұрады. Перде ашылғанда саңна аз бос. Аздан соң шатырдан Айбала мен Зурә Мақсогты екі жағынан сүйеп алып шығады. Мақсot талып жығылтып тұрған. Халі ауыр. Бірақ көңілі жақсы. Ауру халін сырттай білдіргісі келмейді.

**Мақсot.** Жәрайды енді... Рахмет сендерге... Егіс басына барындар. Мен біраз отырып тынығамын.

**Айбала.** Мақсot, біз де біраз қасында болаиықшы... жұмыс деп жұмыс бітті ғой енді...

**Зурә.** Кадишаłар себуді аяқтады...

**Айбала.** Тегістеуі ғана қалы.

**Мақсot.** Тегістеу де ең жауапты кезен... Тегістеу дұрыс жүргізілсе дымқылдық бірдей тараиды, су іркітмейді, бір мезгілде сіңеді. Е... егін бір келкі шығады, органда масак қатмайды... Машина сынбайды...

**Айбала.** Егіннен басқа ойларың бар ма, осы...

**Зурә.** Майданнан аман келдіндер... алдағы өмірге... амандыққа ғлекестік, достық көңіл ғой біздікі...

**Мақсot.** Білем қыздар, білем... Майданға да атак үшін барғамыз жок. Азаматтық арымыз, ел намысы үшін бардық... Арман жок. Міне, бұл да майдан... Сендермен, елмен бірге еңбек майданында болу неткен бакыт. Кандай рахат. Біздің өмірдің қызығы осында. Майданнан майданға — бакыт осында... /тамсанып, аз ауырсынып/ Таңдайым кебе береді...

**Зурә.** Казір мен сусын әкелейін...

/жүтіріп кетеді. Айбала. Мақсot./

**Мақсot.** Бері отыршы Айбала... /жақындалп отырады/ Сен маған ренжіп жүрсін, Айбала... Сезем де, білем де...

**Айбала.** Неге олай ойладын...

**Мақсot.** Ой емес, шыны-ак сол болар. Аулакта жүргенде хат арқылы сөйлескендे сөздеріміз қандай ыстық еді. Айтылмаған сыр қатып па еді. Көрісуге ынтық болып, алып

ұшқан көнің: қандай еді... Ыстық жүрек... қалай соғушы еді... Тілек, арман қандай еді... Осы штеге жағкан сырдың бәрі соғыс күндерінде ғана ғұнғыш рет сырғқа шығып еді ғои. Одан бұрын ішгей көнімен ғана ұғыскандай болмаушы маек. Айтытмаған сөзді ішке сактаған, ашылмаған сырды жүрекке түйіп, мен майданға кеттім. Арман-аман көрісу еді ғой. /ойланып кап/ Көрістік...

**Айбала** Бәрі де рас. Максот... Жазған хаттарымда не айтқаным әлі күнге көнімде сайран түр. Бір сөзімде есімнен шықкан жок. Шыным да, сырым да сол еді... /ойланып отырып қалады. Аз үнсіз. Осы кездे саҳнаның екінші жағынан Тұрдықұл шығып, бұларды көріп, аз анырып тұрып қалып, білірмей екінші жакқа асып кегеді/. Айтытған сөз орнында... адат жүректің анты айныған жок. Максот. Бірақ, сенің не ойын бар. Қайдан блейін...

**Максот.** /Айбалаңың ақырын ғана бір колымен құшақтап/ Ризамын. Айбала... Ои да орнында, серт те орнында. Осы күнге деңін бұт қалыпта, бұндаі күйде болуымызға сен де, мен де кінәлі емеспіз. Жарқындағы кездесетін жас жүректер... Қайтейін... Сезесің ғой Айбала... Қауіпте тұрган жүректі кайтіп саған ұсынам... /Айбала жылап жібереді. Максот жұбатып, көнілін аудау/. Бәле, мен сынаиын деп отырсам мұнын не... Қауіп деп отырғаным науқас... Сол да сөз боп па. Өліммен бетие-бетте келдік. Одан да аман шыктық... Енді тағдыр Бактыбаланың колында емес не? Бағыш тәтене сенбеймісін...

Зурә келеді. Максотка сусынын ұсынып/.

**Зурә.** Элейі барып ана өзеннің сүйк сұынан әкелдім. Мұндағы су жылын кетіпті.

**Максот.** Раҳмет, Зурә... Қандай тәтті су.

**Зурә.** Тәтті болмай енді... Ойырмай елшің күші-ай. Өзенде тура ана шокының түбіне алып келіп қалыпты. “Айранбоз” қандай алып жігіт өзі... Мені көріп, қарқындалап күліп, қайласың құлаштай-құлаштай салады. “Қарынлас, енді газетіне жазбассың, ә” деп қояды. Енді мактаң жазамыз дедім. Мәз болды.

**Максот.** Апұрмай Абзаңдан хабар болмады-ау... Токтаң қалмаса илі еді. Қарекен кетті ме екен... /кенет өзгеріп/ Зурә, бір тілегім бар сендерден...

Зурә. Айтыныз, қазір орындаимыз.

**Максот.** Айбала екеуің қосылып бір ән салындаршы.

Зурә. Қандай әнде көнілініз сүйеді.

**Максот.** Абайды айтындар.

/Екеуі қосылтын, “Көзімнің қарасын” айғалы. Өлеңнің бір аузын айтысын бола берінде. Төкен, Қадиша келді. Көнілді отырған Мақсотты қөрпі куанысын, Төкен “Бәсе” деп келді екеуі де әнге қосыла кетеді/.

Төкен Мақсot ағай, міне раҳмет! Прямо айту керек, сіз құлап қалғанда зәре деген қалған жоқ. Мына Қадиша қарындастың прямо енірек жіберген жоқ іса...

Қадиша. Еніремеи енді... Өзін жыламаған шығарсын.

Төкен. Жыламай жын қағып кетіп пе мені, что сен..

Мақсot. Жақсы Төкен, раҳмет Қадиша қарындастым. Сендердің достық жүректеріне ризамын. Енді егілген егінді осы ақ көнішеріңмен, осы ада: жүректеріңмен мәпелеп күте біліндер. Мен біраз емделуді ойтаймын. Одан соң үнемі оргаларында болам.

Төкен. Мақсot аға, осы аурудан айығынышы, құрысын осы ауруы... керек емес, совсем.

/бәрі күлеседі/.

Қадиша. Рас ағай.

Төкен. Мұнда бізге сеніңді. Қадишаның звеносы қазір тегістен болып қалды. Мен қалған адамдармен мына өзенге аттанам қазір. Осыны келісейін деп келдім. План осытай емес пе еді?

Мақсot. Дұрыс Төкен. Қарекеннен хабар жоқ қой?

Төкен. Кешікті ғой. Оралатын кезі болды. Жантасов жолдас ауданда жоқ қой тегі.

Мақsot. Қаладан көмек келімese мына жұмыс тағы бөгеледі-ау...

Төкен. Онда мына шоқының түбінде прямо шонқайдық қой... Жо... Жантасов жо...лас шонқайтпас... Ат, мен кеттім. Сіз енді тырп етиеңіз енді... Ренжиміз. Ат. Қадиша, давай жұмысты аяқтап сонсоң сайрандайық...

Қадиша. /қалжындал/ Жәрайды енді тым иысықси бермесендей...

Төкен. /қалжындал/ Қара мына звеновойды... Бригадирге не деп тұрсың... Мені “айранбоз” деп тұрмысын, ашын қара көзінді. /Күліседі/.

Қадиша. Койцы енді бағұсты кешке дейін “айранбоз”, “айранбоз” дей бермей.

Төкен. Ә... жаңың ашилы екен, смотри, бүйрекінің бұруын қара. /Күліседі/. Өзіне-өзі такқан атағы, что же... айранбоз.

Мақsot. Жаман атағын жақсы еңбегімен актаута кірісілті. адаптация енбек абырай әннереді, - “айранбоз” да сонда ұмытылады.

**Төкен.** Құрбы ғои қаиткенмен, жек көруші ек. Қазір олаи емес. /қалжыңдау/ Максот ағай, ана бір мәселеден сіздің айтканыңыз ірімо айнымай келші... Солай емес не, Қадиша?

**Қадиша.** /түсінбеген болып/ Мынау не айтып тұр... койшы. Төкен үят емес не...

**Төкен.** Максот ағай біледі, уәдеміз бар, солай ғой, Максот ағай?

**Максот.** Дұрыс. Төкен, егінді жинап, сертті орында...

**Төкен.** Тоиды бірге той/лаймыз /Қадишаны қалжыңдағ құшактау/ солай ғой. Қадиша...

**Қадиша.** Койшы. Төкен...

**Төкен.** Карапашы, өп-өтірік ұялған бол тұрганын /тагы қысыңқырау құшактау, мәз болып шығып кетеді. Қадиша үялып қалады./

**Айбала.** Қандай тамаша адам, біздің Төкен ә. Қадиша...

**Қадиша.** Койшы соны...

**Зурә.** Төкендей жігіт бола берсе...

**Максот.** Біздің Қадиша қарыңдас күз егінін жинап алған соң, агротехникалық білімін көтереді... оқиды... соңсоң көрерсіндер... Аз, қалқам, тегістеуді ойдағыдай жүргізіндер. Мен де қазір барып көрем...

**Қадиша.** Біз аяктай қалдық...

**Айбала.** Біз барамыз ғой, Максот...

**Зурә.** Сіз енді тынығының, бізге сенбейсіз бе, осы үшеуімізге.

**Максот.** Сенем сендерге, сенем...

**Зурә.** Жүр кыздар.

/Үшеуі әндептің кетеді. Максот жалғыз/.

**Максот.** Шіркін өмір... кайран жастық. Тұған ел. Отаным, анам. Жетім едім жеғілдірдің... Азамат еттің. Жаным үшін емес, арым үшін қан майданда атыстым. Арым таза. Кегім кеткен жок. Арман жок. Кен дүние... қалай қанат қақсам да жолым ашық. койның кен... Өмір сүргін келеді. Айбала... көзінің жасын неге сөгейін... Құлғын келген соң, жылайсын... Өмір сүргін келген соң қайғырасың ғой. Сенем саған, сенем. /ойға батып отырып қаталы. Аздан соң Тұрдықұл келеді. Максот елемейді/.

**Тұрдықұл.** Максот, немене, жабырқанқырау отырсың ғой.

**Максот.** Аздап шаршагандық қой...

**Тұрдықұл.** Е, немене... денсау болса уақасы жок. Әйтеуір былай түзелдің ғои енді... киын болады екен... Өзіміз катты переживать еттік.

**Максот.** Жоқастарлын онысына рахмет. Өмірде талай киындықтарға да кездесесің... Өмір ғой.

**Тұрдықұл.** Әрине. Енді қалай... өйткесе соғыс болса ма. Оған шыдамасаң жене аламысын... Бір күнгідей болған жок. барлығын да женіс деген бір ауыз ардақты сөз жуып-шайып кетті емес пе.

**Максот.** Бастаң кешірген өміріміздің әр кезеңінің өзінің тарихы бар. Ол ұмытытуға гиісті емес қой. Рас айтасын женіс деген ардақты сөз.

**Тұрдықұл.** Да... а. Максот. енді бір рахаттаның дем алу керек.

**Максот.** Дем алу деген осы ғой...

**Тұрдықұл.** Бәле, бұл демалыс бола ма. Бірер жыл бой жазып, елді аратап бір шалқып жүру керек...

**Максот.** /Танырқағандай/ Мұның аса ұзак демалыс емес пе Тұрдықұл.

**Тұрдықұл.** Кайдан көп болсын. Өзіміз енді бір... мына тұрмыс мәселесін шешіп алған соң, бір жерлерді аратап, бой жазып жазуымды жаза жүріп демалмакпын. /Максот үндемейді/. Максот, жасыратын сыр жок... соғыстан бұрын анау-мынаумен жүріп біраз өмір өтті. Ал мына соғыс кезінде соғыс дедік. Енді кашанғы сүр бойдак болып жүре береміз осы. /Максот үндемейді/. Енді үйленетін уақыт жеткен сиякты.

**Максот.** Әрине...

**Тұрдықұл.** Өздерін сиякты аман қалған жолдастар болса келіп жатыр. Сенен жасырам ба, Максот. Осы жақын арада, тіпті осы бір күндердің ішінде үйленбек болып жүрген жай бар...

**Максот.** Қайырлы болсын. Үлкен той болады десенші...

**Тұрдықұл.** Қазір енді бір тойдан. бір той емес пе. Той-тойға ұласып жату керек қой. Өзіннің де ойында бар шығар, Максот.

**Максот.** Неге болмасын...

**Тұрдықұл.** Былай енді... көніліңе алған қызың да, болар ә?

**Максот.** Көніл дег... көнілге алғанның бәрі бола бере ме. Өз көніліңмен ғана қарау киын ғой.

**Тұрдықұл.** Сонда да деймін-ау, Мака, адамның бір ойлағаны болады ғой.

**Максот.** Бұл сұрауыңа жауап беруге киынсынам, Тұрдықұл.

**Тұрдықұл.** Бірак солай енді... Өзің болсаң неше жыл соғыста болып, одан мынау... тіршілікте бәрін де көрген жаксы. Ден сау болса бәрі де орнына келеді. /Максот үндемейді/. Да... мына дата табиғаты адамның ойын толқытады екен...

**Мақсot.** /Он сөзіне мән берме!/. Сонымен жақын арада тои болады де. Жақсы, жақсы.

**Тұрдықұл.** Мақсot, үйлену мәселеңіңеген онай болмайтын көрінеді. Көп ойланым. Өзіңе лаиыкты жар табу ойландырагын нәрсе ғой.

**Мақсot.** Эрине.

**Тұрдықұл.** Содан койшы көн сарғаиып күтүге тұра келеді. Ақыры енді... сәті түсті блем.

**Мақсot.** Алыстағы адам ба еді.

**Тұрдықұл.** Еркінді күттім... Мына өздерінді күттім.

**Мақсot.** Біз келдік қой. Қызың осы жердікі ме еді?

**Тұрдықұл.** Сол қызға не де болса бей! байлаудым.

**Мақсot.** Өзің үйге кіргізін қойған кісісің ғой шамасы.

**Тұрдықұл.** Не де болса сол қызға тәуекел деп тұрмыз.

**Мақсot.** Енді тек той жасау ғана қалған ғой.

**Тұрдықұл.** Үйге кіргеменмен, алыста емес. Мынау өздерін барда...

**Мақсot.** Онда Бақтыбала, Айбалалар жүгіріп кетпей тойынды жасап жібер.

**Тұрдықұл.** /таңырқағандай болып/ Е. олар кайда кетеді.

**Мақсot.** Бақтыбала диссертация корғауға Москваға жүргелі жатқан сиякты.

**Тұрдықұл.** Айбала ше?

**Мақсot.** Айбала да Москваға экскурсияға баратын көрінеді.

**Тұрдықұл.** Екеуі бірге жүре ме екен?

**Мақсot.** Иә, бірге жүрмек.

**Тұрдықұл.** /сабырсызданып/ Япырай ә... қашан жүреді екен?

**Мақсot.** Осыдан кайтқан сон.

**Тұрдықұл.** /шыдамсызданып, әрлі, берлі жүріп/ солай де... Ә... солай де...

**Мақсot.** Оған қысытмай-ақ кой. Сенің гойына карайтын шығар.

**Тұрдықұл.** Да, той деп... иә той... Мақсot, тілекtes жолдассың сенен жасырам ба... таңдаң тапкан жарым... мынау енді.

/Айбаланың суретін көрсетеді!.

**Мақсot.** /іштей киналып/ Айбала! /Тұрдықұла сыр берісі келмей! Олай болса той жасайтын күндерін келісіттен болар. / Суреттін сыртындағы жазуды оқиды/ "Сүйген досыма! Жарқын жүзім, ақ көнілім. Айбала"/ Мақсot іштей кинауда/. Ә... Солай де.

**Тұрдықұл.** /сенімсіз/ Мақсot, енді... ол болады ғой... жалпы келісіміміз енді... болған сиякты.

**Мақсot.** /іштей кинауда/ Онда болған да. Қаиырды болсын.

**Тұрдықұл.** Әрине, енді... бірақ... қызбен әлі де бір сөйлесуім керек сиякты.

**Мақсot.** Ұағда болса...

**Тұрдықұл.** Ұағда... е... үағда... мәселенің өзі сонда.

**Мақсot.** /іштей кинауда. өз-өзіне/ Осындаі да онысыздық болады екен өмірде! /Тұрдықұлға/ Тұрдықұл... Рахмет саған... менін науқас халім бар.... рахмет!

**Тұрдықұл.** Мен қазір жүрем қа:аға. Қын болды-ау,

**Мақсot.** дәрігер жібергү керек болар.

**Мақсot.** Жок, жок керек емес, әр кезде осылаи... ештене

етпейді... рахмет, ал қош!

**Тұрдықұл.** Спокойство керек мұндаиды. Мақсot. Бекер-ак келгенсін. Денсаулық қымбат қой... ештене етпес, пессимизме

салынба.

**Мақсot.** Ештене етпейді, киналмаңдар мен үшін. Ал қош /сенделін шатырына кіріп кетеді/.

/Тұрдықұл жалғыз/.

**Тұрдықұл.** Фронт оңай ма. Нерва ғой... нерва расшатанный. Емделу керек қой, әй, әй /аз ойланып/ Айбала жеңінде ме алде? Жок. Айбала бер қараған сиякты. Өлеңді бердім. Оқыды. Салып алды. Сразу не десін. Иші белп-белгій болып калды емес ие. Санар он сиякты. Жауапты қалада бірақ күтем. Енді общественное мнение туғыза беру керек.

Фотокорреспондент шығады. Егіс даласының көрінісін анадай тұрган шоқыны түсіруге фотоаппаратын ынғайтап, түсірге. і жатады.

**Фотокорреспондент.** /Өз-өзіне/ Дұрыс, дұрыс. Былайша айтқанда, бүгін сәтті күн болады деген сөз... жә... енлі дейік... тағы бір рет, внимание, внимание /түсіріп жатканда алдынан Тұрдықұл барады. Фотокорреспондент әуелде байқамай қалады/. Бригадир, звеновой, қыздар, қыздар... әнші қыздар. е... шіркін сұлу қыздар... суретке түсіруге сүйкімді қыздар. Былайша айтқанда, маман қыздар. /Тұрдықұлды көріп/ Faфу етіңіз, жолдас. Мен, былайша айтқанда, түсіріп жатырмын. Аппараттың алдынан аулактау болыныз, былайша айтқанда.

**Тұрдықұл.** Түсіре беріңіз, түсіре беріңіз. Менің қарсылығым жок.

**Фотокорреспондент.** Мен жаңа бригаданы, звено бастықтарын түсіріп алдым. Былайша айтқанда, керекті адамдарды.

**Тұрдықұл.** Біз де керексіз адам емес шығармыз. Байқаңыз.

**Фотокорреспондент.** Faфу етініз, былаша айтқанда.  
Тұрдықұл. Ә.. /колоң беріп/ Ақын Тұрдықұл  
Каикымович Шокимов.

**Фотокорреспондент** /колоң алып/ фотокорреспондент  
газеты. Элімжан Ақшолакович Айдарканов.

Тұрдықұл. Енді білетін боларсын.

**Фотокорреспондент.** Faфу етініз, ағы-жөнінізді, бытайша  
айтқанда... өзініз айтың бердініз. . Иә енді... әрине, о.г жағын  
үғып калып.

Тұрдықұл. Онда сіз әлі же ешгене жарытып біле  
алмағыныз.

**Фотокорреспондент.** Faфу етініз, оныныз енді, былаша  
айтқанда. өге дұрыс айтылған сөз. Мен асығыстын, faфу  
етініз. Ана жұмыс басына барам. Мына шоқыны, бытайша  
айтқанда, аман күнінде түсіріп атуым керек, успейт етуім  
керек.

Тұрдықұл. Жақсы онда. /Айбалаңын суретін көрсетіп/  
Мына суретті бірнеше экземпляр егіп үлкейтіп түсіріп берініз.  
Газетке баратын нәрсе.

**Фотокорреспондент.** /Алып/ ... о... бытайша айтқанда,  
жақсы қыз екен. Faфу етініз, кім о. Газетке... қалайша? /  
ойланып/ е... анада жүрген екен ғой. Дұрыс, дұрыс.

Тұрдықұл. Менің геройнам да, иә енді өзгесін сыртынан  
окырсыз.

**Фотокорреспондент.** Faфу етініз, мұнда болмайды енді,  
бытайша айтқанда.

Тұрдықұл. Жо... қаладан атам.

**Фотокорреспондент.** О, онда, faфу етініз. Әбден, әбден  
болады /суретті алып асығып шоқыға қарай кетеді/.

Тұрдықұл. Бұл да бі сәтті іс болды. Газетке мақтап тұрып,  
бір қайқайтып жіберсем, Айбала айналып түсті деген сөз.

Кегеді. Аздан соң қатты кина тустанде, шатырдан Мақсot  
шығады.

**Мақсot.** Опасыздық! Осы ма опасыздық... махабbat дең  
жүргенім, у екен ғой. Жылтыраған сыртына жас балаша мәз  
боп жүр екем ғой... Бала көңіл соктын ба апарып жартаска.  
Нені қөрдім... нені қөрдім... Бұрынғының бәрі түсім екен  
ғой. Сенер болсан әнді сен. Аз екен ғой азабым. Осы екен  
ғой көрмегім.

Тұнжырағ тұрып қалады, машинаның дауысы. Аздан соң  
Абзal келіп кіреді. Сенделіп тұрған Мақsottың көріп.

**Абзal.** Мақsot, саусын ба шырағым? Осында келіп естідім  
ғой, дәрігер жіберетін едім. Өнің сынық кой тілті.

**Мақсot.** /ауыр ҳанн білдіргісі келмей/ Жақсысыз ба.  
Абзат аға. Сізді келмей ме дең... Қарекен барды ма?

**Абзат.** Қарекен ауданға барған болар. Мен қаладан гура бері тарттым.

**Мақсot.** Ешкім келе ме еken. Жұмыс найза шоқына кең гүр ғой... егіс аяқтады деуге болады.

**Абзат.** Көрдім, Максot, көрдім. Қайырлы болсын. Комбинаттан тау бұзатын бір бригада осы міне келді. Денсаулығын жөнді емес-ау. Максot.

**Мақсot.** Жо...

**Абзат.** Сен енді менің машинаммен қалаға қайт. Болмайды, қаралу керек.

**Мақсot.** Рахмет. Абзат аға.

**Абзат.** Рахмет, рахметті қой. Өзім алтып барам. Мен ана қаладан келгендердің жұмысын реттеп келейін. Сен бармай-ақ қой.

Күн кешкіріп барады.

**Мақсot.** Мен үшін әуре болмаңыз.

**Абзат.** О не деген сөз. Мен көріп тұрмын ғой. Қозғалма. Мен казір қайтып келемін.

Асығыс кетеді.

**Мақсot.** Соңдай халте жеттім бе еken. Сезді ғой Абзат.

Күн батар кез. Мақсot қатты қиналып отырады. Құлісіп Айбала, Зурә шығады. Максottы көріп.

Зурә. Максot, жұмыс бітті. Қарекен келіп қалған адамның бәрін өзенге әкетті. Найза шоқыны бұзғаты жатыр.

**Айбала.** Той жасаймыз десіп жатыр. Абзат ағай да қарсы болған жок.

**Мақсot.** Той де...

Зурә. Кызық бар. Айбала, оқышы әлгі өлеңді.

**Мақсot.** Өлең... сауық... сайран...

**Айбала.** /шошынып/ Не болған. Максot, саған.

**Мақсot.** /қатты қиналып/ Не болған деймісін... білмейді екенсің ғой...

**Айбала.** Нені?

**Мақсot.** /Айбалаға/ Бәсе, білмейсін.

**Айбала.** Не дең түр.

**Мақсot.** Бұрынғым сандырақ еken. Шыным осы.

**Айбала.** Максot. Максot...

**Мақсot.** Әлі де. Максot деймісін?!

**Айбала.** /түсінбей, үрейленіп/ О не, айтсаншы енді!

**Мақсot.** /ызалы кекесінмен/ Айт деймісін... Онда не болмақ. Күи. жан десенші онан да.

**Айбала.** /абыржып/ Не бол барады. Зурә. су әкеші.

Зурә үрейленіп шынып кегеді

**Максот.** Денем ғана жаралы ма десем. жанымның да ашыстаған жарасы бар екен гой!

**Айбала.** Айтың өлгірші, Максот.

**Максот.** Сикыры сөзінмен неге улаттың жанымды!

**Айбала.** Максот!

**Максот.** Сенімі жок. жалған сертпен неге салдың серілеңгене басымды.

**Айбала.** Шының ба, Максот-ау?!

**Максот.** Өтірім болған жок. Болмақ емес. Шыным!

**Айбала.** /жакындаپ/ Максот. Максот... бірдеме деді ме біреу.

**Максот.** /шегініп. жакыннатпай/ Біле тұрып, неге өтірік күлгірсисін.

**Айбала.** Бұл не деңен сүмдыш. Жазығым не. жаным-ау.

**Максот.** Арымды басың аяқка... жегідей жең жанымды... осы ма еді күткенім!

**Айбала.** Мақсot, бұл не жұмбак. Адал жүрек, ақ көнілімнен басқа не жазығым бар еді!

**Максот.** Жұмбак деймісін... Жок. опасыздық!

**Айбала.** Максот. Максот. /құшағын жайып ұмтылады, жылап жібереді/.

**Максот.** /әлсірең, он қолын көтеріп/ Жок... жок.

Талықсып бара жағады. Айбала: "Максот, Максот" деп жылап, сүйей береді.

**Айбала.** /үрейленіп, айғайшап/ Зурә, Зурә!

Қолында сұзы бар Зурә шығады. Осы кезде Найза шокы жақтан 2-3 рет тау бұзған гүрсіл естіледі.

Зурә. Не болды, ойбай-ау!

**Айбала.** Зурә, досым-ай!

Зурә. Мақсot, Мақsot!

Су беріп жатады. Айбала жылауда.

**Максот.** /шата есті/ Бұзды ма... бұзды ма... шешші! / педжагін нұскайды/.

**Айбала.** Ойпырмай. бұл не сүмдыш!

Зурә. Шеш лейді?!

Екеуі Максоттың гимнастеркасын шешіп. орамалға су салып басына басады.

**Максот.** /көзін ашып, Айбаланы көріп/ Аулак! /тальш кетеді/.

**Айбала.** Жазығым не...

Зурә. Максот. Максот аға!

**Абзат.** Мақсог. казір Найза шоқыны бұзады' /Көрін!/ Бұне?

**Зурә.** Талып қалды, ағай.

Абзат шығады. Эүесде не бол жатканын байқамай.

**Абзат.** /Максоттың касына кеп. басын көтеріп/ Мақсot. Мақsot'. /үн жок/ Бұл қалпында қозғауға болмас. Зурә, сен менің машинаммен тез қалаға кет. Еркінге ҳабар бер. Бактыбалаға айт. гез! Тез жетсін!

Колында Мақsottың гимнастеркасы Зурә жүгіріш кетеді.

**Айбала.** Ағай, енді қайттік?

**Абзат.** Мақsot. Мақsot!

Кетіп бара жағқан машинаның дауысы естіледі.

**Мақsot.** /көзін ақырын ашып. Абзатты көріп/ Аб... за...  
Л. а... ға...

Осы кезде Найза шоқыны динамитпен бұзады. Динамигтің дүрсілі. Сахна жап-жарық болып кетеді.

**Абзат.** /Мақsottың басын көтеріп/ Көрдің бе, Мақsot!  
Мақsot үнсіз.

### *Шымылдық*

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### *Бірінші сурет*

Еркіннің үйі. Бұрынғыдан өзгерісі: Еркіннің жазу жұмысына кіріскені көрініп тұрады – жазу столы койылған, стол үстінде жазу аспаптары, кітап, журнал, газеттер. Перде ашылғанда Еркін жалғыз. Терен ойға шомып, жазу үстінде толғануда. Аздан соң қағаздан басын көтеріп.

**Еркін.** Қанмен жазылғанда қағаз бетіне түсіру... ел алдына тарагу... көз алдына әкелу... көрсету... Бәрі де көз алдында, 41-жыл. Москва. Ел құрбаны 28. /огырып жазып жатады/ Панфилов. /орнынан тұрып жүріп/ Еду танкіге талжылмаған ерлерім. Не деп еді сонда Ключков. Россия кен... кен... бірақ шегіне жер жок, артымызда Москва түр! /столының қасына келіп, ойланып тұрып/ Арыммен ант еткем... кан майдандағы достық қарыздарыңды ел алғында ағқарам. /отырып жазалы. Аздан соң есік қағылады/ Кірініз. /Колында қағаздары бар Мұрат кіреді.

**Мұрат.** Іске сәт! /Еркін жазуынан бас алмайды/.

**Еркін.** Қазір Мұрат, казір. /жазуын доғарады/.

**Мұрат.** Еркін. 28 батырдың қимыгын бер деген пікірімнен мен кайтпаймын... Бар жұмысты осы бір ғана картина бөгеп түр.

**Еркін.** – Штаб арқылы көрінбейді дегениңе мен қосылмаймын. Мұрат...

**Мұрат.** Мен де көп толғандым. 2-актышағы штабқа тіпті де карсы емесін. Еркін, берші 28-дің бейнесін көрсін.

**Еркін.** Қоңылтімде сайрап түр. Сахнадан бітмеймін...

**Мұрат.** Сахнаға маған сенші. Басыммен жауап берейін. Мына басыммен.

**Еркін.** Мұрат, көп ойландым... бірақ, сенің тілегінді орындауға тұра келеді.

**Мұрат.** Тіпті рахмет. Болдың ба өзің?

**Еркін.** Осы міне жаңа болдым.

**Мұрат.** /Колын алып/ Берші колынды.

**Еркін.** Кол қысуга ерте-ау деймін. Мұрат.

**Мұрат.** Ерте, кешін кейін көреміз.

**Еркін.** Сендер кеиде кызықсыңцар. Мұраг. Бәрін жабының Темірбекгі, Рамазанды. Мәжитті жаксы білеміз. пьесада мінездері дұрыс берімеген деулерін не осы.

**Мұрат.** Біз өзіміз білген мінезін айтпаймыз ба енді.

**Еркін.** Оның каге. Мұраг. Олардың сендер білмеиғін мінезі майданда ашығанын білсін бе. Соғыс толқын аткан теніздей талай салындыарды да жағаға шығарды, көрінбей жаткан асылшарды да айқындаған берді емес не?

**Мұрат.** Бұл жөнінде саған қосылам. Еркін...

**Еркін.** Соғысған бұрынғы Максотпен бүгінгі Максогғын өзі бір ме. Көрдің ғой өзін!

**Мұрат.** Дұрыс аитасын. Еркін...

**Еркін.** Денсаулығы нашар. Ішінде осколка... дәрігерлердің айтқанына қарамастан егіс даласына кетті.

**Мұрат.** Алыр-ай, Максоттың өмірі қауілті-ау, Еркін... Осы жолы барғанда нұскасын көріп шошып кеттім. Білдіргісі келмейді тіпті.

**Еркін.** Қауішті, досым, қауіті... Бұқіл Қара адырлың алабына еккен егіннің өнімі үшін Отан алдында басыммен жауап берем. Өз көзіммен көріп еккізем. Қара адыр алтына шығатын егін бұқіл облыстың беретін өнімін беруге тиіс дең кетт, Максот. Міне. Мұраг бұл да пьеса.

**Мұрат.** Жазшы Еркін, жазшы. Басы аман болса еken Максоттың.

**Еркін.** Айтқанымды актап өлсем арман жок... Егін орағына шейін Қара адырда болам дең кетті.

**Мұрат.** Біздің Айбала мен Зурә қандай... Өзлери готықкан, бірақ, сондай көңілді... кәдімгі агроном.

**Еркін.** Соғыстан бұрын Қара адырдың жер қыртысын екі жаз зерттегендеге мол өнім беретін жер деген қорытындыға келіп еді, Максот...

**Мұрат.** Биыл Максот үлкен сын үстінде десенші.

**Еркін.** Максоттың өмірі де, мемлекет алдындағы зор жауапты ісі де сында тұр...

**Мұрат.** Сын үстінде өмірлін талай сырды ашылады ғой, Еркін...

**Еркін.** Арзан достықтан аулак болайык. Достығымыз сын үстінде сыналсын.

**Мұрат.** Мына сенің пьесан маган да үлкен сын...

**Еркін.** Оқындар... Көріндер... Көңіліме қарамаңдар...

**Мұрат.** Жаксы, Еркін. /қолындағы қағаздарын Еркінге ұсынып/ Мынау Тұрдықұлдың пьесасы еді. Әбден мазам кетті. Оқып шықшы осыны.

**Еркін.** Такырыбы не?

**Мұрат.** Такырыбы жақсы. Ауыл шаруашылығы.

**Еркін.** Иә...

**Мұрат.** Бірақ, киын енді, көресің ғой. Адамшылық, эстетика, романтика дең құрғак бөсө береді...

**Еркін.** Неге алдыңдар?

**Мұрат.** Әуелде мен едім болмаған...

**Еркін.** Тұрдықұл өзі колхоз өмірін жақсы біlte мe eken?

**Мұрат** Оки көресің ғой. Қиялмен ғана болжайды.

**Еркін.** Кындықтан қашқан адам қиятмен женіл жол іздейді. Жақсы, оқып шығайын.

**Мұрат.** Ат, әзірше.

Қол алысып шығып кетеді. Еркін жалғыз.

**Еркін.** “Көнілдегі көрікігі ой ауыздан шыққанда өні қашады” дейді. /Өз-өзіне қанағаттанбаған пішінде/ Көңгімде сайрап тұрса да, көз аттығуда көрініп тұрса да... Жетпей жатыр-ау, жетпей жатыр. Майдандағы ерлердің жүргегі әлі де көрінбей жатыр-ау... Қанды көйтек жолдасам Мақсоттың батырлық бейнесін көрсете алым ба? Жоқ әлі... Әлі де тоқсан толғану керек.

Жазуға отырады. Аздан соң көнілі көтеріңкі. Бактыбала кіреді.

**Бақтыбала.** Еркін, сүйінші!

**Еркін.** Қайдан, Бағыш?

**Бақтыбала.** Москвадан

**Еркін.** Иә...

**Бақтыбала.** /Еркінге телеграмма көрсетеді/. Міне, академик Абрикосовтан.

**Еркін.** /Қуанып оқып жатады/. Не дейді академик...

**Бақтыбала.** Менін диссертациямы өзі оқыпты.

**Еркін.** Жәрәйсің. Бағышым. /Құшактап арқасынан қағады/.

**Бақтыбала.** Шақырып отырғанын көріп тұрсын ғой...

**Еркін.** Қуанам, Бағыш, қуанам...

**Бақтыбала.** Бес жылғы еңбек...

**Еркін.** Жанған еңбек. Бағыш... келші /құшактап сүйеді/.

**Бақтыбала.** Мен Москвадан келгенше сағынып қалармын дегенің бе?

**Еркін.** Қунғаным. Бағыш. /қалжындалап/. Бір жағынан корыкканым да...

**Бақтыбала.** /тусінбей/. Корыкканы несі.

**Еркін.** /қалжындалап/. Доктор медицинских наук болып алған соң, мені менсінбей кетеме дегенім ғой...

**Бақтыбала.** /қалжындау/. Ондай әдет атак алған кейбір азаматтардың басынан габылып жатыр-ау. Еркін...

**Еркін.** Жаман атқа жақ бітсөнің кері ғой... Кейбір адамшызық дейсін, Бағыш.... Онын рас.

**Бақтыбала** Еркін. осынын өзі адамгершліктің келелі бір мәселесі емес пе?

**Еркін.** Жаз де енің ғой?

**Бақтыбала.** Жаз легенің... Ана жұмысында бітірдің бе? Келгелі бір дем де ала алмайын...

**Еркін.** Бітірдім Бағыш. Мұрат алып кетті.

**Бақтыбала.** Коямыз дей ме?

**Еркін.** Тағы да оқып, өзара тақыламак.

**Бақтыбала.** Тағы өзгерттің бе?

**Еркін.** Қоң өзгерттім, Бағыш... Элі де көнілім толмайды.

**Бақтыбала.** Қойшы тіпті. Бүкіл соғыс га көргеніннің бәрін бір пьесага сыйғызбакпышын...

**Еркін.** Колымнан келсе оны да іс ге ім келеді...

**Бақтыбала.** Мен Москвадан келгенше бола ма өзі.

**Еркін.** Оны өмір көрсетер, Бағыш. /ойланып қалып/ Мақсотты қайтесін.

**Бақтыбала.** Максот бекер кетті ғой. Еркін...

**Еркін.** Қайтып кетпесін енді...

**Бақтыбала.** Операция керек еді.

**Еркін.** Сендер өздерің бір қорытындыға келде алмадындар ғой. Сен керек дейсін, басқаларың операция жасауга болмайды дейсіндер...

**Бақтыбала.** Еркін, менің айтканым айтқан. Операциясыз болмайды...

**Еркін.** Аптырай, Бағыш-ай...

**Бақтыбала.** Келе сала Мақсотты операцияға көндіру керек... созуға болмайды.

**Еркін.** Сен кетіп қаласан... Басқаларың операцияға қарсы...

**Бақтыбала.** Бітмеймін, Еркін... Байғустың бағыр боп қайтқанын қайтейін...

**Еркін.** Қан майданнан қайтқан соң, енді тіпті де өлгіміз келмейді. Бағыш. Майданнан майданға деп қайтқамыз. Қан майданда еңбек майданы үшін алыстық...

**Бақтыбала.** Міне. Еркін, біздің Айбала да енді ауыл шаруашылық маманы. Айбала... айналайын серігім... қайтып қуанбассын...

**Еркін.** Кеше ғана сияқты... Мен майданға аттанарда ағатайлаң жылап қалған Айбала... Өркендеген өмірдің куәсі.

**Бақтыбала.** Еркін, Айбаланы енді аспирантурала оқыту керек.

**Еркін.** Бағыш оны енді екеуің біліндер... Айбалаға енді менін жөн сілгей беруім орынды болмас...

**Бақтыбала.** ...Сен жазу жазың отыр едің ғои... Мен де даярлануым керек.

**Еркін.** Даярлан. Бағыш. даярлан...

**Бақтыбала** екінші бөлме е кетеді. Еркін жалғыз. Оидаңып аз тұрып жазуға отырады. Даңада кеңіп токтаған машина даудысы. Аздан соң катты, катты есік қағылады. Үсінде жол киімі. Өні қашқан, үрейленген иішінде Зурә кіреді. Қолында ораулы Максоттың аттын жүгірді, ордендері бар китеі.

**Еркін.** /орнынан атып тұрып/ Зурә, амансыңдар ма немене...

**Зурә.** /айталмай тулығып/ Не деп айтута. Еркін ағатай...

**Бақтыбала** жүгіріп шығады.

**Еркін.** Не дейді...

**Бақтыбала.** Зурә жалғыз келдін бе?

**Зурә.** Бағыш тәте, жалғыз... /жылтан жібереді/.

**Еркін.** /катты толғанған күйде/ Максот... досым... жолдасым...

**Бақтыбала.** Айтсаншы, не болды Зурә?

**Еркін.** Шырағым-ау, айтсаншы!

**Зурә.** Кара адырға барған күннен бастап тыным таппады...  
Бүкіл егіс даласын... Ертеден кешке дейін...

**Еркін.** Талас болды ма?

**Зурә.** Катты болды... Максот ағай дәлелдеп көздерін жеткізді... жұмысты қандай тамаша аяктап ек...

**Бақтыбала.** Өз тағдырын айтсаншы.

**Зурә.** Абзат ағай да келіп еді... Тауды бұзғалы жатыр еді... Той да болмак еді...

**Еркін.** Максотты айтсаншы, шырағым-ау!

**Зурә.** Мен байқап жүрдім... Катты кинальш жүрді... Білдіргісі келмей жүрді... Кеше ғана көңілі соншама көтеріңкі еді...

**Еркін.** Иә, иә...

**Зурә.** Біз егіс басынан келсек өзгеріп қаңты...

**Еркін.** Не болды...

**Бақтыбала.** Тірі ме өзі?

**Зурә.** Су әкеліп бергенше құлатп жатыр... байқай алмай да қалдык...

**Еркін.** Тірі ме деймін!

**Зурә.** ...Абзат айғай қасында қалды. Машинасымен мені жіберді. Еркінге айт. Бағыш тәтемді тез жіберсін...

**Бақтыбала.** Сонсон...

**Зурә.** Есі кірмеді.

**Еркін.** /үрейленіп/ Есі кірмеді...

**Зурә.** Кірмеді есі...

**Бақтыбала.** Не шара қолданлыңдар.

**Зурә.** Бағыш тәте, біз қайтеміз... Айбала сонда. Мен машинамен келдім... /Максоттың кителін алып/ сасын жүргенде қолымда кетіпти... Қиналтын "шешіш, шешіш" - деді, бишара.

**Еркін.** /Максоттың кителін алып жазып қараң/ Досымай.. /көзіне жас алады/. Тұрамысын Бағыш! /Зурә жылап отыра кегеді/.

**Бақтыбала.** Қайтып тұра аларсың... /асығыс телефонға барады. Осы кезде есіктен асығыс Зиза кіреді. Бақтыбала трубканы орнына қояды/.

**Зиза.** Бағыш тәте телеграмма келді... /Телеграмманы береді/. Облиздрав... даярлан қоюшты. Сізді жылдам жүрсін дейді... /Телефон соғылады, Бақтыбала тыңдалған/.

**Бақтыбала.** Иә, иә... алым. Естідім. Білем, білем. Баруға тұра келді... Иә... иә... онда болмайды. Жок, белгісіз, осында әкеleу кажет... Қазір, қазір. Жаксы. /Трубканы іледі/.

**Еркін.** Үш Бағыш, үш!

**Бақтыбала.** Зиза, даярлан. Тез барда дәрі-дәрмектерді, операцияға керек аспаптарды даярла. Сен де бірге жүресін.

**Зиза.** Жарайды, тәте. /кете береді/.

**Бақтыбала.** Машинаға бара бер...

Екінші бөлмеден киініп асығыс Бақтыбала, Зурә шығады.

**Еркін.** Қайран жас... Таудай талан... ұлы Максот.

**Бақтыбала.** Машинаға үш сағаттық жер деілі ғой...

**Еркін.** Асық, Бағыш, асық...

**Бақтыбала.** Бара көрем. Еркін... Мұнда әкелсе жақсы болар еді...

**Зурә.** Мен де барайын, Бағыш тәте.

**Бақтыбала.** Не істемексің... осында күт.

**Еркін.** Бол енді, Бағыш...

**Бақтыбала.** Мүмкін болса осында жеткізу керек. /терезелен караң/. Күн де бүлт екен... /Даладан машинаның гудогі естіледі/ Ал, Еркін... /қолын алады/.

**Еркін.** Жолың болсын, жаным!

/Шығын кетеді. Даңада машинаның гудогі, жүріп кеткен дауысы естіледі/.

Қайран жас... Жас өмір.

Қалты қиналып тұрып қалады.

### Шымылдық

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### *Екінші сурет*

Еркіннің үйі. Перде ашылғанда Еркін жалғыз Тұрдықұлдың пьесасын оқып отырады. Риза болмаған калыпта. Басын шайқап, қабағын шытып, қағазға өз пікірін жаза отырып окуда. Максот тағдыры да катты қинауда. Сағатына кайта-кайта қарай береді. Аздан соң.

Еркін. Өмір мен өлім таразыға тартылып тұр... Кай жағы басып түсер екен. /Телефон соғылады, асығыс барып тыңдайды/. Иә, иә. Бағыш. Мен, мен /Өні бұзығып Жасайтын болды? Қашан? Бүгін? Кім? Өзін бе? Тілектеспін. Бағыш! Нешеде? /Трубканы ішп қояды, катты толғануда/. Ұшкан үя, өскен орта. алтын бесік ел үшін ажалмен алыспадық па кеше... Ажалды жеңіп, ел сенімін актаң, анадан кайта туғандай болып келген жанның өлтісі келер ме сірә! /Аз пауза/. Өмірдің еркесі, көркі болғысы келмей ме. Ақыны мен ойын, қайраты мен жігерін бойындағы бар нәрлі касиетін халқынын бакытына, ұлы максатына арнағысы келмей ме. Кай заманда жасап отырғаныңды еске алсаң, “өлім” деген сөзді ойлағың да келмейді. Тек қана өмір, өмір! Өмірдің жүреі бол соккын келеді. /Аз пауза/. Ұлы көштің көленкесінде жүріп өмір сұру — ол өмір емес. Ұлы өмірді жасағың келеді. Сол өмірді көркейткің келеді, жасасқың келеді. Таудай талабынмен ұлы максатқа қанат каксан өмірдің ләzzатын, мағынасы мен сырын сондаға білесін. Ойлаған ойың киял емес, тәтті киятын шындық өмір. Осы өмірде жасап отырып қайтып қана өлімді ойларсың, /киналып/. Қайран Максот. Максотқа жете алармысың... жоқ әлде... /ойланып тұрып қап/ киғың келмейді қыршын жасты өлімге. Не болар екен... /Стол үстіндегі қағаздарын жинастырады, қолында кітабы бар жабырқанкы Айбала кіреді. Еркін сағатына қарап/ Қалқам, мен кеттім...

Айбала. Жаксы, аға. /Еркін кетеді. Айбала жалғыз/. Өмірде дәл мұндан ауыр халғе душар болғаным бар ма? Жоқ сиякты еді. Осы минутте бәрі көз алдына келеді. /Ойға шомып/. Осыдан үш жыл бұрын ол майданға аттанарда: “Айбала жүрегімде түйін болып, ашылмаған сыр, айтылмаған арман

кетпін бара жағыр... осы сөзім: есіңде болсын". - дег көш айтысты. Одан бұрын Еркін ағанын жақсы көретін жолдасты болғандыктан ба. жоқ әлде не... әигеуір мен де жақсы көруші едім... сабырлы, сырттайын шинезі, жарқын жүзі... ойымнан шықпайтын болды. Ол ұзақ сапарға аттанып, арамыз алыстаған сайын, көнілтіміз жақындай түсті. Ол көзден таса болып, айдан — ай, жылдан — жыл асқан сайын жарқын жүзі көзіме ыстық көріне бастады. Жақсы көрген адамың ауыр құнде елді корғап жүрсе, оған леген сенімін... маҳаббатың өзгеше болады екен. Екеуіміздін арамызыдағы бар тарих осы ғана еді. Соның аман кейіп, айтылмай кеткен арманын есту маған да арман еді. /Аз пауза/. Еңді арман үстіне арман болды. Жас жүрек жазықсыз жәбірленді. Бәрінен де жүрекке шер боп байланған түйін... шешүсіз бара жатқан түсініксіз жұмбак... сол арман. Мақсot, осы ма еді күткенім. /ауыр ойға батып отырып қалады, есік қағылады, кенет бойын жылып алып/. Кірініз. /қолында қағазы бар Тұрдықұл келеді/.

**Тұрдықұл.** Айбала, еркін үйде жоқ па?

**Айбала.** Жоқ.

/Тұрдықұл отырады/.

**Тұрдықұл.** Бақтыбата да жоқ па?

**Айбала.** Қызметінде.

**Тұрдықұл.** Да... а, үйде өзін ғана екенсің ғой. /Айбала үндемейді/. Ун, бүтін әбден шаршадым... Театрда менің пьесамның читкасы болып... Апирмай. Еркіннің келе алмағанын қарашы...

**Айбала.** Ағайдын бара алмағаны... Бір шаруасы болып қалып, сонын сонында жүр-ау деймін.

**Тұрдықұл.** Яптырай неткен шаруа. Бүтін мына менің пьесам оқылғанда анау, мынау шаруаны коя тұрмаған екен, ә.

**Айбала.** Анау, мынау болмағаны ғой...

**Тұрдықұл.** Енлі /қолындағы қағазын көрсетіп/ мынадан важный шаруа емес шығар.

**Айбала.** Мүмкін одан да важный шығар... Қайдан білдініз.

**Тұрдықұл.** Жоқ, Еркіннің қатысуы керек еді. Үлкен таластар туыш... полемика қызу болды.

**Айбала.** Неге таластыңыздар?

**Тұрдықұл.** Осында мына кейбір жолдастар искусство мәселеңіне тіпті бір түрлі қарайтын көрінеді. Түсінбеймін қалай екенин... Мұрат бүтін бүл үйге келген жоқ па?

**Айбала.** Келген жоқ-ау деймін. Сонымен таластарыңыз немен аяқталды?

**Тұрдықұл.** Мен өз пікірімде қалдым. Бірақ, жолдастар

ойлар... Бұндаи әңгімелер аса терең барламай, искусствоның нәзік сырларына түсіне алмаудан туатын сияқты... Е. бұл іске асатын нәрсе ғой... /кенет ойына бір нәрсе түскендей аз ойланып/. Да... а. Айбала енді... саған біздің, атап айтқанда менің көзкарасым өзгеруте тиісті-ау деймін.

**Айбала.** /Секем атың/ О. не дегеніңіз...

**Тұрдықұл.** /Ыңғайсызданың:/ Ол енді Айбала... жалпы занұлы нәрсе-ау деймін...

**Айбала.** Сіздін не айтып түрғанынызды түсіне алмадым.

**Тұрдықұл.** Анырмай. Айбала. не деуге болады енді... Калайша түсіндіруте болады.

**Айбала.** Түсініксіз нәрсені қалайша түсінүте болады.

**Тұрдықұл.** /Өз-өзіне/ Міне, бұл қыз да әлден-ак қыңыр келе бастады. /Айбалаға/ Түсінгісі келген кісі түсінеді ғой, Айбала. Бірак... /шылтымын тартып орнынан әрлі-берлі жүреді/.

**Айбала.** Сіз өзіңді-өзіңіз сонша неге жасырасыз. Не ойыныздын барын мен біlte алмадым.

**Тұрдықұл.** /Өз-өзіне/ Осы қыз шынымен түсінбей түр ма мені. Бассам ба екен лирикаға. /Айбалаға/ Да... а. ой дегенің өзі ол бір... Теніздей түсіз терең нәрсе ғой. Терең теніз түбінде меруерттей асыл жыр да жатады. Ал, асыл жырдың алуан-алуан сырлары да болады ғой... Терең теніз түбіне сұнгіп меруерт теретін Хаяс деген құс болады. Теніздей терең ойымның түбінен сол Хаястай сұнгіп терген меруертім... /қалтасынан Айбалаға арналған өлеңін алып/. Бұл тек саған ғана айтуға арналған сырым еді.

**Айбала.** Сыр дейсіз бе?

**Тұрдықұл.** Да... а. сары аттыңдай сакталған сырдың өзінің айтылатын уақыты болады ғой. Сол уақытқа жеткеніме өзімді бакыттымын деп есептеймін. Ол бакытқа, әрине, сен де ортаксың, Айбала...

**Айбала.** Қалайша?

**Тұрдықұл.** Махабbat дегеннің өзі... адамның жан сезімінің ен нәзік сырына байланысты ғой. Да... а. ғашықтың тілі тілсіз тіл... Ол сырды жеткізе алатын тек бір-ак тіл бар...

**Айбала.** Бір-ак тіл дейсіз бе?

**Тұрдықұл.** /Өлеңін оқуға ыңғайланып/ Ұға біл /Оқиды/

Сен қызыл гүл Иран бакта жайнаған,

Мен бір бүйірл... /есік қағылады. Тұрдықұл окуын токтатыш. тұрып калады. Айбала есікке карай барып/

**Айбала.** Кірініз.

**Тұрдықұл.** Қап! /Зурә кіреді. Тұрдықұл өз-өзіне/ Дәл

жеме-жемге келгендег... бұны қай сайтан алғын келді екен. /  
Зурәре/ Сәлематсыз ба, Зина?

Зурә. Жақсысыз ба?

Тұрдықұл. Кыздар енді оқуды бігіріп атған сон еркіндең  
бір жүргеніміз де.

Зурә. Оқута да, дем алуға да, енбек егүте де нраволы  
емеспіз бе? Бүтін дем алсак, ертең тағы да енбекке кірісеміз.

Тұрдықұл. /өтірік күліп/ Міне біздін кыздар гура саясаттан  
соғады.

Зурә. Сіз қалай дең едініз. Саясаттан тыс маман бола ма.

Тұрдықұл. Дұрыс кыздар, дұрыс, дұрыс...

Айбала. Біздін кыздар кателеспейді.

Тұрдықұл. Оны да көрерміз. Айбала.

Айбала. Сенбей тұрсын ба?

Тұрдықұл. Болды. болды сенім, Айбала. Сендім. /Өз-  
өзіне/ жылы сөз айтты-ау... /Айбалага/ Әзірше. /Айбаланың  
колын алтады/. Кыздар сау болындар.

Зурә. Сау болыныз, сау болыныз.

Тұрдықұл. /Бірдене айтқысы келгендей Айбалага қараш  
аз кіліріп/ Жақсы.

Кетеді.

Зурә. Фашық оты шыдатпай барады ғой кайтсін. /Әзілмен/  
Айбала мен келіп қалып әлті шіркін арманын айта алмай  
калды ма. Лирикасын оқыған шығар.

Айбала. Эркімнің өзінікі өзіне жөн сиякты болады да  
тұра ма деймін осы.

Зурә. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе деген емес  
пе. Көңіліннен де, көк дөненіннен де осы Тұрдықұл ағайдың  
дәл өзі жүйрік кой деймін.

Айбала. /Әзілді үнатпай/ Зурә қойшы соны. /Мұнайын/  
Көңіл демекші... Қайдан білейін бұл көңілдің не боларын.

Зурә. Осы сен немене күн бұрын уайым айттып, қойшы  
осы.

Айбала. Иә, несі болса да бүгін болады.

Зурә. Осы мен білсем бар ғой ештене де болмайды.  
Бұлттан шыққан күндей көңілтің жарық ете түседі. Айбала.  
Ренжімеші, мен біздің ғылымның күшіне сенемін. тәтеме  
сенемін...

Айбала. Тәтен аянады дейсің бе...

Зурә. Осы уайымыздың аяғы ертең-ак қуанышқа  
айналады. Қара адырдағы өзіміз егіскең егін біркелкі тен-тегіс  
боп шыққан... Бәрі де ұмытылады... той тойлаймыз әлі...

/Есік қағылады. Мұрат кіреді/.

**Мұрат.** Е. біздің қарындастар екен ғой. А. қайырлы болсын айту керек кой сендерге. /колдарын азың/ Жақсы, жақсы, қуанам қарындастарым. Еңбектерін жемісті болсын. Кешегі екі /қолмен бой мөлшерін көрсегін. жақсы көрген әзітмен/ мынадай кісі көзіне ғімейтін қыз — маман, агроном! Куанам, қуанам!

**Зурә. Раҳмет. Мұрат ага.**

**Мұрат.** Міне қандай тамаша. Сендер сиякты мына өз көз алдымында өскен жас мамандарымызды көргендे, алдымында түрған жаңа талаптар, е.тіңегі бізге зор міндет артады... Сендер түсінбейсіңдер дейлі-ау, біздің Тұрдықұл. /Даусын өзгертіп/ Еркіннің катынаса алмаған... Өзі тез қайтар ма екен. Айбала?

**Айбала.** /Кейіген пішінмен/ Ағагайым Максотқа кетті ғой...

**Мұрат.** /Кенет өзгеріп/ Максотқа. /Қауіптенген пішінмен/ Тұра-тұр... /Есікке қарай жүре беріп, кенет бұрыбын телефонға келіп/ 45-34. Бақтыбаланы шакырынызышы. Болмайды? Болмайды дейсіз бе? Ә... Еркін бар ма онда. А, а. /Трубканы тез орнына коя салып/ Мен сонда кеттім.

Асығыс шығып кетеді.

**Айбала.** /Үрейленіп/ Апырай, не болды екен...

**Зурә.** Айбала сен үйде бол мен біліп келейін...

**Айбала.** Қандай хабар әкелер екенсің, досым...

**Зурә.** Тез келем...

/Айбалаға қарай-қарай асығып шығып кетеді. Айбала жалғыз./

**Айбала.** /Қатты қайғырып үрейленген қалыпта/. Не болар екен... Не болар екен... Менің жүргегімде орын бар ма еді, қайғы саған.

Жылан отыра кетеді. Кенет шам сөнеді. Шам жанғанда аурухананың операция жасайтын бөлмесінің алдындағы коридордың көрінісі. Операция жасайтын үйдің есігі зрителге көрініп тұрады. Ауыр ойда, операцияның нәтижесін асығып күтіп жүрген Еркін, аздан соң асығыс Мұрат келіп кіреді.

**Мұрат.** /Қауіптенген пішінмен/ Еркін... /колын атады, Еркін үнсіз амандасады. Еркін шыдамсыздынып әрлі-берлі жүруде. Аз паузадан соң/ Көп болды ма?

**Еркін.** Бірталай болды...

Пауза.

**Мұрат.** Беті қалай?

**Еркін.** Элі белгісіз...

**Мұрат.** Өмірдің қымбаттығы осындайда көрінеді-ау...

**Еркін.** Иә Мұраг... Шын қадірін білгенге... қымбат.  
кымбат.

/Абзат кіреді. Еркінмен. Мұратиен амандасады/  
Абзат. Еркін, қалай Максот?

**Еркін.** Өмір мен өлім гаразыға тартылып жатыр... кайдам  
кай жағы басып түсетінін...

**Абзат.** Кім істеп жатыр? Тоса түруға болмады ма?  
**Мұрат.** Өзіміздің Бактыбала.

**Еркін.** Құтуте болмады ғой... Әрбір минут санауды болып  
түр ғой.

**Абзат.** Обкомда келісіп. Москваға тыңыз гелеграмма беріп  
ек... Енді кісі келудің мағынасы болмайды екен ғой.

**Еркін.** Енді не де болса екінің бірі...  
**Мұрат.** Солай бол түр енді...

**Абзат.** Онда қайға телеграмма соғуға тұра келді. Соңғы  
минутка дейін ауыр ҳалың білдірмеді-ау байғұс бақа. Бұл халғе  
жеткізетін бе едім. Не шара.

**Еркін.** Қайтеміз енді Абзат, амал бар ма.

**Абзат.** Айтканына жетті. Еңбегі жанды. Жанған еңбегінің  
жемісін көрсе игі еді.

**Мұрат.** Сол ғой арман... Қайран жас...

**Абзат.** Қайта гелеграмма соғуға тұра келді... Мен қазір  
айналып соғам. /шығып кетеді/.

Аз жым-жырт.

**Мұрат.** Кешікті ғой... Шіркін Бағыш не күйде десенші...

**Еркін.** Бәріне қөнбей, өз жауапкершілігіне алған адам не  
күйде болушы еді...

Жүтіріп Зурә кіреді.

**Зурә.** Еркін аға, не болды? Не болды. Мұрат аға?

**Мұрат.** Ештене де етпейді, Зурә. Бар қалкам.

**Зурә.** Жоқ... әдейі келім. Мұрат аға.

Аз үнсіз.

Операция бөлмесінің есігі ашылады. Бәрі жалт қарайды.  
Штей шыдамсыздының хабар құтуде. Зейнеп шығады.

**Еркін.** Не болды, жаңым?

**Мұрат.** Қалды ма жаны?

**Зейнеп.** /не дерін білмей/ Білмеймін әлі... Білмеймін,  
Еркін аға...

Асығып өтіп кетеді.

**Зурә.** Зоя. /Артынан бірге кетіп. Аздан сон жабырқаңқы  
күйде қайтып келеді/.

**Мұрат.** Аныр-ай, Еркін-ай...

Операция бөлмесінен ақ қалатты, аузын марлімен байлаған,

қолында резинка перчатка, катты кинаған калыпта Бақтыбала, тағы екі-үш дәрігер шығып, асығып асып кетеді.

**Еркін.** Бағыш!

**Мұрат.** Жаным-ау... ұн демейді ғой...

**Еркін.** Ұн демейді...

Аздан соң аузындағы марлін алған, қолын жуған, Бақтыбала келеді.

**Мұрат.** /Шыдамсызданып/ Бақтыбала -ау, естіртсөнші жақсылығынды!

**Еркін.** Несі болса да айтсаншы!

**Бақтыбала.** /Киналып/ Әлі айта алмаймын, Еркін.

**Еркін.** Не дейді...

**Мұрат.** Бағыш-ау не болды? Өмір суре ме Максог?

**Бақтыбала.** /Тұңжырап/ Әлі бе, іңсіз...

Бәрі гүнжыраи қалады. Жүгіріп Айбата қірелі. Түрлерін көріп шошып.

**Айбата.** /Бақтыбалаға/ Тәте!

Үңсіз. Айбата Зурәні құшактап жылап жібереді.

### *Шынылдық*

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### *Үшінші сурет*

Күз. Терезеден жапырағы сарғайған ағаштар көрінеді. Сол Еркіннің үйі. Үйде Еркін. Тұрдықұл. Перде ашығанда Тұрдықұл гүндірып отырады. Еркін жазу столынан тұрып сөйлейді.

Еркін. – Мен оқып шықтым. Тұрдықұл. Дәл бұл еңбегін жөнінде сенің Мұратқа да, басқа жолдастарға да ренжитін ешбір ретін жок. Олардың пікіріне мен де түгелдей қосылам...

Тұрдықұл. – Көркем шығармаға дәл осылтай қарағанды көргем жок...

Еркін. – Көркем шығарма шыныңық өмірден аулақ жатса, оны шығарма деп ататуға да аузым бармайды...

Тұрдықұл. – Менімше, көркем шығарма шыныңық өмірден жоғарырак тұру керек...

Еркін. – Бірақ, шыныңық өмірден мұлдем кол үзіп кетіуеу керек. Сенің мына пьесандын шыныңтың көленкесі де көрінбейді.

Тұрдықұл. – Жазушы ерікті емес пе?

Еркін. – Ерікті емес деп кім айтты. Өмірлен аулақ құрғак киялдың құлы болу, сол да еріктійк пе. Бір заманда адам баласының кият еткен өмірінде жасап отырып, ұлы заманының азаматы болып отырып, сол заманының, ел-жұрттыңның талабын түсінбей, өмірге үйлесігейтін, халық тілегіне сай келмейтін шалғай оймен, тұманды киялмен ғафу кімге кажет! Сен ренжіме, Тұрдықұл, шынын айту керек. Дос жылатып айтады, дейді, өмірден қалып қойғансың... Тек өзіннің тапшы оыннын тар көлемінде қалғансың. Біздің халықтың ой-өрісі, тілек-максаты, сұрапыл соғыс үстінде бұрынғыдан да есті. Елдің сана-сезімі, өмірге көзкарасы әлде қайла тереңдеді. Соғыс үстіндегі бес жылға таяу өмірде біздің халық тарихта болып көрмеген қаһармандық іс істеді. Саған бәрін айттын жатудың қажеті жок сиякты, Тұрдықұл. Осының бәрі өзіміздің көз алымызда болып жатқан оқиға. Бізге халықтың қоятын талабы соншама зор, соншама жауапты.

Тұрдықұл шылым тарта береді.

Заманымыздың бұл талабы, бұл тілегі күннен-күнге асқан

саиын зорайын рғыр. Елдің ұлы көшінің алдында болмасақ, өз міндеттімізді түсінбегеніміз. Соғыс бірге дең жайбаракағтану біздің елдің салғы емес. Біздің ҳалық бүтін ирткіті ісі алдына қойып, 1950 жылға көз жіберіл отырып, келешегіне сенген ҳалық, ойға алғанына жететін ҳатық. Өмірге осы түрғыдан карау керек, осы талаптақ сай іс істеу керек.(Столынан Тұрдықұшын пьесасын атып береді) Міне. Тұрдықұл, өз пікірімді жаздым.

**Тұрдықұл.** – (Колына атып жатып) Да... а. осының тіпті ілін алар қасиеті болмағаны ма?!

**Еркін.** – Сонда жаздым...

**Тұрдықұл.** – (Оқып отырады) Да... а, бірак, сахнадан көрерміз...

**Еркін.** – Тұзу тұлға кисық айнадан көрінбес болар...

**Тұрдықұл.** – Көргенде айтартмыз...

**Еркін.** – (Кітаптарының арасынан Тұрдықұшын өлеңдер жинағын атып) Мына “Данқ” атты өлеңдер жинағынды да оқыдым. Асығыстау бастырыпсын. Бұт жинақ данқынды шығара қояр ма екен... Данқ, атак енбек иен күрестің жемісі болар... Колдан данқ жасалмас...

**Тұрдықұл.** – (Кейіп) Еркін-ау, бұл лирика гой енді... Сен бүйдеп тұрсын, жай ҳалық не дейді?

**Еркін.** – Ең катал сыншы, әрі әділ сыншы – ҳалық. Жүргегіне жақласа ешкімнің де көніліне қарамайды... 1936 жылды 18 июль күні түнде, өлім алдында есінен танып жатып: “Соғыс болады. Дайындалу керек... қапы қалтмау керек”, - демеді де Горький. Міне, ұлы адамның жүреті. Ҳалқын шын сүйген, Отанын сүйген жүрек.

**Тұрдықұл.** – Бәріміз бірдей Горький бола алмыз ба?

**Еркін.** – Үлгі аламыз. Елді Горькийше сүйе біл. Сонда жемісті енбек ете аламыз леген сөз. Сырты жылтырап, іші қалтырап, кер кегіш бара жаткан Европаның мәдениетсымағына емексу-сағымға ағданған санасыздың ісі болар еді...

(Колында гаяғы, жүдеу Максot кіреді).

**Максot.** – (Отырып) Әбден шаршадым...

**Еркін.** – Аптарай, Максot-ай... тыныксаншы.

**Максot.** – Қара адыр алабынын ерлері жоспардан тыс астық беруге кірсіп, ол уәдені де 3 күн ішінде орынданты. Абзатмен сөйтестім.

**Еркін.** – Келіп пе Абзат?

**Максot.** – телефонмен. Комиссияда болдым. Дәрәгерлер әлі рұксат ететін емес... Білмеймін...

(Тұрдықұл шылымын жиі-жі тартып, Еркіннің рецензиясын оқып отырады).

**Еркін.** – Асықнасаншы, Мақсot-ау, неткен жансын.

**Мақсot.** – Көргім келеді. Барғым келеді...

**Еркін.** – (Тұртықұла) Геройды атыстан ізлеудің кажеті бар ма?

**Тұрдықұл.** – Жазушының ролін сонша гөмендетуге қосылмаймын...

**Мақсot.** – Тұрдықұлдың геройлары аспанда ғой, жердегі жанды не қылсын...

**Тұрдықұл.** – Агроном идеальный герой бола алмайды. Өмірінде романтика жок олардын.

**Еркін.** – Сөзді іске айналдырудан, істі сөзге айналдыру анағұрлым оңай екені белгілі ғой. Тұрдықұл...

**Мақсot.** – Еліміздің әлемді танырагқан ерлік ісінен әсер ала алмайтын әсемпаздардың жел сөзі кімге қажет...

**Тұрдықұл.** – Ақынның жанын түсіне білу керек.

**Еркін.** – Ақын елінің адат азаматы болуы керек.

**Мақсot.** – (Тұрдықұлды кекей) Мына сессия қабылдаған төртінші бесжылдық жоспарда романтика деген бар ма екен... ақын көзімен қарағанда...

**Тұрдықұл.** - Ақынға ондай сұрап коймас болар... поэзия агрономия емес қой...

**Мақсot.** – Онда ғафу ет, Тұрдықұл. Сенікі поэзия емес... демагогия...

**Тұрдықұл.** – (Ашуланып) Мақсot, мынауың просто оскорбление. Жазушы адам жанының инженері деген қағиданы білмегенін ғой...

**Мақсot.** – (Орнынан тұрып екінші бөлмеге кете беріп) Бірақ, сендей жазушы емес. (Кетеді).

**Тұрдықұл.** – Еркін, мынау ғажап екен. Да... а... интересно...

**Еркін.** - Өмірмен үғыса білсек, жолдастармен үғысу киын емес, Тұрдықұл...

**Тұрдықұл.** - Өмір деген енді... Өмір ғой...

Зурә кіреді. Устінде жол киімі. Қара адырдан келген беті. Куанышты.

**Еркін.** – О, Зурә. Міне біздің агрономдар. Хал қалай?

**Зурә.** – Хал өте жақсы, Еркін аға. (Тұрақұлмен салқынғана амандалады. Мақсot шығады).

**Мақсot.** – Зурә саумысын?

**Зурә.** – Бәрі де аман. Абзат ағай сәлем айтты. Қарекен де, Текен. Қадиша бәрі де сәлем айтты.

**Мақсot.** – Иә, иә...

**Зурә.** – (куліп) Айранбоз да сәлем айтты. Ол казір астық тасып жүр. Ударник.

**Мақсot.** – Е... Тағы.

**Зүрө.** – Астықты төгіп болды. Айтқан уәдеден әлде қайда асын кегі. Планнан тыс астықты екі есе артығымен беріп болды. Москвадан тағы да гелеграмма алды. Міне. Абзалдың хаты(хат береді). Төкен мен Қадиша қосылды...

**Мақсot.** Өте жақсы. Иә, иә...

**Зүрө.** Осында көтмек өздері. Төкен Мақсотка берген уәдем бар. Тойды бірге жасаймыз дейлі.

**Мақсot.** (Мақсot ыңғайсыданып) Жүр анда барып әңгімелесейік. Мына кісілерге... (Тұрдықұлға қараң) біздің өмірде романтика жоқ. Бөгет етпейік.(екінші бөлмеге кетеді).

**Тұрдықұl.** (Өз-өзіне) Бұз қыздікі не... Қыраарсың сен...

**Еркіn.** Міне. Тұрдықұл көрдің бе?

**Тұрдықұl.** Оны көрдік қой... Еркіn, мына менің енбегіме тым үстірт карадың-ау деймін.

**Еркіn.** Қалайша?

**Тұрдықұl.** Қабылданып қойған нәрсе ғой... Кішкене басқаша жазуын керек еді...

**Куанышты** Мұрат кіреді.

**Мұrat.** Еркіn, кол қысуга ерте деп ен. Қателестің...

**Тұрдықұl.** (куаныш) Иә, иә. Мұrat не болды?

**Мұrat.** Бүгін генеральный, Еркіn. (Сағатына қараң) Артистер қазір жиналып отыр, жүр ішінде боласың.

**Еркіn.** Жақсы, жақсы Мұrat, қарсылық жоқ. Ендігі ауыр азабының бәрі сениң мойныңа ауды ма? (калжындал) Ендігі қызығын сен көр. (Зурә Мұратпен амандастып шығып кетеді. Мақсot кіреді).

**Мұrat.** Қызығын Мұrat та көреді... Ел де көреді... жүр.жүр.

**Мақсot.** Қайырлы болсын айтуға болатын шығар....

**Мақсot** Еркіn мен Мұраттың қолын алады.

**Еркіn.** Бұл қайырлы болсын да ертерек.

**Мұrat.** Қөп болмайды, ертең де естіміз қайырлы болсын-ды.

**Тұрдықұl.** Сендердің репертуарный пландарың қайда осы?

**Мұrat.** Тұрдықұl, сен ренжіме... Репертуарды елеуішке сап кәдімгідей (қолымен көрсетіп) елең жатырмыз. Кебек. кокым-соқымы көбейіп кетіңті...

**Тұрдықұl.** (ызаты) Принцип деген болмай ма екен?!

**Мұrat.** Принцип болған соң ғой сүйтіп жатқанымыз. Ал Еркіn. жүр енді.

**Еркіn.** Жақсы жүрейік.(Екеуі кетеді. Тұрдықұл орнынан тұрып анырап қалады).

**Тұрдықұl.** Жоқ.. болмайды. Бұл түсінбеушілік. Доказу!

**Мақсot.** (кекен!) Сіздер доказать емес. показать етиеуші ме едініздер?!

**Тұрдықұл.** Жоқ... кеттім.

(Асығыс шығып кетеді. Тағы мен қағаздары қалып кояды. Мақсot жалғыз).

**Мақsot.** Жолын болсын. (Тағы мен қазадарын қөріп) Кару-жарағың мүнда қалыпты. күр қол не бігіресін. (күйін) Міне романтика!

Тұрдықұлдын Айбалаға берген өлеңдер жинағын қолына атып "Данқ" ... Тұрдықұл... Аспандаты айға балған Айбалаға....

Айбала кіреді.

Фафу етініз. Айбала... Мына кітабыңызды... (кітапты беріп) айыптымын...

**Айбала.** (ренжін) Мақsot. осы Тұрдықұлтың не сенін? "Сіз", "бізін" не осы? Тозды шыдамым!

**Мақsot.** Менен көрі өзің жақсы білтуін керек...

**Айбала.** Ашып айтшы, Мақsot, жазықсыз неге күйліресін мені?

**Мақsot.** Жансаң, күйсен де бір сөзде түру керек еді. Бірақ, мені тірі қалады демеген шығарсын...

**Айбала.** Қашан серттен гайдым. Қашан сөзімде тұрмалым!

**Мақsot.** Сенушем саған. Айбала.

**Айбала.** Кінәм не?

**Мақsot.** Кінәласып қайтеміз. Көнілін қосылған екен. Қайта қайырыту ката болар...

**Айбала.** Кіммен қосылпын. Не деген сүмдыш!

**Мақsot.** Тұрдықұлмен...

**Айбала.** Сенен осындай сөз есгимін депнем... (Кітаптарының арасынан хатын алғып) соңғы хатым... Телеграмма бердің емес пе? Хат жазба дедің емес пе? Өзің келер деп сактадым. Мә оқы... бір ай болмай... Мына суреттің сыртына не жаздым. (Суретін ізден жүреді). Адат жүргім... сырым... (Мақsot хатын оқып, ойға батып отырады). Қайда ол!?(өз-өзіне) Зурәда екен ғой.

**Мақsot.** Бұл қағаз бен сия ғой... Тұрдықұлға уәде беріпсін... Одан бүрын маған да сүйттің емес пе? Арзан уәде арға сия ма?

**Айбала.** Шынын ба, Мақsot! Кім аитты оны?

**Мақsot.** Өзі.

**Айбала.** Сендей бе сен соған?!

**Мақsot.** Сенбес ем... өз қолыңмен жазғаныңды көрсетті.

**Айбала.** Не жазыптын. Есімнен адасын жазбасам... Жаздым ба оған сірәдә...

**Мақсot.** Көзбен көрген шын болар..

**Айбала.** Бұл не сүмдүк... (Жылайты. Осы кезде фотокорреспондент кіреді).

**Фото-корр.** Саләмәтсыздар ма? Былайша айтқанда енді... ғафу етініздер... Ғафу етініздер!

**Мақсot.** Жолыңыз болсын!

**Фото-корр.** Сіз енді, былайша айтқанда, ғафу етініз. Мен... енді көріп тұрыз фото-корреспондент. былайша айтқанда.

**Мақсot.** Жақсы, жақсы.

**Фото-корр.** Маған Советтер Союзының батыры... герой, герой керек еді.

**Мақсot.** Иә?

**Фото-корр.** Сіз болып жүрмейсіз бе?

**Мақсot.** Иә, біз.

**Фото-корр.** – Ғафу етініз, былайша айтқанда, танысын қояйық фотокорреспондент Әлімжан Акшолакович Айдарханов.

**Мақсot.** (көлін алғып) Мақсot.

**Фото-корр.** Өте жақсы, былайша айтқанда, жолдас батыр, сізде аз шаруам бар еді... білесіз ғой өзініз...

**Мақсot.** Түсініп отырмын. Ғафу етініз сізге өзім барайын. Бірақ ертең.

**Фото-корр.** Эбден болады... газеттен табасыз сағат үшке күтем...

**Мақсot.** Жақсы.

**Фото-корр.** (Айбалага қарап) Ә.. ғафу етініз. Сіз де былайша айтқанда, осында екенсіз ғой. Сіздікі дайын.

**Айбала.** Иә, о не дегенініз?

**Фото-корр.** Ғафу етініз, жолыңыз болсын. былайша айтқанда.

**Айбала.** Иә?

**Фото-корр.** (кетіп бара жатып) Сау болыңыздар.

**Мақсot.** Кош болыңыз.

**Фото-корр.** (Есікке барып бөгеліп) Айгапқышы (Айбалага) Сіздің мына - ... (альбомына үніліп) Жоқ... жоқ. (кете беріп, өз-өзіне) что же, бәрібір емес пе? (Қайта оралып).

**Айбала.** Бірдеменізді үміттіңыз ба?

**Фото-корр.** Жоқ... жоқ... (альбомынан Айбаланың суретін алғып) Иә, иә... ғафу етініз, бәрі бір ғой сізге беріп кетейін, ол кісімен кездесе атмай қойдық... (суретін береді).

**Айбала.** (Алғып танырқан) Кіммен? Қалайша бұл сізде... (Мақсotка) Мақсot!

**Мақсot.** – Ол не?

**Айбала.** — Міне, бұ: қалай? (Сурегін береді. Максогалын қаралғұрады).

**Фото-корр.** (Тағы 3-4 карточка беріш) Көбейттім... енлі быттайша айтқанда... жақсы шыкты. Табыс етіңіз, өтінем сізден.

**Айбала.** Кімге? Қайдан алдыңыз?

**Максот.** Кім берді сізге?

**Фото-корр.** Мен кайдан білеін. ғафу етініз, кім болады сізге ол, иә... иә... женихының ба... солай деді ол, быттайша айтқанда...

**Айбала.** Кім? Кім?

**Фото-корр.** Поэт, поэт... акын енді... Е. Қыйқымович, Е...

**Айбала.** Тұрдықұл ма?

**Максот.** Сол ма?

Осы кезде Тұрдықұл кіріп келеді.

**Фото-корр.** Ә... міне, міне, ғафу етініз, тапсырманың орындағышы, сізді таба алмадым, жақсы болды әне, ғафу етініз сау болыңыздар.

Шығып кетеді.

**Тұрдықұл.** (Сасқанын білдірмей) Не деп жүр мына дәлдек. Кағаздарым қалып қойыпты...

**Айбала.** (ашынып) Ол кісі дәлдек емес... (Тұрдықұлдың кітабын өзіне беріп) Өз қолыңыздан бердіңіз, раҳмет сізге өз қолымнан кайта алыңыз.

**Тұрдықұл.** (Кітабын алады, қағаздарын, таяғын атын кетуге ыңғайланып) Бұл просто мәдениетсіздік емес пе, Айбала...

**Айбала.** (Өз суретін көрсетіп) Мынау мәдениеттілік пе! Қайдан алдыңыз? Бердім бе мен сізге?

**Тұрдықұл.** (Кетіп бара жатып) Түсінбеймін. Ет қызық өзі. Институт бітірген соң жазып, суретін газетке бастырайын деп жүрсем... Қызық екен. (Шығып кетеді).

**Максот.** Міне, шын романтика!

**Айбала.** Максот! Осы ма еді жұмбағың? (Максотқа жақындейді).

**Максот.** Тұра түршы, Айбала...

**Айбала.** Максот әлі де... (Телефон соғысады. Айбала барып тыңдал). Иә, иә... мен... иә...

**Максот.** (өз-өзіне) Жәбірледін бе арым... жазықсыз ба еді Айбала?!

**Айбала.** (телефонда) Зурә... Зурә... қазір... қазір... (трубканы асығыс үйіп, радионы қосады) Максот. Максот! Кап!

Тыңдай қалысады.

**Диктор.** ... Олардан басқа "Кара адыр" колхозының егіс бригадасының бригадирі Әлімбаев Төкенге, мол өнімі звено. комсомолдар звеносының бастығы Айдабергенова Қадишаға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді (музыка).

**Максот.** (куанышты) Айбала! Ақтасы адат енбек!..

**Айбала.** Төкен. Қадиша! Өзгесін де айтты ма екен, қап.

**Максот.** Өзгесі деген не? Өзге деген жок. Бәрі өзіміз. Бәрі бір... Кеш, Айбала! (жүргегі алып ұшып) Адал енбек... Міне бақыт... Міне өмір... (асығыс шығып кетеді).

**Айбала.** Максот. Максот!

Аңырау тұрып қалады.

### *III ы м ы л ы к*

## ТӨРТИНШІ ПЕРДЕ

### *Бірінші сурет*

Еркіннің тойға әзірленген үлкен коңак үйі. Үйде Айбала, екі жоңас қызы. Үшеуі де қуанышты. Үйдің ішін реттесіп, абыр-сабыр болып жүріседі.

**Айбала.** Қыздар... достарым... қуанғанда бір, корықкан да бір деген осы екен-ау...

**Зейнеп.** Корықканы несі...

**Айбала.** Жок дейім-ау...

**Зурә.** “Жок дейім-ау”, - деп тіпті сүйгеніне қосылып алған соң, қуанғаннан не айтарын білмей тұрғанын...

**Айбала.** Қуанбай енді...

**Зейнеп.** Сен қуанбағанда...

**Айбала.** Сенші?

**Зейнеп.** Мен де қуанам...

**Зурә.** Сенің қуанышың біздің де қуанышымыз. Бірак...

**Айбала.** “Бірак” деп үшеуіміз бір-ак күні күйеуге шықладық деп тұрын ба?

**Зейнеп.** Сөйтсе қандай тамаша болар еді десенші

**Айбала.** (Калжындал) Онда бүтінгі тойды ғоқтата тұрайын, қыздар...

**Зейнеп.** Ол сыртың ғана ғой, Айбала. Ішінде не жатқанын біз сезбейтін шығармыз...

**Зурә.** Бізді қанша дос десен де біз саған Максот бола аламыз ба!

**Айбала.** Максottтың жөні бір басқа, сендердің жөнің бір басқа емес пе?

**Зейнеп.** Е, бәсе, сөйтіп шыныңды айтсаншы онан да...

**Зурә.** Қыздар, кісілер келіп қалмай тұрып осындағы оңашада бар ғой, бос сөзді койып, даярланып атайық...

**Зейнеп.** (калжындал) Күйеуге шығатын қызыымыз (Айбаланы нұскап) міне дап-даяр тұр. Ал бізге тағы не даярлық керек.

**Айбала.** (калжындал) Менен көрі енді елдің көзі сендерге көбірек түседі, қыздар.

**Зүрә.** Қалжынды қоя ғұрындаршы. Айбала, сен осы көилегіңді киесің бе?

**Зейнеп.** Әне бір көилегің кисе қайтеді...

**Айбала.** Қайсы?

**Зейнеп.** (Екінші белмeden Айбаланың екі-үш көилегін атып шығады) Мынаны деймін, (айна алдында Айбаланың үсгіне сыртынан өлшеи қарасып жатады)

**Айбала.** — Осы үстіміздегісіше...

**Зүрә.** Әне біреуін байқайықшы...

**Зейнеп.** Қой одан мынау жақсы.

**Зүрә.** (Ойланып) Күйеуге шығатын қыз қандай көйлек киоші еді тойында?

**Айбала.** (Қалжындағы) Күйеуге шыққалы түрғанымыз осы. оны кім білсін...

**Зейнеп.** Қыздар-ау. мен бір сөз айтайыншы...

**Зүрә.** Иә...

**Зейнеп.** Айбаланың дәл осы үстінде і көйлегінен лайықтысы жок. Тойымыз да екеуіміз де дәл осындаі кейілек киетін болаып. Осы үәде болсын жарай ма?

**Зүрә.** Онын да дұрыс екен. Екеуіміз тойымызда қандай көйлек киерімді білмей, анырып тұрмауға бұ да жақсы болады. Айбала тойында мынадай көйтек киген дейміз той...

**Айбала.** Дұрыс достарым. Махаббаттан жаңылмасақ, адамшыстық армызызды таза сактай білсек, киім түゼн киүеге көп ғылымның керегі жок қой.

**Зейнеп.** Сен бакыттысың Айбала. Сен жаңылған жоқсың.

**Зүрә.** Сүйген жарың екі ажалдан қалды, енді бүтін той тойлағалы отырмыз. Неткен шаттық, неткен қуаныш десенші.

**Айбала.** Бүгінгі той Бағыш тәтемнің де. Еркін ағатайымның да, Максоттың да. Мұраттың да — барлығымыздың да тойымыз. Кеше Еркін ағамның пьесасы ойналғанда Сергей Степанович әдейілеп келді... Қалайша қуанбассын, достарым.

**Зейнеп.** Мен театрда ойынның артынан Еркін ағайға жүтіріп келіп қуанғанымнан не дерімді білмей сасып қалып: “Еркін аға, молодец” - деппін. Ойпырмай, артынан үялғанымай.

**Зүрә.** Сен қайта өзің де шын молодец екенсін, Еркін ағайдын қасына баруға ел мұрша бермей, мен театрдың көзіме көрінген артисіне қайырлы болсын айта беріпшін.

**Зейнеп.** Бүтін қайырлы болсын айтатын кісіміз көп...

**Зүрә.** (Терезеден қарап тәтті киялмен) Үшінші кластаста... Золотая осень... “Бодрая осень” есінде ме?

Кроет уж лист золотой  
Влажную землю в лесу...  
Смело гончу я ногой  
Вешнюю леса красу.

**Айбала.** (Ітің ала жөнелді) Есімде. Зурә:

С холода щеки горят.  
Любовь лесу мне бежать  
Слышиш, как сучья трещат,  
Листья ногой загребать. (сагынышты киялмен)

Ол балалық шақ кой (өзгеріп). Биығы құзді айтсаңды.  
Зурә. Анық алтын құз. Қара адыр...

Алтын астық. Алтын дән.

Максот кіреді. Совет Одағының Багыры, Социалистік Еңбек Ері Алтын жұлдыздары, ордендері бар.

Зейнеп. Қонактар екен десек...

Максот. Е. мен қонақ емеспін бе...

Зейнеп. Сен енді қонақ емессің. Максот...

**Айбала.** Бағыш тәтемдер екен десем...

Максот. (Әзілмен) Бағыш тәтенді кешегі күні Еркін ағаң да аңсаған...

Зейнеп. Сен кімді аңсадың сонда?

Айбала. Қойшы қыздар...

Зурә. Сезікті секірер деп сенікі не.

Максот. (Әзілмен) Серігін тауып секірген қызды сезікті деуге болар ма екен.

Зейнеп. Сондағы сезікті біз екенбіз ғой...

Зурә. Өз сөзіміз өзімізге тиіп жатыр екен ғой.

Максот. (әзілмен) Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сез... иесін таптай ма?

Зейнеп. Айбала бірдеме десенші. Бір күн болмай жатып сен де Максотты жактайсың ба. Қойшы тілті.

Зурә. Достық карызымыз кайда.

**Айбала.** (Әзілмен). Көкек өз атын өзі шакырып тұрган жоқ па екен.

Зейнеп. Иә, бәсе солай деші.

Максот. - Өзіне өзі атақ тағып, өз атын өзі шакырып жүрген көкек Тұрдықұл болса да мен кінәлімін бе?

Зурә. Кінәләсуға кетсөн женілдің, Максот.

**Айбала.** — Көкек Тұрдықұл-ақ болсын, сол көкектен сезіктеніп секірген кісіні кім дейміз?

**Мақсot.** (Әзілмен женіліп) Аталы сөзге арсыз таласады.  
не десендер де ерік өздеріңде...

Зейнеп. Бәсе сөйтін жөніне кел...

Зурә. Майдандағы женісіне мактана бер. Бұ: арада бізді  
жене алмайсын.

**Мақсot.** (Әзілмен) Үшеуіннің органа жалғыз түсіп қалған  
екем, тым болмаса Тұрдықұл да жок... женімсеке шара да  
жок.

Зурә. Болғанмен Тұрлықұлың көмегі тиे кояр ма екен.  
Ол кісі бас ителі қашан.

**Мақсot.** (Қалжынцап) Ел жауды батыска қарай қуын,  
немістердің тізесін бүктіріп, басын игізіп жүргенде, ол қағазға  
бас ип, қыздарға жалбырынып жүрген екен ғой. (Мысқылдан)  
Тұрдықұл да қарап жатпаған екен.

Айбала. Қарап жатпағанын өзің де сездін ғой...

Зейнеп... (Қалжынмен) Женіспен қайткан жігіттердің  
кейбір женіл ойтаң, аз-маз қателескендөрі болса, бүтінгі тойының  
үстінде қатесін мойындайтын шығар.

Зурә. (Әзілмен) Ондай, ондай қателіктөрін бүтін кешеміз.

**Мақсot.** Адамшыстық арына жуыптай, сактаған қыздардың  
алдында, ауыр күнде айнымай ер сенімін актаған қыздардың  
алдында женілсем де арман жок.

Зурә. Осындағы куаныштың үстінде көнілдегінін бәрін  
актарғың келеді.

Зейнеп. Енді қалай...

Айбала. Бұл тойға ортақ емес қайсымыз бар...

Зейнеп. Бәріміздің де тойымыз... Айбала мен Мақсottың  
орны ерекшелуе енді...

**Мақсot.** (Қалжынцап) Біз сендерге де тілектеспіз.

**Айбала.** (Қалжынцап) Сендердің де ерекшелуе орын  
алатын тойларын тезірек болсын деп тілейміз.

Зурә. Қанша айтқанмен достар ғой.

Датада машинаның даусы естіледі. Айбала терезеден қарап.

**Айбала.** Еркін ағатайтарым...

Зурә. Бәлі, біз әңгімемен отырып қалыптыз ғой...

Зейнеп. (сағатқа қарағ) Ұақыт та болып қалыпты.

Мақсot тұрып есік жакқа барады, Еркін мен Бақтыбала  
кіреді.

Екеуі де көңілді.

Еркін. Міне дұрыс. (Бактыбалаға) Сенің жана асықпай  
жүргенін қыздарға сеніп жүр екенсін ғой.

**Бақтыбала.** Біздің қыздар сенетін қыздар. Соғыс кезінде  
бұл қыздар сендерді жоктатқан жок.

**Еркін.** Бұлар енді жай ғана қыздар емес... мамандар ғой.  
**Бақтыбала.** Әрине...

**Еркін.** Біздің қыздар осылай. Бақытты қыздар...

**Зейнеп.** Еркін аға, біз сізге үятты болып тұрмыз...

**Еркін.** Е, неге?

**Зурә.** Театрда ойын аргынан қайырлы болсын айта алмадык...

**Зейнеп.** Ел тіпті жол бермейді...

**Еркін.** Ойбай, ұлken үят болған екен... Бәрекелі...

**Зейнеп.** Мен қуанғаннан дұрыстап та айта алмадым. Еркін ағай.

**Бақтыбала.** (Күліп) Еркін екеуіне де катты өкпелі тіпті...

**Еркін.** Дұрыс қыздар, дұрыс, қуаныш өздеріндікі...

**Бақтыбала.** Қыздар... (Екінші бөлімеге кетеді, сонынан Айбала, Зейнеп, Зурә да кетеді).

Телефон соғылады. Еркін тыңдайды.

**Еркін.** Тыңдалап тұрмыз сізді... Иә. иә... Еркін... күтіп отырмыз. Иә, иә (Күліп трубканы ішін қойды).

**Мақсot.** "Абзаңдар ма? (Екінші бөлімден Бақтыбала шығады).

**Бақтыбала.** Еркін біреу телефон сокты ма. Қонақтардың бірі емес не?

**Еркін.** Мұратттар.

Даладан машинаның даусы естіледі.

**Бақтыбала.** Қыздар, қонақтар келіп қалды білем...

**Зейнеп.** Зурә. Қазір, Бағыш тәте.

Екі қыз қонақтарды қарсы алуға дағаға шығып кетеді. Қаратай, Төкен, Қалиша кіреді. Қеуделерінде Ленин ордендері, Ортақ Бағыт

Алтын жұлдызы.

**Қаратай.** Келші қарағым. Мақсot (құшақтан) Қайырлы болсын! Бақытты болындар!

Бәрі амандастып жатады.

**Төкен.** Қайырлы болсын. Мақсot аға. Бірге тойладық деген осы ғой.

**Мақsot.** Рахмет Төкен, Қареке. Қайырлы болсын. Қалиша карында.

**Қаратай.** Келші Бағыш келінім. әсіресе саған айтамыз алғысты.

**Бақтыбала.** Рахмет, Қареке. Қайырлы болсын табыстарыңыз.

**Еркін.** Куанамыз сіздердің ерлік еңбектерінізге.

**Қаратай.** Куаныш бәрімізге ортақ. Кара адырдың алабы адағы еңбекті акталы.

**Төкен.** -Лениннің шамын да жаккалы жатырмыз. Еркін аға. Майдандағы ерлікті көрсөттіңіз сақнадан. Енді мына Каракеңдер колхозды көргісі келеді

**Еркін.** Орынды тарап... Далада машинаның даусы

**Бақтыбала.** Қыздар.

Зурә. Зейнеп асығыс шығын кегеді.

**Еркін.** Бұлар енді Мұраттар болар...

**Бақтыбала.** (Терезеден қарап) Бәрі келді... Жаксы болдык...

Аздан соң алдыңға Мұрат әйелімен. Қасым әйелімен, тағы бірнеше артист, арғысалар. Зейнеп. Зурә кіреді. Бәрінің де көлінде букет. Мұраттың қеудесінде “Еңбек Қызы Ту, “Күрмет Белгісі”, “За доблестный труд” медалі бар. Қасымда Қызы жүйшіз ордені. медаль басқа кейір артистерде де орден, қалғандарында медальдары бар.

**Еркін.** Жоғары шығыныздар, жоғары шығыныздар!

**Бақтыбала.**

**Мұрат.** (Кызулау. Отырмай тұрып) Жок Еркін. біз әлі жоғары шықтаймыз.

**Бақтыбала.** – (Танырқағандай) неге?

**Мұрат.** – (Тактақтатып ала жөнелді)

Неге деген сұрақтын.

Жауабы дайын саспаймыз.

Еңбектен. сыннан ешқашан.

Бой тасалап қашпаймыз,

Майданда батыр атанған.

Еңбекте ер деп ат алған.

Қаһарман батыр халқымыз

Тарихта ұлы айқаста,

Қан майданда шайқаста.

Женіп жүлде алып біз-

Әлем білген алыпбыз.

Сондыктан біздің көнілт шат,

Сондыктан біздің өмір шат,

Бізде достық береке,

Бізде думан мереке,

Бізде анық махаббат.

Қалайша шатқып таспаймыз,

Қалайша әнте баспаймыз,

Рұқсат ет, достарым.

Ендеше тойды бастаймыз!

Барлығы қошаметтеп: “Рұқсат, рұқсат “Той бастар, “Той бастар”

**Мұрат.** Кане Қасым.

Хор

Бақытты ұлы өмірдің адамымыз.  
Аттаған құтты болып кадамымыз  
Жау женіп, енбекке ер боп той гоилаймыз.  
Өзі той, өзі думан заманымыз.

Көніл шат, жүзім жарқын. әнім асқақ.  
Бетімді көрген емес ешкім жасқан.  
Коса ағар қосағынмен сүйіскеиң жас.  
Шашаиық жырдан шашу тастаң.

Бәрі де қошаметгесін жатады. Міне осылаи болу керек,  
“Той осылай басталу керек”. “Рахмет Мұрат” десін жатады.  
Өлең менен жыр болмай тойдың сән” келе ме! Бәрі де қайырлы  
болысын айтысып жатады.

**Еркін.** (Мұратка әзілмен) Ақынсын ғой өзін..,

**Бақтыбала.** (Әзілмен) Тойда айғлаған өлеңін қайта айтады  
енди...

**Мұрат.** (Қалжындал) Ақын болмасам да артист деген атым  
бар, тобымызбен келіп, томсарып тұра атар жайымыз жок.

**Қасым.** (Қалжынмен) Кайла болса да программамыз  
дайын.

**Мақсот.** Рахмет, Мұрат аға! Бәрінізге де рахмет!

**Бақтыбала.** Еркін, Мұрат, тойды бастады...

**Еркін.** Костауға біз дайынбыз. Толтыр онда бокалды.  
Арап қүйылып жатады.

**Мұрат.** (Қалжындал) Иә, оған да кезек тақалды.

Әдетім бар мұндайда  
Құрметтейтін ақаңды.

(Күліседі)

**Еркін.** (Қалжындал)

Тойға келсен тойыш кел,  
Әдетінді койып кел,  
Деген сөз де болатын,  
Еске ал, Мұрат макалды....

Күліседі.

**Мұрат.** Еңбегім жаңып өркендеп,  
Тұрғанда елім еркем деп,  
Тойға Мұрат тояр ма.  
Әдетін Мұрат кояр ма!

**Еркін.** (Күйін) Женілдім Мұраг, женшідім.

**Қасым.** (Әзімен) Женілетін жөнініз бар.

**Мұрат.** (Калжыңдағы) Женімесен қыр сонынан қалады екен деме.

**Бақтыбала.** (Калжыңдағы) Әлекен жок болған соң, екуін еркіндегі қолма-қол өлең аитқыш болып отырсындар ғой...

**Мұрат.** (кенет өзгеріп) Ай шақшы. Әлекен кайда?

**Еркін.** Әлекен неғылсам же гем деңен...(Есік қағытады) Ә жақсы болды, Әлекен шығар.

**Мұрат.** Әлекен болар енді...(Бактыбала, Еркін есікке барады. Абзal кіреді. Қайырлы болсын айттысып, жоғары шығыныздар десіп жатады).

**Абзal.** Ал, жолдастар енді той-тойлауға болады. Ертен Каракендер күтіп отыр. Тойдан-той, майданнан майдан. Енбек ете білген соң, тойтай да білеміз. Бәрінді де күттүктаймы!

**Еркін.** – Раҳмет, Абзal.

Бәрі де “Раҳмет сізге де” - десін жатады.

**Бақтыбала.** – (Күйін) Тойдың төр ағасы Абзal болсын деген ұсыныс бар.

Бәрі де: дұрыс, дұрыс, Абзal, Абзal!

**Абзal.** Ендеши сөз сенікі. Мұрат.

**Мұрат.** Тіпті де қарсылық жок (Боқалды қолына атады. бәрі тұра келеді). Жолдастар, достар...(Сырттан машинаның даусы естіледі)

Бәрі - Әлекен келді. Әлекен келді.

**Мұрат.** – Дұрыс-ак.

Әлімбет кіреді.

**Әлімбет.** Қайырлы болсын, қайырлы болсын! Қайда Айбалажан, Мақсot.

Мұрат орнынан тұрып барып Әлімбетті жібермей есік жаққа тоқтатады. Қалғандары тұра келіп түрған қалпында болады.

**Мұрат.** (Күйін) Токтай тұрыныз, үлкен болсаныз да мына көпшіліктен үлкен емессіз Той дегенде ку бас домалайды қайда. Кешігіп келдініз, айыбыныз бар. Жай қайырлы болсыныңыз қабылданбайды.

**Қасым.** – Соғыныз, Әлеке, онда соғыныз.

**Еркін.** – Оған Әлекен сасар ма екен.

**Әлімбет.** – Тіпті де саспаймын. (Ау деп көтеріп алып жырлай жөнеледі, басқалары ретті жерінде көтеріспі жатады)

Ал сұңқылда дауысым,  
Бүкіл қағып көмейім,

Жел майдай есілте,  
Ақ бөкендеи желейін.  
Асыңдарын актарын,  
Жырдан маржан төгейін.  
Жаңылар жорғаң мен емес,  
Тайшала басын жөнеін.  
Желдіртпемі желинте,  
Желдіртіп бір беренін.  
Өмір көркі жастарым,  
Үстем болсын мереійін!  
Артымнан-ай, алдын-құн.  
Талмай шырқар данғылмын.  
Бакытты бол. Максotжан.  
Жасын берсін Жамбылдың!

(Мұратқа карап әзімен)

Табадырық аттатпай.  
Өлең айт деп кинаудын.  
Жазанды, Мұрат берер ем.  
Той болған соң сыйладым.

(Айбалаға карап)

Айналайын, Айбала,  
Бакытты бол. қарағым,  
Жасын берсін Динаның!

Бәрі де күрметтей көтеріп жатады: “Жаса Әлеке”,  
“Бәрекелде!”

Әлімбет Мақсot пен Айбаланың мандайынан сүйеді.

Әлімбет. Өмірлі болындар қарастарым, бакыттарын арта берсін. Той тойға ұласты деген осы болатын.

(Отырып жатып еркінге) Еркін театрды көргенде тәбем көккө екі елі жетпеді. Орындаудың тілегімді, рахмет. кайырлы болсын.

Еркін. Әлеке, рахметті Мұратқа айтыныз.

Әлімбет. Екеуіне де айтамын. Бәріңе де айтамын. Жарайсын, Мұратым!

Бақтыбала. Мұрат!

Мұрат. (Бокалын колына алып тұра келіп) Достар, еліміздің жас мамандары, сөйіскең екі жастың махаббаты үшін, осындаі адат махаббатымен еліміздің иігілгіне жемісті еңбек етулері үшін, бақытты болулары үшін!

Әлімбет. Бәрекелде. Өмірлерің Қара адырдың егініндей көркейсің”

Қағысын ішеді. Есік қағылады.

**Еркін.** Кірініз, рахым етіңіз!

Бір қолында букет, бір қолында штәпәсі Тұрдықұл кіреді.

**Тұрдықұл.** (Басын иіп) Кешігіп келдім, ғафу өтінемін..

**Еркін.** Ёшген де кеш тәуір. Қаһарлана білмесен, шын шағтана да білмейсін... Жоғары шық. Тұрдықұл.

**Бақтыбала.** (Тұрдықұлға арақ құяды) Жоғары шық, Тұрдықұл.

**Зейнеп.** (Әзілмен Тұрдықұлға) Той жорасын бастап жүр едіңіз... жоғары шығыныз.

Күліседі.

Зурә. Үримыныз текке кеткен жок...

**Тұрдықұл.** Жoram той болса, ырымым неге текке кетсін...

Зурә. – Ойыныз орнынан шықпағаны болмаса...

**Тұрдықұл.** – Ғафу етіңіздер... ой деген ол енді...

**Мұрат.** (Сөзін бөліп) Тұрдықұл, құрғак ойды енді кой... себебі енді... бүгін үлкен той...

**Мақсат.** Романтика құрғак ойдан тумай, еңбектен, тойдан тузын.

**Абзат.** (Рюмкасын алып) Барлығыныз үшін, достар. Майданда – батыр, еңбекте – ер өзіміздің совет адамдары үшін!

**Еркін.** Тоіымыз тойға үлассын!

Бәрі де. Тоіымыз тойға үлассын!

Хор. (Мұрат бастайды)

Аскак жыр күнрентсін аспан астын,

Дос күліп, қас қалтырап құты кашсын.

Бізде даңқ, бізде бақыт, бізде думан,

Құтты болсын, тоіымыз тойға үлассын!

## Шымалдық

*Семей қаласы, 1946 – 1948 жж.  
1977 жылды өңделіп, толықтырылған.*

## КОМИССАР ФАББАСОВ

*4 актілі, 8 картиналы тарихи драма*

### ҚАТЫСУШЫЛАР:

Сабыржан Фаббасов — 29 жаста  
Мәкіш - әйелі — 25 жаста  
Самат Фаббасов — інісі — 24 жаста  
Мұқаметша — ағасы — 45 жаста  
Асхат Жетекеев — қызыл командир  
Шалтай Ыбраев — қызыл жауынгерлер  
Антон Шляпин  
Айғыз — жесір әйел  
Әлімқан — қазақ кедейі, Сабыржанның серігі  
Лиза — телеграфистка  
Кирилл Литвинов — актың офицері  
Апошка  
Ракымбай — қала байы  
Жаролла — болыс  
Финаш — полковник  
Дмитрий Леберварт — атаман  
Сидиров — актар штабының бастығы, есаул  
Виноградов — капитан  
Хамит Тоқтамышев — подполковник  
Партизан  
Олжабай — қайықшы  
Шаруа — ауыл адамы, кедей шаруа  
Гүлжанат — татар байының қызы  
Қалипа — үй шаруасындағы әйел  
Фазылжан — Алашорда офицері  
Құмар — болыс  
Мықтыбай — атқамінер  
Адъютант  
Жылқышы, қайықшылар, медсестра, солдаттар.

Окиға уақыты 1918 жылғы июнь-июль айларында

## ПРОЛОГ

Сахнада: Сабыржан. Айғыз. Олжабай. Шляпин. Мәкіш. Лиза. Мұқаметша. Шалтай. Әлімхан. Партизан. Шаруа. Жетекеев. Бәрі де кару-жараптарымен.

**Сабыржан.** Осыдан 60 жыл бұрын, қарабастың қамы үшін шықпалақ біз кан майданға! Езіген еңбек елін азаптан күткәріп, азаттықка жеткізу – мұрагат - мақсатымыз еді біздін.

Келер ұриақтың бақыты үшін, басымызды қурбандыққа байладық! Қызық жас жанымызды! Мен ол шакта 28 жаста едім.

**Әлімхан.** Аяқөз алқабына, Габбасов бастаған, большевиктер тіккен қызыл гу шұғылтасын шашты. Қөңілімізді ояты. көзімізді ашты! Қара - шаруа, кедей - жалшы: “Ежелгі жау ел болмас” деп, кол ұстасып, бел байлаپ, кару сайлап, бай - шонжарларға қарсы құреске шықты!

**Шляпин.** Иван. Антон Шляпин - ағайынды екеу ек. Жатып ішер паразиттердін корлығы мен зорлығы, қазақ, татар бауырларымызben табыстырыды. Айнымас, айырылмастай достық жүрекпен табыстырық! Революция жауларымен кескілескен күресте қанымыз бірге төгілді. Айқасқан достық құшакты өлім де айыра алмады. Айқасып жатты денеміз! Сол достық бізден сон да, достыққа достық ұласып, үрпактан-үрпакқа мәнгі-баки кетсе ит еді!

**Шалтай.** Кешегі 16 жылы бай мен болыс мені майданға айдалды. Өз балаларының орнына өтімге байлады! Ақ патша, зұлым патша сенбеді бізге. Колымызға кару орнына қүрек берді. Сол қүрекпен патшаға көр қаздық. Өз үкіметім, халық үкіметі – совет үкімелі қару берді колыма. Кек ал деді жауыннан. Ант еттім. Сертке жеттім! Бірақ, жас кеттім. Бостандықтың жолында шыбын жанды пиди еттім! 22 жасымда кош айттым жас өмірге!

**Лиза.** Мен онда 18-де едім. Еркіндік еді арманым! Өнер-білім еді күткен сыйбагам өмірден! Жалынды жас жүрек, бала қөніл, адап доска ынтық еді. Қектемнің нұрлы күні еді күткенім... Апат кара дауыл, қызыл ғұлтімді қыршынынан қиып кетті! Жауға жалбарынбай, жағаласып, жанып өтті жас өмір!

*Музыка. Перде түседі.*

## БІРІНШІ АКТ

### БІРІНШІ КАРТИНА

Сергиополь. Рақымбай байзың үйі. Ортада үлкен стол. Жұмсақ орындықтар. Жасау - жабдықты қала байының үйі. Бір қабырғада екінші үйге кіретін есік. Жаз күні. Күн бұлт. наизағай жарқында. күн күркіреп тұр. Қала сыртында соғыс. Мылтық дауысы да алыстан естіліп тұрады. Перде ашылғанда сахна бос. Екінші бөлмеден сыртық киімін шешініп Рақымбай шығады. Ол жолдан келген. Терезеден жай отының жарқылдағаны көрінеді.

**Рақымбай.** /терезе алдына барып/. Астағифир Алла. астағифиралла! /Терезелердің пердесін тұсіреді/. Иә. алла тағалам, берегөр тілекті! Айттым аксарбас! /дауыстап/ Қалипа. ау Қалипа!

Қалипа кіреді.

**Қалипа.** Не дейсіз, бай.

**Рақымбай.** Ана соғыс күрғыр әлі жүріп жатыр ма?

**Қалипа.** Естімейсіз бе. атысып жаткан жоқ па.

**Рақымбай.** Иә, атыссын, атыссын. Арты қайырлы болсын де тек. Тілей бер алладан. Ақыры қайырлы болар, еншалла.

**Қалипа.** Қай ақырын тілеміз, бай-ау...

**Рақымбай.** Алтага шек келтірме. Берем десе, береді алла. /калта сағатына қарап/ Қалипа. сен бір ас әзірлеши. Бәйбішенің ыңғайлаң кеткені бар шығар. Бір сый қонақтар келуші еді.

**Қалипа.** Бәйбіше жоқға мен қонақ күте алам ба. бай-ау.

**Рақымбай.** Бұндай уақытта қонақ сынамайды. Аса бер асынды. /Алыстан мылтық дауысы естіледі/. Анырай, мұндауда ұзақ соғысады екен. ә! Сен сол ас үй жакта боларсын. Керек болсаң өзім айтартмын, еншалла. Сыртты бақайыншы. Кетеді.

**Қалипа.** Бұл неғып аузын ашса алла деп. бір жаксылық сезгендей бол жүр. Қызылдар келгелі жүні жығылып, ері мойнына кетіп жүр еді. Ақтардың мылтығының дауысын естігелі құлағын тігіп, елендей калыпты. /ойланып/ Қонағы кім екен бұның. Кетеді. Рақымбай кіреді.

**Рақымбай.** Яңырмай, атаман неғып кешікті. Құдай атып

қызығдардың қолына түсіп қалмаса игі еді. ә... гіпті ғүссе, ғүссе еді. /Сағатына қарап/ Келетін кезі болып қалды. Не айттым енді, не айттым... Апошка кіреді.

**Апошка.** Ассалау мағалейкем. мырза. Тура судан шықкан тышқандай болды.

**Рақымбай.** Аман келдін бе, жаркыным. Иә?

**Апошка.** Как же мырза, керкасқамен кесілтіп отырып, прямо ел орнына отыра жетіп барды...

**Рақымбай** /шыдамсызданып/. Иә, иә. мырза ауылында ма екен. амандылық па?

**Апошка.** Жегіп барғанымда Жаролланың жаман састы. Какой трус адам өзі...

**Рақымбай.** Сәлемімді дұрыстап айттың ба. өзін. Соны айтшы, Апошка жаркыным.

**Апошка.** Жаролланың үйінде карғаның қароліндеи кәукиіл Құмар болыс та отыр екен...

**Рақымбай.** Жаркыным, жалдам айтшы /алыстан мыштық дауысы естіледі/. ананы қөрмеймісін... Құданың құдіреті...

**Апошка.** Мырза-ай, сіз де корқақ па едініз... Зачем корқу. Ақ, қызыл атысады ... бірі келеді, бірі кетеді. что же...

**Рақымбай.** Жаркыным-ау, не деп тұрсын...

**Апошка.** Нешеуа, біз женеміз.

**Рақымбай.** Жену үшін бір жағадан бас, бір жененен кол, бір ауыздан сөз шығаруымыз керек. Сол үшін кешегі жақсы атанаң баласы деп ауылға сені аттандырмадым ба.

**Апошка.** Мырза, саспаңы! /қалтасынан хат алып береді/ Міне болыстардың письмосы, айтқан уақытта жетеміз деді.

**Рақымбай.** Е, бәсе, міне бәрекелді!

**Апошка.** Актардың Семпілатттан келіп, қызығдарды қырып жатканың айтканымда, шорт возми, Жаролла жаман куанды...

**Рақымбай.** Енді кайтсін, байғұс-ау...

**Апошка.** Конешно, қарасақал болып аксарабас айтып. ауылына кісі шаптырды. Вот, міне, мырза..

**Рақымбай.** Міне, бәрекелді. жаркыным. Алла онғарып, ертең дүние-мұлкіміз өз қолымызға тиіп, мына пәлелерден күтылсақ, айтканым, айтқан, өзінді дәбернүй етіп алам. Тек арағың мен картанды қойсан, әлі-ақ байпатшаның өзі болып шыға келесін.

**Апошка.** Сіз қызықсыз, мырза, өмірдің өзі картаның ойыны сияқты емес пе! Мені аман сақтап қатған арақ пен картага мен көн-көп спасибо айтам, мырза.

**Рақымбай.** Шырағым-ай, сол құрғылардан тапқан пайдан жоқ еді ғой.

**Апошка.** Жо... жо... как же, что ты, мырза. Ақгардың қол-шокпары болған деп. қызылдарға бір дурашоктар шағыстырып түрмеге көкеті гүрганымда. Керала байғұс “бұл каргожник, пианшік” деп босаттырып жіберді емес пе. Вот мырза, ала өгіздің терісі мен акмағамбет Апошка осылай помогайт еткен.

**Рақымбай.** Құдай сактаған шығар шырағым, акырынайтыры болсын.

**Апошка.** Құдай біледі деп жан бергенімде сенбесе де, пианшік, картожник дегенге сөз айта алған жок.

**Рақымбай.** Олар құдайды біле ме. Ал, қарағым енді... енді бытай болсын...

Шкафтан арақ алып жатады.

**Апошка.** /куанып/. Мырза біледі ғой.

**Рақымбай.** /аракты альна койып/. Апошка, сен енді мына таки 1 шарабынан аз ғана жұт та... әзірше қанағат ете түр. Үлкен той кейін, жарқыным, кейін.

**Апошка.** Болды, мырза, болды. Маған көп керек емес. / арақ ішіп жатады.

**Рақымбай.** Ең сенімді өзің ғанасын. Дағаны өзіңе, бір жакқа тапсырдым. /Акша береді/. Мә жарқыным, құтты колымнан ал. Мықтап салып ал. Бұл, еншалла, әзірге тырнак алдын.

**Апошка.** /акшаны алып куанып, бір түкіріп/. Құтты қолың парт болсын. Сеніңіз, мырза, сеніңіз. Көрсетерміз картожникті. Қол шыға бастаса карта ак, қызылыңа карамайды.

**Рақымбай.** Көшеге шығып, көзге шалына көрме. Қора ішінен баспалдактан байқарсын. Сауысканнан да сақ бол, жарқыным!

**Апошка.** Сауыскан, карға... сөз бе екен Апошкаға

**Рақымбай.** Қазір бәрі ана қызы 1 қырғынның ішінде. Қалада қалғандарды бірлі-жарым ғана. Сонда да сактықта корлық жок.

**Апошка.** Корлық, какой корлық, мырза. Мен түрғанда корқу-морқу, защем, зря пошом... Кеттім.

**Рақымбай.** Сүйт жарқыным, сүйт.

Апошка кетеді.

**Рақымбай.** Бұл да болса акыр заманның нышаны. Кешегі байеке, мырза еке деп жүретін құзғындар, ана бір жер дүниені құрткан әзәзіл Сабыржанның жел сөзіне желігіп, сонын сонына еріп кетті. Дәм-тұз атқырлар! Табалдырығымды аттаптайтын азғын, Апошкаға ісің түскені заманның азғаны да. Көрермін

ертең күнім гұғанда. /Терезеден қарап, үрейленін/. Алыс алысған бара ма. құдай-ау. Қызылдар қырсықтай неғып берілсін. Жаннан безгендер той, жаннан безгендер...

Апошка кіреді.

**Апошка.** Ойбай мырза, сенген ана Сарқытбекін ит құған тайыншадай сасқалақтап келіп, ірімінде ат қорага сұнғіп кетті.

**Рақымбай.** Не дейсін. Апошка-ау. Сарқытбек... Иә. иә... Кару-жаракты жеткізіп пе?

**Апошка.** Какой кару - жарак, ку басын қоярга жер таіппай, иттін үсына кіріп кете жаздады.

**Рақымбай.** Ойпырм-ай, Апошка-аи. Сарқытбек ендеше өшірсін қарасын. Сыртқы есіктен шығарып жібер құрғырды. Қактаны бекіт... жарқыным, тездет, шырағым.

Апошка кетеді.

**Рақымбай.** Я алға тағалам, жар бола көр. Мал да қайғы, жан да қайғы... Екі оттың ортасында күйдім-ау, құдайым-ай! /Ойланып/. Атаманға не айттым. Былай тартсан өгіз өлеңді. былай тартсан арба сынады. Не деймін енді... Бәсе, не деймін. Қару-жарагын жеткізе алмапты... әкеle алмапты, не деймін енді...

Айғыз кіреді.

**Рақымбай.** Астағифралла... астағифралла...

**Айғыз.** Э... бай, тілеу тілеп, аксарабасынды айтып жатырсын ба.

**Рақымбай.** Астағифралла, Айғызыбысын, жаным-ау.

**Айғыз.** Танымай тұрмысының. Кім келді үйіне? Қайда жасырдың?

**Рақымбай.** Астағифралла, астағифралла, олай деме. Айғыз, күнәға батасын. Мұндай уақытта қалжынның орны бар ма. - Айғыз-ау. Келген кісі көрсем, көзім шықсын.

**Айғыз.** Күнә дегеннің не екенін, сен біліп не едің, кеше. Бүтін бейкүнә сопы болып калдың ба. Сенің өмір бойы істеген күнәннан ат аяғын алып жүре алар ма. Басқа түскен соң баспақшыл болып, монтансуын қарашы.

Екінші бөлмеге кетеді. Апошка кетеді.

**Рақымбай.** Апошка, ана алbastы келіп, алқымдан жатыр.

**Апошка.** Айғыз ба? Срочно айдал шығайын!

**Рақымбай.** Жап аузынды, тез қактанды аш, атаман келсе, тасалата түр. Бар қарағым, бар.

**Апошка.** Саспаныз, мырза, орындаимын.

Апошка кетеді. Айғыз екінші бөлмeden шығады.

**Айғыз** /өзіне-өзі/. Осы үйге қарай кеткен сияқты той ...

**Рақымбай.** Айғыз-ау, саған не болған... қара... қарай бер. /өз-өзіне/ тәнірдің сактауы-ай.

**Айғыз.** Білем сениң өтірік бұғын жатын, кімнің тілеуін тілеп отырганыңды. Кеше актар қалға кіргенде әкен Сасықбай қайта тірілгендей болып, төбен қекке екі ел жетпей жетсін қалған шығарсын. Өшкенім жанды. Өлгөнім тірілді деп алла деп, айттың-ау ақсарбасыңды, ә жауыз!

**Рақымбай.** Айғыз-ау... Сабыр етші өзін...

**Айғыз.** Бар әне актарыңның артынан. Тұмсыққа үрған иттей болып кетіп барады. Бар, бар!

**Рақымбай.** Не айттың тұрсын, Айғыз-ау... Актарын не...

**Айғыз.** Монтансыма! Актарын не дейді... Кеше ақ патшан қан тағында отырганда не істемел едің сен жауыз. Тәж гағы талкан болған ақ патшанды қайта тірілтіп, сениң өткен дәуренінді қайта орнатам деп келген актарды бұлғеменсисің, ә. Білдірейін мен саған!

Мылтығын суырып алады.

**Рақымбай.** /үрэйленіп/. Жаным-ау, есің дұрыс па сенің. Ақытына келші, Айғыз...

**Айғыз.** Бәрі есімде. Кешегі пәберкеде бағанының орнына жағтызымыңды жіберіп, жалмағаның да есімде. Мені жесір катын деп еркегімсіп емеурегенің де есімде. /Мылтығын кезеп/ үмиттың ба?

**Рақымбай.** /Жалбарынып/. Айғыз, Айғыз... пендешілік болса, болған шығар... Құлдық, құлдық. Аяғыңа бас үрайын, кеш Айғыз, құдай үшін кеш!

**Айғыз.** Арамнан жиған малға мас, дүние коңыз. Шын еркек болсан, ер болсан, бүйтер ме едің. Осы да сениң өлгөнін. Ез күнде өледі. Жыланша аяғыңды қанша жасырғаныңмен ертең бізге деген қастығың сезілсе, бізден жақсылық құтпе!

Кетеді.

**Рақымбай.** Ун, аллам-ай, көрсетпегенің көп екен ғой. Төбене катын ойнақтаған соң көрген күнін күрысын. Тәуба, тәуба. Ойпырм-ай, мына сүмдүкты тірі пендесін білмесін. Өсім ішімде кетсін. /Есікті ішинен ғіліп/. Албастышай басты ғой әлгі катын. Шырайына қызықтым-ау осы кардың. Қол артам деп нем бар еді сорты басым. /Есін жиши/ Бәсе, атыс неге алыстан барады деймін... Басынан келіп жүр ғой әлгі жүз кара...

Есік қағылады.

**Рақымбай.** /үрэйленіп/. Кім болды екен...

Есік ашады. Атаман кіреді.

Келініз, тақсыр, жоғары шығыңыз, Метрей атаман.

**Атаман.** /кекеп/ “Жоғары шығыңыз...”, мен қонакка келгенім жок. Ұақыт жок... сөйле, мырза.

**Рақымбай.** Эйтеүір, қагын-бағаны аман апардым... эйтеүір аман орадым.

**Атаман.** Сіз мырза, көзір катын-бағаны естен шығарының! Мен олардың амандығын сұрап тұрғаным жок. Көрмеймісін не болып жатқанын!

**Рақымбай.** Көріп отырмын, атаман. Бір сенгенім Сарқытбек еді, ол да бас сауғалап кашты... Аман кетті әйтеүір... Катынға дейін басынып төбеме әңгір таяқ ойнатты.

**Атаман.** Әңгір таяктық әкесін осы жолы қызылдар женсе көрерсің... Ұрыс қаланың сыртында жүріп жатыр, әлі де кеш емес. Отанға, маған берілген қазактар дайын отыр. Тылдан внезапно жасаған шабуыл – казір бар тағдырды шешетін сол. Кару-жарақ жеткізудін орнына, өз басын сауғалаған коян жүрек, корқақ Сарқытбекін жалғыз оғымның садағасы... Атабабасы барған жеріне аттандырдым.

**Рақымбай.** Астафиралла! /бетін сипайды/.

**Атаман.** Енді екінің бірі. Жаудың қанын судай ағызып женеміз. Жермен жексен етеміз. Болмаса бізге өмір жок. жағаласып өлеміз. Так, өз міндетіне алған екі пулемет, винтовкалар оқ-дәрісімен айткан жерге түгел жеткізіледі ғой, мырза?

**Рақымбай.** Таксыр ...

**Атаман.** Ия, немене?

**Рақымбай.** Fafu етініз, таксыр. Үяттымын.

**Атаман.** Не дейді, не деп тұрсын?!

**Рақымбай.** Болыс, билерге, ел жаксыларына хабар жеткіздірттім... кару-жаракты жеткізе алмадым.

**Атаман.** /катты аштуы/. Масқара. не деп тұрсын! Құрысын сенің болыс, биң. Бір винтовкадан садаға кетсін. Корқақ коян... екі аякты коян.

**Рақымбай.** Таксыр, кешініз, кешініз! Ауылдың елең алып қалған кедейлері...

**Атаман.** /кекеп/. Кедейлері, кедейлері.

**Рақымбай.** Иә, сол кедейтер басқан ізінді андуда, кайтейін.

**Атаман.** Бүйгіп көзге көрінгенше із-тозынмен неге құрып кетпедің. Дүние коңыз. трус, ах азғын! Сендер сияқты сұмдарды атып өлтіру аз.

**Рақымбай.** /бойын жиши/. Менен не азғындық көріп едініз.

**Атаман.** Көрмей тұрмын ба?

**Рақымбай.** Кешегі күні қызылдар қаланы алғанда, сіздерден немді аяп едім. Жасырган кару-жарактарыңызды арбалап апарып ауылға тықладым ба.

**Атаман.** Тыкканыңды қайтейін. Керегінде көлға тимеген карудан не пайда. Құрттың бізді, сасық саудеген ..

**Рақымбай.** Таксыр, атаман... алжасиңыз. /сасын қалып/ астағибра ла...

**Атаман.** Ах, предатель, тілің шығайын деді ме!

**Рақымбай.** Алтам сактасын...

**Атаман.** Сен сияқты корқакты алтан да сактамайды /көлін кабурына сатып/. Қорейін алтаның сактаганын...

**Рақымбай.** Сабыр, таксыр, сабыр... /Есік қағылаңы/. Төр үйге таксыр! Төр үйге.

**Атаман.** /ызылды/. Жок! Жасырынбаймын, жау болса жастығымды ата өлем. Сенің де қаныңды ішем. Аша бер. Аянарым қалған жок.

**Атаман** мылтығын даярлап тұрады.

**Рақымбай.** /есікке барып/. Кімсіз?

Есік ашады. Атаман екінші бөлмеге кетеді. Финаш кіреді.

Финаш. Ассалаумағалейкум, Рақымбай мырза.

**Рақымбай.** /таңырқап/. Аллам-ау. Финашбысың!

Финаш. Шұламаңыз. Сақтық керек.

**Рақымбай.** Мына қып-қызың өрттін ішіне неге келдініз.

Финаш. Келтуге тұра келді.

**Рақымбай.** Атаман осында.

Финаш. Осында болғаны жақсы болды.

**Рақымбай.** /куанып екінші бөлменің есігін ашып/. Таксыр, Финаш келді.

**Атаман** шығады.

**Атаман.** Финаш!

**Финаш.** Дмитрий Иванович! Сіздер немене үйде жасырынбақ ойнап жүрсіздер. Соғыс анау...

**Амандасады.**

**Атаман.** Семейден бе? Бізді мына Рақымбай мырза жер етті. Құр қол қалдырыды.

**Финаш.** Семейден. Штабтан. Ия, ия, Дмитрий Иванович.

**Атаман.** Біз масқара болық. Барлық план бұзылды. Тұрмедегілерді босатып, тылдан бүлік шығару... жаудың желкесін кию... Эх, Рақымбай...

**Рақымбай.** Таксыр, аяғам жок. Қайтейін.

**Финаш.** Өткен іс өтті. Мәселе былай еңді. Бұл передовой отряд Сергиоподъя алуға тұра келмейтін болған соң, оларға шегінуге... Семейге қайтуға бүйрік етілді. Сіздерден ештеңе шықлады, господа...

**Атаман.** Менің қолымды байлаған міне, мына /Рақымбайды нұскап/ мырзалар.

**Рақымбай.** Олай деменіз, гақсыр...

**Атаман.** Жап аузынды ...

**Финаш.** Агаман сабыр етініз! Орынсыз ашудан пайда жок.

**Атаман.** Жок, мениң адат казактарым өлімге баруға дайын. Бүйрыймнан шықпайды.

**Финаш.** Адат казактарының аз калған, атаман. Көпшілгі Сабыржанның, большевиктердің сонынан еріп кеткен.

**Атаман.** Олар предательдер...

**Финаш.** Солай, атаман, предатель тым қебейіп кеткен. Сондыктан да большевиктер бұл жерде құшті.

**Атаман.** Құшті екенін білсендер...

**Финаш.** Сөз бәсекесін қояйық, атаман.

**Рақымбай.** Иә, іә сүйтіңіздер.

**Финаш.** Мені сіздерге аса жауапты тапсырмамен жіберді. Тез арада большевиктерге қарсы әскер шығады /Атаман, Рақымбай Финаштың сөзін ынтыға тындауда. Осы кезде есіктен ақырын кіріп Қалипа да тыңдалап тұрады/. Әскер келгенше қызыңдар әскерін ыдырату керек. Ол үшін алдымен Сабыржан сияқты аса қауіпті большевик, қызыл комиссардың көзін жою... басты міндет осы, тапсырма осытай. Олардың ішінде сенімді адам бар фой, господин атаман.

**Атаман.** Ең сенімді, ең тәжірибелі офицеріміз орталарында жүр. Біз тылдан бұлік бастағанда ол да іске кіріспек еді... не керек...

**Рақымбай.** Әлгі... кім фой...

**Атаман.** Атын атаманыз!

**Финаш.** Дұрыс айтады, атаман.

**Рақымбай** Қалипаны байқап қалады.

**Рақымбай** /Қалипа/. Мен саған кісі барда үйге кірме дегенім қаида.

**Атаман,** Финаш жалт қарап, теріс айналады.

**Қалипа.** Ас дайын болды. Езітіп кетеді фой.

**Рақымбай.** Бар, бар! Ас үйде бол! Өзім айтам.

Қалипа кетеді.

**Атаман.** /Рақымбайға/. Бұл қай қатын?

**Рақымбай.** От басы, ошак бұтының адамы емес пе, тәйірі.

**Атаман.** Сактық керек. Біз осы үйден кеткенше үйден шығармаңыз ол қатынды.

**Финаш.** Ия, ия. Есікте жүрген адамға сенбеніз. бай.

**Рақымбай.** Ешқайда да шықпайды. Сыртта бакытап отырган сенімді адам бар.

**Атаман.** /Финашқа/. Е... большевиктермен тағы жасырынбақ ойнайтын болық де... Бұқпантайладап көрген күнің күрсын.

**Финаш.** Ақыл, айта, тәсіл керек, атаман. Бұл азамат соғысы ғой, Дмитрий Иванович. Бұл үйде көп отыруға болмайды. Байланысты Рақымбай мұрза арқылы жасармыз.

Есік қағылады. Даңдан дауыс: "Кашты, кашты!"

**Рақымбай.** Не дейді, не дейді...

Есік ашады. Апошка кіреді.

**Атаман.** Не айғай?

**Финаш.** Бұл кім?

**Апошка.** Атцияр атаман, ойбай господин... Сабыржандар поштабай конторға келді... Ана кагын үкідегі үшіш барады. Прямо бежит.

**Атаман.** Кім? Кім?

**Финаш.** Кім дейсін?

**Рақымбай.** Қай катын?

**Апошка.** /терезені нұскан/. Эне, эне Қалипа, прямо поштага қарай айдаш барады...

**Рақымбай.** /терезеге барып/. Ойбай, күршыңқ, Ұшып барады ана қарабет... Сені не құдай атты, Апошка-ау... ұмтыл, тоқтат!

**Апошка.** Байқамай қалдым, бай. Қазір жалпасынан түсірейін.

Апошка шыға төнеледі.

**Атаман.** Айттым ғой... Осы ма еді сенімді кісің?! /Рақымбайға/ Эне саған ошак бұты, от басы. Ойран өз отынның басынан шықты ма.

**Финаш.** Ісің онбайын десе, онбағанға тап боласың...

Дала да мылтық атылады.

**Рақымбай** /терезе алдында/. Қалипа құлады... Катын өлді... я алла, я алла... Апошка атты.

Бәрі терезеден қарайды.

**Финаш.** Осы үйді табады олар. Бірақ, катын өлсе құпия сыр ашытмайды. Ал, енді із жасыру керек...

**Атаман.** Ол катын өлсе сыр ашылmas. Бірақ өзімізді өзіміз үстап бердік...

**Рақымбай.** Ойбай-ау, өлген катынға караи қаптаң келеді. Эне Айғыз...

**Атаман.** Ат үстіндегілер кім... Комиссар...

**Финаш.** Сабыржан...

**Атаман.** Мен біреудің отынның басында өле атмаймын. Өлсем атысып өлем. /мылтығын даярлап/. Аузына берік бол, бай! Кеттім.

Атаман кетеді. Рақымбай катты үрэйленіп төр үйіне бір кіріп, бір шығып, әбігер болып құдайға сиынып жүрелі. Финаш тұнжыраган, ауыр ойға батқан күйде.

**Рақымбай.** Финаш бәйбатша, бір жерге барып бас сауғаланыз. Тапсырдым алғаға... сақтар құдайым.

**Финаш.** Саспаңыз...

**Рақымбай.** Қалтай саспайын, құдай састырып түрғанда...

**Финаш.** /жауап бермей өз-өзіне/. Сабыржанды осы арадан күтіп... бір жолата... /ойтаны/. Жоқ... айла. тәсітмен арбасу керек. Жаңды да корғау... жауды да жену... /Рақымбайға/ Сіз ана үйінізде ауырған болып жата беріңіз. Мынаны жасырыныз.

**Мылтығын** береді.

**Рақымбай.** Тілеуінізді берсін... сүйгініз. Тапсырдым алғаға, сүйтініз, сүйгініз.

**Рақымбай** екінші бөлмеге кегеді. Финаш есікген шыға берігенде қолында маузер Сабыржан карсы кездеседі. Қасында Шалтай. Финаш кейін шегінеді.

**Сабыржан.** Сіз де мұнда екенсіз гой. Финаш бәйбатша!

**Финаш.** Сабыржан, мен мұнда өзім келдім... Әдейі келдім. Сенімен сөйлесуге келдім.

**Сабыржан.** Өзің келгенінді. кім жібергенін, неге келгенінді мен жақсы түсінem. Көтер қолынды!

**Финаш** қолын көтереді.

**Шалтай.** Макұл, жолдас комиссар.

**Шалтай** Финашты тінтелі. Шалтай еш нәрсе таба алмай. ан-таң болады.

**Сабыржан.** Жасырынып келген жау тіс, тырнағын көрсетпей, зұлымдық айласын асырып, қанысын андайды. Бірақ, халыққа қастық ойтаған – халық қаһарына тап болады.

**Финаш.** Мен халыққа кас емеспін, миллатқа жау емеспін. Миллатым үшін жаным пида болсын деп жүрген адаммын. Сен мені жақсы білесің. Сабыржан.

**Шалтай** екінші бөлмеге кетеді.

**Сабыржан.** Мен сені жақсы білем. Сен кешегі Финаш байды тағайындаған, ал патшаның офицерісін, тәж-тағы талқан болған патшаның қайта тірілтіп, халық басына қара түнекті қайта төндіруге жан тәнінді салып. алас үроп жүрген революцияның жауысын, яғни халықтың қас дүшпанысын. Ия, Финаш мырза, мен сені жақсы білем...

**Шалтай** төрігі бөлмеден Рақымбайды алып шығады.

**Шалтай.** Жолдас комиссар, байды қырсық шалыш, сырқаттанып қалыпты.

**Сабыржан.** Солай ма? Революция дауылы бұлардың денсаулығына жайсыз тиетін болар.

**Рақымбай.** Сабыржан мырза, /сасып қалып/

астағифирады... Сабыржан қарағым, тырнактай кінәм жок... /Финашты нұскан/ Мына кісілер өздері келді, құданың құдіреті.

**Шалтай** /кекен/. Құданың құдіреті-ай десенші.

**Сабыржан.** Әбден білем, Ракымбай мырза. Бәрі бірін-бірі ұттып табады. /Финашка/. Сенің ҳалқым, миңләтім, ұттым дейтінің /Ракымбайларды нұскан/ осындар ғой.

**Финаш.** Faфу етініз, мен миңләт мәселесін кенірек түсінемін...

**Сабыржан.** Ия, кенірек түсінесің Барлық байларды. көпестерді, капиталистерді миңләтім дең түсінесің. Со лардың үстемдігін көксейсің. Соңыктан да бүйін Колчактың итарышысына айналып, революцияны тұншықтыру үшін әрекет жасап жүрсін...

**Финаш.** Менін Колчакиен ешқандай байланысым жок...

**Сабыржан.** Мүмкін. Колчактан қашып, большевиктерге косынғалы келген шығарсың... /кенеттен/. Эйел ататын мерген кім? Кім атты Қалипаны?"

**Ракымбай** /сасқалактаң/. Қалипаны ма... Қалипаны... / бойын жиып алып/ Қарағым-ау, есі бар адам катын атушы ма еді...

**Сабыржан.** Сендер сиякты ардан безгендер атады.

**Кирилл** кіреді.

**Кирилл.** Жолдас комиссар, атаман Леберварт ауыр жараптанды, қолға түсті. Бізден бір солдат шығын болды.

**Сабыржан.** Атаманды лазаретке салындар, мықты құзет койындар!

**Кирилл.** Жақсы, жолдас комиссар.

**Сабыржан.** /Шалтайға/. Апарындар мыналады!

Шалтай Финаш пен Ракымбайды әкетеді.

**Кирилл.** Сіздің бүйрығыңыз бойынша штабты лазаретке босаттырдык.

**Сабыржан.** Жақсы. Штаб осы үйде болады. Финаш актар штабының арнаулы тапсырмасымен келген адам. Ол алақтың сырын ашу оп-опай емес. Өзін жеке ұстандар. сак болындар.

**Кирилл.** Үқтый, жолдас комиссар.

Честь беріп шығып кетеді.

**Сабыржан.** Зор майдан әлі алда.

## Шымышылдық

## ЕКІНШІ КАРТИНА

Сергиополь. Телеграф. Аппаратта Лиза. Перде ашылғанда Лиза телеграмма қабылдан отыр. Шаршаған.

Лиза. Эх, бұл қантөгіс қашан тылар екен десенші... Телеграмма ылғи бір сүйк хабар әкеп жатыр. Қоқтем келді ме деп ек. Сибирьден сакылғаған сары аяздың ызғары келе бастады ғой тағы. /Ойланып катып/ Кирилл... Кирилл кетейік дейді. Жас өмір. бақытка құштар бала қөніл алыска, аспан көкке талпынады. Құлаш ұрады. Құтшынады. Жалынды жас жүрек жар іздейді. Бірак, ыстық сезімге қарсы түсі сүйк зұлымдық бар, адап махаббатқа қарсы қара жүрек. қастық, мылқау тағдыр, аяу-ашуы жок жауыздық бар. Атылған оқ тоқталмай, төгілген қан тылтамай жас жаның табар ма сая өмірден. Әділдік жеңіп, жауыздық жер мен жексен болғанда, бақыт күні туғанда аңсаған арманға кол жетіп, еркін өмірде алаңсыз қонітмен табысқан махаббат... Үміт зор, тілек сол. / ойланып/ Сабыржан өмірін не үшін сарп етіп жүр. Ия... Не деуші еді Сабыржан.

/Сабыржанның өлеңін айтады/

Сен қаһарман, сен қаһарман,  
Сен халықтың ұлысың.  
Сок затымды, сок затымды,  
Құлдық, құндік құрысын.  
Шық майданға, ал тізгінді,  
Жауыздардың колынан.  
Жене алмайды ешкім бізді,  
Тайма Ленин жолынан...

Сабыржан, Кирилл келеді.

Сабыржан. Міне, біздің жауынгер қызымыз.

Лиза. Сәлеметсіз бе, жоллас комиссар!

Сабыржан. Бәрекелді, Сабыржан аға қайда.

Лиза. Бізге сізді бұдан быттай комиссар деп айтындар деді.

Сабыржан. Кім? /Кириллге қарап/ Сендер-ау Кирилл?

Кирилл. Иә, біз жоллас комиссар. Ал, бұл сиякты қыздарды қалай жауынгер дейміз, жоллас комиссар?

**Сабыржан.** Наңыз жауынгер осындар. Бірақ, Лиза, сен мені бұрынғыша Сабыржан аға деи бер. Со да іайткан ұнасымды болады.

**Лиза.** Жақсы онда, рахмет Сабыржан аға.

**Сабыржан.** Телеграф. байланыс біздің соғып түрган қан тамырымыз. Ендеше Лизаның революция үшін аткарып отырған қызметі қай жауынгерден кем. Қан майданда окка үшіп, қансырап жаткан қасындан табытып, басынды сүйен, аузына су тамызагын, сені қызыпштай қорғап, ег бауыры елжірейтін кім? Міне, мына Лизалар. Міне, жолдас Лигвинов. бұлар бүтін жауынгерлер. Ертең ел тізгінін еркін қолына алған күнде. Лизалар инженер, ғалым, дәрігер болтуына мен көміл сенемін. Әзірше сендердің жұмыстарың да көбейіп түр, ауырладап түр...

**Лиза.** Сабыржан аға, біз бәріне де шыдаймыз.

**Сабыржан.** Рахмет, Лиза.

**Лиза.** Fafu етініз. Сабыржан аға, міне телеграмма. Осы жаңағана қабылдадым.

**Сабыржан.** /окиды/ "... Қазақ өлкесінде жұмысшы, шаруа Қызыл Армиясын қуру жөнінде осы жыты январь айындағы Ленин қол қойған декретті және 1918 жыты 28 майдағы декретті жүзеге асыруға шұғыл кірісініз. Большевиктік сәлеммен Жетісу облысының әскер қолбасшысы Емелев".

**Кирилл.** Біз қан майданын ортасында журміз. Жоғарыда отырып үсті-үстіне бүйрек бере беру онай-ау. жолдас комиссар.

**Сабыржан.** Қате айтасың. Бұл бүйрек қана емес, партияның бысшылығы деп түсін.

**Кирилл.** Fafu етініз, жолдас комиссар.

**Сабыржан.** Лиза, командующего войсками Семиреченской области Лука Потапыч Емелевті шақыршы.

Телеграф лентасын Сабыржан оқып жатады. Литвинов сырттан бағып қараған түрады. Атматыға Сабыржанның сөзі беріліп жатады.

**Сабыржан.** Рахмет, Лука Потапыч. Мен Атматыдан мұнда келгелі, мұндағы жолдастармен ауылдық Советтер сайлауын еткізу, жер-су комитеттерін қуру ісіне кіріскең едік точка. Ол жұмыстар аяқталмай тоқтап қалды точка 1918 жылы он бірінші июня күні жау Семей қаласын басып алған хабарды ала сала отряд қуруға шұғыл кірістік точка Совдеп пен уездік РКП/б/ комитеттің шақыруын енбекші бұқара мақұл алды точка Он тоғызыншы июня күні менің ұсынысым бойынша Совдеп пен РКП/б/ комитетті уақытша военревком құрды точка

Үздегі саяси һәм соғыс ісінің билігін гүгелдей военревкомға беріліп тұнқа. Жаудын айынғы отрядымен екі күн қатты үрыс болды точка Жау қашты точка Ішімізден бұлға шығармак болған бұрынғы атаман бастаған жасырын үйымы әшкерленді точка Арнаулы тапсырмамен келген по.иковник Финаш Гаисин колға түсті точка Жаудын негізгі күшіне карсы соғыска әзірлік жасаудамыз точка Қасық қанымыз қалғанша қуреске әзірміз точка Коммунистік салеммен Сабыржан Фаббасов.

Лиза Емелевтің телеграммасын кабылдайды. Сабыржан оқып тұрады.

**Сабыржан.** Монголияның отряды Уржарға аттанды. Таңкенттен шықкан әскер Жаркент уезіне келе жатыр. Менің бүйірім бойынша сіздерге көмекке Верный гарнизонынан арнаулы отряд жіберілі. Сергиоильға гез жетпек. Алдынан кісі жіберініз. Жетісу облысының әскер қолбасшысы Емелев.

**Кирилл.** Келегін канша адам екен? Артиллерия бар ма екен? Мәселе сондағой, жолдағы комиссар.

**Сабыржан.** Мәселе онда емес. Мәселе үйымшыстықта, мәселе санда емес, санада. Партия – тоитың алғынғы катарлы авангарды, авангардтың күші онын санынан әлде неше жұз есе зор. Жұз адам үйымдастырылғанда онын күші мын адамнан артық. - дейді Владимир Ильич.

Аскат Жетекеев келеді. Сабыржанға честь беріп:

**Жетекеев.** Жолдағы комиссар. әзірше есеп бойынша: акгардан үрыста өлтірдің саны 62 адам. Олардың ішінде Иосиф Власов, прaporщик Василий Понов, Яков Жуков сияқты офицерлері бар. Жараптыар – 15, ауыр жараптыар – 8, олардың ішінде офицері төргеу...

**Сабыржан.** Лазаретке орналастырылдар, жараңып колға түскендер жәбірленбесін. Емдесін. Дәрігерге тапсырыныз.

**Жетекеев.** Макұл, жолдағы комиссар.

**Сабыржан.** Бізге Верныйдан көмекке арнаулы оғряд келе жатыр. Алдынан қарсы атуға кісі жіберініз. Бүтін Шынғожа бекетіне жетсін. Соғарада тоссын.

**Жетекеев** /куаныш/. Өте жақсы! Қазір қолма-қол аттандырам. Рұқсат етініз.

**Сабыржан.** Рұқсат.

Жетекеев честь беріп, шығып кетеді.

**Сабыржан.** Жолдағы Литвинов, кан майданда қарсы кездескен жаудан, ішімізде жасырының жүрген дүшпан қауіптерек. Патрульдерді күшету керек, карауылды ең сенімді жауынгерлерден кою қажет. Телеграфка, кару-жарак

коимасына, тұрғын сеніңді сакшылар койылын. Осы жұмысты өз миндетіне ал өзін бақыла.

**Кирилл.** Дұрыс айтасыз. жоңлас комиссар. Рұқсат етніз.  
**Сабыржан.** Рұқсаг.

**Кирилл** честь беріп, шығын кетеді.

**Лиза.** Сабыржан аға, осы менін папам марқум: үлкен өзгеріс болады, жаңарған, жаңарған заманның бақытты үрнектары сендер боласындар... Токтай тұр қызым, келешекте, қызықты өмір де сендердікі деуші еді. Сіз менін напамды жақсы білесіз ғой...

**Сабыржан.** Ризамын саған. Лиза. Халықтың келешеңіне сенің, келешек заманда арман ешті айтқан әкенін қызың сезін көніндеге сактапсың. Мен сенің әкеніді, Илья Захаровичті ес білгеннен бері білем. Ол кісі менің ұстазым. Тұнғыш рег менің орыша сауагымды ашқан. ал кейін есейін ер жегкенде орыс халықын, орыс мәдениетін дұрыс түсінуге жөн сілтеген Илья Захарович еді. Ол көз алдымында болып жатқан сүмдүк әділетсіздікті, казак рұбасыларымен патша әкімдерінің енбекші қазак кауымын корлап, езіп, жаншип отырғанына күйнгенде орыстың кеменгер жазушыларының, революцияшыл-бұқарашыл қайрагкерлерінің сөзін үнемі айтып отырушы еді. Элі есімде. Патша үкіметінен қорлық, зорлық көріп отырған орыс шаруатарының, бұратана атанған халықтарының халін бізге әнгіме еткенде, Илья Захарович, Белинскийдің Гогольге жазған хатын жатқа айтатын еді. Белинскийдің сөзін аитып отырып басын шайқап: "Әй, Сабыржан, бұл сүмдүк патша үкіметі құрымай жонылмас" - деуші еді, Илья Захарович. Біздің Ленин жолын дұрыс түсініп, большевиктер партиясының катарына келуімзеге, революцияның соудаты болуымызға Илья Захаровичтің берген тәлім-тәрбиесінің мәні зор. Лиза, Илья Захарович қазір гірі болса өзі де большевиктер катарында болар еді... /Лизаны арқасынан қағып/. Міне енді папан арман еткен бақытты өмір үшін өзін күресіп жатырсын. Солай Лиза, мен өзімді сенің әкене борышты аламмын деп санаймын.

**Лиза.** Раҳмет. Сабыржан аға, раҳмет сізге!

**Сабыржан.** Лиза, сенің қызметің ауыр екенін білем. Саған көмекші табу онай болмай тұр. Әзірше ауырталықты қөтере тұруға, төзе тұруға тұра келеді.

**Лиза.** Сабыржан аға, мені қажиды екен деп ойламаныз. Бәрін де гүсінемін, кандай киыншылық болса да шыдаймын.

**Сабыржан.** Жақсы Лиза, аса күния хабар келсе. алдымен менің өзіміне айтуды есіне сакта.

**Сабыржын.** /ойланып тұрып/. Лиза. мен саған, көмекшіге Сamatтың жиберем. Ол саған жақсы жәрдемші болады. Карсы емессин бе?

**Лиза.** Сamatқа кім карсы болушы еди. Сабыржан аға.

**Сабыржан.** Жақсы ендеше.

**Сабыржан** кетеді.

**Лиза.** Қөнілі әк. жүргегі таза. жүзі жаркын... қандай кайырымын жан!

Лиза кітап оқып отырып қалғылы. азлан соң үйыктап кетеді. Кирилл келеді. Есік аттыңдағы сакшыға бүйрүк береді.

**Кирилл** /солдатка/. Сен ана окоң қазуға бар! Дені сау адамдардың бәрі де корғаныс шебін әзірлеуге барсын деген бүйрүк бар. Мұндағы күзетте женіл жараланған солдаттар тұрады. Бар тез!

Солдат честь беріп, кетеді.

**Кирилл.** Эх, Лиза... Орыстың аяулы аруы. Тобырға еріп, адаскан ару. Сен байғұс не білесің... Ұлы Россия империясы не боп баrasын... /кенеттен өзгеріп/ Енді кешігүте болмайды. Атаман жауына жағбарынбай. жалғыз ауыз жауап қатпай каза тапты. Финашты құтқарып келіп түрмени... Ракымбай пасық жаны үшін бәрімізді сатады. Сырды ашады. Тапсырма орындалған жок. Әрбір сағат, әрбір минут санауды. Комиссар... комиссар... Фаббасов! /Лизаға қарап/ Сенің махаббатың байлайды ғой қолымды... әйтілесе алде кашан Фаббасовты... Эх. /Аз ойланып/. Ашам сырымды... мени шын сүйсен түсінерсін. Жок алде сен де бір шіріген жұмыртқа болармысын... Онда...

Лиза шошып оянады.

**Лиза.** Ах, Кирилл сен екенсің ғой. Қалай үйыктап кеткенмін.

**Кирилл.** Шаршағансын, қажығансын, Лиза.

**Лиза.** Рас, Кирилл, шаршадым, катты шаршадым. Бірак, қажығаным жок. Қажымаймын, шыдаймын. Мені жасиды екен дең ойлама, Кирилл.

**Кирилл.** Лиза мені ойландыратын да, тоғандыратын да екеуіміздің ертенгі өміріміз, келешек тағдырымыз. Ертен бакытты өмір сүретінімізге көзім жетсе – бүтінгі көрген киыншылтық адамды қажыта да алмайды, жасыта да алмайды. Рас, айғасын, Лиза, адамның махаббат сезіміне салқын ақыл ие бола алмақ емес. Екеуіміз біреудің акылымен, кенесімен табысқан жоқтыз. Шын адал жүреклен сүйіспіл, алдағы өмірді бірге өткіземіз деп сеніскең жандармыз. Екеуіміздің бір-бірімізден жасыратын сырымыз жок деп білем, Лиза.

**Лиза.** Кирилл, мен бар шынымды айтгым емес пе. Менде басқа қандай сыр болушы ед. Мен айткан сөзімде тұра алам, Кирилл. Бәріне де өмірдің өзі сыншы емес пе. Ертең өмір көрсетер... әлде мен туралы қөңліне...

**Кирилл** /сөзін аяктатпай/. Жо... жоқ. Лиза, менін сенен өзге сенерім де, досым да жоқ. Бәрін де ерген өмір көрсетегер дейсің. Ол да дұрыс. Бірақ, ертенгі өмірдің кімге не көрсететінін де ойлауымыз керек. Өмірдің талай тарам жолдары бар. Дұрыс жолына түссен - өмір туған анаңдай болмак. Ал, аласын барып, бұрыс жолына түссен - өмір саған өгей анадай болады, бақытсыз боласын.

**Лиза** /ойланып/. Иә, өмірдің дұрыс жолын таба алмасаң бақытсыз болғанын... А1, біз осы не үшін соғысып жатырмыз. Ертегі бақытты өмір үшін емес пе?

**Кирилл** /ойланыңқырап қалып/. Эрине... ия...

**Лиза.** Ендеше біз өмірдің дұрыс жолында емеспіз бе, Кирилл?

**Кирилл.** Қазір, әрине, бәрі де дұрыс... дұрыс сияқты... Бірақ, адам адасқанда бәрінде дұрыс деп жүріп адасады екен.

**Лиза.** /таңырқап/. Кирилл, сенде бір кейіс бар ғой. Комиссар бірдене деді ме? Бір нәрседен категестің бе әлде?

**Кирилл.** Кателесіппін. Лиза...

**Лиза.** /түсінбей/. Кателесіппін... Сонша ауыр қытмис на? Әйтпесе, комиссар, Сабыржан ағай кешірер. Кирилл.

**Кирилл.** Мениң қатемді түзей комиссардың қолынан келмейді, Лиза.

**Лиза.** Қойши, Кирилл. Комиссардың қолынан бәрі де келеді... Сабыржан ағай менің папамнан сабак оқығанын айтып, папам марқұмды есіне алып: "Мен сенің әкене қарыздармын, сен тұған қарындастымдай көрем, Лиза". - деді емес пе маған... Қателесесің несі бар. Адам кателеседі. Қателескеніңді өзін де мойындан тұрсын. Сабыржан кешіреді, Кирилл. Сабыржан ағайға мен де айта алам. Кирилл.

**Кирилл.** Біздің адасуымыздың өзі де осындай ақ қөніт, сенгіштігімізден-ау. Лиза. Сен түсінбей тұрсың... Эх, Лиза, Лиза.

**Лиза** /таңырқап/. Сен не аитын тұрсын, Кирилл. Рас түсінгенім жоқ.

**Кирилл.** Лиза, мен кателесіп Сабыржан комиссардың алдында кінәлі болсам, ол маған әлде қайда жөні болар еді. Тіпті елең, ескеріп қатты қынжылмас та едім...

**Лиза.** Иә!

**Кирилл.** Мен орыс халқының алдында, Отанымның

аңында. Ұлы Россияның аңында қытмыстымын. Лиза. Аласығын, кате:есінін. Әділет үшін күресіп жүрміз бе десем. жаңылыптын. Ак қараны аиырмай жазықсыз жандарға оқатып, жендең болышын...

Лиза /үрейленіп/. Не дейсін, Кирилл...

Кирилл. Солай. Лиза. Кателескеніме әбден көзім жетін, көңілім сеніп шын сырымды саған айтып тұрмын. Сенен басқа кімім бар мениң. Аласқымды айтып, аңына бас үрсам. ауыр қытмысымды касық қаныммен жууға ант етемін, кешіреп мә Отаным!

Лиза. Кирилл, ақылын орнында ма сенін! Әлде...

Кирилл. Әзір ақылымнан аласқам жок. Лиза. Бірақ, енді будан быттай шыңдар халым қалған жок. Қан төгіп келіп тұрмын.

Лиза /шошинын/. Не дейді...

Кирилл. Жаңа ғана Финашты атқызық...

Лиза. Финашқа жаның ауыра ма? Жаудын жіберген жансызы, патшаның офицері, революцияның жауы.

Кирилл. Онын бәрі Сабыржанның сөзі. Лиза, сен қазір түсінбей тұрсын. Менін көзім әбден жетті. Сабыржан революция үшін күресіп жүрген жок. Революционер атын жамыстып, надан елді аңап, тобырды соңынан еріп, көзі ашық азаматтарды, офицерлерді күртүп жатыр. Ол бізді де уақытша ғана пайдаланып жүр. Маған да, саған да сенбейді. Інісін сенін касынца неге жіберіп отыр. Ертең Россияның тағдыры шешіледі. Сабыржанның күні санаулы. Революцияны шын корғаушылар ертең келеді. Уақыт жок. Мен болым. Лиза. Мені өмірлік досым десен кетейік. Менін сөзімнің шынығына ертең көзін жетеді. Кетейік!

Лиза. Мынау сөзің революция соғшатының сөзі емес. Келе жатқан жаудан зәресі кеткен корқактың сөзі. болмаса өзінен-өзі үрейленген қытмысты адамның сөзі. Сабыржанды революционер емес деуге кайтып аузың барады. Кирилл сенің. Мен сені халық үшін күресіп жүрген ер той деп силаушы едім. Жолымыз, мақсатымыз бір дос адамдармыз деуші ем. Жасырмаймын, сүйтетін едім сені...

Кирилл /абыржып/. Лиза, Лиза...

Лиза. Сен шын адал азамат болсан, Сабыржанның інісінің кисықтығына көзің жетсе елдің алдында, солдаттардың аңында неге айтпайсын, болмаса өзіне айттуға неге аузын бармайды! Революцияны шын корғаушылар легенің кімдер ол. Мен саған кім деп ермекпін... Кирилл, мен көңіліме келген сөзді жасыра алмаймын, сен маған қазір жақын дос емес, түсі сүк жат сиякты көрініп тұрсын ...

**Кирилл.** Лиза, мен сенін сөзінді кек көрмеимін. Мениң саған деген махаббатымды, шын жүргімді білсен егті. Сенің осында тұра айтатын адалдығыңды ардактаймын. Бірак, сен шошак ойдан, асығыс сейлем тұрсын. Сабыржанға деген сенімін ...

**Осы кезде Шляпин кіріп келеді.**

**Шляпин.** /Кириллға/. Мен сізді іздең келдім жолдас Литвинов.

**Кирилл.** /зекіріп/. Күзетті тастап кегүте қандай какын бар.

**Шляпин.** Сіз маған қашып кеткен адамның бос орнын күзеттіріп кетіпсіз.

**Кирилл.** Не деп тұр мына сайтан!

**Шляпин.** Мен сайтан емес, қашып кеткен Финаш сайтан, жауды кім қашырып жіберсе – со да сайтан.

**Кирилл.** Қашырған сен. Сен предатель.

**Шляпин.** Жоқ, мен предатель емесмін...

**Кирилл.** Өшір үнінді!

**Лиза.** Кирилл, сен жана Финашты...

**Кирилл.** /сөзін бөліп/. Арасласта, Лиза.

**Лиза.** /Кириллге/. Финаш атылды дегенін кайда...

**Кирилл.** Лиза, сенің жұмысын емес.

**Шляпин.** Бұл сұмдық.... Э... солай ма... Кеттім мен комиссара.

Кете береді.

**Кирилл.** Токта! Сен арестован.

**Шляпин.** Мені Фаббасовтың ашында арестовать ет.

Кете береді.

**Кирилл.** Токта!

Кирилл мылтығын сұрыпты атып. Шляпинді ата бергенде Лиза: тарт колыңды, - деп Кириллдің мылтық ұстаган колына жармасады. Мылтық жоғары атылып кетеді. Кириллдің мылтығына жармасып жүрген Лизаға көмекке Шляпин үмтүләді. Шляпин Кириллдің мылтығын тартып алады. Терезе сыртынан аңдып жүрген Аношка көрінеді.

**Шляпин.** Сен арестован, офицер Литвинов! Жасырып жүрген улы азынды көрсегің бе!

**Кирилл.** Токтай тұр, бассыз... көресің әлі...

**Шляпин.** Көрерміз. Көрдік қой. Лиза, бұл жау. Жасырынған дүшпан, көзім жетті енді.

**Лиза.** Солай болды ма! Финаш атылды дегенін қайда?

**Кирилл.** Асықпа, Лиза, артын ойла!

**Лиза.** Ойланатыным калған жок!

**Шляпин.** Бар. Лиза, комиссарға хабарла! Финаш қашкан.  
Кашырған мынау ..

**Кирилл.** Комиссармен өзім сөйлесем.

**Шляпин.** Сейлестіреміз, асыкпа. Бар, Лиза!

Лиза кете береді.

**Кирилл.** Лиза!

**Лиза.** Жок!

Лиза есіктен шыға сала қауіп-қатерсіз тұрған Шляпинді терезеден Апошка атып жібереді. Шляпин құтаиды. Лиза мыңтық дауысын естіп кайта кіреді. Өліп жатқан Антонды көреді.

**Лиза /Кириллге/.** Ах, жауыз! Шын жауыз екенсің ғой.  
Аnton! Антон!

**Кирилл.** Лиза! Менен басқа дос таба алмайсың. Лиза.

**Лиза.** Тарғ, жауыз!

Кете береді.

**Кирилл.** Лиза! Лиза!

Лиза кайырымай жөнеле бергенде Кирилл атып жібереді.  
Лиза есік алдына құйайды.

**Кирилл.** Бітгі! Бәрі бітті енді! Кеш, Лиза, кеш! Бізді айырған махаббат емес — мақсат. Сенің алассан сананды, адал махаббат женер деуші ем. Болмады. Құнәнді құдай кешірсін. Енді мұнда орын жок. Ендігі кезек Фаббасов. Соның канын шашу. Қашу.

Кирилл ойланып тұрып, телеграмма жазылған лентаны алады. Терезеден Апошка басын сұғады.

**Апошка.** Керала, Керала!

**Кирилл.** Апошка!

**Апошка.** Келе жатыр. Фаббасов. Зығ, зыт!

**Кирилл.** Іздегенім сол. Жалғыз ба?

**Апошка.** Самат. Самат Фаббасов. Жалғыз. Зыт енді!!

**Кирилл.** Ендеше кеттім. Апошка, жүтір Сабыржанға! Мына екеуін Самат атты деп жар сал. Дүрліктір.

**Апошка.** Карапылды салайын бір. Кеп қалды, кеп қалды. Пригай терезеден!

Апошка кетеді. Кирилл да терезеден секіріп тусіп, терезені жауып кетеді. Самат кіріп келеді.

**Самат.** Бұл не сүмдүк... Лиза... /өліп жатқан Антонды көреді/ Антон ғой... Лиза! Лиза! Өнім бе, тусім бе... Лиза!

Лизаны құшактан жылтайды.

### **Ш ы м ы л ы к**

## ҮШІНШІ КАРТИНА

Сергиополь. Сабыржан штабы. Бұрынғы Ракымбай байдың үйі. Төрде терезе алдында жазу сголы. Диван. орындыктар. Қабырға да карга. Перде ашылғанда Сабыржан жазу жазып отырады. Сырғта музыка. Со шағтар әні естіледі. Сабыржан терезені аши: қараиды, өлеңдегі: бара жаткан солдаттар.

**Сабыржан.** Азамат соғысы... Жау жағадан, бөрі етектен... Азаматтық борышының адал ақғап, адамшыл арымды таза сактаи, халық үшін күресте құрбан болсам... Кейінгі үриақ ағысын айтпаса да, қарғысын айтпайтын болса... арман жок...

Ашулы Әлімқан кіреді.

**Әлімқан.** Уа, Сабыржан қарағым, сен Фараншаның баласы емеспін, халық баласымын деуші ен...

**Сабыржан.** Ия, Әлеке, болысгар бой бермей кетті ме?

**Әлімқан.** Жаролланы жағасынан сүйрекендей етіп алып келіп едім...

**Сабыржан.** Ия?

**Әлімқан.** Мұнда келген соң қүшейіп алды мүлде. Мен Сабыржанның алдына бармаимын, Фаббас тұқымынан танитыным Мұқаметша дейді.

**Сабыржан.** Мен оны бас бергелі шақырышын ба?

**Әлімқан.** Ағаң ара түсіп алып қалды. Жаролланың жығылған жығасын көтеріп отырған ағаң Мұқаметща. Ағайынның азары болса да, безері жок. Біз үшін тұған ағаңдан безбессін. Халықтың баласымын деуші едің деп жатканым, сол, Сабыржан.

**Сабыржан.** Мен гүйсім үшін күресіп жургенім жок. Революция жолындағы күресте кім де кім бізді жактаса – сол туыс, сол тұған. Кімде кім халық ісіне қарсы шықса, сол дүшпән, сол жау. Туарлықта тұғандық жоқ. Жароллан болысты алып келініз. Қасыңызға солдат алыныз.

**Әлімқан.** Алдыңнан өтейін дегенім той. Мұқаметшаны сыйлағаным болмаса, Жаролланың иманын айтқызбай ма, Әлімқан. Енді көрейін оны.

Кетеді.

**Сабыржан.** Аға араға түседі, ағайын аякка оралады...

**Жазуға отыраңы.** Аздан сон Шалтай кіреді.

**Шалтай.** Жолдас комиссар, мен келдім.

**Сабыржан.** /жазуын аяқтап/. Шалтай. Сенін жүгін бәрінен де ауыр болып: түр.

**Шалтай.** Жұқ ауырын нар көтереді. Нар гәуеке!: Мен дайынмын, жолдас комиссар.

**Сабыржан.** Сен тез Семейге жет. Семейге баратыныңды өзіннен басқа жан білмесін.

**Шалтай.** Ағаманыз, жан сезбейді.

**Сабыржан.** Бержакта “Заречная слободка”, орта жакта Тінібаи мешітінің гүбіндегі паромшы Олжабай тұрады.

**Шалтай.** Білем, білем...

**Сабыржан.** Семейдің бағытының со.: Олжекеңнің көлігінде. Актың әскерінің Ертістен бері өтуін бөгесін. Егер сен барғанша өтіп кетпесе өздері біледі. /Пакет беріп/. Мынау Олжабай арқылы Ерғали Нұржановка тапсырылсын. Нұржанов Семейдегі ең сенімді адам. Коммунист. Жау көліна түсіп қалмаса, жай жатпаған болар.

**Шалтай.** Алла косса, жаңымды салам фой. жолдас комиссар.

**Сабыржан.** Ең мықты атты мін. Бекет жо. ымен жүрме. Дағамен кет. Суыт жүр. Сак бол. Жолың болсын, аман-сау орал!

**Шалтай.** Айғаныңыз келсін. Көріскенше күн жақсы, жолдас комиссар... Сабыржан аға!

**Сабыржан.** Жолың болсын. Шалтай бауырым!

**Амандастын** Шалтай кетеді.

**Аздан сон ашулы** Мұқаметша кіреді.

**Мұқаметша.** Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі, дейді халық. Сенін жасын кіші болса да көп көрдін, көп жүрдің. Жиһангер соғысында болдың. Кавказ, Мәскеу. Петербор бәрін араладың. Қазан қаласының түрмесінде де отырдың. Сібірді аратап Семейге келдін. Тілегіміз он болып, аман-есен тутан жерінде жеттін...

**Сабыржан.** Сіз тіпті ұзакка кеттініз фой.

**Мұқаметша.** Ұзакқа кеппейін. Ұзак жүріп ел-жүрт. ағайыннан алшактан кеткенінді айтайын деп отырмын. Жау болса атаман жау шығар. Сасықбайдың Ракымбай мен Жаролларап не үшін күйеді. Адасса ақыл айтып, жөнге салуға болмай ма?

**Сабыржан** /орнынан турып/. Ағайын, карындастан. ел деп отырғаныңыз со.лар ма еді.

**Мұқаметша.** Анау Әлімкан Жаролланы алқымынан алып ауысынан әкеліп отыр...

**Сабыржан.** Жаролланы мен шақыргым.. сіз неге ара туғесіз.

**Мұқаметша.** Әлімканның Жаролланың жағасынан ауы маскара емес не...

**Сабыржан.** Әдекен дүрыс іс геген.

**Мұқаметша.** Сондай жауыздық бола ма екен. Ең не дейді...

**Сабыржан.** Ел не десін. Кім кас, кім дос екенін ұлттық жақсы біледі.

**Мұқаметша.** Олардың не қастығын көріп едін. Сен Қазан түрмесінде жатқанда, мені большевиктің ағасы деп жауын қоғанда Ракымбай босагтырды емес не. Жақсылықка жақсылық деген кайда.

**Сабыржан.** Жауыздықтарын да жақсылық деисіз бе. Сізді менің туысым деп тұтқынға алды әділдік емес. Біз онда ешкімге қарсы құрессен жоқтыз ғой.

**Мұқаметша.** Олай демейін. Жақсылықка жақсылық - әр адамның ісі. жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі. демей ме. Әкеміз өлгендеге сен бір-ак жаста едін. Атамыз бен атасы сыйлас Жаролланың жақсылығын ұмыта алмаймын. Әкеміздің жылын бергенде мал-дүниесін аямаған ағайын Жаролта болатын...

**Айғыз** кіреді.

**Мұқаметша.** Айғыз, сен кішкене аялдай түршы. Біздің өзара әнгімеміз бар еді.

**Айғыз.** Мұқаметша, сен немене сонша өзара деп, мені өзге дегің келе ме? Сабыржаның сен ағасы болсан, мен анасының орнына анамын деп журмін. Әлде катын деп қақтайдағын келе ме. Менен жасырын сырдарын болса кетейін.

**Сабыржан.** Айғыз ана, сізден жасыратын сыр жок. Отырыныз.

**Айғыз.** Сабыржанға серік болуға жараған Айғыз, сыр сактауға да жарайды. /Мұқаметшаға/ Сен немене менің бетімнен қағасын...

**Мұқаметша.** Айғызбен айтысын жататын жайым жок. Еңдеше мен кеттім. Кейін сойлесерміз, Сабыржан.

**Айғыз.** Мен-ақ кетейін. /Мұқаметшаға/ Адамның бетінен алаңы дейсін. Мен ашынған Айғызыбын. Ар-намысыма тиғен адамның бетінен алып, айтысуға да жараймын. Керек болса айтысуға да барамын.

**Мұқаметша.** Құдай катынмен жағаластырmasын.

**Айғыз.** Е, сүйтіп жөніне көш. Бірақ, катын дегендерінді койындаршы.

**Мұқаметша.** Катынды катын дегендеге, әке деймізбе енді!

**Сабыржан.** /сөзін бөліп/. Ашуларынызды басыныздар. Сөзіміз ағайын арасындағы әңгіме емес. Енде ортақ мәселе. Олай болса біздің әңгімеге Айғызы атап алға ортақ. /Мұқаметшаға/ Сіз Жаролла мен Ракымбайдың жаксытынын айтқының келді. Оларға арашашы болмаксыныз...

**Айғыз.** Бетім-ау, ол жауыздар жаксылық дегенді білсетін бе еді.

**Сабыржан /Мұқаметшаға/.** Эне көрдініз бе.

**Мұқаметша.** Айғыз аига береді. Ракымбайдан. Айғыз сен де аулак болмайтынсың... ел біледі гой!

**Айғыз.** Не дедін. Рас ел біледі... Еріккен бай бір кезде мені ермек етпек болған, өзінше онай олжа көрген... Сонда Айғыз Ракымбайға ермек болды демекпісін. Жок, Ракымбайды кан базарда халық алдында маскара, қарабет қылған Айғыз болатын...

**Сабыржан.** Сабыр егініздер. Қазір ондай әнгіменің уақыты емес. Халық тағдыры гарихтың таразысында түр. Қара бастың камын ойлау – халық мақсатына жат нәрсе. Осы ойтарыныңда болсын. Айғызың атап алғаның айтканы дұрыс. /Мұқаметшаға/ Сіз олардың жаксылытын көріп едім дейсін. Жеке басқа еткен жақсылықты халық ісіне айырбастауга болмайды. Революция ісі – халық ісі. Оған істеген жамандыққа ешбір жақсылық жасау жол емес. Ол ел айында кешпес күнә. Менің жеке басыма арналған жамандығын кешүте батылым баар еді. Олардың не қастығын көріп едің дейсіз. Қас қастығын көрсетіп істемейді. Гинаш пен Ракымбайды. Жаролланы ағайын деуге қайтіп аузыңыз барады. Желкемізден жасырының келіп пышаш салғалы жатканда қолға түспеді емес ие. Ел дейсіз. Ел солар маекен... Революция құресі ағайын арасының әрекет, араздығы емес. Мен бұны сізге талай айткам.

**Мұқаметша.** Ағайын адасса жолға сатуға болады. Бас салып жау деген сүмдүк емес пе.

**Сабыржан.** Жауды жау дейміз. Жау аяған жаралы. Аямаймыз аға. Революцияның әділ заны бар.

**Мұқаметша.** Ел бүлінбесін, безбесін деймін.

**Сабыржан.** Елді бұлшіреті де, қолынан келсе бездіруге әрекет жасайтын да, жаңағы езіңіз ара түсіп отырғандар. Сіз мені інім, туысым деп жаңының ашып маған ерменіз. Менің ұстаган жолтымды шын әділет жолы деп кәміл сенсеніз ғана ерініз. Мен өмірімді сол жолға бағыштағам. Ол жол – Ленин жолы. Жау әлі де өшкенін жандырып, өлгенін тірілтпекке әрекет жасайды. Бірак, өлген әкеміз Farapsha марқұмның кайта тіріліп келмейтіндігіне шұбәніз болмаса, кешегі есқі өмірдің қайта оратмайтынына солай сенініз!

**Мұқаметша.** Экем марқұмын қаруағын қозғадын ба еңді!  
**Сабыржан.** Революция бүкіл ғаламды қозғайды!

**Мұқаметша** кегеді.

**Айғыз.** Сабыржан қарағым, жөнін тауып ағаңмен табыс. О кісі де ойланар. Акы шы адам ғой. Эйтпесе өз туысын, қайда барап дейсін. Мұқаметша халыққа абыроны бар адам ғой...

**Сабыржан.** Максатымыз бір болып, бір жолдан табыса, туыс га, аға да, дос та. Болмаса әркімнін еркі білсін. Мен ағайынның айтқанына еріп, ауқымында жүре алмаймын. Алған бетімнен қайта алмаймын. Айғыз апа.

**Айғыз** кетеді. **Әлімқан** келеді.

**Сабыржан.** Жаролланы әкелдініз ғой.

**Әлімқан.** Әкелдім, әкелдім. Ол тұра тұрсын. "Жаңбыр жарғактыны ұрады" дег. ауыттың бір кедейі жылан тұр.

**Сабыржан.** Ия, неге?

**Әлімқан.** Әлі қырсығы арылмаған сорлыны кан қақсагып койыпты.

**Сабыржан.** Кім?

**Әлімқан.** Астындағы жалғыз шолағын аударып алыпты.

**Сабыржан.** Келсін, Әлеке, білейік.

**Әлімқан.** /есіктен шақырады/. Кел. жур бері, ой сорты. Женіл тулак желте үшар деп...

**Шаруа** кіреді.

**Сабыржан.** Келініз, келініз.

**Шаруа.** Қарағым, Сабыржан. мына Әлімқан айткан шығар... мен өзім мына... Найман. оның ішінде...

**Әлімқан.** /сөзін бөліп/. Сөз бүйдалап тұратын уақыт емес, ерлін құнын айтқалы тұрмысын. Жеті атаннан қозғамай-ак, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтпаймысын. Арызыңды айтсаңшы тәйірі.

**Шаруа.** Арызым... сіздің солдаттар атымды аударып алып ... жалғыз бүт артарым еді, қарағым.

**Сабыржан.** Атының кайтарылады.

**Шаруа.** Е. бәсе, рахмет... Кедейді сор жактайды деп...

**Сабыржан.** Оны істеп жүрген бейбастактар жазасын тартады. Біз өмір бойы кедейлік соңынан қалмай келе жатқан сордан, аяқ, қолын шырмаған тордан азат ету үшін күресеміз.

**Әлімқан.** Түсіндін бе? Жаролла. Құмарлардың тепкісіне тоятын уақыттарын жетті ғой. Өн жорғаларың түсе бермей, еңселерінді көтеріндерші сендер де бір...

**Шаруа.** Ежелгі жуан ата еңсенді көтертуші ме еді.

**Сабыржан.** Олардың дәурені өткен. Заман сіздердікі. Енді жер де, мал-дүние байлығына да ие сіздер боласыздар.

**Шаруа.** Эй, шырағым-ай, ежеңіл ірге генкен ага қонысын, құдай берген дәүлеттің бізге билетуші ме еді...

**Әлімқан.** /кекеп/. Би жетуші ме еді. Сулы шидем басқандай бексенді көгере алмай, кер кете берсен. Жаролларап билетпек түгіл, өзінді бітеудей жұтын кояр.

**Шаруа.** Көніңге қонымы да, орынды да сөз, қарағым. Есеміз кетіп жүргенін сезбейді дейсін бе.

**Сабыржан.** Сезіп отырмыз деу аз, серпілу керек. Ешбір бай өз колынан есе бермейді.

**Шаруа.** Түсінем, түсінем...

**Сабыржан.** Түсінсөз ауыл-ауылға біздің адамдар кетті. Соларға сіздер жәрдем етулерініз керек. Жарлының ер-азаматы атка мініп, жан таласкан жауды жоюға майданға шықсын. Жау сіздерге жау. Жаролларап сол жаудын тілегін тілейтін адамдар.

**Әлімқан.** Торпақтың тырандағаны шөп кораға дейін дегендей, сен атына мініш Аяқөзден шыққан соң, қазіргі екіншіннен айрылып қалып жүрме.

**Шаруа.** Астаңарада, мына Әлімқан не дейді, тәйір-ау.

**Сабыржан.** Әлекен сізді ширатын, шындал жатыр ғой...

**Әлімқан.** Мениң саған батыра айтқаным- сен елге батыл айтсын деймін.

**Шаруа.** Айтқандарының бәрі де аталы сөз. Ал, Сабыржан, қарағым, дән ризамын, сау бол, жолың болсын!

**Сабыржан.** Ренжіменіз. Сау болыңыз.

**Шаруа.** Неге ренжімін.

**Әлімқан.** Қазір мен барам, бара бер.

**Шаруа** кетеді.

**Әлімқан.** /Сабыржанға/. Әлгі ата аяқты шақырайын.

**Сабыржан.** Шақырыңыз.

**Әлімқан** есіктен: "кір", "кір" дең Жаролланы шақыраңы. Жаролла кіреді.

**Жаролла.** Ассалаумагалейкум!

**Әлімқан.** /кекеп/. Уағалтайкем ассалам!

**Жаролла.** Сабыржан, мұсылман адам бос үйге кірсе де сәлем береді. Кешегі марқұм Фарабшаның қара шаңырағын ұмыта алымыз ба. Аруак сыйлаймыз да. Жарықтық атамыз бер де сыйлас. тірі жанға зияны жоқ адам еді. иманды болғыр...

**Әлімқан.** /кекеп/. Ой, иманды болғыр-ай десенші.

**Сабыржан.** Сіз бұдан отыз жыл бұрын марқұм болған кісіге көніл айтуға келмеген шығарсыз.

**Жаролла.** Олай деме, Сабыржан, ата-бабамыздың аруағын ұмыта алмаймыз.

**Сабыржан.** Сіз ғафу етініз. Казір шежіре шергегін уақыт емес.

**Жаролла.** Мен лосының деген келіп отырмын, аруакты ауызта ала келіп отырмын.

**Әлімқан.** Әруақ деген не менең түсіннен шошынгансың ба.

**Жаролла.** Әлімқан, сен аузына ие бол. Ақымак артын ойламайды, геренге наиза бойламайды, атан ақымак болмаса бураменен ойнамайды деген. Теніңді тауып сөйле!

**Әлімқан.** Акпан мен қангардағы бурадаи бүркүлдайтын замандарының өткенін білем, жарлының жазының жеткенін бітмей отырған бұл ақымак на? Жок мен ақымак на?

**Жаролла.** Сабыржан, біз ак патша тағынан түскенде, ак түйенін карны жарылды, казакка бостандық күні гуды демедік пе...

**Сабыржан.** Олай болса, мына ак патшаның заманын қайта орнатам деп аласұрып жаткан ак бандыларға қалай караисыз?

**Жаролла.** Жолы болмасын игтердін.

**Сабыржан.** Олай болса Донғасаров болыс екеуініз мінүте жарамды жүз ат сайлап бересіз, бір деңіз, екінші, біздің әскерге косылтам деген жігіттерге кедері жасамайсындар.

**Әлімқан.** Міне, шын достық осы ғой. Сөз жүйесін жана гапты.

**Жаролла.** /сасынқырат/. Ер-азаматтың еркі өздерінде. Ал, ат-көлік жағын ел-жүртпен ақылдасып көрейік.

**Сабыржан.** Жүз атты сіздер елден жинамайсыздар. Өзініз жиырма бес ат, Донғасардың үш үйі жиырма бес аттан өз жылқыларыныздан бересіздер. Аттарыңыз кейін қайтарылады. Шығын болса күнын төлейміз.

**Жаролла.** Сабыржан...

**Сабыржан.** Мен ресми түрде бүйрек жазам. Совет үкіметінің бүйрекі деген түсініңді. Орындауға міндеттісіздер. Мына Әлекен бастаған адамдар барады.

**Жаролла.** Мынау токал ешкі мүйіз сұраймын деген құлағынан айрыттанның кері болды ғой, Сабыржан-ау.

**Әлімқан.** Сіз тез өзгереді екенсіз. Жана бурамын деген енді ешкі бол... тіпті ешкімнің де токалы болыш...

Күледі.

**Сабыржан.** Ал, солай болсын. Уш күн уақыт берем.

**Жаролла.** /баяу қозғалып тұрады/. Е... Түсінікті... кош.

Жаролла кетеді.

**Сабыржан.** Сіз де ертен ертемен аттаныңыз. Қасынызға он бес солдат алыңыз.

**Әлімқан.** Мен аттанбағанда кім аттанады.

**Жетекеев** кіреді.

**Жетекеев** /честь беріп/. Жолдас комиссар, сіздің бүйрығының бойынша барлық солдат қаланың сыртында окоң казуға кірісті. Атматыдан келе жақтан әскерді Шынғожа бекегінен карсы атуға бес кісі аттанды. Бастығы Ахметжан.

**Сабыржан.** Жақсы. /стол үстіне картаны жайып/. Корғаның шебі мынау... Есқі зиратты ең күшті бекініс дейік. Жау мына жақтан шабуыл жасайды. Мынау Битен тауы.

**Жетекеев.** Битен тауына зенбірек орнатылады.

**Сабыржан.** Жаудың үлкен сыйбағасын сол Битен беруі керек. Эрбір көшеден оқататын бекініс орнын белгілеу қажет. Эрбір корадан. әрбір үйден оқ жаудыруға әзір болу керек. Шіркеу мұнарасына пулемет орнатылсын.

**Жетекеев.** Несін айтасың... Бірак...

**Сабыржан.** Е... қызыл командир “Бірак” дейді. Немене бірак... Петр бірінші шіркеудің конъюэрларын жұтты алғы пушка құйғыздан тартынбағанда, біз шіркеудін мұнарасына шығудан коркуымыз керек пе.

Далала дабыр-дабыр айтай естіледі. Сыртта терезе аттына бір жақтан асып-сасып: “тез, тез... срошной, срошной” деп Апошка келіп қалады. Екінші жақтан оған карсы мылтығын кезеп сакшы шығады.

**Сақшы.** Бұл не айғай?

**Апошка.** Ағама келем. Сабыржан ағама... Асығыс ойбай. Срошной... сен немене, пошом зря...

**Сабыржан.** Бұл не айғай?

Терезеден қарайды.

**Сақшы.** Жолдас комиссар. Апошка сұраныш түр.

**Апошка.** Асығыспын. Сабыржан аға. товарищ совдеп... тығыз, тығыз!

**Сабыржан** /сақшыға/. Жібер.

Есіктеп Апошка кіреді.

**Апошка.** Е... бәсе, сәлеметсіздер ме... Опаздал қалып, асығып жүрмін. /Сабыржанға честь беріп/ Ваше высоко / сасып қалып/ астапралла... жо... жо... алжасып әшебайт етіп... жолдас... мен мағлұм Ахметшәріп Қотырашевич Тышқамбаев... Апошка.

**Сабыржан.** Сен бізге честь бермей-ак кой. Актарға жасаған жағымпаз сүркиялғыныңды өткізгің келе ме?

**Апошка.** Аптар-ай комиссар... жолдас... ай... за што пошом зря... сүрінбес түк бола ма... ала сапыран, шым-шытырықта шатассам шатаскан шығармын... ашибайт етіп...

**Әлімқан.** /кекен/. Ой ангаткан ай.

**Жетекеев.** Бұлар солай ашибайт етеді.

**Апошка.** Адам түгіл ат да адасады. Прошант етіп... нетініздер енді.

**Жетекеев.** Философиясының түрін кара...

**Сабыржан.** Альшатар әкенін қалғанды картага үттырып, акырында катыныңда картага салған азғын едін...

**Апошка.** Правильно... дұрыс айтасыз... шарт болмаи қашығой... Мені солдатқа принимайттаныздар... көрсетейін мен оларға...

**Жетекеев.** Совет үкіметін қорғайтын солдат боларсын. ә!

**Апошка.** Сынаңыздар, сынаңыздар. Апошка да тегін такой-сәкөй емес...

**Жетекеев.** Несін сынаймыз. Келбет келмей сын сұрама. Сынын да, сырын да мәлім. Апошка. Босқа уакытты алма!

**Апошка.** Ой божемой... келбет... келбет... за што... сен Жетекейдін баласы. Жолдас Сабыржан, комиссар... мен бәрін де бінші, тауып келіп тұрмын. Сенген солдаттарыңыз... әне атысып, шабысып, қызға таласып қырылдысын жатыр. Ініңіз Самат.

**Сабыржан.** Не сандырактап тұрсын...

**Апошка.** Маған сенбейсіндер... пошом зря. Казак орыс гар... Ана Шляпиннін баласы... қызды зорлан... мені атам дең... әлісіп жатыр. Апошка өтірік айтушы ма еді. Көрерсіздер. Самат інің де қырғынның ішінде...

**Әлімқан.** Есін дұрыс па сенін?

**Жетекеев.** Сен немене өзің...

**Апошка.** Есін... немене, немене. Апошка штоли... өлісін жатыр... убивайт етіп, поштовой конторда.

**Сабыржан.** /Жетекеевке/. Аскат, сен тез баршы.

Аскат асығыс кетеді.

**Әлімқан.** Тегін емес. Мына сайған кайдағы бір шәлені шатып тұрғой.

**Апошка.** /Сабыржанға/. Сенбейсіз маған, көрерсіздер. Оллани ендігі өлген болар. Апошка болса кругом шмонайттап, колымда мылтық тисе козрайттар едім... міне енді.

**Сабыржан.** Бар, басты катыр ма!

**Апошка.** Не ак, не қызы! емес, көди-сөди болған Апошка шорт-ай, сорлы-ай... шоқынып кетейін бүйткенше.

Кетеді. Сыртта айғай-шу естіледі.

Жетекеев келеді.

**Жетекеев.** Антон Шляпин... Лиза атылып өлген.

**Сабыржан.** Атылып өлген?

**Жетекеев.** Қалай болғаны мәлімсіз. Волков тексеріп жатыр дейді.

**Сабыржан.** "Дейді"... Мен өзін барын тексер дедім, бар! Самағ ғұтқынға атынсын!

**Жетекеев.** Саматты... қалайша?

**Сабыржан.** Иә. Саматты, менін інімді. Ревтрибунал тексереді. Халықты, соңғартарды шулатпандар. Айтқан бүйрыкты орындаңыз. Барыныз!

Аскат кетеді.

**Әлімқан.** Жазықсыз жан, күнәсіз қан төгіліп, жаңың қүйіп, қабағың, қатың түр, қарағым, сактық пен сабырды жолдас кыл. Сабыржан.

**Сабыржан.** Солай Әлеке. Бұл қандай жауыздық ісі еken... Әлеке. Сіз осы манда болыныз.

**Әлімқан.** Макұл, қарағым.

**Сабыржан.** Бұл не. Жаудың ісі ме? Жоқ әлде, жастық... албырттық... қызғаншактық кесірі ме...

Кирилл кіреді.

**Кирилл.** /честь беріп/. Fafu етініз, жолдас комисса, ауыр кайыға душар болышм. Қөрмей жүрген өлім емес... махаббат жолы бір басқа еken... бақыттың да сол ғана деуші ем... Кайран Лиза...

**Сабыржан.** /тұнжыраған ойда/. Ауыр каза... Жұмбак оқиға. /Сергіп/ Почта-телефонда, басқа жердің бәрінде сақшыны күшеттуді, сенімді адамдар коюды саған әдейі тапсырғаным кайда?

**Кирилл.** Окоп казу кезек күттірмейтін жұмыс деп бәрін де жұмыска айдадық кой...

**Сабыржан.** Ол дәлел емес. Осы үшін жауап бересін.

**Кирилл.** Бұл жөнінде мен кінәлі, жолдас комиссар. Анау Антон Шляпин марқұм аланғасар... Шатақсыз жүрмейтін бір сорлы еді. Осының бәрі сол марқұмнан болды ма деймін... Өткен іс өтті. Өлген қайтып келмейді. Мен өз кінәм үшін қандай жазаға буйырсаныз да дайынмын.

**Сабыржан.** Кінәлі адам табылады. Адал қан сұраусызы кетпейді. Мұнда сыр бар. Жасырын жаудың әрекеті бар.

**Кирилл.** Солай да болар-ау, жолдас комиссар... Рұқсат етініз, жолдас комиссар.

Кетуте ыңғайланады.

**Сабыржан** /ойланып/. Жоқ, жолдас Литвинов. Кетпейсін. Қазір Самат Фаббасовтан бірге жауап аламыз.

**Кирилл.** Басқа бір адамды белгілесеніз еken, жолдас комиссар. Саматтан, сіздің інінізден жауап алу... арым шыдамайды...

**Сабыржан.** Жок, мен солай шештім...

**Мәкіш** кіреді.

**Мәкіш.** Ўіде шыңап оғыра атмадым. Лиза қандай аяулы қыз еді. Кімнен болшы екен! Кирилла да онай тимей түрғой...

**Кирилл.** Рахмет, Мәкіш женгей... амал не...

**Мәкіш.** Үміт үзуге болмайтын сияқты. Әдейі лазаретке бардым. Лизаның тамыры соғады дейді дәрігер.

**Кирилл.** /салық етіп/. Не дейсіз?!

**Сабыржан.** Ия, дәрігер не дейді, есі кіреді дей ме, Мәкіш?

**Мәкіш.** Есі кіруі мүмкін дейді. Укол беріп жатыр, ешкімді жуытпайды. Маған зорға жауап берді. Тегі операция жасайды - ау деймін. Жанын салып жатыр байғұс. Аман қалса иғі еді, сорлы...

**Сабыржан.** Тілге келсе мына шытырман жұмбак шешілер еді...

**Кирилл.** А... иә, иә... тілге келсе иғі еді.

Медсестра көледі.

**Медсестра** /Сабыржанға қағаз береді/. Сізге Жетекеев жіберді.

**Сабыржан.** /окып/. Лиза аз ғана есін жиып, "Кирилл" деген бір ауыз сөзді зорға айтып талып кетті. Мен қасындамын.

**Кирилл.** /үрэйленіп атын тұрып/. Ой, Лиза, жаным-ай, я құдай...

Шыға жөнеледі.

**Мәкіш.** Қайтсін енді. Қуанған да бір, қорыккан да бір. Үкідей үшты ғой байғұс.

**Медсестра.** "Кирилл" деген бір ауыз сөзге зорға тілі келді.

**Сабыржан.** Жетекеев қасынан кетпесін. Басқа кісі кіргізбендер.

**Медсестра.** Жаксы, Сабыржан аға.

Кетеді.

**Мәкіш.** Сабыржан-ау, Саматтың не жазығы бар еді.

**Сабыржан.** Мәкіш, жазықсыз жан нахаш күймейді. Менің Саматка, ініме жаным ашымайды дейсің бе. Аяймын. Бірак, шын жазалы болса...

**Мәкіш.** Сабыржан, мен бәрін де білем. Рахаттан безіп, көрген бейнет, ауыр іс... Жаныңды шүперекке түйіп, ел үшін еткен енбекін жанып, ақыры кайырлы болса, екен. Ана жалғыз ұлың, Байсұнқарың бакытты болып, ер жетіп, ел танығанын көретін күн болса... Эйтеуір ақыры кайырлы болса екен.

**Сабыржан.** Жаңа көктемнің жас төлдері солар. Олар біздің

ке. өшегіміз... Мәкіш. мен революцияның солдатының бірі болғаныма. Ленин паргиясының сапында болғаныма. өзімді шын бакытты санаймын. Біз бакыттымыз! Алдағы жаңа өмірдің жарқын бейнесі, нұрлы дүние көз алдында. көңілтімде сайрап түр. Сонда. сол күнде Сабыржан маузер орнына көлін атап, жаңа өмірдің жаршысы болады. Мәкіш... сен келіп ауыр ойларды женілдетіп жібердің. Мәкіш... Енді үйге бар.

**Мәкіш.** Мен үйге барамын ғои... Не үйкес жок. таң атқалы оразанды да ашқан жоксын...

**Сабыржан.** Кәзір мен де барам... кәзір... кәзір...

Шығарып салады.

Адал жар, ардакты ана, сүйікті сәби нәресте... сендерден аяулы не бар екен өмірде...

Жетекеев келеді.

**Сабыржан.** Лиза тілге келді ме?

Жетекеев. “Кирил... жау...”, - деді де тағы талып кетті.

**Сабыржан.** Кирилл сонда ғой?

**Жетекеев.** Жок, жолдас комиссар.

Асығыс бір солдат кіреді.

**Солдат /честь беріп/.** Жолдас комиссар. Финаш түрмеден кашкан.

**Сабыржан.** Тез Кирилл Литвиновты іздеуге кірісіңдер!

Солдаттар честь беріп кетеді.

Кирилл Литвинов... Алаяқ жау болды ма... Алматыдан арнап жіберген еді ғой... Финаш дүшпан кашкан. Ол да Кирилл Литвиновтың ісі. Үсталының Литвинов!

### *Ш ы м ы л ы к*

## ЕКІНШІ АКТ

### ТӨРТІНШІ КАРТИНА

1918 жыл. Июнь айы.

Семей қаласы. Ақгардың соғыс штабы. Штаб бастығының кабинеті. Кабинеттің төрінде әйнекті балкон есігі. Қаланың бейнесі көрінеді. Оң жақ қабырғада екінші есік, ол оперативный отдел бастығының кабинеті. Қабырғада штаб бастығының столының түсында адмирал Колчактың суреті. Екінші қабырғада үлкен карта. Столда телефон.

Перде ашылғанда Сидоров телефонмен сөйлесіп жатады. Босаға жақта жарапты офицер тұр. Ол – Фазылжан.

**Сидоров.** /ашулы/. Редакция? “Свободная речь” газеті ме? Сізben сөйлесіп тұрған Семей соғыс штабының начальнигі, есаул Сидоров. Иә... иә... редактор кайда? А, редактор господин Гобов... Соңғы бүйіркіңіз әзірше тоқтата тұрыныз. /Трубканы сарт еткізіп ғана қояды. Үзілген сөзін жағап, офицерге зімен/. Біз сені Аяқезді алды, Сергиополь – біздің қолда. Жетісуға жол ашық деп газетке әйгілеп отырсақ... Сенің ит талаған тауықтай болып келіп тұрғаның мынау... Масқара! Позор! “Алаш, алаш” деп сеніп жүргендеріміз сендер ме?

**Фазылжан.** Господин есаул, большевиктерді надан ҳатық жақтайды... Комиссар Фаббасов...

**Сидоров.** /кекеп/. Хатық... тобыр... комиссар, Фаббасов... самозванец ол. Комиссар, комиссар...

**Фазылжан.** Господин есаул, казактар да оған ерген...

**Сидоров.** Жетті! Жап аузынды!

**Фазылжан.** Господин...

**Сидоров.** Жаң!

**Фазылжан.** Жантым, таксыр...

Екінші бөлмеден Виноградов шығады.

**Виноградов** /офицерге/. Ал, алдырың қайтқан офицер, отан алдында не деп жауап бересін.

**Фазылжан** үндемейді.

**Сидоров.** /офицерге/. Сен қалған отрядынмен сол Заречная слободкада бол!

**Виноградов.** Солдаттарының аузынан женілші кайтык деген сөз шықса...

**Фазылжан.** Құлдық, господа.

**Сидоров.** Бар!

**Фазылжан.** Раҳмет, господа.

Кетеді.

**Сидоров.** Қанша адам шығын болды. Қанша кару жау колына түсті. Ішінен бүлкі шығару іске аснады... Қалай болды?

**Виноградов.** Менің шығынға ішім ашып түрган жок. Операция сәтсіз болуы штабтың абыройына шіркеу болып тұр.

**Сидоров.** Иә, иә...

**Виноградов.** Кінә бізден. Фаббасовтың, большевиктердің Сергиопольдегі күшіне үстірт карадық.

**Сидоров.** Ағыстық болды білем.

**Виноградов.** Ал, енді мына сәтсіздіктен кейін Фаббасовтың отряды күштегі береді. Оның беделі ел алдын да арта береді.

**Сидоров.** Соңықтан жорықты жылдамдау қажет. Бүгін үкімет өкілі келеді гой. Жетісу жорығын басқаруды полковник Ярушинге жүктепті.

**Виноградов.** Оларға Алматыдан көмек келгенше Сергиопольды тез басып алу керек...

**Сидоров.** Иә, капитан Виноградов, басқа жағдай...

**Виноградов.** Ең алдымен түрме. Большевиктерді көбіне селетка тұздағандай сыйсақта сиятын емес.

**Сидоров.** Симаса олар үшін ғұрме салыра аламыз ба. Шетінен шығынға шығара беру керек. Олармен соттасып жататын уақыт жок.

**Виноградов.** Түсінікті. Атамыз. Соңғы мәлімет бойынша Трусовтар 400 адаммен Славгород пен Змейногородскіге қарай қашып барады.

**Сидоров.** Өлөтін адам молаға қарай қашады ғой. Сибирь қолда.

**Виноградов.** Фаббасов Семейге де большевизмнің уын жайып кетілті. Мұндағы тілекестерін тіміскілеп тауып, тамырына балта шабуды "Мұсылман комитетіне" тапсырдық. Мынаны караңыз.

**Сидоровқа** газет береді. Ол алып оқиды.

**Сидоров.** /окып/. "Заря свободы"... газеті ғой. /окып/ екінші июнь, 1918 жыл. Верный. Большевиктердің ғой "Кто виноват?" - дейді.

**Виноградов.** Фаббасовтың статьясы.

**Сидоров.** /окып/. Сабыржан Фаббасов... О кызыл сайтан.

/Окын/ "... Кто виновник всех испыгываемых мусульманами несчастий. Не думаете ли вы, что виноваты тут большевики". Иә, иә, не дейді. /окын/. "... Нег. братья, нег. гысячу раз нет. Дорога, которой идут большевики. - дорога прямая и верная..." /ашулаңып, газетті лактырып жібереді/. Ох. азғын арда. Еще орысша жазған. Э!

**Виноградов.** Орысша да, казакша да, гаташ да жазың тараткан. "Аягузи" деген псевдоним да соғи Фаббасовтікі. Семейде ол әдебиет, драма кружоктарын үйімдастырған. Нағыз азғын! Большевик!

Адъютант кіреді.

**Адъютант.** "Мұсылман комитетінен" бір қанум келіп тұр. Э... катын...

**Сидоров.** Ханум дейді!

**Виноградов.** Катын!

**Адъютант.** Катын дегендеге енді... просто қыз деуте болады. Өздеріңіз білтетін, әлгі анау енді, господа...

**Виноградов.** Э... Гүлжанат па. Ол қыз той. /Адъюантка/ / дурак. Гүлжанат – райская Роза...

**Адъютант.** Fafu етініз, господин капитан, катын ба дең калып ем... ия, ия қыз, қыз... красавица. Райская Роза.

**Сидоров.** Кірсін!

Адъютант кете ді.

Гүлжанат... кәрі қыз. Бірақ, жаман емес.

**Виноградов.** Ол бізге бар жағынан да пайдалы, керекті адам.

**Сидоров.** Конечно, капитан ха... ха... ха...

Гүлжанат кіреді.

**Виноградов.** А... Гүлжанат... Райская Роза...

**Сидоров.** О... сіз екенсіз той, келініз, келініз...

**Гүлжанат.** Исәнсізмі, зур хұрмәтті, таксырлар...

Амандастып жатады.

**Сидоров.** Мегаметаннан сіз сиякты патриот қыз-катындар шыкканы қандай тамаша!

**Виноградов.** Тамаша, тамаша... Роза той, еще Райская...

**Гүлжанат.** Бик зор рахмет сіздерге... зур мәрхабәттік таксырлар. Сими шаһарының мұсылмандары сіздерге бик зур алғыштар әйтүні тапсырдылар. /қағаз ұсынып/ Мінә бір список, ғаскәрге қадари халінше ярдәм итуші бай-байбатшалар илі. Ниһаятсіз шаным білдірәләр. ният халис білән.

**Сидоров.** /алып оқып./ Рахмет мұсылмандарға!

**Виноградов.** Бұндай патриот магамадамдарды газетке жазу керек.

**Гүлжанат.** Иңшалға сізләрнің мәрхабетләрініз білән “Халық сүзі” газетабызы да шығара башладық. Гамасуссалихка бағышланды.

**Виноградов.** /жердегі газетті көрсетіп/. Ана газетті көрлініз бе?

**Гүлжанат.** Нишик. Бу нинди газета? /алып оқып/ тағы шул иken. Э. Бу Сабыржан бір булмаған зат сун инд... и... яуыз.

**Сидоров.** Оның мұнда достары бар дейді ғой.

**Гүлжанат.** Алар инді диннән бизгәнштәр сун... бәлки фітнә. Тігін бір учитель-мучитель шикілділәр... құтырынған хатын-кыздар...

**Сидоров.** Кімдер олар?

**Гүлжанат.** Узім де тізімләрін әпкілген идім. /қалтасынан алып/ Мінә... Ягудиевләр, Есимов. Хұсәйн. Сәбира, Шамсинур... міне анда бәрісі де бар. Кубі қашқандар инді. мәжәжләт бит. /Сидоров тізімді алып Виноградовқа береді/. Аларны тұтсалар иді.

**Виноградов.** Тұтамыз, тұтамыз.

**Сидоров.** Тұтылады. Құтылмайды. Гүлжанағ ханум.

**Гүлжанат.** Мин, ханум тұғы. таксыр. Мин қыз бит алі.

**Виноградов.** Ия. ия, бұ кісі қыз, қыз... барышня...

**Сидоров.** Faфу етініз, қыздарға қалай деу керек.

**Гүлжанат.** Туташ, туташ диләр.

**Сидоров.** Э... тукаш, тукаш...

**Гүлжанат.** Тукаш түгіл инді, ту-таш, а тукаш ул — тағам, хлеб, нан бит...

**Сидоров.** Ту-таш, хорошее слово.

**Виноградов.** Гүлжанат туташтардың, вообще татарлардың пәрәмәшләрі қандай тәтті.

**Сидоров.** Пәрәмәш... о... билляши ғой. Ия, ия, тамаша тағам.

**Гүлжанат.** Алла күшса, киш бірлән бізге раким итәріzlәр. Пәрәмәш тә, бәрісі де була.

**Сидоров.** Рахмет, Гүлжанат туташ...

**Виноградов.** Барамыз, барамыз, обязательно барамыз.

**Гүлжанат.** Бик якшы. Рахим итігізляр. Инсан таракки үшін яшагізтәр. Хуш булығызлар.

**Сидоров.** Сау болыңыз, туташ... Капитан /Виноградовқа/ сіз туташты былай ...

**Виноградов.** Гүлжанат туташты өзім шығарып салам.

**Гүлжанат.** Виноградов кетеді.

**Сидоров.** /өз-өзіне кекете сөйтеп/. Мұсылман, магамедан,

“Мұсылман комитеті” Еше... Бұлардың крещенның тары болмаса... немене бұт мегеменданшар. /Ои.ланыш/ Теке болсын, сүті болсын, мұсылман гүгіл черг болсын. Большевиктерді көрсө жетті емес пе.

Финаш кіреді. Эскери киім киген, полковник чинінде.

Финаш. Сәлем зор мархабатты штаб бастығы, господин Сидоров.

Сидоров. Қалай, Финаш мырза, тынықтыңыз ба? Сіз енді большевиктер тозағынан құтылып шықкан геройсыз...

Финаш. Жауын женіп, ісін тындырып қайтқан адам тынығар болар. Большевиктердің торына гүспі, қашып құтылғаным геройлық емес. Халық алдында Сабыржаннан салмағым мың хисса аргық қои деуші ем. Сергиополь сапары ол ойымды актамады.

Сидоров. Жау қолынан амал-айламен құтылып шығу — ол да ерлік. Финаш мырза. Халық дейсіз, халық ол тобыр емес пе. Елді бастап азғырып жүрген Фаббасов сияктылар күрьеса, бассыз тобырларды тоздыру женілек болады.

Финаш. Мен тобыр дегенге де женіл қарағым келмейді. таксыр. Революция сол тобырынызды теңіздей толқытып, долы, мылқау күшке айналдырды. Қашан большевиктерді түпкілкті жеңгенше біз революцияның женісін қорғаушымыз деген ұран көтеруіміз керек деп білем. Сабыржан сиякты большевиктер — революцияның женісін онай олжа еткісі келетін отан сатушылар, біз солардан халықты азат ету үшін күресеміз. Қазіргі уақыт осында ұранды, осында насиҳатты керек етіл отыр. Кара халықлен осылай сөйлеспесек болмайды, господин есаул, болмайды.

Сидоров. /Финаштың қолын алып/. Өте дұрыс айттыңыз.

Финаш. Мен “Мұсылман комитетінің” газеті “Халық сөзін” осы бағытта шығаруға мәслихат бердім.

Сидоров. Гениально. Өте дұрыс. Ал, ендігі мәселе Жетісуға жедел жорық жасау...

Финаш. Жетісу жорығына татар мұсылмандарынан құрылған жауынгерлер әзір. Отрядқа “Яшіл байрак” деген есім беру үйғарылды.

Сидоров. “Яшіл байрак”

Финаш. Ия, “Яшіл байрак” - “Голубое знамя”. Отрядты әзім командовать етем.

Сидоров. “Яшіл байрак!” Өте жақсы! Христиандар “Исус христос” отрядын құрды. Құдайымыз бір, жауымыз большевиктер...

Финаш. Әлбетте, не ана большевиктердің туы, Сабыржан

көгеріп жүрлөн қызыт гү тұрады, не нағамбардан мұра болып қалған “Яшіл байрак” тұрады. Еңі өкінің бірі. Еншалла пайғамбар көтерген “Яшіл байрак”, біздін ту жығытмауға гиісті.

**Сидоров.** Бог с нами, Финаш мырза. Большевиктерді құдай камкорлығына алмайлы. Құдайсыздар ғой олар...

**Альютант.** Альютант.

Литвинов деген келіп тұр, офицермін дейді.

**Финаш.** Литвинов! Жеткен екен ғой Кирилл.

**Сидоров.** Кірсін, кірсін.

Альютант шығып кетеді. Киімі өзі ерген Кирилл кіреді.

**Кирилл** /честь беріп/. Жоғарғы мәртебелі, мархаббатты штаб начальнигі, ерекше тапсырмамен жау ішінде қызмет аткарған офицер. Кирилл Литвинов сіздің ұзынызыга келді!

**Сидоров.** Кош келдіңіз, казактың адал ұлы!

Кол алысып аманласады.

**Финаш.** Келші. Кирилл, ерім, досым!

Құшактастып сүйіседі.

**Сидоров.** Ал, сөйле, комиссар Фаббасовтың ҳалі қалай?

**Финаш.** Жайладың ба Фаббасовты?

**Кирилл.** Фаббасов әлі тірі. Тірі қалды.

**Финаш.** /ызылы/. Фаббасов тірі?! Жаннан коркып, бас сауғатған екенсін ғой!

**Кирилл.** Сіз сүйттіңіз, Финаш мырза. Мен Фаббасовка көздел аткан жалғыз оғым деп ойтаған екенсіз ғой. Мен сізді құтқармағанда Фаббасов та аман қалмайтын еді...

**Финаш.** Сенің Фаббасов жөніндегі тапсырманы орындауына бұл сөзің дәлел бола алмайды, Кирилл!

**Кирилл.** Мен сізге есеп беріп, сіздің алдыңызда акталағын деп келгенім жок. Штабқа кажетті мәлімет жеткізу үшін келдім.

**Финаш.** Мені кім деп ойлайсыз?

**Кирилл.** Сізді ме, сізді...

**Финаш.** Поручик!

**Сидоров.** /сөзін бөліп/. Господа, айтысты тоқтата тұрыңыздар. /Кириллге/ Сіз чинді силауды ұмытпаңыз. Полковник Финаш Жалелитдинович, бәріміздің де күрметтейтін адамымыз, бұл кісі командованиеңін атынан сөйлем отыр...

**Кирилл.** Fafu етіңіз, менің қолым қанды, жаным жаралы... айтын жаным қалған жок. Оның бәрін актарып айтып жатпайын. Фаббасовты күрту үшін өз басымнан қорқып, жанымды аяп қалғаным жок...

**Сидоров.** Толық есепті военный совет алдында бересін. Рапорт жаз. Аса кәжетті ҳабарынды қыскаша айт.

**Кирилл.** Аш қаскырдай бүралтып әрен жегім. Фаббасов онай жау емес. Алматыдан көмекке әскер келе жатыр. Жорыкты тездете кәжет деп білем. Міне...

Телеграмма жазылған лентаны береді. Сидоров, Финаш оқып жатады.

**Сидоров.** /оқып/ ...Мамонтовтың отряды Үржарға аттанды. Ташкенттен шықкан әскер Жаркент уезіне келе жатыр...

**Финаш.** /шығамсызданып/. Бәсе, бәсе, шешінген судан таиынбас болар. Жаланаяқ пролетариат жағаңа жармасып өледі. Айттым фой. желе жортып өтетін жорық бола коймас деп. Ия. ия.

**Сидоров.** Да... /оқиды/ ...Менін бүйрығым бойынша сіздерге көмекке Верный гарнизонынан арнаулы отряд жіберілді...

**Финаш.** Алматыдан, ах... а...

**Сидоров.** /оқып/. Сергиопольге тез жетпек. Алынан кісі жіберініз. Жетісу облысының әскер қолбасшысы Емелев.

**Кирилл.** Фаббасов кісі де жіберді. Сергиопольдің айналасын суырша казып, окоп та даярлатып жатыр. Қала халқын каруандырып, көше соғысына да күшті даярлық жасап жатыр. Қасық қаны қалғанша қырқыснай, бір қадам жер береді деп ойларыныңға кіріп те шықласын.

**Сидоров.** Тез аттану керек...

**Финаш.** Комек келгенше Фаббасовтың же ікесін қырқу кәжет. Мен дайын. /Кириллге/ Кирилл, сен киргиз даласын кезіп келген көкжалсың фой. Штаб начальнигі рұқсат етсе, біздікіне барып тынық. Мен бас саутаның адамы емеспін. Фаббасовпен енді қан майданда кездесетін болдық.

**Сидоров.** Дұрыс айтасыз. Финаш Жалалитдинович, рұқсат, рұқсат.

**Кирилл.** Fafu етіңіз, господин полковник.

Қол атысады. Финаш, Кирилл честь беріп шығып кетеді. Аздан сон адъютант кіреді.

**Адъютант.** Телеграмма. Павлодардан.

Телеграмма беріп кетеді.

**Сидоров.** /оқып/. Павлодар... Жетісуды большевиктерден азат ету үшін құрылған отряд бүгін Павлодардан шықты. Командир отряды прaporщик Чарнов.

Виноградов кіреді.

**Виноградов.** /ызылды/. Бұл не қылған жын каккандағы күтірган тобыр...

**Сидоров.** Тағы немене<sup>9</sup>

**Виноградов.** Шемонайхадан бұлкті басуға жіберген жазалаушы отрядының қырып салыпты. Бұлкті бастап жүрін Борисов. Цикунов деген жасырының жүрген большевиктер деил. Олардың сонынан ерген крестъяңдар бір мыңнан астам тобыр...

**Сидоров.** "Исус Христос" отрядын аттандыру керек. Бастаушылары қолға түскен жерде дарға асыстын. Құтырған тобырды қара шыбынтай қыру керек!

Телефон соғыталы.

**Виноградов.** /тыңдау/. Капитан Виноградов. ия. ия... солай болатын болды. Қазір. қазір. /трубканы Сидоровка береді/. Есаул Мейер. Көмек сұрайды.

**Сидоров.** /трубканы атмайды. Виноградовка/ Хабарданыз! /Сидоров әрбір буйрық сөзін Виноградов қайтарап, телефоннан хабарларап жатады/. Шемонаихаңа "Исус христос" отряды барады. Уничтожить. Да... да. Расстрелять. Имущество конфисковать. а деревню сжечь!

Трубканы следі.

Бұл не сұмдық... не боп барады Ұлы Россия!

**Виноградов.** Патша ағзамнан айрылған бассыз Россия!

**Сидоров.** /Кирилл әкелген телеграмма лентасын көрсетіп/ Мынданы көрдің бе?

**Виноградов.** Литвинов-Шайтановған бәрін де естіп білдім.

**Сидоров.** Тез аттану керек! Автомобиль отряды дайын фой.

**Виноградов.** Даын. Автомобиль отрядын командовать етуге рұқсат егініз.

**Сидоров.** Макұл. Киргиздар қалай кешігіп жатыр.

**Виноградов.** Да. Жетісу датасы тағылар фой. киргиздар. Адъютант келеді.

**Адъютант.** "Алаш" әскерінің командирі Тоқтамышев келіп тұр.

**Сидоров.** Э... келсін, келсін.

Қасында Фазылжан полковник Тоқтамышев кіреді. Қол алысып амандасады.

**Сидоров.** Господин полковник, Тоқтамышев, Жетісу жорығының маңызы сізге түсінікті.

**Тоқтамышев.** Түсінсем мен түсінейін.

**Сидоров.** /картаға барып нұскап/. Семей – Сергиополь – Үржар -Бахты... байланыс торабы Сергиопольды басып алудың стратегиялық маңызы ерекше зор. Солай фой, господин Тоқтамышев.

**Тоқтамышев** Мәні зор болса. Серінополь болсын. Ақиқат сөз

**Сидоров** Киргиз халқын большевиктерден азаг егуге уақытша үкімет бар назарын аударып оғыр А!.. бірақ, господин Тоқтамышев, мұсылман халқын адасырып жүріен Фаббасов сияқты большевиктер бар.

**Тоқтамышев** Алаш баласын алты ауыз қылуға әрекегетіп жүрген азындарға аяу-ашу болмақ емес. Бітем мен Габбасовты.

**Сидоров** Күш бізде жеткілікті. Бірақ мұсылмандар... адасып жүрген кириздар босқа қырыла ма деймін...

**Виноградов**. Алдын-ала жау ішине жасырын барып. Габбасовтың қасында болуға ерлігі... Е... ентылігі жегегін алаштың адап ұлы болса... ертең отан алдында, тиіт тарих алдында...

**Сидоров**. ...Одан артық кім бар.

**Тоқтамышев**. Алаштың ондай азаматы, өздерінізге мағлұм Мұсабек ұлы мына Фазылжан мырзаны Сергиопольге екінші рет жіберу керек дер едім. Алаш үшін жаңы піда.

**Фазылжан**. Алаш үшін өлсем – шаит, өлтірсем – казымын! Құлдық тақсыр!

Басын иеді.

**Виноградов**. Ондай қаһарман болса, хвала и честь. Бұл жолы /Фазылжанға/ Семейден қашқан большевик боласыз. Киргизше киініңіз. Документтеріңіз дайын болады.

**Сидоров**. Ал, Фазылжан мырза, енді осы сапарда да ерекше тапсырманы орында масаныз...

**Тоқтамышев**. Сеніңіз, господин Сидоров.

**Фазылжан**. Сеніміңіздің актауға Алаштың ак туымен ант етем!

**Сидоров**. Сізге ақыл беретін капитан Виноградов пен Хамит Тоқтамышев. Бүгіннен қалмай аттаныныз!

**Тоқтамышев**. Бүгін сәрсенбінің сәтті күні. Кәшшәф кәзіреттен бата ал да, аттан.

**Фазылжан**. Алдияр, тақсырлар.

**Виноградов**. Тез киініл келе қойыныз. Ешбір жан сезбесін. Бәрін даярлап қоямыз.

**Фазылжан**. Рұксат етіңіз.

Кетеді.

**Тоқтамышев**. Господа, Алаш комитетінің мынадай тала-бы бар.

**Сидоров**. Қамқорлықка даярмыз. Айтыныз

**Тоқтамышев**. Алаш партиясы 1917 жылы, 29 июньдегі

мәжілісінде өзінің орласы орнаган Заречная слободканы —  
Алаш қаласы деп атаудын үйғарған еді.

**Сидоров.** Болсын, болсын, өте дұрыс шешім.

**Тоқтамышев.** Біздің газетіміз “Сары Арқа” кайтадан шыға  
басады.

**Сидоров.** Поздравляем!

**Тоқтамышев.** /Сидоровқа қағаз ұсынады/. Алаш орданың  
сіздерден ғлек-ғалабы мынау. Бәрі де жазылған

**Сидоров.** /қағазды алғын/. Өз адамдарымыз, үйлесе  
береміз ғой.

Адъютант кіреді.

**Адъютант.** /Сидоровқа/. Сіздің бүйрығының бойынша  
паромшы, қайықшы киргиз келіп түр. Олжабай чтоли.

**Сидоров.** Кіріңіз!

Адъютант кетеді.

**Тоқтамышев.** Оны неге шакырттының?

**Сидоров.** Донос бар. Сол сүкін сындардың  
большевиктермен байланысы бар дейді.

**Тоқтамышев.** Семейдің паромшы, қайықшы, грузчик  
жұмысшы, жатак жаланаяктары түгелдей большевикке ниеттес.  
/Ойланып/. Ал, көзір әскер аттанып кеткенше оларды алдай  
түру керек. Ертістен өтетін переправаның кілті солардың  
қолында. Олар құмырскадай үйымшыл қулар. Кейін  
жайғастыру керек деген мәслихат берер едім.

**Виноградов.** Өте орынды мәслихат.

**Сидоров.** А... ол да дұрыс.

**Тоқтамышев.** Сүйтіңіз. Мен бара турайын.

Екінші бөлмеге кетеді. Олжабай кіреді.

**Олжабай.** Ал, тақсыр төре. шакырған екенсіз, келдік.

**Сидоров.** Сіз кім боласыз?

**Олжабай.** Кімді шакыртып едіңіз?

**Виноградов.** /өз-өзіне/. Қисығын қарашы кара табанның...

**Сидоров.** /Олжабайға/. Олжабай паромшыны.

**Олжабай.** Сол Олжабайын мен ендеши.

**Сидоров.** Жақсы, жақсы... Біз Семей киргиздарын  
большевиктерден азат еттік. Сол киргиздің бірі —сізсіз.

**Олжабай.** Эрине сүйтіңіздер. Бай-байбетшатар қуанысып  
жүр әйтеуір... Біз кедей-кепшік, еңбекші жүртпаз ғой. Азат-  
мазатты кайдан бітейік.

**Виноградов.** Біз киргиздар-мұсылмандар деп қараймыз...  
Ұлты, діні бір тұтас ел емес пе киргиздер.

**Олжабай.** Ол жағдай бір ғой, байлардың ниеті басқа.  
кедейлердің беті басқа болат та... Сіздер де ұлтының, дініңіз

бір елсіздер. осы неге қырық пышак болып қырылышын жагырысыздар деймін-ау... түсінбеймін.

**Сидоров.** Оны кейін түсінесіз. Мәселе мынау. Біздің әскер Алаш қаласына өтті. Тұсқі намаздан кейін барлық паром, кайықтар осы жақта болсын!

**Олжабай.** Болса болып қалар.

**Сидоров.** Бұйрық точно орындаісын. Басыңмен жауап бересің!

**Виноградов** кағаз жазып жагады.

**Олжабай.** Басы-қолымызben жауап беруге даярмыз. таксыр еке.

**Виноградов.** /Олжабайға/. Олай болса мына кағазға кол кой.

**Олжабай.** О неге?

**Виноградов.** Қашан әскер ар жакқа өтіп болғанша. өзің Ертістің осы жақ жағасында боласын.

**Олжабай.** Қол қою білмеймін гой.

**Сидоров.** Бармағынды бас.

**Олжабай.** Басайын.

Бармағын басады.

**Виноградов.** Тағы да ескертемін. Қашан әскер аржакқа өтіп болғанша - өзің Ертістің осы жақ жағасында боласың. Бара бер.

**Олжабай** кетеді. Токтамышев шығады.

**Токтамышев.** Көрдіңіз бе. большевиктерді азғыруына еретіндердін түрін.

**Сидоров.** Бұлардан достық шықпайды. Топас надандар.

**Токтамышев.** Господа, Алаш отряды Никольский аланында тұр. Сіздерге бой көрсету үшін Алаш қаласынан әлейі келді.

**Виноградов.** Өте жаксы. Құрмет көрсетейк господа. карулас, қаһарман достарымызға. Киргиз қырандарына.

**Сидоров.** Штабтың алдынан өтсін онда.

Виноградов шығып, кайта кіреді.

**Виноградов** /Токтамышевка/. Сіздің адъютантыңыз кетті.

**Токтамышев.** Рахмет!

Финаш, Кирилл кіреді.

**Финаш.** Сәлем Хамит Токтамышевка, он сапар!

**Токтамышев.** Бірге болсын, Финаш мырза!

Кирилл, Финаштар аманласып жатады.

**Виноградов.** Балконға келіңіздер господа.

Барып балкон есігін ашады. Көшеде дабыры естіліп тұрады. Алыстан шеркеу қонырауының уні келеді. Атты отрядтың дүбірі біргіндеп естіліп, күшейе түседі. Бәрі балконға

барады, Атты оғряд өтіп жатады. Бақон терезесінен ак туар көрінеді. Балқондағылар “Жасасын, киргизлің адап ұлдары”, “Жасасын Ресей, Сибирь құрыттай жиынтысы” деген ұрандар тастайды. Токтамышев: “Алаш азамағтары. Атға” деп айғай салады. Көшеден өтіп бара жатқанлар да “Атға, атға!” деп шулайды.

Телефон соғыстауды. Сидоров телефонға келеді.

**Сидоров.** Полковник Якушин. Бізде бәрі де лайын... ия, ия. Өкімет уәкілі господин Давыдовтың талабы – жексенбіге аттану ... жаксы, жаксы.

Грубканы іледі.

Аттанатын болдыныздар, господа!

### *Шымылдық*

## БЕСІНШІ КАРТИНА

Семей қаласы. Ертіс өзенінің жағасы. Өзеннің үшінен қала жақтағы паром, кайық токтайтын жиегі. Қала бейнесі айқын көрінеді. Әсіреле. Воскресенский аланы. казак орыс шеркеуі ерекше көзге түседі. Ертістің арғы бетіндегі “Заречная слободка” қаласы да аулағырактан айқын көрінеді. Перде ашылғанда шіркеу қонырауының үні, атыстан актың әскерлерінің өлең айткан дауысы естіледі. Қайыкшы киімін киген Шалтай котельге шай қайнатып отыр. Жағада төңкерілген ескі қайыктың үстінде трубкамен шылым тартып, балық салған болып партизан отырады. Әрлі - берлі өтіп ақтардың сакшы солдаты жүреді.

**Шалтай.** /от жағып отырып ыңырысып ән салады/

Ертістің ар жағынан көрдім сені,  
Сырганды қайық қылыш өткіз мені.  
Сырганды қайық қылыш өткізбесен,  
Болсаң да хорлың қызы аlam сені.

/Сақшы аулағырақ кеткенде балық салып отырған партизанмен сөйлеседі/.

Е... тамыр, қалай балық тарта ма?

**Партизан.** /артына қараң/. Тартады. Шортан іліне ме дең отырмын.

**Шалтай.** Темекі бар. Махорка, ә?

**Партизан.** Кел тарт.

**Шалтай.** Ой рахмет.

Қасына барып шылым орайды.

**Партизан.** Олжабай қалай кешікті?

**Шалтай.** Тез оралам деген. Аналармен шатасып қалмаса.

**Партизан.** Олжабай олармен қалай сөйлесуді біледі. Сендерге баратын “конақтарды” байқадың ғой. Артиллериясы, автомобиль отряды бар.

**Шалтай.** Иә... коңақ мол.

Солдат келе жатады.

**Шалтай.** Махоркан ашты, крепкій махорка. Е... жақсы болды.

От басына кетеді. Солдат та бұларға қарап өтіп кетеді.

Шалтай әңдеғі: от жаға береді. Қолында дорбасы бар Олжабай келеді.

Олжеке келініз бе?

Олжабай. Агаңа нағайттың арағын әрең таптым. /Солдат жаққа иегін көтеріп/ Ананың ағасының асы ғой... Сабыржанға айт Нұржанның Ергалин ана атаңа нәлеңтер жауып тастанғы. Тірі құтылар ма екен байғұс... Азамат елі. /Пакетті беріп/. Иә, өрте мынауынды. Пәле болды.

Шалтай алып отқа тастанды.

Шалтай. Қалада не боп жатыр. Олжеке?

Олжабай. Не болсын. Шеркеуін дәңғырлатып, сырнайттыш-кернейттеп жатқан жоқ па. Аржакқа өтпек кой бүгін. Олжабай аман болса өткізер атаңа нәлеңтерді. / партизанға айғайлап/ Эи, балықшы, бері кел. Балық бар, э.

Партизан. Бар, бар.

Олжабай. Экел бері. Мен саған арак, самогон берейін. Күй Шалтай!

Партизан. Ой рахмет!

Паргизан келеді. Қастарынан солдат өтіп бара жатады.

Олжабай. Ей, солдатушка, кел /арак құйып/. Мынаны жүтүш жібер.

Солдат. Нет, нет... мен постыда.

Олжабай. Қай атаңа нәлет жау келіп түр. Іш! Біз тамыр, дружия. Давай іш!

Солдат. Начальниктер білсе жаман.

Бәрі “Іш, іш” десіп жатады.

Олжабай. Начальник-машальник, не ол. Біз свой. Іще бер. /Солдаг аракта қағып салып, рахмет айтып жүріп кетеді/.

Ал, Ермалай Метрш, актар шіркеуге жиналып, алласына сиынып жатыр. Намаздан соң арғы бетке өтеміз дейді ғой, атаңа нәлеңтер. Менен бірдеме быттілері келі-ау деймін. Бірак, ашып айтпады. Тері бізге сенбейді.

Партизан. Олар халыққа сенбейді. Еңбек елінен есі кетіп корқалы. Большевиктерді құртпак. Халықтың канын судай төгіп, революцияны тұншықтырмак. Әскердің күшімен, найзаның үшімен үстемдік құрмак. Жоқ. Ол ботмайды. Халық ешқашан курымақ емес. Ендеше большевиктерді де курыта алмайды. Жаудың күні санауы. Бұлар кәзір күзгі күнті қалың кара шыбын сияқты, егер алында аянбай шағады.

Олжабай. Бұл жауыздардың ендігі бет алысы қай жақ езі?

Партизан. Жетісуды басып алып, Ташкентке тартпак.

Ондағы Түркістан Совет өкімегін құтапши. Мәскеуде ағтанбақ, /Шалтайға/ Ашынған жау жаралы қабандай ызыры. Енді бар күшін жиши. Аяқөздел советке, сендерге салмақ.

**Олжабай.** Сабыржан да соны сезіп. Шалтаиды бізге жіберіп отыр ғой!

**Шалтай.** Комиссар әлеін сіздерге жіберді.

**Партизан.** Біздің жасырын большевиктер үйымы жауға карсы жан-жактан шабуылға шығуды үйірді. Жетісуге жаудын желкесін қиу. Ұран сол, достар.

**Олжабай.** Біздің жігіттердің де алақаны қышын. "аттан" кай күні шығады деп, құлак түрін, сақадай сай отыр.

**Партизан.** Олжеке, революцияның дүшпандары бірін-бірі үшін тапкан қасқырдай. Семейге топталып отыр. Айла-тәсіл керек. Босқа арандауға болмайды. Сабыржан Габбасовқа салем. Аз уақытка болса да актың әскерлерінің Ертіс ген өтуін шама келгеше бөтейміз. Заречная слободка байланысын үземіз. Аржақтағы Алаш Орда отрядын талқандаймыз.

**Шалтай.** Біздің комиссардың тілегі де сол ғой.

**Олжабай.** Қысқасы жау Семейден сыбағасын алғып кегетін болады ғой, аман жібермейміз енді атаңа нақиеттерді.

**Партизан.** Сибирь партизандары Семейді ақтардан азат етуге аттанғаты отыр.

**Олжабай.** Шалтай, сен осынын бәрін үғыш ал, айта бар Сабыржанға.

**Шалтай.** Құлакқа құйып жатыр ғой, Олжеке. Бәрін де жеткіземін. Сабыржан сеніп жіберген інініз аты Шалтай болғанымен өзі шалтай-балтайдың жігіті емес екенін өзініз де білесіз ғой енді, Олжеке!

**Олжабай.** Эй өзіме гартаң ожарым-ай!

**Партизан.** Енді кан майдан үрысгың басы Аяқөзден басталады. Ал, Олжеке, уақыт тар. Бұтінгі ісіміздің сәтті болуын ойлайык.

**Олжабай.** Атымен Ертістің аржағына өткізбеу керек дедік қой... Бүгүн сүмдардан да арам айла құтылған ба...

**Партизан.** Ия?

**Олжабай.** Бізден аманатқа адам үстап отырған жок па.

**Партизан.** Адам үстап дейсіз бе, Олжеке.

**Олжабай.** Мені шақырып алғып, ана штабы ма еді, не еді иттердің...

**Партизан.** Соңан соң?

**Олжабай.** Қашан әскер аман-есен арғы бегке өтіп болғанша, өзін осы жакта боласың деп колымнан пәдескесе алын емес пе. Өзіміздің ақылдақсан ісімізге кесел келмесін.

Түйенің үлкен өткелі гаяқ жейді ғой. Ағана нағайтердің көзін алдал, түйедей боп мен-ақ қалайын қолдарында. Әйтпесе маган мінін Ертіс пін аржағына өте алмайтыны хак кой. Сендер түгел аржаққа өтіп кетіндер. Тек ойлаған ісіміз сәтті болсын.

**Шалтай.** Ойбай-ау. Олжабай ағау, о не дегенініз.

**Партизан.** Ондай ерлікті коя тұрыныз. Олжеке.

**Олжабай.** Ой, ерлігім емес, шыным сол. Игілікті істі булдіріп алмайық деймін. Әйтпесе өзіне өлім тілең, жанынан беле алмай жүрген Олжабай жоқ. /солдатты нұскап/ Ананы кескегін үстатель неге қойды дейсін.

**Шалтай.** Олжекенді жау қолына беріп кеттік деп мен не бетіммен Сабыржанға көрінем. Қойыныз, Олжеке.

**Партизан.** Аңдытып койған кескектіні Олжекеннің жолына құрбандыққа шаламыз – шешім сол.

**Олжабай.** Қасаптап кетейік дейсін ғой

**Партизан.** Әрине.

**Олжабай.** Қасаптаудан Олжабай қашпайды-ау... тек булдіріп алмайық.

**Асығыс Фазылжан** келе жатады. Қазақша киінген. Оны күзетші солдат токтатады. Фазылжан солдатка документ көрсетеді. Солдат честь беріп қала береді.

**Партизан.** Міне біреуі кім?

**Олжабай.** Ойбай-ау Алаштың атаңа нағаеті ғой...

Фазылжан келеді.

**Фазылжан.** Ассалаумагалейкум, Олжеке.

**Олжабай.** Өзің немене Фазылжан мырза-ау. Төре пормонды өзгертіп, ауыл мырзасына үқсан кетіпсін мұлде.

**Фазылжан.** Олжеке, алыс сапарға бара жатырмын. Олжеке. Қимылданызы. Міне, үйқылығым.

Калтасынан ақша әпереді.

**Партизан.** Асығыс жолаушының жолын бөгеменіз, кайыкшы.

**Олжабай.** /ағайлан/. Эй, Айдарбек, мына мырзаны арғы бетке өткізіп тасташы. /Бір кайыкшы келеді/. Ал, мырза отыра бер кайыкка. /Кайыкшыға/ Мына атаңа нағаетті өткіз де өзің сол жакта бол. Барлық кайыктың күректерін, көрмелерін жинап тығып тастандар.

Бірінші кайыкшы. Макул.

**Партизан.** Беретін белгіні айтыңыз.

**Олжабай.** Біз сырнайлатаип, әндестіп жағадан жөнелгенде жол болды дей беріндер.

**Партизан.** Ұрыска әзір тұрындар.

**I-қайыкшы.** Менің іздегенім бата оқыр ғой. Макул.

**Кетеді.** Кайықшы Фазылжанды алғын жөнеледі.

**Партизан.** /Шалтайға/. Дәуде болса сенің Аяқөзіңе бара жатқан жансызы.

**Шалтай.** Бәссе.

**Олжабай.** Натыз атана нәле ітің өзі. Қасантай тастау керек еді өзін.

**Партизан.** Үлкен істі бұлдаріп аламыз деген сол болады. Болмайды. Олжеке. Сабыр керек. Шалтай сен әлгіні үмытша. Танып ал.

**Шалтай.** Экесінің терісін қантап кисе де ганимын енді.

**Партизан.** Ал, Олжеке шақыры жігіттерді. /Қарауылағы солдатты нұскап/ Ананы жайғастырайық та жөнелейік.

**Олжабай.** Эй, Аманжол. Карабаға, келіңдер сырнай-ларыңмен. Қөңіл көтерейік. Келіңдер бері!

Екінші, үшінші кайықшы келеді. Біреуінің қолында гармонь бар.

**Шалтай.** Оттырындар, жігіттер.

Гармонь тартылады. Арак құйысып жағады.

**Партизан.** Олжеке, шақырыңыз.

**Олжабай.** Эй, солдатушка, кел тамыр!

**Партизан.** Ал, жігіттер, мыстық дауысы шықласын. Жымжырт жайландар.

**II – қайықшы.** Тұяқ серінкізсем тұқымым құрысын!?

**III – қайықшы** - Маган коя бер. Ененлі үрайынның кенірдегінен қысып, горласын сұрып алайын.

Солдат келіп қолына арак ала бергенде, тасырлатып шауып келе жатқан аттың дүбірі естіледі. Партизан жігіттерге “тиме” деген ишарат білдіреді. Солдат тұра жөнеледі.

**Партизан.** Шортаны келе жатыр. Жаңжат үлкенге кетті.

**Олжабай.** Атаңа нәлдеттердің аузын ашырманңар.

Офицер келеді. Солдат честь беріп тыныштық екенін айттып жатады. Офицер кайықшытарға келеді.

**Офицер.** Бұл не сауық?

**Олжабай.** Таксыр, сіздердің құрметтерінізге, деп аздала ішіп жатырмыз, өзініз білетін арак қой.

**Офицер.** Паромдар, кайыктар дайын ба?

**Олжабай.** Дайын таксыр.

**Офицер.** Қане, кайда?

**Олжабай.** Арғы бетте.

**Офицер.** Қазір әскер өту керек. Сен аргы бетте дейсін. Подполковник Токтамышевка бүйрық берілгені кайда.

**Олжабай.** Подполковник пе. шорт полковник пе. ол да аржақта шығар.

**Офицер.** Не дейді мына қабиғ!

**Олжабай.** Таксыр тілінізді тартыңыз, кайықшының мінезі жаман атаңа нәлеғті... шағақ болар.

**Офицер.** Токтат!

**Партизан.** Ақырманың, ак офицер!

**Офицер** Сен кай сволочсың? /солдатты шакырын!/ Тінт мына мужикті!

**Партизан.** Тінтсін, тінтсін.

Солдат наргизанды тінтіп жатады. Партизан екі қолын жогары көтеріп ғұрып, солдатты қаисыра құшактан алып ұрады. Олжабай офицердің басына дожлезигін жаба салады. Екінші, үшінші кайықшы офицерге кона түседі. Офицерлін, солдаттың колын бағылайды.

**Олжабай.** Тартындар, жігіттер кайықты!

**Офицер** мен солдатты қайыққа салып атып, есіп жөнеледі. Ақау Семей, тіл мен көмей... деп ән салып, гармондатып үзап бара жатады. Сахна аз бос. Жағаға музыкалатып келе жатқан әскерлер, автомобиль дүріл. Жүгіріп бір офицер шығады.

**Офицер.** Ей, паромщиктер! /айнала қарап/ Жер жұткан ба бұл иттерді. /дүрбімен арғы бетті қарайды./ Бар паром арғы бетте тұр. /Жан-жағына қарап/. Бұл жакта бір де кайық жоқ. Құрылым мен!

Әскердің атсы жағаға жақындаپ келіп қалғаны байқалады. Бронемашинаның алдыңғы жағы көрінеді. Машинадан Виноградов түсіп жүгіріп шығады. Оған офицер келіп:

**Офицер.** Господин, капитан, бір де бір паром, бірде бір кайық жоқ.

**Виноградов.** Сукин сын, сен кінәлі. Маскара! /Осы кезде арғы жағадан мыттық, пултемет дауысы естіледі. Сахнаға қолында кірес епископ, Финаш, Кирилл, Сидоров шығады/. Мәсаған!

Виноградов офицерді атып өлтіреді. Епископ шокынады.

**Виноградов.** Господа, тағы большевиктер... Не сұмдық...  
**Маскара!**

Барлығы аңырап тұрып қалады.

### *Шынылдық*

## ҮШІНШІ АКТ

### АЛТЫНШЫ КАРТИНА

Корғаныска әзірленген Сергиополь қаласы. Шіркеудін алдындағы алан. Шіркеу мұнарасы ұрысты бакылалқи басқарғын орын, онда пулемет орнатылған. Көшелерде жауға карсы оқататын бекіністер. Аутакта Битен гауы көрінеді. Ол тауға зенбірек орналастырылған. Қала сыртында зират, казылған окоғар. Аяқөз өзенінің өлкесі байкалады.

Перде ашылғанда катты ұрыс болып жатқан кез. Әсіресе, жауға тойтарыс беріп, беттетней түрган шіркеу мұнарасындағы пулемет.

Сахнаның бір жағынан аса сакырлықтан жан - жағына қарай - қарай Фазылжан шығады. Ол шіркеу мұнарасын бағуда және Сабыржанды аңдуда.

**Фазылжан.** Алаштын ақ қаны төгіліп жатыр. Фаббасов жеңіп барады. Семейден көмек көтмей жатыр. Жок! Екінің бірі /Шіркеу мұнарасына қараң/ Өзі де келе жатыр. Өлтірсем қазымын, өлсем шайыттың. Қоңда Алаштың аруағы! /Пулемет оқтарын көтеріп, асығыс Мұқаметша келе жатады/. Қапысы келді ме деп ем. Қап!

Фазылжан тасалана қалады Шіркеу мұнарасынан Сабыржан түседі.

**Мұқаметша.** Сабыржан қарағым, пулеметтің екі-ак жәшік оғы қалды.

**Сабыржан.** Екі - ак жәшік... Оқ аз. Жау жараганды. Бірак, жеңілген жок.

Жетекеев келеді.

**Жетекеев.** Ақгардың алғашқы екпіні бәсендеді. Зираттан әрі өтті. Шегініп барып, шеп құрып жатыр.

**Сабыржан.** Жау енді аңдысу тәсіліне көшті. Оларға уақыт ұту керек. Негізгі күші, ауыр колы - артилериясы артта. Соны қүтеді. А, бізге уақыт қымбат. Көп ойтансақ ұтыссың. Қоңма - қол жедел, тұғқысы шабуылға шығу кажет. /Мұқаметшаға/ Сіз пулеметтің қалған барлық оғын осы араға тез жеткізіңіз. Біздің қазіргі шабуылдың тағдыры, әсіресе.

осы шіркеу мұнарасындағы пулеметке байланысты. Ал, өзініз пулеметчиң жаңынан бір қадам да кеппеніз!

**Жетекеев.** Пулеметчиң жалғыз калдыруға болмайды.

**Сабыржан.** Пулеметчикке бүйрік берілді. Біз шабуыл бастап, жау көтерілген кезде-ақ оқ жаңбырдай жаусын. Жағқан жауға оқ шығармандар.

**Мұқаметша.** Түсінікті.

**Сабыржан.** Шабуыл басталарда шартты белгі беріледі. Тездетініз!

**Мұқаметша.** Макұл!

Кетеңі.

**Жетекеев.** Біздің барлаушытарымыздың хабарына караңда, жау автомобиль отряды Алтын колат бекетіне келген.

**Сабыржан.** Ендеше олар кідірмейді. Осында жетеді. Солшаттардың қошарындағы гранаталар тек қана жаудың автомобиль отрядына қарсы жұмсалсын. Эрбір командир бұл бүйрыкты бұлжытпай орындастын болсын.

Самат келеді.

**Самат.** /Сабыржанға телеграмма береді/ Телеграмма. Алматыдан.

**Сабыржан.** /оқып/. Фаббасовқа және... Ивановқа...

**Жетекеев** /танырқап/. Ивановқа дейді?

**Сабыржан** /Жетекеевке/. Жаз! /Жетекеев жазып жатады/ ...Сіздер Ивановты командир етіп, көмекке жіберген мын жарым жауынгердің Сергиопольға төрт-ақ жузі келді. Иванов өзі қаланы корғау үрысынан бас тартып, қашып кетті. Оның орнында қалған Зенин үрыста қаһармандық көрсетіп, қаза тапты. Қала әлі қолымызда. Жағдаймыз ауыр. Қосымша хабар күтініз. /Жазылған телеграмманы Жетекеевтен алып, ішінен тез оқып шығып. Саматқа береді/ Мә тез бер. Өзің аппараттан ешқайда кетпей!

**Самат.** Білем, Сабыржан аға.

Самат кетеді. Асығыс Фазылжан келеді.

**Фазылжан.** Жолдас комиссар. Волковтың отряды мұсылман зиратына бекінген актарды айдал шықты. Бір пулемет олжа бар. Ақтың бір офицері жарапанып, колға түсті. Волков... өзі де ауыр жарапанды. Есін білмейді.

**Жетекеев.** Волков ауыр жарапанды. Ол жаңа ғана аман еді ғой.

**Фазылжан.** Ия, ия... жарапанып қалды.

**Сабыржан.** /Жетекеевке/. Волковтың орнына дереу сенімді адам тағайындау керек.

**Жетекеев.** /ойланып/. Кімді тағайындаsam екен?

**Сабыржан.** Калмаков тағайынчалсын. Ол сенімді адам.

**Жетекеев.** Дұрыс, жошас комиссар. /Фазылжанға/ Бара беріңіз. Мен де казір барам.

**Фазылжан** кетеді. Асығыс Әлімкан келеді.

**Әлімкан.** Аяқөз өзенінің арғы бетіне актардың атты әскері келіп қалды.

**Сабыржан** /Жетекеевке/. Актарадың атты әскеріне қарсы Үржардан келген Апрошкин жауынгерлері, оларға ету жігітімен Ахметжан косылып, тұтқыны шабуыл жасасын. Актың атты әскерін Сергиопольге жеткізбей қарсы үрье бастау шарт!

**Жетекеев.** Бәрі де түсінікті. жоллас комиссар.

**Сабыржан.** Орындарыңа, жолдастар! Қасық қан қалғанша тырысамыз. Бар күшпен сонғы шабуылға шығамыз. Қорқактар, үрей туғызушилар болса – табанда атысын! Шабуылға шығу белгісі керней дауысы болады. Табысатын орнымыз осы жер. Жолдарың болсын!

**Фазылжан.** Бұлардан арамдық артылған ба. Тағы айласын асырып кетті Фаббасов. Өлсе де өз басының құнын он есе етіп өлеңтін болды. /Сырттан керней дауысы естіледі. Шабуыл басталады. Шіркеу мұнарасындағы пулемет оқ жаудыра бастайды. Фазылжан шіркеу мұнарасын нұскан. өз-өзіне/ Мына пулеметтің үнін өшірмесең – аруақ атсын сені. Фазылжан! Өзің жәрдемші бол, жаппар ием. Абырой, атаққа жеткізе гөр, аллатагадам!

Фазылжан наганын қолына алып, шіркеу мұнарасына шығып кетеді. Аздан соң пулеметчиіті аткан Фазылжанның мынытығының дауысы естіледі. Пулемет үні өшеді. Пулемет оқтары салынған жәшікті көтеріп, асығыс Мұқаметша шығады.

**Мұқаметша.** Ойпырай, оғы таусылды - ау... пулемет дауысы шықлады қалды ғой... /Мұқаметша жүгіріп шеркеуге кіріп кетеді. Аздан соң жағасынан сүйреп Фазылжанды алып шығады/ Ә, арамза! /Фазылжан жұлдызы Мұқаметшаны қолынан шығып кетіп, оған мылтық көздейді/. О, жауыз! / Мұқаметша да наганын кабурынан алуға бейімделгенде, Фазылжан атып жібереді. Мұқаметша қолынан жарапанады. Осы кезде анадайдан жүгіріп келе жатқан Шалтайды көріп, Фазылжан қаша жөнеледі/. Кетті-ау заялым... Қайдасындар...

**Шалтай** шығады.

**Шалтай.** Кешіктім-ау... Тірімісің, Мұқа.

**Мұқаметша.** Тірімін... Құттарма жауызды, Шалтай!

**Шалтай** /қашып бара жатқан Фазылжанды куа жөнеледі/. Ә... Фазылжан мырза!

**Жетекеев шығады.**

**Жетекеев.** Пулемет... пулемет неге токтады.

**Мұқаметша.** Ө! тіріп ке гі... әлгі жауыз Кенжекара... өтірік большевик, жансыз. Хабар да Сабыржанға... Шалтай қүш кетті әлгі итті.

**Жетекеев.** Оқ бар ма пулеметте?

**Мұқаметша.** Әлі бір жәшік оқ бар...

**Жетекеев** жүтіріп шіркеу мұнарасына кетеді. Жүтіріп Әлімкан шығады.

**Әлімхан.** Ойнырмау, не сүмдік! Зенбірек неге атылмай каңыз. Не болы!

**Мұқаметша.** Құртын кетті...

**Әлімкан.** Не дейді, кім, кім?

Шіркеу мұнарасынан Жетекеев түседі.

**Жетекеев.** Пулеметті де істен шығарған

Фазылжанды аттына салтып айдағ Шалтай келеді.

**Әлімкан.** Э... Арамзаның құйрығы бірақ тұтам. О, қарабет!

**Жетекеев.** /Фазылжанға мылтығын көздеп/. Тап пулеметтің замогін!

**Фазылжан.** Көргем жок.

**Жетекеев.** Сволочь!

**Мұқаметша.** О, жауыз, Кенжекара, кан ішер!

**Шалтай.** Кайдағы Кенжекара. Алаштың офицері, Фазылжан. Біздін ішімізге жіберілген жансыз!

**Жетекеев** /Фазылжанға/. Табасың ба, жоқ па!

**Фазылжан.** Білмеймін.

**Жетекеев.** /кекеп/. Білмейсің бе... Мә саған!

Жетекеев Фазылжанды атып тастайды.

**Шалтай.** Жат сонымен.

**Жетекеев.** Шалтай. Волковтың отрядында жау қолынан түскен пулемет бар. Тез алып кел де, шіркеу мұнарасына орнат. Мұқаметшаны лазаретке ала кет!

**Шалтай.** Казір орындамын. /Мұқаметшаға/ Журініз, Мұка.

**Шалтай.** Мұқаметша кетеді.

**Әлімкан.** Асхат қарағым, енді жау жағы қарсы шабуылға шықтығой. Зенбірек, автомобилдері де жетті жауыздардын. Қала қан майданға айналайын деп түр. Сабыржан мені саған жіберді. Жаратанғандарды, қоймадағы қару-жақартарды дайындаған көлікпен Қапаң трактосына қарай аттандыра берсін, біз қалған күшімізben жаудын аттын бөгей тұрамыз деді. Өзі алдыңғы шетте қалып қойды.

**Жетекеев.** Әлеke, ол жұмыстарға өзіңіз шұтыл кірісініз. Менің комиссарға көмекке жетуім қажет казір.

**Асығыс Шалтай келеді.**

**Шалтай.** Комиссар жаудын қоршауында калуға айналды. Пүлемеген қаиыр жок. Актардың автомобиль отряды баар жолдың бәрін алтып қойды...

**Әлімқан.** Ақаңдай Сергиопольге кара құрттай қантауын карашы карақшылардын... Не істейміз. Асхат қарағым...

**Жетекеев.** Басқа амат қалған жок. Мен еңде соңғы сактаған отрядты ақырғы шабуылға шығарам. Әлеke. Шалтай. комиссардың өмірін сендерге тапсырым. Сабыржанды майданнан аман алтып шығу керек! Ал. мен көйтім.

**Әлімқан.** А. Шалтай, әр сыналар жер келіші.

**Шалтай.** Нар тәуекел.

Бәрі де кетеді. Сахна аз бос. Сыртта ұрыс жүрі: жатады. Аздан соң бір аяғынан жарапланған Сабыржанды сүйемелдең Әлімқан. Шалтай шығады.

**Әлімқан.** Сабыржан қарағым. аяғын атка жүргүгө жарап ме екен?

**Сабыржан.** Аяқ ештеңе стиес... Асхат кайда екен?

**Әлімқан.** Ол ұрыста. Жау қонында сен қалма, сен тірі болсан — біз тірі.

**Сабыржан.** Шалтай, сен тез Самагты шакыр. Мұкаметшага айт. Қоймада қалған барлық қару-жаракты Қапал жолына тез жөнелтсін! Жарапланғандар жау қонында қалмайтын болсын!

**Шалтай.** Қазір.

**Шалтай** келеді.

**Әлімқан.** /артынан айқайлап/. Шалтай. ат, ат даярлаттыр! Жетекеев келеді.

**Жетекеев.** Жолдас комиссар, Сабыржан, досым... бауырым... Отінемін, жарапысың, тез кет қаладан. Бронемашинадар алдыңғы шептеп етіп кетті.

**Сабыржан.** Асхат, қаладан шығындар! Бытырамандар! Эскерді сакта. Бұл женіту емес, шегіну! Қайта ораламыз! Түйісетін жеріміз — Қапал жолы...

**Жетекеев.** Түсіндім. Бәрін де орындаимын. Алан болма. Тез аттан енді!

**Самат** келеді.

**Самат.** Мен келдім. Сабыржан аға.

Сабыржан телеграмма жазады.

**Сабыржан.** Мына телеграмманы қазір Алматыға бер де, телеграф аппаратын құрт! Өзің Асхатпен бірге бол. Кош!

**Самат.** Кош. Сабыржан аға! Самат кетеді. Шалтай келеді.

**Шалтай.** Ат дайын.

**Әлімқан.** А. Сабыржан, аттанайык қарағым.

**Жетекеев.** Өлеke. Шалтай екеуің комиссармен бірге болындар, арттарыннан тағы солдат аттандырам. Қөріскенше, кош болындар!

**Әлімқан.** Кош, Асхаг!

**Сабыржан.** Асчат, сендім саған. Кош!

**Сабыржан.** Әлімқан. Шалтайтар кетеді. Сыртта атыс, автомобиль дүрілі күшінеді.

**Жетекеев.** Шыбын жан, касық кан қалғанша ұрысу. Біз тегін өтмейміз. Алтысып өлеміз.

**Кетеді.** Көше соғысы. Шеінші ұрыс салып, қаланы тастап бара жатқан қызыл партизандар. Оларды өкшелей келе жатқан актар. Автомобіль отряды байқауды. Ұрыс қала сыртына ауысады.

**Айғыз** бергенде қарсы алды. Арынан Кирилл шығады.

**Айғыз.** Жүр карағым Мәкіш.

**Мәкіш.** Қайда барамыз. Айғыз апа?

**Айғыз.** Мына жауыздар бізді де аямайды... я құдай, азаматтарымды сакта!

**Екеуі** кете бергенде қарсы алды. Арынан Кирилл шығады.

**Кирилл.** /Мәкішті кекеп/. Ә... комиссардың катыны. /Айғызға/ Қалай қызыл партизан. бәйбіше!

**Мәкіш.** Екі жұзді... қара бет, кан ішер... Алдамшы азғын...

**Айғыз.** Анадан адам болып тұғанша, қарашибар жылан неге болмадың екен... О. азғын. Жолың болмай, жаудай солғыр, жауыз!

**Кирилл.** Токтат! Шәуілдемендер, большевиктердің бетбактары.

**Айғыз.** Арсында мақтын-балага. актың қанды ауыз, адыра қалғыр, бураңы иті!

**Кирилл.** /мылттығын атып/. Қайтеді мына жаман катындар. Өшіріндер үндерінді!

**Мәкіш.** Иә, біз катынбыз... Мен де ермін деп жүрсің-ау.

**Айғыз.** Атағой мені... әйел атқыш неме.

**Кирилл.** /Мәкішке/. Ерлігіме көзінді жеткізermін. Байын қайда. Қайда комиссарың?

**Мәкіш.** Сабыржан үйде, сені күтіп отыр!

**Кирилл.** Э... солай ма! /Мәкішті сүйрелеп/ Жүр ендеше!

**Мәкіш.** Тарт, қанды колынды!

**Айғыз.** Қайтеді, мына адыра қалғыр.

**Кирилл.** Мәкішті сүйрэй жөнелгенде. Айғыз артынан келіп, Кириллді қырқасынан шалып алып ұрады. Кириллдің мылттығы колынан ұшып түседі. Айғыз мылтықты алады. Кирилл атып тұрып, анадайға барып тұрады.

Кирилл. /Айғызға ақырын/. Таста мылтықты!  
Мәкіш. /Айғыздың қасына келіп/ Айғыз ата..  
Айғыз. Жау аяған жаралы. Мәсаған!

Айғыз Кириллді атып жібереді. Кирилл құлайды. Айғыз, Мәкіш кете барады. Ақтардың солдатының ала-құла киімін киген Апошка шығады.

Апошка. Ал, Апошка, партың келді енді. Басың қал... /Өліп жатқан Кириллді көреді/ Кайран Керала, досым-ай! Қаптысты қатырып кеткен екен той, үсындырып. /Анадай кетіп бара жатқан Айғыз бен Мәкіштің байқап қалады/. Ана қатындар екен той. Токтаңдар, стой, стой! /Қуа жөнеледі. Мылтық атылады. Апошка кейін қашып, үрекленіп, сахнаға шығады/.

Апошка. Алла... Мүрдем кете жаздадым-ау... /Кенет ойланып қалып, айғайтап жібереді/. Аттан, агтан! Қарауыл, қарауыл! Керала! Айғыз, Айғыз!

Жүтіре жөнеледі.

### *Шымылдық*

## ҮШІНШІ АКТ

### ЖЕТИНШІ КАРТИНА

Аттынышы картинадағы көрініс. Қала актардың қолында. Перде ашылғанда сахна бос. Актар әбігер. Қаланды гастап кетуге бет алғаны байкалады. Телеграф жақтан асығыс Виноградов ке.ле жагады, штаб үйінен Финаш шығады.

**Виноградов.** /Финашка/. Господин полковник, Семеймен байланыс үзілген...

**Финаш.** Не дейді... Сибирьден үміт жок десенізші...

**Виноградов.** Сибирь... Сибирь... фронт жоқ, тың жоқ... бұл не соғыс! Бұл не сұмдық! Не бол барасын. Россия!

**Финаш.** Большевиктер... оларға еріген қараңты ҳатық қатың тобыр... гражданская война...

**Виноградов.** Ия... гражданская война... Арқат бекегі қызылдардың қолында. Финаш мырза.

**Финаш.** Тау мен тас, сай-салада бөрідей жортқан қызыл партизандар. Сабыржан да колға түспей кетті. Алдымыздан от да торын құрып бағар, қашан көзі жоғалғанша.

**Виноградов.** Токтамышев мырза не ойлайды екен?

**Финаш.** Не ойласын. Ағ төбеліндегі байларға болмаса, казактың алдында Алаштың да салмағы байқалды емес ие.

**Виноградов.** Байқалды, байқалды... Бұнда отырудан мағына жоқ. Әскерлін алдын Алтын қолатқа аттандыруға бүйрік бердім.

**Финаш.** Алтын қолат... Сергионопольден отыз шақырым... Үржар. Маканшыны жедел алу қажет. Ол жердің партизандарына Алматы, Тәшкенттен большевиктер отряды көмекке келу қаупі бар.

**Виноградов.** Дұрыс айтасыз. Бақтыға тез жету керек...

Токтамышев келеді.

**Финаш.** Хамит мырза, жайлы хабар жоқ. Арқат қызылдардың қолында.

**Виноградов.** Семеймен байланыс үзілді.

**Токтамышев.** Хабар жайсыз екен. Елге, әсіреле әскер арасына жария етпеу керек болар. Рухы түсіп кетуі мүмкін.

**Финаш.** Еңлігі шешім – тез аттану, қызыл партизандарды жедел жою...

**Токтамышев.** Жазалаушы, карательный отрядты күшейту

кәжег мұндаида. Арқатты өзім басып өтем. Фаббасов құтының келінеу үшін тағы да әр тараңқа оғряд ағтандыру керек болар. Ол аяғынан ауыр жараптанып кеткен көрінеді. Ұзаң көте ағас. Оның қолға түскені мақұл.

**Финаш.** Мәслихат, дұрыс аитасыз. Хамиг мырза.

**Виноградов.** Мұндағы қолға түскен большевиктермен есеп айырып кеткеніміз жөн болар

**Финаш.** Эрине, әрине...

**Куанышты.** жүгіріп Апошка шығады.

**Апошка.** Ассалау... ғафу егінздер... Қалірлі госнода, тақсырлар. Ақыры қолға түсірлім бәлемді... поймат етім...

**Тоқтамышев.** Кімді, кімді?

**Финаш.** Ия, кімді?

**Виноградов.** Кімді поймал?

**Апошка.** Кераланы өлтірген кемпірді... Сабыржанский партизан... кәдімгі Айғызды.

**Финаш.** Э... Айғызды ма.

**Тоқтамышев.** Міне Алаштың азаматы, жігіт!

**Виноградов.** Ой, молодец!

**Апошка.** Эне, әне келе жатыр. Ойнырмай аю катын. Опасный тілті.

Қолын артына байлаған Айғызды екі солдат алып келеді.

**Финаш.** /Айғызға/. Сен кімсін?

**Айғыз.** Көрмей тұрмысын!

**Тоқтамышев.** Жөнінді неге айтпайсын.

**Айғыз.** Сендер жөн-жосық легенді бітүші ме едіңдер...

**Финаш.** /алдан/. Сіз ақынға келініз. Біз білеміз. Сіз адасың жүрген адамсыз. Сіздер сиякты момын елдің обалына катып, аластырып келген Сабыржан сиякты большевиктер.

**Тоқтамышев.** Сіз тәубанызға келсөніз босатамыз. Бізге қажетініз жок. Сабыржанның жамағаты кайда?

**Соны** айтсаныз болды. Жөнізге жүре берініз.

**Айғыз.** Сабыржан дейсіндер ме. Сабыржан халықтың баласы. Алып анадын туалы. Мен анамын. Халықтың баласы – менің де балам. Баласын сатқан ана көрген адам бар ма екен. Жок! Сабыржаннан садаға кеткірлер. оның ала жарынан садаға кеткірлер. Әзәзілдің азғырғанына еретін Айғыз бар ғой деп тұрмысындар.

**Финаш.** Бәсе, кісі өлтіргіш. қан ішер калының сөзі осылай келеді.

**Тоқтамышев.** Мұсылманнан, қазақ әйелдерінен мұндаидай да азғын шығады екен!

**Айғыз.** Ерді құлдықтан. әйелді күндіктен күткарып,

қолымызды бұтаудан босатып, басымызға бос ганың әнеген Сабыржан сиякты ардашер азаматтар еді. Аяқөздің өзені қызыл қан болып ағып жатыр. Ет басына кара түнек орнатқан кара жүрек, қан ішер сендерсіндер! Бұтаудан босаған қолымызды қайта байтап, ананы қорлаған азғын сендерсіндер. Жолдарың болмас. Халық қаһары атсын сендерді!

**Тоқтамышев.** Ана болмай кеткір!

**Финаш.** Ана дейді, әлі!

**Айғыз.** Анадан тумай, иттен туyp. іннен шығып па едіндер...

**Виноградов.** Тоқтат!

**Финаш.** Экетіндер!

**Тоқтамышев.** Апарындар!

**Апошка.** Айттым фой аю деп...

**Солдаттар** Айғызды әкетеді. Апошка бірге кетеді.

**Айғыз.** Қорқыныш, өкініш, үрей жолдас болсын сендерге! Арым таза. Құрбаным болсам арман емес. кош, халқым!

Виноградов. Тоқтамышев, Финаш үйге кіріп кетеді. Аздан соң шіркеу қонырауы қағылады. Бір офицер асығыс келе жатады. Үйден Финаш. Виноградов. Тоқтамышев шығады.

**Офицер.** Господа, Алтын қолатқа қызылдар келіп жеткен. Семей жақтан қалың партизан отряды келе жатыр...

**Виноградов.** Тез аттану керек, господа...

**Финаш.** Семейден келе жатқан отрядты бөгейтін күш қалдырып, Алтын қолатқа шабуылға шығу керек.

**Офицер** кетеді. Асығыс Мықтыбай келеді.

**Мықтыбай.** Сүйінші, таксырлар, сүйінші! Сау сәлеметсіздер ме? Куанып жатырмыз...

**Тоқтамышев.** Ия, ия жылдам айтыңыз!

**Финаш.** Э, Мықтыбайсыз ба?

**Мықтыбай.** Финаш мырза, Сабыржан қолға түсті.

**Финаш.** Сабыржан ба!

**Тоқтамышев.** Фаббасов!

**Виноградов.** Комиссар Фаббасов. Так, так!

**Мықтыбай.** /Финашқа қат береді/. Міне, болыстардың хаты.

**Финаш.** /окилы/. “Физатлу, уа құрматлу... /асығыс аттатып оқиды/ ия, ия... большевик Сабыржан Фаббасов һәм Әлімхан, һәм Шалтай, онбір орыс большевик серіктерімен біздің қолымызда байлаулы... Иншалла, құдай сәтін салды. Тез әскер жіберініздер. Мағұлым болсной управительдер: Жаролта, Омар һәм Жақыпбек деп біләсізлөр. 10 июль 1918 сәнәда”. Бәрекелді. бәрекелді. Рахмет сіздерге!

**Тоқтамышев.** Аташтың адаға азаматтарына алғыс айғамын!

**Виноградов.** Бұларды ен жоғарғы наградқа ұсыну керек.

Мен қазір келемін.

**Виноградов** асығыс кете!.

**Мықтыбай.** Сабыржан аяғынан жарағы. Ол он үш жолдасымен шаршан шашыбып, аттары болдырып. Жаролта байдын ауызына ат ауыстырып мінбек болып түсті. Тынығын жатканда кару-жарақтарын сыптырып алғып, байлан тастандық, таксыр.

**Тоқтамышев.** Айттым емес пе. Жароллашар біздің сенімді тіретіміз ғои. Финаш мырза.

**Финаш.** Сабыржанға өзім аттанам. Атаман марқұмның баласы басгаткан жергілікті казак орыстардан 20 сошатпен барлық Фаббасовіден есеп айырып, тұра Аттын қолағтан сіздерді габам, Хамит мырза.

**Мықтыбай.** Бұл жақ қалай, таксыр!ар?

**Финаш.** Сіз гез елге жетініз. Біз барғанша сак болсын. Сабыржанның ел ішінде ниеттестері болып, бұлшіріп жүрмесін. Біздің халіміз өте жақсы. Ұсақ бұлкішілер бар аздаған. Ол күрилді. Үкімет берік қолда.

**Мықтыбай.** Бәрекелі, қайырлы болсын. Мен болыстарды қуанта берейін.

**Кош** айтысын кетеді. Асығыс Рақымбай. Апошка шығады.

**Рақымбай.** Таксырлар, тиыштық па әйтеуір.

**Апошка.** Шіркеу күніреніп кетті ғой, прямо.

**Финаш.** Сабыржанның өзі де колға түсті, бай

**Рақымбай.** Не дейді бәтір-ау, жолыныз болсын Финаш мырза. Бәссе, сіздердің құрықтарыныңдан кете алушы ма еді, тәйір.

**Апошка.** Парт бір келген сон құтқара ма.

**Тоқтамышев.** Аз, бай, комитеттерініз бар. Енді қауіпперініз жоқ. Ел жұмысын өздеріңіз басқара бересіздер.

**Рақымбай.** Иншалла, қайыр жұға арыныңдан арқасында. Сіздерші, таксыр.

**Финаш.** Біз енді Алматы, Ташкентті азат етті. Москваға аттанамыз.

**Рақымбай.** Бәрекелді, жолдарыныз болсын!

**Апошка.** /өз-өзіне/. Тұра козраиттап қызыңшарлы құртады екен ғой. Дұрыс. Кол шыбып тұрғанда басып қалу керек. Правильно.

**Тоқтамышев.** Ана большевиктерді кайтеміз, бай?

**Рақымбай.** Өздеріңіз жайлап кетініздер не де болса, таксыр. Олар қызыл пәле ғой, алтам сактасын.

Виноградов және бір офицер келеді.

Финаш. Тізімі кайда?

Офицер тізім береді. Виноградов оқиды.

Виноградов. /оқиды/. Самат Фаббасов...

Рақымбай. Сабыржанның інісі, иә...

Виноградов. Ахметжан Хабибуллин.

Апошка. Жездесі, зәт, зәт...

Виноградов. Ай... ай... ай...

Апошка. Айғыз, Айғыз Көшкімбаева...

Рақымбай. Түгел қызылдар.

Виноградов. Халық жаулары ғой.

Рақымбай. Бұдан артық жау бола ма, тақсыр.

Апошка. Нәстәяши, нәстәяши...

Виноградов. Соғыс уақытының заны... ату дейді.

Рақымбай. Заң жарықтықтан шыға аламыз ба!

Апошка. Заң анау-мынауға караушы ма еді... прямо кетеді  
ғой.

Виноградов. /Рақымбайға/. Қол койыныз.

/Рақымбай қол кояды/.

Ал, анау Айғыз дейтін катынға оқ шығармандар. Халықты  
жинап ел алдында кескінеп өлтіріндер. Шығыс эйелдерінен,  
мұсылмандардан... мұндай маскарайлық шықпайтын болсын.

Финаш. Дұрыс кесім.

Токтамышев. Эділ үкім.

Офицер. /Финаш пен Токтамышевка/ Орындауға рұқсат  
етініздер, господа.

Финаш. Рұқсат.

Токтамышев. Рұқсат.

Апошка. /колын кетеріп/. Рұқсат етініздер.

Виноградов. Орындасыныз, рұқсат Апошка.

Офицер мен Апошка кетеді.

Финаш. Господа, мен Фаббасовка аттанам. Хамит мырза,  
Арқат шабуылын тездетіңіз, уақыт күтпейді.

Токтамышев. Макұл, жолыныз болсын!

Финаш кетеді. Шіркеу конырауы қағылады. Токтамышев,  
Виноградовтар саҳнаның бір бүйіріне таман барады.  
Жандарында Рақымбай. Виноградов атылатын қызыл  
партизандардың тізімін оқиды.

Виноградов. Қызыл командир Асхат Жетекеев, Коржавин,  
Муратбеков, Маклаков, Кәрім Юзеев, Нажмитдин Серажиев,  
Ахтам Насибуллин, Сергей Иванов, Нұрахмет  
Шарағиғидинов, Асылбек Жайлауов, Кәрімolla Мендібаев,  
Шляпина...

**Сахна** сыртында оларды аткан мылтық дауысы.

**Рақымбай.** /бетін сипап/. Я. Алла тағалам, өзің кешіре гөр. /Токтамышевка/. Таксыр дәмгө күтіп отырмыз. Аздаған сый-күрметіміз бар, алдияр таксыр.

**Токтамышев.** /сасқатан күйін сездірмей/. Кәзір барамыз, бара беріңіз.

**Рақымбай.** Құлдық, таксыр.

**Рақымбай** кетеді. Аздан соң шеркеу қонырауы қағылады. Жол киімін киген асығыс Виноградов келеді.

**Виноградов.** Кеттік. Токтамышев мырза. бірің дайын, қызыңдар қантап келеді.

**Токтамышев.** Кеттік!

Екеуі асығыс жөнеледі. Қаланы тастап кетіп жаткан ак офицерлер, солдаттар. Сахна аз уақыт бос. Қала сыртында мылтық, зеңбірек дауысы. Аздан соң асып-сасып Аношқа шығады.

**Апошка.** Апошка шорт-ай, тағы да алтыныңпен қалдың-ау. Қап! Кеттім-ау...

Үстіндегі солдат киімін шешіп, лактырып жатады. Жүгіріп Рақымбай шығады.

**Рақымбай.** Не болды, Апошка-ау! Өң бе, тұс пе! Неге шешінің жатырсың?

**Апошка.** Қөрге кірейін деп жатырмын, қөрге. Ала өзізімнің терісін үкалай бермей, нем бар еді сендер сияқты сасық байларда... кеттім, кеттім!

**Рақымбай.** Іріген ауыздан шіріген сез шығады. Ой ант аткан найсан.

**Апошка.** Өзің найсан, дүние қоңыз, пес, сукин сын! Сендер, сендер жеттің түбіме! /kekep/ Доберной боласын, доберной, доберной...

**Рақымбай.** Тарт тілінді, аруақ атқыр, азғын.

**Апошка.** Э... аруақ атқыр. еще азғын дейсің. Мені аруаңың-ак атын. Мен сен шорттың жаңын жаһаннамға жіберейін. / Мылтығын кезеп. Рақымбайға ұмтылады. Рақымбай үреленіп шегіне жөнеледі/.

**Рақымбай.** Тарт, тарт... ой, Апошка не болған саған... ағана мылтық көзеп... /шегіне береді/. Кой, карағым!

**Апошка.** Аға дейді еще. Мә саған.

/Атып жібереді. Рақымбай “Алла” деп барып құлайды/.

Жат сонымен... смотри, өліп жатса да Алла дейді. /Катты толғанып/. Не істедің, Апошка, картожник едің, пьянщик едің. Апошка едің. Біреу құлетін, біреу ренжитін. Айғыз... Айғыз: “Ой антурған-ау, сен де бір адам болсаншы” дейтін.

Ои, ақ сағандар, адасырдыңдар. Қан ішер, қанды қол, қарабет. Апошка /Мылтының қолына алсы/ сайтанның саймандын, кім үстегі қолымада! /лактырып жібереді/ Баар жер, басар тау жок. Жок. Құры, жоғал... О Апошка, ой шорт.

Сендеңіп шығып кетеңі. Мәкіш шығады.

**Мәкіш.** /ойланып/. “Бұз женің емес, шегіну. Біз женеміз” деген сезін құлағыма тағы естіліп түрғанда. Сабыржан. Аяқөзді қанға бояп, үрейленіп, асығып құзғындар кетті. Сенің қызыл ерлеріннен үрейі ұшып, қашты ма жау... Сен келдің бе әлде...

Олжабай, партизан келеді. Партизан жаралы. Қастарында қызыл жауынгерлер. Мәкіш оларды көріп, қуанып.

**Мәкіш.** Біздің... өзіміздің адамдар ғой. Қызыл партизандар, большевиктер!

**Олжабай.** /Мәкішке/ кім боласын шырағым?

**Мәкіш.** Жаудан қалған жан олжа деген болмаса, қалың өрттен аман қалған жалғыз түп қурайдай қуарып қалған жанмын... Сабыржанның жолдастымын, атым Мәкіш.

**Олжабай.** Сабыржанның!

**Партизан.** Фаббасовтан не хабарың бар, шырап?

**Мәкіш.** Бұт жерден аман кеткен... жараты кетіп еді. Басқа хабарым жок. Ақтардың мұндағы жауыздығының күәсі болдым. Сабыржанның інсін, жездесін, қолға түскен жолдастарын түгел қырып кетті ғой... Эсіреле. Айғыз апамды азаптап өлтірді, кескітеп өлтірді. /колға түскен Токтамышев пен Виноградовты солдаттар айдал әкелді/.

**Солдат.** Мына таксырларды қайда апаруга бүйірасыз?

**Партизан.** Бұлардың мойынында жузден жазықсыз жандардың қаны бар. Революция солдаттары – большевиктердің адал қаны бар. Өздері ғұрмені таза іап, жатар жерін дайындаған қойыпты ғой. Апарындар түрмесіне.

**Олжабай.** Автомобилдерінді дүрілдетіп, халық басына кара түнек төндіріп кетіп едіңдер, мұрзатар. Қара жерге кайык салып. Олжабайда жетті сондарыннан. Халық қарғысы күткәрмайды деген осы. Апарындар жігіттер.

Солдаттар Токтамышев цен Виноградовты айдал әкетеді.

**Партизан.** /солдаттарға/. Үрейленіп қалған халыққа жар салындар. Анау ел құрбандарын арулап аттандырайык.

Бір-екі солдат кетеді. Айғай-ұйғай естіледі. Бір солдат Апошканы үстап әкеңеді.

**Олжабай.** Бұл кай пері тағы да?

**Мәкіш.** Осындағы азғын Апошка. Ақтардың жендеті. Тағайды атқан, Айғызды өз колымен өлтіріскең.

**Олжабай.** Нағыз ағана нәлең екен ғои! Атының жаманын-  
ай, көпірдің. Апошка! /басын шаққаң/ Апошка!

**Партизан.** Азғындар азғынды габады да.

**Апошка.** Ои, тақсырлар... жо... жо... жолдастар, мен ақ  
емеспін, олдахи, белдахи...

**Олжабай.** Сенін жүзін қап-қара, қанды кол, қарабег!

**Апошка.** Астаңарадда, олай деменіз... мен Сабыржанды  
білем, күгікарындар Сабыржанды...

**Партизан.** Қайда Сабыржан?

**Мәкіш.** Сабыржан деиді... О, жауыз!

**Апошка.** Құтқарайық комиссарды... Ол Жаролланың  
колында. Мықыбай хат әкеші. Письмо, письмо... Ойбай-  
ау. Финаш... әлгі... господин... полковник кетті сонда.  
Босатындар. Мен тура, прямо бастап апарайын.

**Олжабай.** Эй, сен не шатпырактап тұрсын.

**Апошка.** Шатпырақ, шатпырақ... какой шатпырақ...  
Алошқаға нежоли сенбейсіндер...

**Мәкіш.** Олжабай аға мынаның сөзінің жаны бар сиякты.  
Ойпырмай, аман болса иігі еді...

**Олжабай.** Солай ма, қарағым.

**Апошка.** Конешно, жаны бар... Мәкіш біледі ғой мені.

Сыртта катты шауып келген атты адамшардың дүрсін  
естіледі. Бәрі солай қарайды.

**Мәкіш.** Ойпырмай, алтай. Мұқаметша аға ғой.

**Апошка.** Мұқаметша ағам біледі ғой мені...

**Олжабай.** /солдаттарға/. Экете тұрындар.

Солдаттар Апошканы әкетіп бара жатады.

**Апошка.** Зачем... зачем... қызық қой мыналар. Мен  
кызылға қосылдым емес ие, ә...

Әкетеді. Асығыс Мұқаметша келеді.

**Мұқаметша.** /Олжабайды таңып/. Ойпырау, Олжашысың!  
Жеттіндер ме... /Амандасады/. Мәкіш қарағым-ай, саумысың?

**Олжабай.** Не хабарын бар?

**Мәкіш.** Тірі ме Сабыржан?

**Партизан.** Басқа сөзді кейін, кейін сөйлесеміз...

**Мұқаметша.** Ал, жолдастар, ағтанайық... Сабыржан жау  
колында, жаны қатерде... Финаш зағым 20 солдаттен сонда  
кетіпті... тез, тез. Достар! Олар әлі жеткен жок. Финаш салт  
атта жылдам жүре алмайды.

**Мәкіш.** Жүрініздер, бірге аттанам... болыныздар!

**Олжабай.** /партизанға/. Сөз сенікі. Бол енді. Мен дайын.

**Партизан.** Ендеше өзің тез аттан. Олжеке. Аттары тың  
солдаттарды таңдал ат.

Мұқаметша. Жолда ат ауыссырамыз. Асығайык, жолдастар.  
Олжабай. Ат, кеттік ендеше.  
Партизан. Құткарындар Сабыржанды! Қағындар дабыл!  
Олжабай. Кеттік! Баста Мұқаметша!  
Солдаттар жүтіре жөнеледі. Шіркеу конырауы қағылады.  
Аттың дүбірі, айғай-шу.

### *Шымылдық*

## *ТОРТІНШІ АКТ*

### **СЕГІЗІНШІ КАРТИНА**

Жаролла байлың ауыты. Қазак үйтер. Аулакта дала көрінісі, сары бел. адыр, төбелер. Атыста Ақшатау көрінеді.

Сахнаның оң жағында кедей шаруа іарының қа札қ үйінін ішкі көрінісі. Ол үйде көл - аяқтары байлауды, жараты Сабыржан. Әлімкан, Шалтай. Сахнаның сол жағынба байлардың үйінің сыртқы көрінісі. Құн таудан асып батқалы бара жаткан кешке таманғы мезгіл. Жаролла, Құмар үй сыртында сөйлесіп отыр.

**Жаролла.** Ал, Құмар, Сабыржан колға түсті. Аумалы-төкпелі заман бол екен.

**Құмар.** Мықтыбай да ҳабарды жеткізген болар. Ақтардың қолына береміз де алға деп отырамыз. Сабыржан болшебек. Болшебек бізге дос емес екеніне алтанды өзі күә.

**Жаролла.** Ак патша тағынан тайып, жығыса жығылған актар фой. Аяқөз үстінен өткізшідей өте шығып, тағы қызыл пәлесі қылт ете түссе. қуніміз не болады сонда біздің...

**Құмар.** Аруақ-күдай бар болса, қызыстықның қыры кетті білем. Алда-жалда, жаман айтпай жақсы жок, қызыл келе қалса: Сабыржан ауылымызды шапты, сон сон хатық үстап өкімет қолына берді... аржағын біз бітмейміз. Сөз осы.

**Жаролла.** Ак орнығып қалса, ак түйенің қарны жарылады. Сабыржанға бүйрекім бүрппи отырган мен жок. Артын ойлан, амал етейік.

**Құмар.** Кол көтердік, торға түсірдік. Ата жауды аяма. Тісін барда тас шайна.

**Жаролла.** Мәслихат. Пәле-жаласы өзімен кетсін. Арылған болайық. Сабыржанның өзінен болды десін ел.

Мықтыбай келеді.

**Мықтыбай.** Ассалаумағалейкум!

**Құмар.** Жалғызбысын?

**Мақтыбай.** Финаш бастаған 20 қазак орыс ке.ле жатыр. Жақыпбек ауылымда түстеніп қалды. Мен озып кегтім.

**Құмар.** Аяқеңін не бол жатыр?

**Мықтыбай.** Пәленің басы, Сабыржанның серіктері түтел дерлік қолға түсіпті.

**Жаролла.** Актар әбден орнықкан ғой.

**Мықтыбай** Эй, бітмейм-ау.

**Құмар.** Иә??

**Мықтыбай.** Көр қолы Уржар, Маканшыға сүйт аттаныпты.  
Жетісу, Семей жактан қызылдар қаптап келеді деп е.і дүнк-  
дүнк етеді.

**Шаруа** келе жатады.

**Жаролла.** /Мықтыбайға/. Коя тұр. Жүр үйге кіріп  
сөйтесейік.

**Жаролла.** Құмар, Мықтыбай кетеді.

**Әлімқан.** Ой жалған дүние, арманда кетгін-ау, қарағым.

**Сабыржан.** Әлеке, дүние жалған емес, дүниені жалған  
деп түсіндіретін зұлымдар жалған. Шындық, адам бағасының  
бакыты, бостандық үшін алысын өлтеген арман емес.

**Әлімқан.** Сенің жаңың қалса, мен садага, Сабыржан.

**Сабыржан.** Мен құрескен ісімнің әділдігіне көзім жеткен,  
көңілтім сенген. Қызығын көрмелім деп арман етпеймін Әлеке.  
Сіздер көрсөніз етті.

**Әлімқан.** Ер туза – етте ырыс, сен е.циң ері едің. Сабыржан.  
Шаруа келеді.

**Шаруа.** Сабыржан қарағым, Аяқөзге жіберген кісісі келді.  
Әлімқан. Не деп келді?

**Шаруа.** Не десін... не дейін...

**Сабыржан.** Белгілі ғой. Әлеке.

**Шаруа.** 20 казак-орыс келе жатыр.

**Әлімқан.** Жендеттер десенші.

**Шаруа.** Қанатымен су сеікен карығаш құрлы болмадым,  
каратарым. Қайтейін.

**Жылайды.**

**Сабыржан.** Біз сізге ризамыз. Көзіңнің адал жасы –  
сеікен сүйн сол.

**Шаруа.** Не істе дейсіндер. Айтыңдаршы, караптарым.

**Сабыржан.** Шамаң келсе хат жазуға қолымды босат.  
Болмаса, өкпе жок.

**Әлімқан.** Балаң кайда? Балаң...

**Шаруа.** Жылқыда ғой ол сорлы. Іші казандай қайнап, не  
істерін бітмей жүр. Көзір, Сабыржан қалам, байқап келейін.

**Сабыржан.** Он жолласым не күйде? Жасымасын. Мен  
айтты де.

**Шаруа.** Қазір.

**Шаруа** шығып кетеді.

**Әлімқан.** Қалың кедейден ат тізгінін беретін жан  
шықлағаны ма!

**Сабыржан.** Жасын дедін бе. Әлеке.

**Әлімқан.** Сен сау қалсан арманда көйтім демес ем.

**Жаролла.** Құмар келеді.

**Жаролла.** Сабыржан. мұсылманның баласы едін. Айдаңа келсе атанның құнын кеш дейді казақ...

**Сабыржан.** Мен сенін алдына келгенім жок. Құрған торыңа түстім.

**Құмар.** Аласқанның айыбы жок. қайтып үйірін таңкан соң.

**Сабыржан.** Мен аласқам жок. Табатын үйірім сендер емессіңдер. Арбамаңдар. Аулак!

**Жаролла.** Әлі де кеш емес.

**Сабыржан.** Маған кеш емес. Сендерге кеш. Кер заманның керауыздары. Жаңым үшін жау алтында да жалбарына алмаймын. Пітіне болып, шатығанша, азамат бол да атың.

**Жаролла.** Жан күйінгендеге адам не демейді...

**Құмар.** Мұсылмандық қарызымыздан күтылтайық дегеніміз емес не.

**Сабыржан.** /ойланыш/. Ә, солай ма! Олай болса менін касымдағы адамдарды түтел босатындар. Бұлардың сендерге жазығы жок. Мені жендеттерінің қолына беріп абырай атындар.

**Құмар.** Өз басынды оила. Сабыржан.

**Жаролла.** Аяз әлінді біл... саған сөз қалған жок.

**Әлімқан.** Бөрі жеген бәксем бар. иттен несін аяйын... О, жауыздар...

**Құмар.** Тарі тілінді!

**Жаролла.** Біз сені Сабыржан деп, Фарашаның баласы деп келсек... Әлі большевикше сөйлейсін ғой.

**Сабыржан.** Большевикпін! Жаңа түсіндіндер ме большевиктің кім екенін. Большевик большевикше өледі. Жауыздыққа бас имейді. Ертең тіпті жақсы түсінесіндер. большевиктің әрбір тамшы канын халық қатай баға іайтынын, қалай жоктап ала алатынын.

**Құмар.** Кой. Жаролла, пәледен аулак... Кеттік.

**Сабыржан.** Сендер, тірі аруақсындар. Әлдеқашан кеткенсіндер. Кетіндер!

**Жаролла.** Ә, солай ма!

**Сабыржан.** Солай!

**Жаролла.** Құмар шығып кетеді. Шаруа кіреді, Сабыржанның қолын шешеді.

**Шаруа.** Ал қарағым, жалғызымыңы костым жаныңа. Ат даярлап күтіп тұр.

**Сабыржан.** Раҳмет сізге, дән ризамын!

**Шаруа.** Қарағым. Сабыржан. Жаролланың тортөбелін дайындаң койдым. Ана қызың шылкте балам күтіп тұр. Жалғызымыңды өзіңмен бірге ерте кег. Айтпақшы Аяқезді қызыңдар атыпты.

**Әлімқан.** Иә, құдай!

**Шалтай.** /басын көтеріп/. Рас па, ага, рас па?

**Сабыржан.** Кім айтты, анық па?

**Шаруа.** Әлгі біздің үл. Анық дейді. рас дейді.

**Сабыржан.** Қарай тұрыңыз, олай болса.

**Шаруа.** Қимыңда, қарағым.

Шығып кетеді. Үй сыртынан бағын тұрады.

**Әлімқан.** Жолың болсын, жөнел Сабыржан!

**Шалтай.** Тез кетіңіз. Сабыржан аға, тез!

**Сабыржан.** Сабыр керек. Ақыл керек. Асығыс түбі - өкініш.

Менің атқа мінер ҳалім жок.

**Әлімқан.** Не дейсің, қарағым-ау!

**Шалтай.** Енлі қайттік...

**Сабыржан.** Шыдаңдар кішкене. /хат жазып жатады/. Қадірлі жарым. Мәкіш! Мен қолға гүсіп қалдым. Өмірден үмітім үзілді.

**Әлімқан.** /өз-өзіне/. Не дейді!

**Сабыржан.** /Жаза береді/ ... Мен саған дән ризамын. Ендігі ерік өзінде. Жалғызымың жақсы тәрбиеле. Оқыт. Большевиктер женгенде менің қанымыңды мына затымдардың сұрасындар: Жаролла. Құмар, Мықтыбай... Қош, бақыл бол, жолдасым, жарым, уакыт тар... Ескіше 11 июль 1918 жыл. / Әлімқанның қолын босатып хатты береді/ Мә, Әлеke аға, жөнел...

**Әлімқан.** Қарағым-ау, бұның не?!

**Шалтай.** Сабыржан аға...

**Сабыржан.** Жаман айтпай жақсы жок. Тірі қалсақ бәрі үміт. Аяқезді біздің большевиктер алғаны рас болса, тез жетініз. Хабар етініз. Олай-бұлай бол кетсек, бар істің күәсі боласыз. Аман көрсөніз, Байсұнқарымды мен үшін сүйініз. Болды. Жөнелініз! Берік болыңыз!

**Әлімқан.** Не дейді, Сабыржан... Қөріскенше күн жақсы. Сақта қудай, бар болсан. Аққа жак!

**Сабыржан.** Қош жақсы аға, жан жоқадас, ризамын!

**Әлімқан.** Шалтай бауырым, жақсы інім... қош!

**Шалтай.** Кешініз, әз аға, қош!

Әлімқан кетеді. Үй сыртында шаруа Әлімқанға жол сілтеп жібереді. Түн. Жым-жырт.

**Сабыржан.** /Шалтайдың колын шешеді/. Сен гыңсын, аяғың сау “Балта шашканша, дөнбек жаң табады”. Түн жамалың, бас сауғаласан деймін.

**Шалтай.** Айта көрменіз. Сіз не болсаныз, мен де сол. Іштей берген сертім бар. Ердің екі сөйлегені - өлгени. Бір кемеге мінгенбіз... Сізден тәнім ғана бөлек. Шыбын жаңым бір, Сабыржан аға. Аяныз мені!

**Сабыржан.** Жау келісе жастығымызды ала өлеңтін болдық. Алысып өлеңтін болдық.

Аз тым-тырыс. Бозарып тан атын келе жатқан кез. Аттың дүбірі, ауыл итерінің үргені естіледі. Қасында солдаттары Финаш келеді. Ол Жаролланың үйінің сыртында, солдаттарына бүйрық беріп тұр. Асығыс адъютантты келеді.

**Адъютант**/Финашка/. Господин полковник, ауыл коршалды.

**Финаш.** Тірі жан шашу шықпасын. Ана дөң бастарына жан-жактан карауыл койыссын!

Басқа солдаттар кетеді. Финаш адъютанттымен қалады.

Үйден Жаролла. Құмар шығады.

**Жаролла.** Ассалаумагалейкум, Финаш мырза!

**Құмар.** Ассалаумагалейкөм!

**Жаролла.** Оң сапар болсын! Куаныш кайырлы болсын!

**Финаш.** Бірге болсын, кадірлі ел ағалары. Фаббасов қайда. Комиссар... большевик...

**Жаролла.** Жауынызды байлап, сый-сыбағаңызды сайлап отырмыз, мырза. /Үйді нұскап/ ракым етіңіз!

**Құмар.** Атдияр, кош келдініз!

**Финаш, Жаролла.** Құмар үйге кіреді. Адъютант сыртта қалады. Сабыржандар жатқан үйге шаруа келеді.

**Шаруа.** Келді жендеттер.

**Сабыржан.** Қанша адам?

**Шаруа.** Ауылды коршап алды әйтеуір, бастығы бір жандарал... мұсылман, әйтеуір. Құдай қуатын берсін, караптарым.

Шаруа асығыс кетеді.

**Сабыржан.** Бастығы мұсылман дейді. Кім екен. /Шалтайға/ Берік бол. Колыңның бос екенін сездірмे. Менің сол жағымда бол. Сүйеніш бол. Басқа кимылды ретіне қарай көреміз.

**Шалтай.** Макұл, Сабыржан аға.

Жаролланың үйінің сыртында тұрған Финаштың адъютанттына асығыс бір солдат келіп, хабар айтады.

**Солдат.** Бір топ кару-жаракты аттылар келіп қалды. Көп өздері. Жакындал қалды. Қызылшар сиякты.

**Алъютант.** Кімдер екенин анықта, бар!

**Солдат** кетеді. Алъютант Жароллаңінде кіреді. Аздан соң  
Финаш, алъютанғ. Жаролла, Құмарлар шыңда.

**Финаш.** /Жароллаға/. Фаббасов қайда? Тез алып шығыңдар!

**Құмар.** Тишиштық па, таксыр?

**Финаш.** /Жауап бермей/. Жылдам!

**Жаролла.** Макұ!..

**Жаролла.** Сабыржандар жаткан үйге кіреді. Сабыржан.  
Шалтай қолдарын артына ұстап тұрады.

**Сабыржан.** Қожа арын келіп қуанып жатырмысың!

**Жаролла.** Шакырды, жур!

**Сабыржан.** Кім шақырды?

**Жаролла.** Порковник Финаш мырза.

**Сабыржан.** Э... Финаш па. Өзі келсін, бар айт!

**Жаролла.** Бұл қай қайсарлық?

**Сабыржан.** Бұл большевиктік қайсарлық!

**Жаролла.** Сол большевиктігің жегеді ғой түбіне.

**Сабыржан.** Большевик сендердің түбіне жегеді. Есіңе  
сақта. Сабыржан сияқты бір большевик өлсе, оның орнына  
жүз большевик шығады.

**Жаролла** шығып кетеді.

**Финаш.** Немене?

**Жаролла.** Дау болмас мынаған. Өзі келсін дейді.

**Финаш** мылтығын қолына альпі, Сабыржандар жаткан үйге  
кіреді.

**Финаш.** Э! Сабыржан, мырза!

**Сабыржан.** Мен мырза емеспін. Ол сенің ағағың. Мен  
большевиктің.

**Финаш.** Большевикпен сөйлесіп тұрап уақыттым жок.

**Сабыржан.** Білем. Сендердің уақыттарын өткен. Сен әлде  
кашан өлімге бұйырылған жаratы жыртқышсың.

**Финаш.** Кім жыртқыш? /Мылтығын көздеп/. Айт  
иманыңды!

**Сабыржан.** Сен жыртқыш. Тұтқындағы адамға мылтық  
кезеп қоқандайсың... коян жүрек! Пасық! Корқак!

Даладағы Жаролла, Құмар үрейтеннен. Асығыс үйлеріне  
кіріп кетеді. Алъютант есіктен Финашқа: "Тездетіңіз,  
полковник, таксыр" дейді. Атысған атың дүбірі, айғай-шу  
естіледі. Финаш Сабыржанды атып жібереді. Оқараға түскен  
Шалтайға тиеді. Тез шегініп үйден шыға бере Сабыржанды  
тағы атады. Далада айғай-шу күшнейеді. Актың отряды  
“Қызылдар”, “Большевиктер” деп үрейленіп қашып жатады.  
Актың солдаттары Финаштың: “Токта, бассыздар!” деген сөзіне

қарамай қашын жағады Гинаш жараңы Сабыржанға бірнеше оқ ағып кете барады. Сабыржан сақнаның ортасында жер тіреп жанбастаң жатады.

Олжабай отряды келген. Ақгарлы қуып барады. Олжабай мен Мұқаметша келеді.

**Мұқаметша** /Сабыржанға/. Бауырым-ай тірімісін...

**Олжабай.** О, ардагерім, азаматым, ерім!

**Сабыржан.** Жеткен екенсін ғой. Олжеке... Ризамын... жақсы аға, жан достар...

Шаруа келіп. Сабыржанды сүйеді.

**Сабыржан.** /шаруаға/. Таныздым... білдім, халқым, камқорым...

Әлімқан. Мәкіш келеді.

**Мәкіш.** Сабыржан! Жаным, прімісін...

Әлімқан. Кеш, қарағым, осы болды жеткенім...

**Сабыржан.** Мәкіш, аяулы... жоқдасым, тірімін... Енді менде арман жок... Маған өлім жок.

**Мәкіш.** /қуанғандай/. Естіргіш осындағы жақсы лебізіңді.

**Сабыржан.** /шығып келе жатқан құнды нұскап/. Ана көтеріліп келе жатқан қызың арай құн... бакыт құні... Ленин тудырған құн. Бақытты үрпақ!

### *Музыка*

## *Шынылдық*

*Сеней 1957 ж.  
1980 жылы өндөліп,  
толықтырылған.*

## ЕР БЛІСАЙ

*Екі бөлімді тарихи драма*

ҚАТЫСУШЫЛАР:

**Білісай**

Мырзағали – оның ері

Сымагұл – актардың кол шокпary

Тоқтар – жылқышы

Михаил Беспалов – большевик-революционер

Жұмағұл Ағадаев – большевик-революционер

Мұса – шаруа

Құсайын – ауыл адамы

Мұқыш – шаруа

Зылиха – кемпір

Офицер

Солдат

Ауыл адамдары, малшылар, ақтың солдаттары

1919 жылы Семей облысынын Жарма ауданынын жерінде болған уакига.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

1919 жыл. Семей қаласын тастан, қашып шыккан атаман Анненковтың ақ бандаларының бір үйкен тобы. Жолдарындағы бейбіт елші қырып-жойып. Георгиеvка селосы мен Ақжай көнін бетке алып келе жаткан кез.

Жау жолында отырған ауылшардың бірі – Байғара ауылы Білсай осы ауылдың адамы.

Шымылдық ашылғанда қазак үице Білсай жалғыз. Ол қатты тоғанын, тебіренүде.

**Білсай.** Ел басына қара тұнек тағы да гөнді ғой... Yh, заманымыз не болар екен... /біраз тұнжыраң оғырып, мұнды сарынмен өлең айтады/.

Жау қаптаң кеңе жатыр Семей жақтан,  
Қан ішер өншен жендеғ жаған қақкан.  
Басына катер гөнді кайран елім,  
Ер кайда елін бастап жауға шашқан.

Кайран елім!

Мырзагали кіреді.

**Мырзагали.** /таңырқап/ Білсай-ау, неңе жетісіп әндетіп отырсын!?

**Білсай.** Жетісіп оғыр деймісін, өзекті өртеген мұн мен шер, кеудені кернеген ыза мен кек емес пе?

**Мырзагали.** Білем ғой Білсай, білем ғой... Мына келе жатқан актардың беттері жаман көрінеді әйтеуір...

**Білсай.** /сөзін бөліп/ Беттері жаман екенін көрмей, білмей отырмыз ба. Олардың беттері де, ниеғтері де жаман. Оның несін айтып отырсын?

**Мырзагали.** Апырмай, сенің осы мінезің-ай... Мынадай аумалы-тәкпелі заманда ең болмаса аузымызды бағайық та.

**Білсай.** Үңдемеген үйдей пәледен күтылады, демексің ғой? Жауға жалбарынғанмен жаның қалмайды.

**Мырзагали.** Жалбарын дең отырған кім бар саған. Жай отыруға болады ғой...

**Білсай.** Жау елінді шауып, ер-азаматынды қанға бояп, катынынды зорлап, қорлап жатса, жай отыра бермек екенсін ғой. Өйткен еркектігіне болайын!

**Мырзагали.** Саған бір жөн сөз айқа, адудыңдай ала жөнелесін.  
Басқа пәле қызың тіңден демей че, жай отырмағанда не істемек елін. Катын қайраттанса қазан қайнатады, демеуші че елі?

**Білісай.** Сен жөн сөз айтың оғырған жоқсың. Айтың отырғаның ердің сөзі емес, қайтсем жаным қалады деген корқақтың сөзі. Корықканмен жан қалмайды. Мырзагали.

**Мырзагали.** Білісай, сен өз байыңды өзін қорқақ деп корлама. Қорқақ болсам ана ел сиякты мен де бас сауғаңан кеппес пе едім. Не көрсем де сенімен бірге көрем деп отыр емеспін бе? Ақыл салып айтқанымды теріске бұрма сен.

**Білісай.** Е, бәсе, сен де сейтің, ерек болың! қайратына мінсенші! /құледі/ Быттыр актар кескінен өтіріп кеткен Айғыз апамның не арманы бар? Қандай ерден кем қайрат көрсетті? Биың Айғыз марқұмның аты ел аузында өлең-жыр болып жүр емес пе? "Катын қайраттанса қазан қайнатады" деген ереккесінген ездердің шығарған сөзі. Әншіейн шатыңған сөз.

Асып-сасып, осы ауытудың жылқышысы Токтар кіреді.

**Токтар.** Ассалау мағалейкум! Ойнырмай, бір-екі салт атты келе жатыр.

**Мырзагали.** Қай жақтан?

**Токтар.** Ақжал жақтан. Жүрістері сұыт.

**Білісай.** Егер актар болса, ат-көлік керек ететін шығар. Көлік бермейміз.

**Мырзагали.** Ойбай-ау, қайғын бермейсін?

**Білісай.** Олар осында келетін шығар, үйде біз сөзге алдандыра берерміз, Токтар. сен мінуге жарайтын жылқыны терең сайға айдаң гаста.

**Токтар.** Макұл, Білісай апа.

Токтар кетеді. Сыртта салт аттылардың дүбірі естіледі. Жұмағұл Ағадаев пен Михаил Беспалов келеңді.

**Жұмағұл.** Ассалау мағалейкум!

**Беспалов.** Аман-есенсіздер ме?

**Мырзагали.** Уағалейкум ассалам!

**Білісай.** Сәлеметсіздер ме? Сіздер екенсіздер ғой, жоғары шығыныздар.

**Мырзагали.** Жұмағұл, ауыт-аймак аман ба?

**Жұмағұл** Әзірге аманшылық. Тиыштық кайдан болсын.

**Беспалов.** Естіл жатқан шығарсыздар, атаман Анненковтың кан ішерлері кантап келе жатыр емес пе?

**Білісай.** Оны естіп-бітіп отырмыз ғой.

**Мырзагали.** Бұл иттердің көздеңен бет алысы қай жақ?

**Беспалов.** Олардың біздің қызыл жауынгерлер тұмсыққа ұрган иттеи етіп, Семейден айдал шықты емес пе...

**Жұмағұл.** Қанқұйлылардың қашын келе жатқан бегі емес пе.

**Білісай.** Әттөн, иттерді бір жоқа құртып жібермеген екен...

**Мырзагали.** Ойбай-ау, аяның десін бе, жау да оңай жан бере ме екен... Ал, Білісай конактарға ас қамдан жібер.

**Жұмағұл.** Әуре болманыздар. Аска қарайтын уакығ жок. Рахмет! Сіздер мына Михаил Беспалов жолдасты білесіздер фой. Бұл кісі он жетінші жылдан большевик...

**Білісай.** /сөзін бөліп/ Жұмағұл-ау, сізге не болған. Механилі неге білемейік. Осымен үшінші рет көріп отырмыз.

**Беспалов.** Мен Білісайды тіпті жақсы білем. Былтыр әлгі Актан ауыльндағы тойда нар түйеден палуан жігітті қалпактай үшірып, жауырынын жерге тигізген Білісай емес пе.

**Мырзагали.** Апрай, сіз де ұмытпайды екенсіз.

**Беспалов.** Неге ұмытайын. Ұмығатын нәрсе ме екен? Эйелдің ер палуандын күрескенін көргенім бол. Және қандай ерек. Таудай еді фой өзі...

**Білісай.** Сіз асыра мактап жібердіңіз-ау... Еркектер киппактап, күресуге шықпай қойған соң намыстанып кеткенім фой...

**Беспалов.** Сіз күреске түсетін үлкен той әлі алда. Ал казір, әрбір сағат санаулы. Біз жедел қайта қайтуымыз керек. Анненковтың бандалары жолындағы ел-жүргітты өргтей жайлап кетіп барады. Олар сіздердің ауылға сокпай кетпейді.

**Жұмағұл.** Иттердің дәл жолында оғыр фой бұл ауыл.

**Беспалов.** Георгиевкада Тимошенко, Даушкин сиякты большевиктер мына Жұмағұл Ағадаевтар бас гаған отряд күрылды. Ақжалда біз, Серікбаев, Нұртазин, Омаров бәріміз елді қаруандырып, жауға қарсы үрыска әзірленіп жағырмыз.

**Білісай.** Біз не істеуіміз керек? Ауылдың басты адамдары дейтіндер өз бастарын сауғалаң кетті. Ауылда шағ-кемпір, кедей-кепшік, өңшеш малшылар, бала-шага қалды.

**Жұмағұл.** Білісай, мұндайда осы ауылға бас-көз болатын өзің фой. Мына Мырзагали бар...

**Білісай.** Е, біз не істейміз...

**Беспалов.** Берік болыңыздар. Жаудан ешбір жақсыстық күтүге болмайды. Георгиевкамен, Ақжалмен хабарласып тұратын болыңыздар. Мүмкін болса, ауылды солай қарай түгел көшіру керек.

**Білісай.** Көңіру керек! Ең дұрыс акыл осы.

**Мырзагали.** Біз көш дегенге көшеле коя ма.

**Білісай.** Жан керек болса, көшеді. Осы сен-ак кежегеннен кейін тартасың да отырасың.

**Мырзагали.** Кеин гартып оғырғам жок. Жөнеллемеде көшөю онай ма? Көшін жатканда келіп басса қайтесін.

**Беспалов.** Бұлсаи, Мырзагали, біздің келген шаруамыз осығана. Көшуге мұршаларын келмей, жау қолында қалып қойсандар, бізге хабар жеткізіндер. Шама келгенше көмектесеміз. Ат енді аман-сau болыныздар! Біз жүріп кетейік. Ана ауытға хабарласа кетуіміз керек.

**Білісай.** Қазірден бастаған көшудің камына кірісеміз. Не көрсек бір көргеніміз дұрыс кой. Кош болыныздар! Рахмет сіздерге!

**Мырзагали.** Жолдарыныз болсын!

**Жұмағұл.** Ат байлаң, әзір отырсандаршы. Аман-сau көрісілік.

**Беспалов.** Ақжат мына тиіп тұрған жер емес не. Ауыл адамдарымен ақылласын, тез көшкен дұрыс.

**Беспалов, Жұмағұл** кетеді.

**Білісай.** /Мырзагалиға/ Ал енді не отыратыны бар, ауытға хабарла. Қазір қолма-қол көшсін. Ақжалға көшсін. Қару-жарагымен даярланып отырған елмен бірге болайық та.

**Мырзагали.** Эй, бұл ауыл ошарылып көшкеніше...

**Білісай.** Ошарылатыны жок. Боктық-соктықтарын тастасын. Азық-тұліктіға алып, малдарын айдал жөнелсін. Бар! Мен өзіміздің көлікті әзірлей берейін.

**Мырзагали.** Ал мен кеттім, Білісай. Өзің дайындала бер.

**Білісай.** Ауылды жылдамдат. Маған қарама.

**Мырзагали** кетеді. Білісай жалғыз.

**Білісай.** Қас батырдың кайратын беріп, катын қылыш койған жаратқаным-ай... Сенен де әділшік жок-ау, сіра! Жаны күйеген тәнірісін қарғайды да, кайтейін... /аулакта атылған мылтық дауысы естіледі/ Ойпырмай, тағы не сүмдыш...

**Үйрейтінген Мырзагали** келеді.

**Білісай.** Тағы не бол қалды?

**Мырзагали.** Ауытға ат ойнатып, Сымагұл қанішер келе жатыр. Ана айдалада мылтық атып келе жаткан сол.

**Білісай.** Жалғыз ба?

**Мырзагали.** Бір-екі атты арғы ауытға карай кетті. Актын солдаттары-ау деймін. Корқақтап шапқандары соларға үкссайды.

**Білісай.** Сымагұл сұмырай өмір бойы болыстың шабарманы болып, бастарына талай әңгір таяқ ойнатып еді фой. Былтыр қызылдар келгенде ай қарап қалдындар ма? Айтпап па едім түбінде не көрсөндер осы Сымагұл сүркиядан көресіндер деп.

**Мырзагали.** Ойбай-ау, онда бегегеден биң, жусаннан аласа бола қалды емес пе?

**Білісай.** Жүзі кара, канышезер сүйтшегенде кайгушы еді. Енді көрсетер ол сендерге көресілерінді. Бар. Мырзагали, сен оның көзіне түспей-ак кой.

**Мырзагали.** Білісай-ау, ол ит сені көрсе онан сайын ерегесіп кетеді ғой. Онан да көрінбе оған. Өзім ебін тауып алдау-сулап жіберейін.

**Білісай.** Ол алдау-сулап жіберегін баға емес. Кара жүрек жау. Актардың жендеті. Онымен өзім сөйлесем.

**Мырзагали.** Әйтеуір ерегестірмей, ешпен сөйлес. Сұрағаның берейік. Басымыздың салағасы. Мерт қып кетіп жүрмесін. Байқа, Білісай, байқа!

**Білісай.** Бар енді, сен көрінбе, не болса да өзім көріп алайын. Катынға не қытушы еді от көксокқан.

**Мырзагали** кетеді. Шауып келіп есік алдына токтаған Сымагұл.

**Сымагұл.** /Айғайлан/ Бол, жылдам, тез шығып сөйлесіңдер! Кім бар үйде? Уа, Мырзагали, тірімісін? Асығыстың!

**Білісай.** Кім керек саған? Не бол қалып еді?

Колында винтовкасы бар, қылыш, наган асынған Сымагұл кіріп келеді.

**Сымагұл.** Неге тез шығып сөйлеспейсіңдер? Бұл қайдан келген кекірлік сендерге?

**Білісай.** Немене, соншама арсыл да гүрсіл. Амандақ жок, сәлем жок...

**Сымагұл.** Е, катынға сәлем беруші ме едік? Байың қайда?

**Білісай.** Катынға сәлем бермесен үйге сәлем бермеймісін? Не қудай атты сені, соншама ата-бабаңың салтын ұмытын.

**Сымагұл.** Салттылың мына катынның! Байың қайда? Уакыт жок сенімен бос көйтіп тұратын, атаманның бүйрығы бар.

**Білісай.** Ендеше халқымның салтынан садаға кет! Ендігі құдайың ақтың атаманы болған екен ғой. Сиынған құдайың не бүйырар еді. Маған айта бер. Байым үйде жок.

**Сымагұл.** Білісай сен, атаманға тіл тигізбе, сүйір тілінді тартып сөйле. Атаманның бүйрығын құдайдың бүйрығындаи орындааттырам. Ауылдыңда тігерге түяк қалдырмаймын. Әскеріне ат-көлік керек. Қазір айдал кетем.

**Білісай.** Айдал кете алмайсын, Сымагұл. Иесіз жаткан мал жок. Ауылымның ар-намысын сен сиякты ақтың итаршыларына таптата алмаймын.

**Сымагұл.** Оибай-ау, мына катын не дең шатып түр... Е... кызылдармен ауыз жаласатындарыңды білем. Осы ауытға келіп жел беріп жүрген большевиктердің кім екенін де жақсы білем. Әзәзілдің тіліне еріп, азар болған екенсіндер. Аласып жүрген шығар, түсінер, қайтейін дең жаным ашып, аяушы едім, сендерді. Нағыз найсан екенсіндер.

**Білісай.** Иә, мен катынмын, казактың катынмын, хатықтың қызымын. Анамын мен! Нағыз найсан сенсін, халқын саткан жүзі қара, азғын! Нағыз малғұнсың сен!

**Сымагұл.** Тарт тілінді!

**Білісай.** Тартпаймын, тартқыза алмайсын тілімді. Актардың итаяғынан жуынды ішіп, жаудын аргын жалап жүрген сұғанак итсін сен!

**Сымагұл.** Мына қаншыктың ызасы-ай. Көрсетейін мен саған итті!

**Сымагұл.** Білісайды винтовканың дүмімен үрып жіберmek боп ұмтылады. Білісай оның винтовкасын қолынан жұлып алғып, лактырып жіберіп, алса кетеді.

**Білісай.** Тарт қанды қолынды. жауыз!

Білісай мен Сымагұл алсып жүр.

**Сымагұл.** Иә, ата-бабамың аруағы қолдай көр, ахуп!

**Білісай.** Сені қолдайтын әруақ, жок, ахуп!

Білісай Сымагұлды алғып үрып, тізерлеп жаныштап жатыр.

**Білісай.** Мә саған катын, мә саған қаншык!

**Сымагұл.** Алла! Алла! Бүйірім! Тізерлемеші, өлдім-ай!

**Білісай.** Әлі өлген жоксын. Өлетін жеріне енді келдін.

**Сымагұл.** /қырылдағ!/ Қылқындырмашы, шыкты ғой шыбынным. Білісай, кешір, кешір...

**Білісай.** Ә солай ма екен!

**Сымагұл.** Апатай... Әкетай... жаздым-жаңылым... Екі дүниеде көк есегің болайын... алла, алла!

**Білісай.** Көк есектен садаға кет сен! Есектің еті арам, күші адал. Сен иттің етің де, күшің де, ниетің де, өзің де арам! Есектен садаға кет, садаға кеткір! Аллаштың өзінің. Атаман де онан да!

**Сымагұл.** Уң, уң... атаманы да, ағы да құрысын, шыбын жаным-ай, уң!

**Білісай** Сымагұлды әбден езгілеп, әлсіретіп, қару-жарагын түгел сыйырып алғып, қолын аргына қайырып байлан тастайды.

**Білісай.** Мына мылтыкты үстап, мына алты атар, мына қылышты асыннып, елге қокандадың-ай, сен арсыз, пасык!

**Сымагұл.** Кеш Білісай, кеш! Уң, адастым ғой мен сорлы.

**Білісай.** Сен сорлы емессін, сен елдін сорысын!

**Сымагұл.** Колымда неге байлайсын. Білісай, әкетайым-ау!

**Білісай.** Кол-аяғыңды байлаң, құрбанға шалам сені. Эй сыртта қайсын барсын? Токтар-ау. Токтар!

**Жүтіріп** Токтар кіреді.

**Токтар.** О не, Білісай ана?

**Білісай.** Қөрмеймісін. Міне, бір корқау қасқыр қолға гүсті.

**Токтар.** /шошыныш/ Ойпыр-ай... иә, иә, қорқау, қорқау.

**Білісай.** Мына мылтық-сайманның бәрін апарың тық. Жылқыдан жүтен, құрық тимеген бір асауды тез үстаң әкел. Елге хабарла. Мына жауызды аттың құйрығына тағып өлтіреміз.

**Токтар.** Сөйтеміз бе, Білісай апа-ау!

**Білісай.** Сөйтеміз, Токтар, хатықты саткан қанішердің жазасы - өлім!

**Токтар.** Қазір елге хабарлайын.

Токтар кетеді.

**Сымагұл.** Білісай-ау, өлім деген жаман сөзді неге аузыңа алдың, аллам-ау, өз қазағың, өз қаның емес пе едім...

**Білісай.** Сен қаным да емессің, қазағым да емессің – зымияның. Ерек емессін, ер емессін. Ер болсаң катын алып соғып, кеудене аттай мініп отырғанда, құсадан өліп кетер едің ғой. Сен ер емессің, езсің. Бір шіріген жұмыртқасын.

**Сымагұл.** /өз-өзіне/ Мұндауда алып катын болады екен. Шын тажағашың тырнағына ітінген екенмін ғой. Сакта, құдай, сакта! Қайдасың қаны бір казак ағайын!

Мырзағали, ауыл адамдары келеді.

**Мырзағали.** /шошыныш/ Білісай-ау, саған не болған!

**Білісай.** Не болғаның қөрмей түрмисың? Қанды ауыз қасқыр ауылға шапты да қақпанға түсіп.

**Сымагұл.** Уа, ата-ана, үлкен аға, кіші іні, қаны бір ағайын-туыстарым, Білісайға қояр кінәм жок. Қунә, жазық менде... Жаздым, жаңылдым, ағайын!

**Білісай.** Сымагұлдың жаздым, жаңылдым дегеніне сенбеніздер. Ол жауыздың жолынан жаңылуышы ма еді.

**Сымагұл.** Құнім үшін істеген құнәм болса да, дінімді сатқан жок едім ғой.

**Құсайын.** Барын айтып отыр ғой, ит болса да өз туысымыз емес пе? Кешіріндер, кайтесіндер.

**Зылика.** Иә, Білісай келін, сенің де тілеуің алдыңда. Бұның да бала-шағасы бар...

**Білісай.** Сымагұл қайсымызды мұсіркеп еді. Колынан

келсе де әлі де аямаиды. Ана қанішерлеріне барып қосытса. көрерсіндер не істегенін.

**Сымагұл.** Еңі актардын маңынан жүрсеч.. ага-бабамнын аруағы атсын!

**Білісай.** Сенбеймін сенің сөзіне. Өлтіру керек ел болмайтын жауызды.

**Мұқыш.** Ағайынның азары болса да, беzerі жоқ деген, Білісай шырағым. Өкпеге кисак та. өлімге қайтіп қиямыз.

**Сымагұл.** Ағайын, айтқан антымнан тансам міне, құдай, міне, қуран. Құдай төбемнен үрсын! Бала-шағамның иглігін көрмейін! Жолдарына жаңым құрбан!

**Мырзағали.** Білісай. Сымагұлдың жаңын беріп, айтып отырған сезін естіш отырмыз. Ағайынның қан төкпейік дегені макұл ғой. Алдыңа келсе атанның құнын кеш деген, ағайын-тұғанның айтқанынан ауа жайылып, біз қайда барамыз. Азат етейік Сымагұлды. Күнәсін мойындап. құдай, құранды, аруақты аузына алып ант етіп отыр ғой.

**Сымагұл.** Айтқанымнан тансам ант атар мені... Білісай. осының өзі маған өлімнен де ауыр жаза ғой.

**Білісай.** Эй, Мырзағали, құдай қосқан қосағым едін. кайран ел-жұртый, не дейін енді сендерге. Не дейін! Жау аяған жаратыл дегенді көрерсіндер әлі.

**Сымагұл.** Кателесесің, Білісай, ер екі сөйлеуші ме еді.

**Білісай.** Енді тағы ер бола қалдың ба? Көрерміз! Тоқтар. мынаның кару-жарагын алып кел! /Бәрі шулап, е. бәссе бәрекелі деп жатады/.

**Тоқтар.** Сымагұлдың винтовкасын, наганын, қылышын атып келеді.

**Білісай.** /Смағұла/ Мә, қылышың, міне, асықты-жілігің, алты атарың, ал мына ұзын мылтығың берілмейді.

**Сымагұл.** Рахмет. Білісай, енді құдай мені сенімен жағаластыруға жазбасын! Рахмет ағайын, жаксылықтарынды актармын! Мен енді аттанайын. аман барған соң, катын-балада куаныш қатсын.

**Білісай.** Актарға соғып сәлемдесе кететін шығарсың.

**Сымагұл.** О не дегенің, Білісай-ау. алтам сактасын. Қош тұғандарым, көрікенше күн жақсы.

Ет қош-қош десіп жатады. Сымагұт асығыс кетеді.

**Білісай.** Мен Сымагұл сүмға сенбеймін-ау. Ол ит сүмдендең тұра актарға барады. Көрерсіндер...

**Мырзағали.** Қой Білісай, азар ит болса да өйтеп қоймас.

**Құсайын.** Құдай, құранды, әруақты аузына алды емес пе? Ол да адам батасы емес пе, жаксылықты неге ұмытсын.

**Білісай.** Қанышевер адам қалдрыңці білуші ме еді? Женілгендे жер болып, еркінсітсөн ер болып шыға келмей ме.

**Зылика.** Қарағым Білісай-ау, ант-су ішті ғой. Бізге ені қастық ойласа, анг атпай ма, ант атқырды. Қатын-баласын ойламай ма ең болмаса.

**Мұқыш.** Ағайын дең аяғанды білмесе, алға жазасын берер Сымагұл сокканның.

**Мырзағали.** Нак осы жолы тәубасына келген-ақ шығар Сымагұл.

**Білісай.** Қазір енді Сымагұлдың сырғынан бағ ашудың пайдасы жоқ. Жақсылыктарында оның қалай актағанын көрерміз тірі болсак.

**Құсайын.** Неде болса құлайтың салғанын көрерміз де, ақыры қайырлы болсын.

**Білісай.** Құлайтың салғанын көреміз, ақырының қайырын күтмеліз деп, енді қол қусырып, жайбаракат отыра бермексіздер мә?

**Мұқыш.** Енді не істемекпіз, қарағым-ау?.

**Білісай.** /жігерленіп/ Жауға мойын сұның, жолын тосып, жайбаракат отыра алмаймыз. Тез жиналтыңдар! Ашымен, қазір қолма-қол бала-шаға, кемір-шал Ақжалға жөнелсін! Асығындар, актар келсе ешкімінді аямайды. Мырзағали, бар майды айдат, ауылды қөшір. Енді отырудың жөні жоқ.

**Мырзағали.** Дұрыс айтасын, Білісай. Михайл Беспалов пен Агадайлың Жұмағұлының да әдейі келіп, айтқан ақылы да осы еді ғой. Ал мына жүрт не дейді екен?

**Құсайын.** Жүрт дейтін бізде не жүрттық қалды. Ауылдың басты адамдары дейтіндеріміз кара бастарын сауғатап, ел басына күн туған шакта, елін тастап кетті емес не...

**Мұқыш.** Иә, ендігісін өзін біл. Білісай шырағым, Мырзағали екеуін біліндер.

**Зылика.** Білісай, қарағым, затың әйел демесе, осы ауылдың ел бастайтын ері де, ақылгөйі де өзін ең ғой. Экен марқұм жауырыны жерге тимеген падуан, құралайды көзге аткан мерген еді. Ақылдан да кенде емес еді. Жар легенде жалғызы сен едін...

**Білісай.** Жақсы әже-ау, шежіре шертетін уақыт па қазір. Ақылынызды айтсанызышы.

**Мұқыш.** Қайтын, шынын айтып жатыр-ау.

**Зылика.** Білісай, менде ақыл қалды дейсің. Осы ауылда сенің айтқаныннан шығатын жан жоқ, құнім. Тек құдай жолынды қылтып, бағынды ашсын. Баста етінді. Илаһи әмин! /Бетін сипайды/.

**Білісай.** Рахмет, жақсы әже.

**Мырзагали.** Ал енді, кимылдайык. Тез кимылдандар.

**Күсайын.** Иә, ата-бабамның аруагы жар бола көр!

**Мұқыш.** Қолда құдай!

**Мұқыш.** Күсайын ке геді.

**Зытика.** Ал. Білісай, айналайын асыгым. /Білісаиды сүйеді/ жолың болсын, мерейін үстем болсын! Айттым ақ сарбас!

Зытика кетеді.

**Білісай.** Жаны таза жақсы әже... Айтканың келсін, ардақты ана! /Мырзагалиға/ Мырзаш, ашу алда, ақыл сонда дейді ғой. Ашу женип артық айтканым болса, көніліне ауыр алып жүрме. Көнілімде кір жок, сөзімде зіт жок екенін білесін ғой. Қосылғаты жұз шайысып көргеміз жок...

**Мырзагали.** Эй Білісай, жаным-ау, оның несін айтасын. Мен сенің сөзінді кек адушы ма едім? Ағайынның айтканына ермей, сенің ақылтыңды алып, бетімізден жарылғасын деп жүргеміз жок па?

**Білісай.** Менде асып-тасып жаткан қай ақыл бар дейсін. Әйтеір көзім көріп, көніл сенбей ешкімнің де жел сөзіне желігіпere алмаймын. Екі жылдан бері актардан не қорлық көрmedі ел? Ана қызылдардың, бөлшебектердің елге істеген күдай киянатын көрдік пе?

**Мырзагали.** Білісай-ау, о не дегенің, ақ пен қызылдың кім екеніне көзіміз жетті ғой. Мен айткан сөзден танып, алған беттен кайтада екен деме. Не көрсек те бірге көреміз дестік емес пе?

**Білісай.** Адасып арманда кеттік демейік деп жатканым ғой, Мырзаш. Бөлшебек дегеніміз алті Мәкәйіт мен Ағатайдың Жұмағұлы емес пе? Со лардың екі жылдан бері құлағымызға құйып келе жаткан сөздерінің бір жалғаны бар ма? Бар айтқандары айнымай келіп отырған жок па?

**Мырзагали.** Дұрыс айтасын, Білісай, бәрі де дұрыс.

**Білісай.** Ендеше шындық та, әділдік те соларда деп сенем.

**Мырзагали.** Не болса да солармен бірге көреміз де. Бетімізден жарылғасын деп отырғаным да сол емес пе.

**Білісай.** Сөз бітті. Көнілде күдік калған жок. Дән ризамын саған, Мырзашым, жар қосығым!

**Мырзагали.** Қауіп-кater, киын асу, қыл көпірдің алдында түрмиз ғой, адағ жарым Білісай! Жаман айтпай жақсы жок... Көнілінді қалдырған жерім болса, кеш! Енлі кешікпейік...

**Білісай.** Сен де кеш. Мырзаш!

**Білісай** мен Мырзагали қоштасады.

## Шымышылдық

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Казак үйлер жығытған. Ауысын алды көшө бастаған. Жылқының кісінегені, мәнірекен сиыр, маңыраған қой-ешкі, арбаның салдыры, үдере көшіп бара жаткан ел. Үрейленген ауыл... Азан-қазан. Шымыңтық ашылғанда әбіргеленіп акырың жүктеп тиеп жүрген Мырзағали мен Білісай. Екеуде гас-түйін жол киімдерін киінші алған.

**Білісай.** Мырзағали енді жетті. Қалған нәрсе қалсын. Ендігісін тимей-ак қой. Дүниесі құрысын.

**Мырзағали.** Оның да дұрыс. Көлкке жүктің женілігі жақсы. Қазір мал қайғы емес, жан қайғысы болып түр ғой...

**Білісай.** Қөштің алды үзды ма?

**Мырзағали.** Қайдан үзасын. Ана белдең алі аса алмай барады ғой.

Сатырлатып шауып келіп токтаған салт аттының дүбірі естіледі.

**Білісай.** Бұл қайсысы?

**Мырзағали.** /сыртқа қарап/ Токтар ғой...

Токтар кіреді.

**Токтар.** Білісай апа, күрен қыска атты алып келдім. Ертеген кояйын. Тездетініздер. Ана белдін ар жағынан будак-будак шаң көрінеді.

**Мырзағали.** /абыржып/ жай шаң емес қой ол...

**Білісай.** /Іштей тоғанып/ Неге жай шаң болсын...

Токтар. Мен ат ерттейін.

**Білісай.** /Токтарға/ Сен жылқына барсаншы.

**Токтар.** Жылқыны Жиенбайға айдатып жібердім. Қазір кетем ғой.

Токтар кетеді.

**Білісай.** Мырзағали осы Токтардың айтқаны тегін емес. Дәу де болса келе жаткан актар ғой.

**Мырзағали.** Білісай, сен кер қасқаға мін де жөнел. Жүкті қөліктің қасында мен қалайын.

**Білісай.** Қөліктің қасында мен қалайын. Ол қанішерлер қолға түсken еркекті аяушы ма еді. Қатынды ата қоймас.

**Мырзағали.** Жок, Білісай. Мені атса да сені корламасын. Арыманнан жаным садаға.

**Асығыс** Токтар келеді.

**Токтар.** Мырзаш аға, әлгі шаң тіпті таяп қалды. Атты әскер-ау деймін. Білісай ана, кер касқаны ерттең койдым. Жылқы батасына жеткізбейлі, құдай біледі.

**Білісай.** Мырзагали, сен мін де жөнел. Токтар, жылқыны жау қолына түсірме! Дүркіретін айдал кетіңдер. Мына тұрган Ақжағай!

**Токтар.** Мен сіздерді тастаң кепнеймін...

**Мырзагали.** Токтар, сен Білісаймен бірге кет. Қасында бол... Жылқысы құрысын.

Бәрі де жау келе жаткан жакка қарасады.

**Мырзагали.** Анырай, ана бір тобы бөлініп, көшке қарай тұра тартты ғой...

**Білісай.** /ызыланып/ Мырзагали-ау, айттым емес пе сендерге жау аяған – жаралы деп... Эне, ең алдында шауып келе жаткан ант аткан Сымагұл сұмын! Сен ана атқа мін де жөнел. Мен ол екі жұzl жауыздын жазасын беріп өлем!

**Мырзагали.** /өкінішті ызамен/ Кеш, Білісай, кеш! Бізді құдай атты, айтканына көнбедік... Амал не. Қара басты бізді.

**Токтар.** Кайран апатайым-ай, айтканың келді-ау. Кетейік, тез кетейік, апатай!

**Мырзагали.** Білісай, жар қосағым, сен кет, кілірме енді. Колға түссен алдымен сені өлтіреді. Азар азғын болса да Сымагұл итке менін жазығым жоқ еді ғой...

**Токтар.** Мырзаш аға дұрыс айтады. Кеттік. Білісай апатай!

**Білісай.** Ал, Мырзагали, мұндайда акыл да, айла да керек. Тапсырдым жағын хакқа! Мен енді тез Ақжалға жетейін. Хабар берейін. Олар қару-жарағымен әзір отыр ғой.

**Мырзагали.** Сөйт, жарым, солай ет. Жұмағұл, Мекәйшерге жет! Олар бізді жау қолында қалыптырас.

**Білісай.** Шыбын жаным шықпаса, жетемін ғой Ақжалға. Аман барсам, аттан түспеймін. Азаматтарды алып келемін ғой.

**Мырзагали.** Токтар, тарт керқасканы!

**Токтар.** Қазір ағатай.

**Токтар** шығып кетеді.

**Білісай.** Қош, Мырзагали, аман көрісуге жазсын. Тез кайтып келемін, жаумен жағаласып өлсем арман жоқ.

**Мырзагали.** Көрікенше күн жақсы... Жолың болсын, Білісай!

Токтар кіреді.

**Токтар.** Ат дайын, ал аттандық, апатай!

**Мырзагали.** Жолдарын болсын, жолдарың болсын... Енді аялшамаңдар, таяп қалды жауыздар.

**Білісай.** Ат аттандық, мылтықты әкел. Мырзағали.

Мырзағали винтовканы әкеліп Білісайға береді. Білісай мылтықты көздең көріп, оқтаң, асының атады.

**Мырзағали.** Ойпырмай. Білісай-ай. Сымагұл сұмырайшың мылтығын атып қалғаның ақыл болған екен гой.

**Білісай.** О дүние, өз каруымен өзін жайратсам-ау жауыздың! Жүр, Токтар!

**Мырзағали.** Ат аттаныңдар, айналманңдар!

Бәрі асының шығып кетеді. Сыртта “кош-кош, аман жет”, - десіп, Білісайды аттандырып жатқан Мырзағалидың, Білісайдың дауыстары естіледі. Шаба жәнелген аттылардың дүбірі. Сахна аз уақыт бос. Сыртта атылған мылтық дауысы. Ауылға келіп жеткен актардың айғай-шуы. Актың офицері мен Сымагұл кіреді.

**Офицер.** Бұл сволочтар түтел қашқан бізден, ә Сымагұл мырза?

**Сымагұл.** Қашқанда қайда барады дейсіз, таксыр, сіздің күрығындыздан құтыла алушы ма еді, тәйірі.

**Офицер.** Бұл ауылды да большевиктер жайланаған, значит.

**Сымагұл.** Ойбай-ау, таксыр-ау, олар нағыз азғыруышы азғындар емес пе.

**Офицер.** Азғыруыш... азғыруыш... Настоящий қызыл шайтандар, дьяволдар демейсін бе!

**Сымагұл.** Иә, иә, дұрыс айтасың, таксыр, дәл өзі. Сайтандар... Қызыл сайтандар.

**Офицер.** Жә, токтат! Бос бышылшап, шатырақтағаннан басқа сенің қолыңдан түкте келмейді, Сымагұл мырза. Мылтығынды тартып алып, күнгі жіберген осы ауыл гой.

**Сымагұл.** Таксыр-ау, шатырақ, бышыл дейсіз... Жалғыз өзім көпке топырақ шаша аламын ба? Бүкіл ауыл түтел жабылған соң кайтейін. Қайта соның бәрінен аман құтылып, сіздерге жеткенимнің өзі қайда жатыр...

**Офицер.** /кекетіп/ Қайда жатыр! Әкеннің көрінде жатыр. Үлкен-ақ ерлік көрсеттің...

Сыртта қолға түскен ауыл адамдарын айдал әкеле жатқан актың солдаттарының дабыры естіледі. Сымагұл сырт жакқа жалт қарайды.

**Сымагұл.** Таксыр, әне қашқындарды әкеле жатыр. Бәсе айттым емес пе, таксыр-ау, сізден күрығындыздан құтылатын жан болушы ма еді.

**Офицер.** /масаттанып/ Бізден ешбір жау құтылып көрген емес.

Колға түскен ауыл адамдарын айдал актың солдаттары

келеді. Қолға түскендердің ішінде Мұса. Құсайын. Зылиқа бар.

**Солдат.** /офицерге честъ беріп/ Тақсыр капитан, мына кашқындарды мағ-мұлкімен қолға түсірдік. Бір катын мен бір кириз бізге жеткізбей кетті. Катынның мылтығы бар, аты жүйрік екен.

**Офицер.** /ашулы/ Немене сонымен құтылып кегті ме ол катын?

**Солдат.** Жоқ тақсыр. Біздің алты адам арттарынан күшті кетті. Қалай құтыла атсын.

**Офицер.** /Сымагұлға ауыл адамдарын нұскап/ бұл кімдер. Сымагұл мырза?

**Сымагұл.** Бұлар енді... осы ауылдың адамдары. Көбі осы ауылдың көди-сөди, кедей-кешшіктері ғой.

**Офицер.** Э. пролетпраят, значит. Сенің мылтығынды тартып алды, күш көрсететін геройлар осылар ғой.

**Сымагұл.** Бұларды енді не деуге болады...

**Зылиқа.** Қарғыс атсын, аруақ атсын сені, Сымагұл!

**Мұса.** Ант атсын, ант атқыр сені!

**Офицер.** Бұлар не болтать етіп тұр?

**Сымагұл.** Қүйінген адам не демейді...

**Құсайын.** Таксыр, бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ, еді ғой. Ұлықсат етінізши!

**Офицер.** Иә, не айтпақ едің сен кириз?

**Құсайын.** Таксыр, осы ауылдың кедей-кешшігі екеніміз рас. Ауылдың басты адамдары әлде қашан бас сауталатып кеткен.

**Мұса.** Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып деген сиякты, біз жазықсыз шаруамыз. Бірақ, мына Сымагұл сізге өтірік айтып тұр.

**Офицер.** Қандай өтірік?

**Сымагұл.** Ой, аксақал-ау, сен не сандырактап тұрсын?

**Мұса.** Сандырактап тұрган сен...

**Зылиқа.** Арамыздың құйрығы бір-ақ тұтам деген шын екен ғой.

**Офицер.** /ауыл адамдарына/ Сымагұл мырза өтірік айтады дейсіндер мे?

**Құсайын.** Өтірік айтқанда қандай. Сымагұлға карсылық көрсетіп, кол көтерген біз жоқ. Өзі келіп осы ауылдың бір әйеліне соктықты.

**Офицер.** Иә, иә, соナン соң?

**Сымагұл.** Шал да шатылып тұр, таксыр.

**Құсайын.** /Сымагұлды нұскап/ Шатылған нақ осының өзі.

**Сымагұл.** Жо... жоқ... Жоқ, гақсыр.

**Офицер.** /Сымагұлды зекіп/ Молчать! Сөйле старик.

**Құсайын.** Өзі соктықкан сон қойсын ба, әлгі әйел мына Сымагұлды алып үрып, мылтығын тартып алып. қол-аяғын байлан тастады.

**Офицер.** Иә, сонан сон?

**Сымагұл.** Отірік айтады, гақсыр, құдаи біледі, отірік.

**Офицер.** Токтат!

**Зылиха.** Түк өтірігі жоқ. Құдайға шындығы сол. Ей таксыр төре. Білісай мына Сымагұл секілді ерекк сымактын он бесін бір кісідей көрмейді, кайгесін.

**Офицер.** О... здорово. Ол кайдан шыккан қагын? Что за герой катын?

**Зылиха.** Таксыр, төре, ол керей катын емес, осы өзіміздің найманның кызы. Әкесінін өзі патуан болатын.

**Сымагұл.** Таксыр, ол нағыз большевик, кызыл... Иә, иә, кызыл катын.

**Офицер.** Найман-сайман... Ол кайда? /ауыл адамдарына/ табасында ол катынды!

**Мұса.** Біз кайдан табамыз, таксыр, шаруасымен кеткен шығар.

**Зылиха.** Жолын болсын, жолың болғыр, Білісай!

**Сымагұл.** /офицерге/ Әне көрдініз бе?

**Офицер.** /солдаттарға/ Мыналардың бәрін де апарып, ана кораға камап тастандар.

**Солдат.** Макұл, таксыр, /ауыл адамдарына/ Жүріндер, тез жүріндер.

**Зылиха.** /Сымагұлға/ Жолың болмай жуадай сол, Сымагұл!

**Мұса.** Аруақ атсын сені, Сымагұл!

**Құсайын.** Ант үрсын, құдай атсын, Сымагұл сені!

**Сымагұл.** Не дейді мыналар, аяғанды білмейді еken гой.

Солдаттар ауыл адамдарын айдан әкетеді. Олар: "Екі дүниеде жолың болмасын, Сымагұл, халықтың қарғысы атсын! О сүм жалған" - десіп күбіреніп кетіп бара жатады. Сахнада офицер мен Сымагұл.

**Офицер.** Катынның астына түсіп жүрген акымак, сен ерекк емессін, баба ты!

**Сымагұл.** Таксыр, олар өтірік айтып түр, жандары кысылған соң не демеуші еді.

**Офицер.** Сол катынды ұстан менін алдыма әкелесін. Сонда көрем мен сенің ерекк екенінді.

**Сымагұл.** Құп болады, таксыр, ол салдақы жаман катын кайда барады дейсіз. Ол каншықты Сымагұл аман болса, алдыңызға қыңсызлатып алып келем ғой.

Баяу басын Мырзагали келеді.

**Сымагұл.** /сасып калып/ Ойбай-ау. Мырзагалимысын?  
Аманбысың?

**Мырзагали.** Аманбыз ғой /офицерге/ Сәлеметсіз бе.  
таксыр нәшіндік?

**Офицер.** /Сымагұлға/ Бұл қай киргиз?

**Сымагұл.** Таксыр, осы ауылдың адамы... Мырзагали...  
Мырзаш кой.

**Офицер.** /Мырзагатига/ Сен қайдан қашып едін?

**Мырзагали.** Мен ешқайда да қашқаным жок, таксыр.  
Неменеге қашам.

**Офицер.** Аулың түтел қашып жатқан жоқ па?

**Мырзагали.** Жоқ, таксыр, қашқан жоқ, ауыт көшіп жатыр,  
таксыр. Біз көшпелі елміз, қоныс жаңғыртып отырамыз.

**Офицер.** /кекетіп/ Ә, солай ма. Көшіп жүретін  
дикарларсындар ғой.

**Мырзагали.** Таксыр, нәшәндік, бұл ауылдың ешбір  
жазызы жоқ. Момын ел еді. Ана кіслерімізді босатыныз,  
таксыр. Мына Сымагұл біледі.

**Сымагұл.** Мырзагали сенің басқа да нең бар. Әз кара  
басынның камын ғана ойласаңшы онан да.

**Мырзагали.** Ей, Сымагұл, ел-жұртсыз кара басың неге  
керек.

**Офицер.** Бұл қайдан шыккан ходатай?

Шауып келіп тоқтаған аттардың дүбірі. Колы байлаулы,  
бет-ауызы жаралты Токтарды айдан екі солдат келеді.

**Солдат.** /офицерге честь беріп/ Таксыр, капитан. мына  
бір бандит киргизді үстап әкелдік.

**Офицер.** /Сымагұлға/ Бұл киргизді білесің бе. Сымагұл  
мырза?

**Сымагұл.** Неге білмейін, таксыр, бұл әлті Білісайдың  
бауыры, осы ауылдың жылқышысы, аты Токтар.

**Офицер** /солдатка/ Элті катын? Киргизка...

**Сымагұл.** /сөзін беліп/ Білісай. таксыр, Білісай...

**Офицер.** /солдатка/ Ол катын қайда? Атып кеттіндер ме,  
әлде?

Мырзагали шошынып.

**Токтар.** /өз-өзіне/ Атасының басы...

**Солдат.** Таксыр мына киргиздін өзін /Токтарды нұсқап/  
әрен үстадық. Осы ит бізді көп әуре етіп шатастырды... біресе  
олай, біресе бұлай қашады. сволочь!

**Офицер.** /солдатка зекіп/ Шатастырды, шатастырды.  
Катын, катын қайда деймін?

**Сымагұл.** Білісай қаида. Білісай?

**Солдат.** Ұстаптай кетті, тақсыр

**Мырзагали.** /қуаныш/ Я құдай, я аруак!

**Офицер.** /солдатка/ Ұстаптай кетті? Сен не оттап тұрсын?

**Сымагұл.** /таныркап/ Анырай, ә...

**Солдат.** /офицерге/ Оттаған емес, тақсыр, ұстаптай кетті, астындағы аты жеден де жүйрік екен... нағыз қанышық катын екен. Ойнырай, өзі мерген-ақ екен...

**Офицер.** /ашуланыш/ Мен сенен қарастырыла қынсаң түрмүн ба, ауызға атуға түрмайтын қайдағы жиіркенішті бандитка тұраты...

**Солдат.** /сасып қалып/ Жо-жо... жок, тақсыр, сол жаман киргизка... ә... әлті бандитка үш кісімізді атып кетті.

**Сымагұл.** /үрейленіп/ Не дейді құдай-ау!

**Офицер.** Не дейді мына сүкін сын! Өлтіріп кетті ме?

**Солдат.** Өлтіргені қандай, тақсыр капитан, поручик Сойкинді, е... е... кавалерист Левин мен Семеновты сесстей катырып кетті.

**Офицер.** /терісіне симай/ Үшеуі де өлді ме?

**Солдат.** Өлгенде қандай, тақсыр капитан, үшеуі де тұра тіл тартпастан кетті, иманды болғырлар.

**Офицер.** Молчать сүкін сын!

**Солдат.** Есть молчать, господин капитан!

**Офицер.** /солдаттарға Токтарды нұскап/ Апарындар мынаны ана корадағы киргизлармен бірге қамандар!

**Солдат.** Макұл, тақсыр, капитан! Жүр быттай, бас аяғынды!

Екі солдат Токтарды итермелеп ала жөнеледі.

**Токтар.** /Мырзагалиға/ Кош. Мырзащ ағатайым, батыл бол! Білісай апам аман... арманым жок менін...

**Мырзагали.** Токтаржан, сенің жазығың жок қой... Тақсыр нәшәндік босқа қүйдірмес...

Солдаттар Токтарды алып кетеді.

**Офицер.** /ашулы/ Ах иттің катыны, ах қанішер, вельма!

Ах кызыл сатаңа! /Сымагұлға/ Сен сол катынды ұстап мениң алдыма әкелмесен, әкеңе көрістірем мен сені. Сымагұл мырза!

**Сымагұл.** /жағымғазданып/ Таксыр, ол катын қайда барады десіз... колға түседі ғой... Мына /Мырзагалиды нұскап/ Мырзащ қолымызда ғой.

**Офицер.** /Мырзагалиды нұскап/ Бұл что за киргиз? Біздің кісі ме, жок әлде жасырын жүрген кызылдардың қуы ма?

**Сымагұл.** Таксыр, бұл Мырзагали момын адам. Бізге бөтөн емес. /кібіртіктейді/ Бұл кісі... енді... ана әлті Білісайдың қуйеуі...

**Офицер.** /сөйт етіп/ Не дейді? Білісайдын? Бандитка катынның байы, муж что ли?

**Сымагұл.** Дұрыс айтасыз, таксыр, муж, муж... Соның байы, Бізден... е... сізден кешірім сұрап түр.

**Офицер.** /қаһаранып/ Ым... бандитканың байы де, кешірім сұрайды, е! Ах бандит!

**Мырзагали.** /жігерленіп/ Жоқ таксыр, мен бандит емеспін. Кім бандит екенін көріп тұрмыз ғой.

**Офицер.** /Мырзагалиға/ Мына иттің тілі шығайын деді ғой, ә. Сымагұл мырза, осы ма еді біздің кісі дегенін?

**Сымагұл.** Таксыр, бұл кісі бізден кайда барады дейсіз, кешірім сұрап түр ғой. Мырзагали жақсылықты білмейтін жігіт емес, таксыр.

**Мырзагали.** Таксыр, мен ит емеспін. /Сымагұлды нұскап/ итініз әне қасыныңда түр. /Сымагұлға/ Ей Сымагұл, жүзі қара екенсін ғой, қара шұбар жыланды қойныма салыптын ғой! Қайран Білісай, кеш мені, кеш! /Сымагұлға/ Мен сен иттерден жақсылық күтпеймін!

**Сымагұл.** Тілінді тарт Мырзаш, ойлан сен, ашу аңда, ақыл сонда, әлі де кеш емес.

**Мырзагали.** Ойланатыным жоқ.

**Офицер.** /Ызалаңып наганың суырып алады/ Ах, дикарь!

**Офицер** Мырзагалиди атпақ болады, Сымагұл ара түседі.

**Сымагұл.** Сабыр таксыр, сабыр! Бұл әшейін щатасып түр, /осы кезде бір солдат сасқалактап жүтіріп келеді/

**Солдат.** /офицерге честь беріп/ Ойбай, таксыр, капитан, Ақжал жақтан көп атты адам құйындағы келеді.

**Сымагұл.** /үрейленіп/ Ойбай-ау не дейді... алыста ма, солар ғой, солар ғой.

**Сымагұл** шыға жөнеледі.

**Мырзагали.** /серпіліп/ Солар болғай етті. Білісай жаным жеткен екен ғой.

**Офицер.** /солдатқа Мырзагалиды нұскап/ Апар мынаны, кама ана қораға. Оқ шығарманда...

**Солдат.** /Мырзагалиға үмтүтіп/ Жүр быттай! /Мырзагали козғалмайды/ Бол, бол, жүр тез! /Мырзагалиды мылтықтың думімен ұрмак болады/ Желкенді үзем, жүр!

**Мырзагали.** Тарт колынды!

Мырзагали солдатты итеріп, ұшырып жібереді.

**Офицер.** /наганың суырып алып Мырзагалиды атқалы жатады/ Құтырган дикарь, собака!

Осы кезде асып-сасып Сымагұл кіреді.

**Сымагұл.** /офицерге/ Атпаңыз мұны, таксыр! Тірідей әкетейік... Каптап келеді. Білісай... Білісай...

**Мырзагали.** /Сымагұлға/ Солай ма екен. сұмырай, жастығымды ала өлейін.

Мырзагали қынынан пышағын сұрыпты алып. Сымагұла таң береді.

**Сымагұл.** /зәресі үшіп, офицердің артына тығылады/ Кой Мырзаш, тарт, тарт көлінды!

**Офицер.** Мә, саған степная ликая орда!

/Мырзагалиды атып жібереді. Мырзагали екі-үш аттып барып: "Қош Білсай, кег..." деп құлайды./

**Сымагұл.** /бетін сипап/ О, әлін білмеген сорғы.

**Офицер.** /солдатқа/ Ана қорага қамалған киргиздарды өртеп өлтіріңдер! Қызылды жақсы көретін немелер ғой. Қызыл жаһынға жаңып өлсін! Тұғын қалдырмай өлтіріңдер! Жойындар, жүр!

Офицер мен солдат кетеді. Сымагұл сахнада жатғыз. Ол есі кетіп, сенделіп, сасуда. Кісілер қамалған қора өртеніп жатады. Құніренген елдін даусы.

**Сымагұл.** /треиленіп сырт жаққа кайта-кайта қараң/ Ойпырмай, құдайым-ай! Мына Ақжал жақтан қантап келе жатқан қызыл пәлелер ғой... Білсай салдақы ғой бастап келе жатқан. Мына тажат катын түбіме жетпесе иғі еді... Ой, алтамай, иә, аруақ, аруақ... "Катын бастаған көш онбас" деген атабабамның қасиетті сөзі бекер болғаны ма...

Қасында екі солдаты бар, асығыс офицер келеді.

**Офицер.** /Сымагұлға/ Сымагұл, сволочь! Халым мені жақсы көреді дегенің қайда. /сыртты нұскап/ Әне жақсы көретін халқын келе жатыр, бар карсы ал енді.

**Сымагұл.** Таксыр-ай, таксыр... Жылдам жөнелейік, банды катын...

**Офицер.** Енді қашпак екенсің ғой. Нарғыз салдақы катын сен. Ұста мылтығынды. Қызылдарды қырмай кетпейміз. /солдаттарға/ әбден жақындағанда пулеметтен оқ жаудырындар! Жау кейін шегінгенде шабуылға шығамыз.

Солдаттар жүтіріп шығып кетеді. Офицер дүrbісімен қарап түр.

**Офицер.** /Сымагұлға/ Негып тұрсын, бар ана алдағы шепке!

**Сымагұл.** /сасқалактап/ Барайын, таксыр барайын... Ой алтай.

Сымагұл кетеді. Сыртта айғай-шу, қызыл жауынгерлердің аткан мылтық дауысы естіледі.

**Офицер.** /айқайлаپ/ Огоң! Пти!

Сыртта атыс жүріп жатады.

**Офицер.** /аигайлан/ Шегінбендер! Жаудырыңдар оқты!  
Ә. солай ма екен. шегіндіндер ме, батырлар! Енді наступленияға шығу керек... Ат қызы! сайдандар! Өлеменін қарашы, қайтадан ұмтылады... Огонь, огонь!

Асығыс жүтіріп бір солдат келеді.

**Офицер.** О не бол қалды?

**Солдат** /честь беріп/ Семей жактан көң әскер келе жатыр. тақсыр капитан. Қызылдар! Қызылдар!

**Офицер.** /сасып/ Таяу ма?

**Солдат.** Таяу тақсыр, таяп қалды. Кара жолмен қаптаң келеді.

**Офицер.** Жылдам атка коныңдар, екі пулеметті тосқауылға қалдырыңдар. Тез атка коныңдар! Аркатка карай, отступать!

**Солдат.** Макұл, тақсыр капитан!

Солдат кетеді. Офицер кетуге ынғайланады.

**Офицер.** Қашқан жауға қатын ер деген осы болғаны ма! О тағдыр, сүм тағдыр!

Сасқалактаң Сымагұл келеді.

**Сымагұл.** Бас сауталайық, тақсыр, жан-жактан қаптаң кетті. Қызылдар, қызыл пәлелер...

**Офицер.** Ә, солай ма. Сымагұл мырза, сволочь!

**Сымагұл.** Тақсыр, кәспедан... Тастана мені жауыздардың колына.

**Офицер.** Енді сениң күның сынық грошқа да түрмайды... Аяғыма оралма, аулак!

Офицер кете береді.

**Сымагұл.** Құлдық тақсыр, құлдық... қалмаймын сізден.

**Офицер.** Ах, собака! /наганын суырып атып, кете береді/.

**Сымагұл.** Шын-ақ ит болған екем ғой... құдай, құдай...

/Сымагұлда наганын суыра бастайды/ Сен менен де аскан ит екенсін.

**Офицер.** /асығыс жөнеліп/ Ә, солай ма... мә саған ит!

Асығыс сымагұлға оқ атып жөнеліп кетеді.

**Сымагұл.** Алла!

Сымагұл құтап, қайға тұрады. Оған оқ дарымай кетеді. Ұзап кеткен офицерді артынан жүгіріп, ол екі-үш рет мыштық атады. Офицер аман кетеді. Аз науза. Сыртта “уралаған” қызыл партизандардың дауысы, атыған мыштық, аттың дүбірі. Колында наганы бар сахнаға сенделіп Сымагұл шығады.

**Сымагұл.** Ун аллай-ай /наганы колынан түсіп кетеді/ Жүрттa қалған бүралқы итгей болдым-ау! Ант атты ғой мені. /үрейленіп сырт жаққа карайды/ Эне... келе жатыр. Білсай... Қай тесікке кірдім енді.

**Сымагұл** шығып кегеді. Білісай. Беспалов. Жұмағұл Ағадеевтар келді. Бәрі де қару-жаректү. Беспалов бір қолынан жарагланған.

**Білісай.** Қанға батып жер жасғанып қалған. қайран ауызым! Ата-ана. бауырларым... О, жауыздар, нағлет, нағлет! /өліп жатқан Мырзағалиды көріп, жылап/ О адап жарым. Мырзашым, арысым-ай! /Мырзағалидың денесін құшактап/ арманда кеттің-ау, алғаным ай!

**Жұмағұл.** Бауырым-ай. аяулы ағайыным-ай. о қайран қарағым-ай!

**Беспалов.** /бас киімін алып/ Топырағың торқа болсын, кадірлі дос. Мырзаш! Революцияның құрбаны, асыл азамат! Білісай ер едін ғой, болған іске болшаттан да берік бол. Амал канша. Жұмағұл, досым, көтер басынды. Төгілген қанды, құрбан болған жанды келер үринақ ұмытпайды. күрес алі біткен жок.

**Білісай.** Қош Мырзашым, кеш қалыптыз ғой. кеш, кеш Білісайынды!

**Жұмағұл.** Жауга кегінде жібермейміз, аруағыңың алдында ант етемін!

**Беспалов.** Жауды жермен жексен етпей тынбаймыз, Мырзаш! Қанға-қан. жанға-жан!

Бәрі Мырзағалидың сүйегін көтеріп, сыртқа атып шығады. Аз паузы. Сахнага Сымагұл шығады.

**Сымагұл.** Барар жер, басар тау қалған жок...

Сахнага Білісай. Жұмағұл. Беспалов шығады.

**Білісай.** / Сымагұлды көріп/ О жауыз. малғұн. қатайша жер басып жүрсін!

**Беспалов.** Екі аякты айуан, елін сатқан азғын!

**Сымагұл.** Кешіріндер, /Білісайдың аяғына жығылып/ Кеш, Білісай!

**Білісай.** Тарт, жүзі, кара!

**Жұмағұл.** / Сымагұлдың жағасынан атып/ Тұр былай, карабет! /Атуға ынғайланады/ Жайратайын жауызды!

**Білісай.** Токта, Жұмағұл. азаматтарымыздың адап қаны төгілген жерді. мына сұмның арам қанымен ластама!

**Беспалов.** Білісай дұрыс айтады.

**Сымагұл.** /жылап/ Қасық қанымды кинандар, айналайын ағайыншар!

**Білісай.** Ағайын деген сөзден садаға кет. садаға кеткір! Жұмағұл, көзіме көрсептеші. мына сұмырайды. Экетші аулаққа!

**Жұмағұл.** / Сымагұлды әкете бастайды/. Жұр былай!

**Сымагұл.** /Кетіп бара жатып/ Қош елім!

**Білсай. Экет. Жұмағұл. әкет!**

**Беспалов. Елім дейді жауыз. итке ит өлім!**

**Жұмағұл Сымагұлды анып кетеді. Аздан соң мылтық дауысы естіледі. Сыртта айғай-шу, аттың дүбірі. Жүтіриш Жұмағұл кіреді.**

**Жұмағұл. Семейден де қызыл ерлер келіп жетті!**

**Беспалов. Енді жау құтылмайтын болды.**

**Жасасын Революция. жасасын Ленин!**

**Білсай. Аттанындар, ерлерім!**

### *Музыка.*

## *Шы м ы л ә д ы қ*

*Семей қаласы, 1971 ж.*

*1985 жылы өңделіп,*

*толықтырылған*

## ПЕРНЕ

*3 актілі, 4 картиналы, түрмис-махаббат драмасы*

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Күнікей-Қарт ана, 50-де

Толқын-Қызы. Актриса, 30-да

Бұлан-Ұлы, майданнан қайтқан офицер. Әскери  
қызметкер, 25-ге

Токтар - Толқынның күйеуі. Артист, 35-те

Күлтай - Жас актриса. Күнікей мен Токтардың тәрбиесінде,  
18-де

Шарбан- Актриса 30-да

Рәш- Үй шаруасындағы әйел, 35-те.

Шалдыбай- Азық-тұлік даярлау орнының қызметкері,  
35-те.

Окифа Қазақстанның үлкен калаларының бірінде болады.  
Оқиғаның болған уақыты Ұлы Отан соғысының 1944-1945  
жылдарының кезі.

## БІРІНШІ АКТ

### *Бірінші картина*

Токтардың үйі. Оң, сол канатта жағас екі бөлме. Төргі жақта веранда. Үйдің іші әсем жинаған. Жұмсақ орындықтан, диван, қабырғада кісі бойы ұлкен айна, оның қасында туалет стоуы. Стол үстінде қазактың үкілі тақиясы, сыйлырмакты тізбек моншактан. Тағы сондай театр жабдықтары...

Шымылдық ашылғанда ішкі бөлмеден күй-сандықта ойнаған қазактың бір күйі естіліп тұрағы. Оған желдіртпелі сарынмен Толқын қосылып өзіне дайындық жасап жатады. Күй ойнатып аяқтала берген кезде үстінде әскери киім, жаралы Бұлан кіреді.

**Бұлан.** /Тыңдаپ тұрып/ Бәрі жақсы... Бірак, күй пернесін дұрыс басқанмен жан пернесін дұрыс баспадын... /Ынта мен көңіл аударып/ Сап алтын өнер неден тудады?

Екінші бөлмеден Толқын мен Құлтай шығады.

**Толқын.** /Аз кіліріп, түрін байқап/ Тағы да не деп толғанып тұрсын?

**Бұлан.** /Кекей, тесіле қарап/ Сенің жан күйің кімді толғандырмайды...

**Толқын.** /Қарсы бөлмеге жүре беріп кенет тоқтап/ Я, біреуге ерте, біреуте кеш. Айтайын дегенің сол ғой...

**Бұлан.** Я, маған ерте, саған кеш. /Қалтасынан алып Құлтайға хат ұсынады /Құлтай, мә, Темірбектен келді. Сені жоғалтып, олда толғанып жүрген болар. Тез хат жаз. Дос сенімін актай біл.

**Құлтай.** Кім сарғайып күте білсе, сол актамай ма...

Бұл хат қашан келді?

**Бұлан.** Қашан келгенін кайтесің. Не депті, оқысаншы.

**Құлтай.** /Оқып, өні өзгеріп/ Жаралымын. Госпигальға түстім депті. Ашып айтпайды. /Көзіне жас алады/.

**Толқын.** Сен жылап тұрсың ғой!

**Бұлан.** Орнымен жатай да білу керек. Тағы не депті? Эрі карай оқыншы.

## Құлтай. /Оқып/

Елімнің жібермеуға жауға кепін.  
Орнаған жүргімде берік сенім.  
Атысқан өмір, олім майданыңда.  
Әзі берген маҳаббатың сәүлем сенің.

Жүректе айтқан сергі газа сақтап,  
Күн туар кайтатұғын сенімді ақтап  
Ақ көңіл. адад жүрек, шын маҳаббат,  
Арлы адам абыраймен бақыт таипнак.

Жауымның арнап атқан оғы тиін.  
Жатқанда жүрек жанып, жаным құйіп.  
Көре алмай кош айтыссам жас өмірмен.  
Олермін сондадағы сені сүйіп...

**Бұлан.** Әрбір сенім осылаи неге болмаска... /Жігерленіп/  
Шерге толған көкіректі сенімі берік сыр ашар... Ауыр азап.  
аңды дәмін таттай өмірдің шын қасиетін кім білер. Татқан  
білсе, мен білемін, сол үшін де әлі де галай күресерміз. Сен  
бүтін жүресің ғой?

**Толқын.** Иә, жүремін.

**Бұлан.** Қалқам, Құлтай сен бара түршы! /Құлтай хатты  
ұстаған қалпында ішкі бөлмеге кетеді./ **Бұлан** Толқынға  
тікелей тесіліп/ Сен менін жаныма бір жара аз дедін бе?

**Толқын.** Не деп түрсің, Бұлан?

**Бұлан.** /Бекініп, ауыр зітмен/. Не оймен аттанбаксың?

Алды-артына әбден қарап болың ба?...

**Толқын.** Бауырым, мен үшін киналмашы!

**Бұлан.** Жок... Өзін біле ме деп ем, бітмедің. Рас сен  
менен үлкенсің... Апа дейді... Тұыс дейді... Біз екеуміз  
осындағы шүйке.іей кемпірден тудық. Әкеден жетім қалғанды  
мен мекін есігін жана ғана ашқан бала едім. Сен бойжеткен  
қыз емес не едің. Сенгеніміз сен едің ғой. Есінде болар  
Толқын, кімте сүйеніп едің? Дәрменің аз. арманың қөп, өнерге  
жана талпынған щағында қанат қакқызың ұшырған кім еді.  
Кімді кор етпексін.

**Толқын.** Корладың деймісің?

**Бұлан.** Енді не?

**Толқын.** Менің халым өз басында болса не дер ең?

**Бұлан.** Женгізбес ем.

**Толқын.** Адақсанында аргынан бітсен...

**Бұлан.** /Қадата қаралғанда/ Ә, сен әлі адастым дең жүр мө едін!

**Толқын.** Я, төгеннен күйін сокқан жок.

**Бұлан.** Күйін емес, жын сокты.

**Толқын.** /Масайран кекете/ ішеріле де күн бар, көзің жетер. Ол сені қаруғып жұмсаң, мұқатамын дейтін шығар. Жок... жаңылғаным жазықты болармын, бірақ мұқалмаспын.

**Бұлан.** Әсіре қызыл тез онар демей ме казак.

**Толқын.** Тілегіме сай тірегім де бар.

**Бұлан.** Тірегін арзан сауда, айырбас болса, оны да көрерміз. Мені де бір ойласаңы. Білетін ел-жүргіз сенің інің дейді. Өлім мен өмірдің атысқан арасынан келдім. Сахна, ән күй. би көруде ғана дең ойтаймысын. Олай ойласаң адасқаным дең біл.

Сырттан Құнекей кіреді., ұзак пауза.

**Құнекей.** Толқынжан, машинаң қай уақытта келуші еді? / Кенет ойланып/ Токтарды сен бір жерге жұмсаң па едін? / Екеуі де үнсіз. Бұланның ашулы екенін сезіп/ Бұланның, айту жетті ғой...

**Бұлан.** Жеткені осы болса, жетпегені не, апа?

**Құнекей.** Ойданар, акытына түсер дең еді. Қай сорға бастап тұрғанын қайдан білеін...

**Бұлан.** Я, күткен абырой осы еді.

**Толқын.** Тергеуің жетті. Бұлан.

**Бұлан.** Жок, ана алдында бас игізгім келеді.

**Толқын.** Аナンы қадірлемеген кім бар. Мен өз борышымды актағанмын. Ер жеттің, ел таныдың, ендігі қарыз сенің мойнында. Токтарға көңілтім қалған, жүрегім сұынған, дәнекер бола алтыйсын. Кеш айтты деме, сағыңынады, Бұлан.

**Бұлан.** Рас айтасың, мен анама қандай қарыздар болсам, сен Токтарға одан да ауыр қарыздарсың. Мынау аппак құдай шашы бар. карт ананың да кинап отырғаның соның қарызы. Соны театрдың сахынасында тайрандал жүргенімде соның қарызы... Майданның кешегі мен де солдатымын. Сол майданға бізді аттанырған елге барғалы отырсың. Халық маңдайындағы жұлдызына балайды. Қарыз, қалір деген сол. Сынса осыны ойлат менің сағымынады.

**Толқын.** Жә, маған мораль оқымай-ак қой. Есім кірген жынды емеспін. Ақылыңа рахмет. Өлер жерімді менде білемін. Апа бері жүрші. Кетуте ыңғайланады.

**Құнекей.** Алаң құрысың, несіне апа дейсін.

**Бұлан.** Басынан аттаса алақаныңды теріс жай, көкірегінді көкке сау... Басқа қолыннан келер не қалды.

**Толқын.** Не сілеге сілтеп іұрсын?

**Бұлан.** Э, сілеуден корқамысын. Қорыкқан кісі аяғын байқап басады.

**Толқын.** /Бұлығып, қысыльп/ Қаламым ғузу, қалай басам десем еркімде.

**Жатт** бұрысып бөлмесіне кеңелі. Аз үнсіз.

**Күнікей.** /Ішгей күйіншілен / Бұ қыз ба. бұ қыз кетере алмады ғой.

Кеудесіне саршұнақ шайтан шықпас гай болып ұялаған. Баяғыда қүйеуімізben бір ауыз жаман сөзге келсек. әп-сәтте-ақ жарасып жүре беретін едік. Бүтінгінің әнелі құлағына қол апарттайтын бір көкшұнақтар... Жасаған-ау... Ода бір сорлы. "Толқынтай", "Толқышке", "Тоня", "Ішке", "Мішке" деп ақарында міне, қатыңды бастан, баланы жастан тынып ұстамас болар ма... Сенің де мінезің бір томырық... Үркіте. қоркыта сөйлейсің... Теректің шоғындай шарттыңшап тұрған немеге барлығы да камышы...

**Бұлан.** Сенің де менің де бетімнен өшпес танба болды, апа.

**Күнікей.** Тетелес інісісің ғой, не дейді. саған сырын айтты ма?

**Бұлан.** Ей апа, анқаусың. Сырын ерте білгенмін. Түзеледі ғой. енді ойлар деп... әттен дүние, окопта. блиндажда... жау оғының астанда. шыбын жанды шүберекке түіген сағатта... Арыммен ант етіп хат жаздым. Оның да әсері болмағаны...

**Күнікей.** Ойлайтыны не, ашың сұрағың ба?

**Бұлан.** Желді күннің оты қалай шалқымын десе еркінде емес пе. Эне, Тоқтар да келе жатыр. Бір кезде жігіттің ғұл еді, кор болғаны кімге аянышты емес, апа. Туысынан кол үзіп, бар өмірін біздің бакығымыз үшін жұмсаған жанның жарасын ана болып, сен емдеуге жармасам, туыс болып мен уытын басуға жарамасам, не касиет қалды. Жоқ мен енді көрмеймін.

**Күнікей.** Сабыр етші

**Бұлан.** /Бойын ашу кернеп тенселіп тұра алмай/ Бұдан кейін не қылған сабырлық. Өнер құған, үлгі берген тәтем бар деп келгенде көрген қызық, қуанышым осы болғаны ма... /Дірілдеп/ Басы мен-зен, көзім қараутып барады. апа сүйей бер. /Күнікей сүйіп отырғызады/ Бұл не? Аласу ма... Айну ма... Апа, маған Құлтайды шакырып берші.

**Күнікей.** Қазір қалқам, тынышталшы. /Айқайтап/ Құлтай! Жасаған-ау, өзі құрғаны мен қоймай сені де құртканы ма...

**Бұлан.** Мені құрта алмайды... Шакыршы ала. /Ішкі

бөлмeden Күттай келеді/ Күттай бері келші мандаіынды үсташа.

Күттай. Неге ашулантың. Бұстан аға? /Диванға жагқызады/  
Бұлан. Жәй. әншейін. Сен маған тура карашы...

Күттай. Қарадым, Бұлан...

Бұлан. Жаңынмен гура қарап жауап берші. дос сенімін актадың ба?

Күттай. О не легенін. Бұлан...

Бұлан. Иә. одан биік не бар. Сар да іаның сыры тек қана сенің бойында... Төңкерілген аспан асты қайдай кен... Күн не леген мырза... Же і қандай майда... Ол сонда, от ішінде, өлім аузында... Сен менін касымда отырсын... Даңада өскен даға қызы... Ер жаңына сусын беретін дана қызы... Әнің мен қуат бер? Өз елеңінді айтпай-ак кой... Соның жазғаның оқып берсендеге болады.

Күттай. /Қалтасынан ҳатты ашып, ақырын коныр баяу әнмен оқиды.

Елімнің жібермеуге жаута кегін.  
Орнаған жүрегімде берік сенім.  
Алысқан өмір, өлім майданында.  
Әл берген махаббатың сәулем сенің

Жүректе айтқан сертті таза сактап,  
Күн туар кайта тұғын сенімді актаң  
Ақ көніл, адал жүрек, шын махаббат,  
Арлы адам абыраймен бакыт таппак...

Ән аякталады. Ішкі бөлмeden үстінде жол киімі, Толқын шығады. Есіктің касынша көзін төңкере қараң, сілейіп тұрады.

Бұлан. /Толқынға көзі түсіп/ Әкеғіндер мені бұл үйден. /  
Басын көгеріп алып/ Қеудем қысылғын барады. Сенделіп түрегеледі. Құнікей мен Күттай сүйемелден сол жактағы бөлмеге алтып кетеді.

Толқын. /Сагатына қарап/ Жүруіме аз-ак уакыт қалы. Дауығ тұрды. Бет ашылды. Дос пен дүшпан не деседе еркінде. /Бұлығып сөйлей алмай/ Алдамшы бақ тек менің ғана басымда... Не болым... Не болғалы тұр... Алдың бұлдыр болса да алған беттен қайтна деймісін. Көп аузын жаба алмайсың, көнтің сөзін тоқтата алмайсың, әлде абырайым төгіліп, бағымның қайтуына бастадың ба... /Қатты қинальып, туалет столына етпеттей отыра кетеді. Сырттан конырау соғылады/ Сол... келді /Басын көтермейді/.

Құнікей. /Ішкі бөлмeden шығып/ Қазір. Сормандаістардың

біреуі аша да салмайды. Есік ашады. Қолында бірнеше бөлек бұмасы бар, колтығына қыскан нотасы Токтар кірелі.

**Токтар.** Апа, мына нәрселерді атыңызшы.

**Күнікей.** Бұ не, қалқам?

**Токтар.** Толқынның жолға алатын азық-түлігі де.

**Күнікей.** /Нәрселерді атыш! Мандаидын тері, қолдын кірі дүниеде... /Кете береді/.

**Токтар.** /Мағына бермей/ Файыбынан түсгі, аша. Қызындың жолы болады екен. /Толқынға нотаны ұсыныш/ Міне, Толқын... Күнім - ау, бұл қай жатқаның! Тағы не болып қалды... Басыңды қөтерші. Міне, анадағы әнді өз даусына қайта жазғыздым. Біраз налеу, бірак, оқасы жоқ, ыргагы аяғындағы қайырмасында жақсы шықкан.

**Толқын.** /Ашулы/ Әнеугіден бері шошка тағалады ма екен.

**Токтар.** Жаным-ау енді, өзгерте кою онай деймісің...

**Толқын.** Жол жөнекей үйрене кою маган онай болып па. Бір ауыз бірденені дыр еткізгеніне бәлсініп, әкесінің құнын сұрайды. Онысы бір адам сиякты ән болса екен. Қөнігге қонар құны жоқ... Жамау-жасқау құрама. Кенірдегімнің салағасы, айтпаймын.

**Токтар.** О бишараларда не күнә бар. Жоғары дедін, төмендепті. Күй какпай, домбыра шерпіей болсын дедің оған да көнді.

**Толқын.** Беделге қарап неге жазады.

**Токтар.** Жаным-ау, екеуімізді ескермей жүрген күндері бар ма?

**Толқын.** Шәрбанға неге аудара жапырактайды. Жақсының бәрін соның мандаидына жазып қойып па...

**Токтар.** Өзіміз жаксы болсақ, жақсылық бәрімізге де жетеді рой.

**Толқын.** Аямастан-ак үстіне үйін төге салып едіңдер, масыл болды ма... Бәрінің де шашбауын қөтеретін сен аккүс. Мәшиненең қайда?

Долданың жинала бастайды.

**Токтар.** Саған не болған, сабыр етші. Машиналы Шалдыбай беретін болды, қазір келеді.

**Толқын.** /Бақастықпен/ Табанымыздан тозып жүргеніміз мынау /Аяқ киімін көрсетеді/ Мына адыра қалғырды қалада сүйрекеніміз азтай, далада сүйретеміз бе? Уәделескен тігіншің қайда...

**Токтар.** Толқын-ай, аяқ киімі құрғырын бар емес пе еді. Тігінші антурған үйінде жоқ, әйелінің сонынан кетіпти. Тағы да барып келейін. Кетуге ынғайланады.

**Толқын** Бармай-ақ кой...  
**Тоқтар.** Неге??

**Толқын.** /Әзілмен кекей/ Тұғырыннан шошынған түйіндай қайтып қолға кондыру қын болар. Иә, барлы не қыласын.

**Тоқтар.** О не дегениң!

**Толқын** /Безеріп, салмақлен/ бармайсың. Отыр. Менің сенімен ашып сөйлесетін әңгімем бар.

**Тоқтар.** Тағы не қүиге бастағалы тұрсың. Толқын. Не деп тұрғаныңа тұсінбеймін.

**Толқын.** Я, мәселе сол тұсінбеуде Сен маған тұсінбейсің. Мен де саған күні бүтінге дейін тұсінбей келдім.. Тегі есебімізді айырғанымыз жөн болар..

**Тоқтар.** Не айтып тұрсың сен...

**Толқын.** Осылай журуімізде не қасиет, не қызық, не баға бар. Намысың бар жігітсің ауыр тиер.

**Тоқтар.** Ауыртналықты адамғана көтереді.

**Толқын.** Қөтересін білемін...

**Тоқтар.** Білсең оның несін айтып тұрсың маған...

**Толқын.** Екеуміздің қосылғанымызға он жыл екен. Содан бері сырласып, сөйлесіп, кінә айтысу сенің ойында болды ма..

**Тоқтар.** Кінә айтысу...

**Толқын.** Қол үстасын қосылғаннан бері біз екеуім, шешіліп сөйлесе алмай келеміз. Ол анық, Тоқтар. Бүтін осы жерде күнгір ойды аныктап, жөнімізді табайық.

**Тоқтар.** /Шошын/ Толқын...

**Толқын.** Шошымай-ақ кой, ол халден өткенсін.

**Тоқтар.** Елеусіз қарайтын күннен өтіп, шошитың.. сескенетін күнгө жетпін деймісің. Кінәлі мен болыш, сен кінәсі, болсаң деп тілейтін едім. Рас, сениң кінәлі болғаның ауыр екен. Жарайды. Онда бұл әңгімені қозғамайық. Осымен дөғарсала болады. /Ішкі бөлмелеге қарай жүріп/ Күлтай!

**Толқын.** Сенінше не? Сөз қылуга тұрарлық емес пе?

**Тоқтар.** Жоқ. Осымен дөғарайық дедім ғой... Күлтай. Ішкі белмеден Күлтай кіреді/

**Күлтай.** Жай шакырдың ба, аға.

**Тоқтар.** Қазір барда директорға жолық, өзі біледі.

**Күлтай.** Жолдан кешігеміз ғой аға.

**Тоқтар.** Үлгересін.

**Толқын.** Үлере алмайды. Бармайсың.

**Тоқтар.** Үлгергу, үлгертуе менің қолымда. Жылдам тез барда, мына қағазды бер.

/Қағаз жазады/

**Күлтай.** Жақсы аға барайын.

Кетеді.

**Тоқтар.** Я. тоқып жеткен жерім де...

**Толқын.** Толғанып жеткен жерім. Күлтайлы неге жұмсадын?

**Тоқтар.** Ол бармайды.

**Толқын** Менімен біре мә?

**Тоқтар.** Иә сенімен бірге.

**Толқын.** Тоқтар, жеке бастың мәселесін, әлеумет ісіне араластырмайық. Жіберме, кайыр. Өз берген жақсылығынды өзің қайтып алмақпсың. Ынтымағым жараспалы деп жолға бөгет боламысын. Жіберме мен үшін. өзің үшін.

**Тоқтар.** Оған енді кеш қалдын...

**Толқын.** Иә енді барлығына да кеш.

**Тоқтар.** Дұрыс. Толқын, сенің кауіпін жолынан жетістік табу арманы болса, маған о да соққы. Сен ашып айттың Жеткен жерім осы деп толғанып айттың... Бірак, сен еккен дертке қарсы колданатын шара екен деп ойдама. Өз берген жақсылығынды өзің қайтіп аламысың дедің ғой, жақсылық кайырып атынбайды. Есінде болсын. Толғауы жеткен іс токта дегенмен болмайды. Сен жанымды жүз жерден жарада, жазуға да, сауығуға да құдіретім, күшім де же геді... Жеткеннің алды осы.

**Толқын.** /Үрейлі пішінмен/ Мұнымен не аиткын келеді.

**Тоқтар.** Ойымда не бар, бәрін де.

**Толқын.** Айта алмайсың, айтатың күннен кеткенсін.

**Тоқтар.** Жақсы, айта алам ба, айта алмаймын ба, ғындал көр.../Телефон сыйлдырайды. Тоқтар тыңдалап/ Иә, соның пәтері. Кімді Толқынды ма? Кім сұрайды?... /Өні бұзылып, телефонның трубкасын колына ұстап... үрейлентгендей аз кідіріп /Мә, ал!/ Трубканы лақтырып тастап, теріс айналады.

**Толқын.** /Сездірмеуге тырысың/ Қызғану әркімнің де колынан келеді. Жігіт болсан, корғай біл. /Тыңдалап/ Ия, мен. Вокзал басынан...

**Тоқтар.** /Өзіне өзі/ Сезіп едім, шыдан едім...

**Толқын.** Қашан?... Жарты сағаттан кейін.

**Тоқтар.** /Ашулы/ Жарты сағаттан кейін дейді. Сайкал...

Бар әйелдің күнәсі сендей болғанда, әлемді түнек неге баспайды... Күледі... Куанады... Мазак етеді...

**Толқын.** Неге корланасын?

**Тоқтар.** Корлық емей немене.

**Толқын.** Үйренген...

**Тоқтар.** Не деп түр, бүйдалы тайлак, кайда жетелесем

сонда деймісін. /жайл бұрынып, геңефонға таң беріп/ Токтат! Қорлауын жетті! /Телефонды жұлдыз алады/ Сен не деп тұрсын, не істедін!... Тірі жанды арбаған зымиян. Қытығыннан жер жеркенсін. Арын қатай барады. Дәтін қатай шыдайды.... Бұданда сен меніреу түнде мияулаған мысық, неге болмадын.

Ішкі бөлмеден Күнікей келеді.

Күнікей. Құлындарым-ау, бұларын не?..

Тоқтар. Алал сүтін... Ақ батаң...

Күнікей. Қой деп елім-ау. Толқын. Тілімді алмадын.

Екеуінің бұл күйінді көргенше, мойыма дорба салып неге қаңғып кетпедім екен...

**Толқын.** /Безеріп тұрады да, кенет/ Мен кінәлі. Не деп сөксендер де еріктерін. Мен кінәлі. Өз бөлмесіне кетеді. Ұзак паузы. Даладан Шалдыбай келеді.

Шалдыбай. Апа, дені-карның сау ма?

Күнікей. Шүкір, шырағым.

Шалдыбай. Толқын қайда? /Сағатына қарап/ Э, әлі де уақыт бар екен. Машиналы қоя берейін бе. жок тоса тұрсын ба? /Гым-тырыс. Жауап ата алмайды/ Сендерге не болған ей... Неге үндеңісіндер?...

« Күнікей. Е, отбасы, ошак бұтының әнгімесі ғой шырағым.  
Шалдыбай. Анырай, осы отбасы дегенің кын-ай...

Апа, қолыннан дәм татпағалы бірсызыра уақыт болды. Таң атқалы Тоқтар екеуіміздің шабынып - сабылып... Оның деймісің осы күні қолға түсіре кою. /Токтарға/ Ой, сенікі не ей... Толқынның жолға шығып жүргені бүтін емес қой... Тәйірі атсын сені. Өздерін артиссіндер. мұндауда мәз-майрам болып жатпайтын ба. Апа, мына күйеу баланың иғың түсіп кетіпті, бірдеме бар ма мына бізге беретін.

Күнікей. Ия, қалқам бұрынғы жай, бұрынғы күй бар деп айтып тұрсын ғой. Тен құрбысысын, не болғалы түр, тым болмас зер салып, көңіл аударсаңшы. Шалдыбай-ау...

Шалдыбай. Эй, әй, не болып қалып еді... Апам тіпті ауыр сөз айтып түр ғой. /Колын сілтеп/ Эй, осы сендер-ай. Шелкин жөндең кие алмайтын бір шүйке басым бар. Ашуланса басымызға әнгір таяқ ойнатады. Сақ бол, байқап жүр, деп ақыл да айтып қояды. /Токтардың қасына барып/ Онысы теріс те емес, телефонға маза бермейтіндерін кім, деп әурелейді-ау. Кім болсын, таныс жолдастар деймін. Жок, сенің сүмдығың ішінде дейді. Сезеді кәпір. Шалдекең аяғын шалдыра ма. Оның қасында сенің әйелің кордың қызы емес пе? Төбене секірсе де көне бермеймісін бе.

**Тоқтар.** Лепірме жел сөзінді койсан екен. Бәрі де болды, бәрі де бітті.

**Шалыбай.** Аға, мынау не деп түр өзі...

**Күнікей.** Иә, не деді дерің бар ма...

**Шалыбай.** /Сөйтепней/ Жә, жә, боиты, боиты. Эй, сен де бір қызғаншак, түймедейді түйедей қылатын... Артистка, амалың қанша, құнесін. Шыла. Құдай біздің қолымызды артистерге жегкізбейді. Сен қацірлей білмейсін. Олардың жаңы күйрек, нәзік. Сахнада қандай көрсөн үйінде де сондай көр. Чепуха, ондай-ондай болады. /Айғайлан/ Толқын, бәрі кел. /Үйден Толқын шығады/ Біріннен бірін үрікпей отырсыңдаршы бытай /стулдарды ынғайлап коя бастайды/ Эй, осы шүйкедей жаман кемпірдің аркасы бәріннің адам болып отыргандарын. Аға, бірдемен болса әкеleші. мына екі құшікті татуластырып жіберейік. /Күнікей қолынан жетектеп ауыз үйге алып кетіп бір бөтөлке арак алып кірді/ Рюмке бар ма? /Өзі тауып алып қуяды да, біреуін қағып жібереді/ Делқұлы десендер де осы мен сендерге бір сөз айтайын ба? Тыңдайсыңдар гой? /Сыртта машинаның ғудогі естіледі, веренданадан қарап/ Тоқтай түр, қазір - қазір. Жолдастарың келіп қалды, кәне, кәне, болсандаршы. /Шыдамсызданып өзі қағып салтып, тағы құйып кояды/ Я, мен сендерге, ұмытпасам осыдан он жыл бұрын, шіркін, өткен өмір-ай, осы үйде ме еді? Е, айтпақшы ана кішкене үйлерінде екен гой. Осындай үстелдің басында, тең - құрбымның алдында елді уатып, жүртты шұлатып екеуінін Қозы-Көрпеш – Баяндай болып қосылған тойтарында бірінші тостымына жаман досың көтеріп еді-ау.

**Шәрбан** кіріп келеді.

**Шәрбан.** Эй, мынау не деп бөсіп түр. Жазған-ау, мұның да жүрмейтін жері болсашы.

**Шалыбай.** Тоқтай түр Шәрбан. Бері келші өзің, мына жерге отыршы.

**Шәрбан.** "Жаман үйлін қонағы билейді" деп, кісі үйінде мырзасытын әдетің-ау сенің. Ат, отырдык.

**Толқын.** /Токтарға/ Сонымен сен мені мұқаттым дейсің гой.

**Тоқтар.** Кімнің мұқалғаның жүрт айтсын. Менен ауысқан жақсылық қалған өміріне азық емес пе? Оны несіне сұрайсын.

**Толқын.** Жаксылық қылсан түтел қыл. Қайда жібердің Құлтайды?

**Дауыс.** /Жамыран шығады/. Толқын, Толқын.

**Шәрбан.** Толқын-ау, Құлтай қайда кетіп еді... Немене, ол бармайтын болды ма?

**Толқын.** Шәрбан қоя ғұршы. /Токтарға/ Тағы да айтам, жібер деймін.

**Токтар.** Жүре бер. жолын болсын. Менің еккен жемісімнің жашырағы басында күнгө шалғызбайтын сая болған.

**Шәрбан.** Бұларың не... Түсінбеймін.

**Толқын.** /Долданып/ Түсінесін. Шәрбан. Бүгін болмаса ертең. Енбегім елге ортақ екен. Ортақ іске іріткі салып Құлтайды алып қалғанын жеміс шықпасын, абыробайын айрандаи төгейін. құлап қайға легенің ғои. Жарайды. оған да жауап беретін осы.

**Сырттан.** Толқын. Толқын. Болсаңшы.

**Шәрбан.** Мұның өзі не бол барады...

**Шалдыбай.** /мастай/ Токтар, сенікі де, Толқын сенікі де... ым, ия, екеуіндікі де /столы қойып қалып/ дұрыс емес, совсем дұрыс емес.

**Шәрбан.** /Кекен, мыскындан/ Машинаның моторы дүртілеп түр екен. Авария болып жүрмесін сактандайсын, Шалдыбай.

Толқын әнеуқүнгі алған нотан қайда? Концертке шығуға жарамасақ та қолымызды болсын.

**Толқын.** /Іштей күйініп/ Мә, нотан. Шыркай бер әнінді. Дүние сенімен маған тар еді, енді міне кеңейейін деп түр. Сүйінші сұра. жар сал, қызық хикая. құлак құрышын қандыратын әңгіменің арқауы мен болсам, таратушы осы боласын, куан. Шалқы, масайра.

**Шәрбан.** /Таныркаған болып/ Мәссаған, қызықсын-ау өзің. Ит ашуын тырнадан аладынын кебі. Жазығым не? Койдық. Құл болмасаң, бұл бол. Қош бол.

**Шалдыбай.** Шәрбан. Шәрбан. Сен екеуіндікі не?

**Шәрбан.** Қолыннан келсе ана екеуін жаастыр.

Кетеді.

**Дауыс.** /Сырттан/ Поездан калманыз. қашан шығады.

Асығып Құлтай келеді.

**Құлтай.** Толқын апа, сізді тосып түр. Тез шықсын дейді. Аға директормен сөйлестім, сіз біледі лейді ғой.

**Толқын.** Оның не білетіні бар, жүресін!

**Құлтай.** Аға... аға...

**Токтар.** Рұқсатым жок, бармайсын, қалкам!

**Толқын.** /Әбігер/ Бұл кай қастығын.

**Токтар.** Қас пен досты өткелден өткенде көрерміз депті ғой біреу.

**Толқын.** Олай болса, сол өткелді мен күттім. Ер болсаң жібермей бак.

Шамаданың лактырын тастаң, оғыра кегеді.

**Күлтай.** Аға, барайын, барайын аға. Сіз үшін, екеуініз үшін. Кеңен соң рөлімді дайындаимын ба?

**Толқын.** /Дірілде/ Сені менен алтып қалғалы түрған рөл ме екен.

**Тоқтар.** Сенің сапарың сағым сиякты бұлдыр іске үмтүйту болса, Күлтайдың сапары беленген бесігінде тербеліп адамның рөлін жасау. Ол бармайды, ойнайтын рөлі бар.

Үйден Құнікей шығады.

**Құнікей.** /Тоқтарға/ Тілеуін берсін, барсын қалдырмашы жолынан.

**Тоқтар.** Адасқаның алды жән, аргы сокпак... Енді жәнді менен несін сұрайды. Колқатама апа.

Машина гудок береді. Тым-тырыс.

**Толқын.** /Шыламсызданып, жылан/ Жаным апа, не бол барады... Іштен шыққан балаң емес пе едім. Неге айтпайсын...

**Күлтай.** /Тоқтарға/ Ағатай, рұқсат етші. /Бұл кезде ашұлы Бұлан шығады/ Бұлан, ағаны күндірші.

**Бұлан.** Ағаң алдына бас игенде ғана көнеді... Бұл сен баратын жол емес. Театрды мына сен, мен, Тоқтар ағаң үшеуіміз осында құрамыз. Әрене араласпаған, берекелі шын театр құрамыз.

**Толқын.** Театрдың берекесін алған мен екенмін. Олай болса, Күлтай, сен қата-ақ қой. Өзім-ақ барайын. Не көрсемде бағымнан... Қош болындар!

Асығып шығып кетеді.

**Шалдыбай.** /Сонынан жүре түсіп/ Драмасы осы ма, не деп түсінесің.

Кетеді.

Сыртта машинамен өндөтіп кетіп бара жаткан артистер.

**Күлтай.** /Өзіне/ Бұл әзірлік қана... Шын драма әлі алда.

### *Шымышылдық*

## ЕКІНШІ АКТ

Перде алдында колында таяғы, көнілі жабырқаңқы, тенселе басып келе жатқан Токтарға Шәрбан қарсы жолығады.

**Токтар.** /Өттіп бара жатып/ Шәрбанбысын? Бәріннің де достығын көрінді.

**Шәрбан.** /Бұрының қасына жакындаи/ Дос болмағанда. қасын дең пе едің... Неғып жүрсін, кайда баrasын?

**Токтар.** Көшерімді жел, конарымды сай біледі деп қаңбақ айтыпты ғой. Басым ауған жакқа.

**Шәрбан.** /Токтардың қолтығынан атып/ Өкпен орынды. Мені де бір тындаши. Жақсы кездестің ғой өзін.

**Токтар.** Есендірген бас кімді тындаламайды. Айта бер.

**Шәрбан.** /Күрсінші/ Жаным ашилы, аямын... Бір азаматтың еңбегі сендей-ак болар. Не істемедің. Тек құстың сүтімен суармадын. Аспандағы ай, жұлдызыға да қоюн жеткіздің. Қоятын не кінәсі бар?...

**Токтар.** Жаным-ау, кінәсы болса мен өкінер ме едім... Жоқ кой, өзіне де аян.

**Шәрбан.** Ия,, сені түсінбеді... Соныман ендігі ойың не? Әлде шыңдағын келе ме? Үйреніскең отбасын тастап кету оңай да емес... Оны енді өзін білесін де... Кім біледі... Келісіп кетерсіндер. Кешіріп келдің, әлі де кешірерсін...

**Токтар.** Рас деп ойтаймын.

**Шәрбан.** Міне, тұн жамылтып тұрмын. Маған мынау көк тайғақ мұз, сүренсіз тұманды ауа қандай жиіркенішті болса, олда сондай. Елге де аян... Ерте білгенмін. Тек саған айтуға дәтім бармай, сені аятынмын. Өз көзі жетер деп жүретін едім. Көзің жетті. Қыргы кабақ бас араздықты қояйық. Сен Токтар емес пе едің. Бізден алшақтауын да соның кесірі. Саған деген бөтен ойым болса, маған да бір зауыл бар шығар. Бұрылған екенсің, кайтып қарасын көрме!

**Токтар.** Шындығын көру, көрмеуде ме?

**Шарбан.** Сүмдіғы ойында болсашы!

**Токтар.** Ойында...

**Шарбан.** Ия...

**Токтар.** /Сабырсызданып Шәрбанды қолтығынан атып, іштері бір-екі аттаң, кенет таяғымен нұскап/ Сонау сәүле біздің

театрдың алдындағы сәуле. Оның төрінде сенің де, менің де, оның да бейнесі түр. Жанарлы, өткір нәркес көзінмен тесіле карашы. Өзің де көресін. Біздің орнымыз сонда. Мұның кадыр-қасиетін білшік не... Білмелік. Шәрбан. Біздің жаңымыз ел казынасымен сугарылған жок па еді. Соның уызын ішін, ер кеткен ұзы мен қызы демей ме бізді. Жүргімізде ломбыра мен қобыздың телегей-тасқан сазы жаткан жок па. Қасиетіміз кесек атындаі, кадырымыз ата таудай екен. Неге аяқка басамыз. Неге желге, күнге шалғызыамыз. Не бір жаман әдет. дандайсыған, аскандық, бак қундестік, тоғышарлық мінез. ел көшіне ере алмай. шабан - шалғай мешеу қатып, жүйріктен жабыға айналған сорысық менің де, сенің де басымызда бар. Жатған десен /затты нұскапи/ мына отырған жүрт айтсын.

**Шәрбан.** Жүрт әміл. Мен емес, сенің басындағы кемшілікті олар айтады. Күліп те, күйінің те айтады. Оған не дейін.

**Тоқтар.** Жүрт сөзі төрелік...

**Шарбан.** Төрелікті жүрттан күтсөн есін барда, елінді таң. /Театр сәулесіне бетін бұрып/ иіле, бетімізді жана тұзу бұрдық... Дәл бұрдық. Адасиастан бұрдық. Сенің ескі мекенін мынау, карау басқан, күнгірт тартқан ағаштың арғы бетінде жүр. Қолымнан ұста. Сен іздеген жана адамның бейнесі театр алдындағы сәуленің ішінде... Содан табасын. Сол жерден жолығасын. Өзің жолықтырамын.

**Сүйрей** жөнеледі. Соңынан Шалдыбай келе жатады.

**Шалдыбай.** Ау, әй. тоқтандар!

**Шәрбан.** Жок. Шалдыбай, біз асығыспыз.

**Шалдыбай.** Е, мен де асығыспын. Театрларына 3 - 4 адамға билет алып беріндерші. Ойын басталғаты жатыр, көре алмаганымыз ба?

**Шәрбан.** /Кейін бұрылтып/ Бос орын жок. Бүгін біз катыспаймыз, сондыктан көре де алмайсын.

**Шалдыбай.** Онда мені де ала кетіндер... Бірге болайык.

**Тоқтар.** /Кідіріп/ Тұра тұршы.

**Шалдыбай.** Болмаса менімен бірге жүріндер. Машина� дайын түр. Бүгін дем алып, бас қосып, былайша. Е..., ия, өзімізше отырайық та... Құдайға шүкір табылады...

**Тоқтар.** Шәрбан, сен жүре бер. Күжкарана сәлем де. Ертен мені Шалдыбайдікінен тапсын. Сәуле тұрсын. көктемгі жұлдызға жеткізсең де еркінде. Бердім билігімді.

**Шәрбан.** Адалт көнітіммен де!

**Тоқтар.** Айтқаның болсын, Шәрбан /кол алысады/. Шәрбан кетеді.

Машина кайда?

Шалдыбай. /Айгайлан/ Ей, Айдарбай, бүр машинаны біздікіне қарай.  
Екеуі кетеді.

Шымылдық ашылады. Бірінші актідегі Токтардың үйі. Күлтai үстел үстіндегі Толқыннан келген хатты алады.

Күлтай. /Ашып оқып/ кетіп барам... /тани алмай/  
Тағдырының не жазғаны болса да көрдім. Не бакқа, не сорға.  
Тірі кайтсам өз қылғаның өз алдына бір келтірермін /өзіне/  
не дейді мына шіркін. Әкем шоғты шапкан сайын үдейді  
деп. Үйден алыстаған сайын үдең барады ғой өзі /оқып/.  
Енді менен үмітін үзсін, екеуімізді қосамын деп енді әуре  
болма, апа. Онда мәнгі бағымды байтағаның. Бұлан, сен  
канша жек көрем десен де өз туысыннан өзің безе алмайсың.  
Партизандықты қой. Мен жокта оған не болып отырғаныңды  
білем. Әділдік десен, дәрменсіз әділдіктен, орынды қиянат  
жақсы. Сен мәңкіп, тулағанмен дүниеге тұтқа бола алмайсың.  
Өмір қатірез. Тауың шағылады. Менің жолымның шиыры  
көп... Күлтай екеуін соған түспеуді ойландар. О не дегенін?  
Мендей болмандар дегені ме? /Хатты столдың үстіне қойып,  
құледі/ Күлмейінші. Кім біледі... Мен де осылардай... Жок...  
Арманымның бірі де, ансағаным, сарғая күткен тілегім де сол  
ғана /Ақырын, есіне түсіріп, ән салады/.

Жауымның арнап атқан оты тиіп,

Жатқанда жүрек жаңып, жаңым күйіп.

Көре алмай қош айттыссам жас өмірмен

Өлемрін сондадағы сені сүйіп...

/Кенет ойланып/ Маған телефон соғып біл деп еді-ау,  
Токтар ағам. Қайдан табам. Кімдікінде еken. /Дереу телефонды  
алады, сырттан конырау қағылады/. Казір.

Есік ашады. Сырттан қолында сумкесі бар Күнікей кіреді.  
Күнікей. Келді ме?

Күлтай. Жок, апа.

Күнікей. Аян қайда?

Нәрселерін қояды.

Күлтай. Далада ойнап жүр.

Күнікей. /Келіп/ Карагым-ау... Папамды мен іздел  
келейін дейді. Жасаған тірі айырылған күйікті көрсеттің бе.  
Театрында да жок па еken?

**Күлтәй.** Кеше гүс кезінде келіп кетіп ел деңди. Шәрбаннан да, Күжқарадан да, Имекс арылан да. Жынышкекелен де сүрадым. Бірі де бітмейді.

**Күнікей.** Ку шұнак. Ку мандаій кар аи.. Бірлемеге үшыраш жүрмесе ігі еді. Есінен айырытып есенгіреген сорлы... Жығыттан үстінде жұлдырық осы да... Енді қайдан ізделік. Әлгі бір Шатыбай ала күспен шатасып кетті ме. О неме де көрінбей кетті ғой. Базарға бара жатсам. Әбіштін апасы қарсы жолтыны... Сені не кара басты, қызына сөзің өтпелі ме, бет монщағы үзтеді дедін бе... Бұдан өлгенің жаксы еді. Құлтайынды ұмыттайын деген екенсін, ондай бетпактын бетін ғырнамайтын ба. деп жер-жебіріме жетті. Бүйтіп доска құлқі. дүшпанға таба болып әртішке болғанша... Құлтай, сенен енді сұрайыныш, осы тардын тұз енбегі неге жараспайды. Білдін бе?

**Күлтәй.** Жок, апа...

**Күнікей.** Ел не дейді?

**Күлтәй.** Жұрт ия... жок, апа айтуға аузым бармайды.

**Күнікей.** /Анырап қалып/ Айтуға аузым бармайды...

/Тұңғілп/ тоғыз ай көтеріп, тоғыз күн толғатканда ет ағында қара бет болсын деп пе едім. Ақ сүтім арам болғаны ма, адал тілегім теріске бақканы ма. Не күнә, не сүмдыштымнан жаздым. Әлде өтірік, әлде шын... Мұндайда құрыққа сырый жағайтындар да көп болатын еді. Сенің анығына көзің жеткен сиякты ғой...

**Күлтәй.** Ия, апа, міне жазған хаты.

**Күнікей.** Не депті? Оқышы, өз күлағыммен естиін.

**Күлтәй.** Енді менен ұмітін үзсін депті.

**Күнікей.** /Ауыр күйінш үстінде/. Көзі қабырғада түрған Токтардын суретіне түсіп Лаулған өрт едің, тумағаныңа ғана кінәлі еді. Бәрінің басын қосып үйірілдіріп үй қылып, адам қылған сен едің-ау. Сен де менің қолымнан кеткенін бе... Екі көздің қарашығынан бірдей айырығаным ба. Аянымның өгей екенің қолында өксіп өмірі ме. /Сазарып отырып, көзіне жас алады/ Құлтай, бұз хатты сен Бұланға айтса, ол бүлдіреді. Токтарға да сездірме. Мен оны іздейін. Сен де ізде.

Кетүте ынғайланады.

**Күлтәй.** Апа, қайдан іздейсің?

**Күнікей.** Токтарым деп жар салсам. неге дыбыс бермесін. Шәрбаннан, Күжқарадан сұрайын.

Кетеді.

**Күлтәй.** Жарайды апа, киініп мен де шығайын. Ішкі бөлмеге кетеді. Хат үстелде қалады. Даладан Тоқгар кіреді. Еңсесі түсіңкі. Тағын сүйеп үстел қасына келіп, Толқынның суретіне қарайлды.

**Тоқтар.** /Суретті қолына алып/ Арты өкініш болғаны ма.  
Неге ашамшы болдық. Желікпен жерге тығылғаның ба.  
Тіршілік қандай сәнді еді. Көрікті еді... Қанағаттан киямен  
кияға шарықтап косыла үшқан күндер. Қызықты сұту түндер.  
Жалғанға. өкінішке айналғаның ба? Айнымас деп сенген ак  
көңілдің ауғаны ма? Жаным-ау, жолымыз қыска ма еді.  
Ойтағанына жетпей жығыттын талапсыз жандар біз бе едік.  
Әнші - күйші, биши болсан оның арнасы, арканың кең  
даласындау таусытmas дария емес пе еді. Қайда бүрдін бетінді.  
Кар суынан пайда болған қакқа бүрдін ба. Арзан өнер - бір  
көрініске кия мәз болған, бір секіргеніне қуанған... Жүрегінде  
толғау жок, жанында терең сезім жок, жалған шабыт пен  
акылды нәпсі женіп, жел көнілгік, қызылға көзін түсті  
ме?... Шәрбан, мені қайда жетеледің, кай сағымға жетеледің,  
кай сағымға сіттедің. /Суретке/ Әлше сенде мендей тен тартыс  
толқымалы ойда ма екенсін? Ойынды басқан қара тұманды  
серпіп тастап, маған деген маҳаббат отын жарқ еткізіп қайта  
жандырар ма екенсін? /Хатына көзі түседі. Бір қолында сурет,  
бір қолымен хатты ашады. Куаныш/ Маған... Толқыннан.

Оқиды. Өні бұзылып, бір қолында түрған Толқынның  
суреті жерге түсіп кетеді. Ишкі бөлмеден Құлтай шығады.  
Хатты тез қалтасына салады.

**Құлтай.** Аға, келген екенсін ғой. Біз сені іздемеген жеріміз  
қалмады. Апам тағы да іздеп кетті. Папам қайда қашан келеді  
деп Аян да... Неге үндемейсін? /Хат есіне түсіп, іздеп/ Не  
көрдін?... Неге оқыдың, аға?...

**Тоқтар.** Қалқам, несіне қанағандын,

**Құлтай.** Жок, аға, оқымауың керек еді.

**Тоқтар.** Арнап атқан октан ажалды адам құтыла ма...  
Аяным қайда жүр?

**Құлтай.** Апам бірге сені іздеп кетті.

**Тоқтар.** Аяным. Аяшымды...

Теріс қарал жасын сығып тастайды.

**Құлтай.** Аға. сонша неге мұқайсын өзінді... Сен сондай  
ма едін.

**Тоқтар.** Мұқатма деймісін, қалқам.

**Құлтай.** Ия, өзінді ая, қанатынның астындағы мына бізді  
ая, апамды ая. Ол сен жоктан бері мұшем шөгіп кетті.  
Сернілші, Тоқтар аға, қамықлашы!

**Тоқтар.** Жок қалқам, қамықтаймын.

**Құлтай.** /Мойына асылып/ Өтірік айтасын. Немене өзін

өнің кашын түр, ұйықтамағансың ба... Дем ашы. Кешке ойының бар емес пе? Шаршайсын ғой.

**Токтар.** /Ойданып/ Күлтайжан! Менін өртеген жүргімे қанагымен су сепкен карлығаштай көмегін қуат бермей ме? / Еркелетің/ Сендер барда ағаң шаршамайды. Жудемейді. Қане. бәрі ұмытылсын. “Макталы” бір шырқап жіберші.

**Күлтай.** / “Мактал” әнімен/

Үйірі қызырактын мактал кара,  
Шашынды құндіз өріп, түнде гара.  
Аулыңа сенің Мактал келгенімде.  
Ей. Мактал, қырында май бермен кара.

Әннің кайырмасына Токтар да қосылады.

**Токтар.** Міне, әр уақытта осылай емін - еркін айт... Дауысынды қыспа. Біздің әне бір артистер сиякты, құлап кететіндей дирижорға қарай берме. Сахна деген от бір кең байтақ дүние. бай өмір, оған орнынды тауып..сия бітмесен, оның ішінде қырандай қалықтан ұша бітмесен... Көрушінің көзіне ілінбесін. Эн айтсан бабымен, ырғағымен айт. Сөз сойлесең тігісін жатқызып, кестесін келтіріп. көкейге қонымды етіп сөйлей біл. /Мандайынан сүйіп/ Ел үмітін актайтын мандайдағы жүрдізы сендер боласындар... Бар. Токтар үйге келші, деп апаңды шакырып кел.

**Күлтай.** /Куанып/ Казір аға, кетіп қалмайсың ба?

**Токтар.** /Күліп/ Жок кетпеймін... Жылдам. /Күлтай шығып кетеді. Үй ішінде ірсілі-қарсылы жүреді. Кенет/ Мен кімді ойнаймын деп арман етпейдім. Арғысы Гамлет... Демон... Бергісі Шоқан, Абай... Дүниені ақыл-оймен тебіренткен не данышпан ұлы тұлғаларды ойнай алым ба. Жок. Шіркін жауының төбесінен жай оғындај жарқылдаған елімнін ер ұлдары... Төлеген батыр, Тағіғат... Қаны қызса ел намысы үшін қандарын тайсалмай сермейтін елін ер ұлдарын неге ойнамасқа... /Куанышты үмітпен/ Жегелейді. Сенімді күштейтеді. Кекке қулаш үрғызады. Серпілгеді. Сергітеді. Шіркін Қанапия! Осында да салмағанда қайда айтам /Қанапияға шыркайды/.

Айғайлат жылқы алдырдым қыр жағынан.  
Көп дүшпан қамалады ық жағымнан.  
Ныспымыз Қанапия болғаннан соң,  
Келмейді Сырдың сұзы сирағымнан.

Кайырмасын айтын түрган кезде үйге баяу басын бір әйел кіреді, тыңдан тұрады.

Рәш. /Өз-өзіне/ Не деп түсінем... Жападан жағызы...  
Күнірекене ме. Жок әлде шаттығы ма!

Тоқтар. /Жалт бұрының, таңданың/ Сіз кім боласыз?

Рәш. Бұл үйде Толқын деген артистка тұра ма ? Соның анасына жолығайын деп келіп едім.

Тоқтар. Анасына... Онда не шаруаныз бар еді?

Рәш. Шеккен жапа-зарымды шақпак ем. /Тоқтар ан-тан/  
Ол кісінің күйеу баласы қайда? Бұл үйден кетті деп еді ғой...

Тоқтар. Кеткені қалай, қайда кетті?

Рәш. Ерді намыс, коянды камыс өлтірмей ме? Әйел екеш мен де намысымды қуып келіп тұрмын. Төрт бірдей баласын тастап, сикырлы бір азғының азғыруымен адат төсегінен безген, адасқан күйеуімнің намысы еріксіз айдал әкелді. Ер болса, ол бұл үйде тұруға тиіс пе екен...

Тоқтар. /Ашуға бұтығып/ Ер болмай ез болсашы?

Рәш. Онда күнде өлгени. Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат, дейді казак. Сүйіп қосылған жарының сыры бітмей, күр сыртына мәз болып қызғаныштың көк есегі болған жігіті кесептедемей не дейді... Кешірініз. Кім боласыз? Бетке басу аналық атыма ауыр. Ол жігітпен кездессем бүкіл жар атынан намысын корғауға шакырар ем. Бұл қалғаға мен жаңадан келген адаммын. Сыртынан атағын естігенде куанушы ем. Ер дегенім ебелек екен. Тұнілдім.

Тоқтар. /Зілді ашумен/ Жоғал...

Рәш. Э, сіз бе едініз. Айып менде, білмеген у ішеді...  
Кешірініз... сейтсе де сандырактап айтқан екен деп ойтама.  
Намысында корғай біл... Ерге көкірегі күндей адамғана жар бола алады. Кеттім.

Аз кіліріп, асықтайды, салмақпен басып шығып кетеді.

Тоқтар. /Әкінгендей/ Не деді... Не дедім... Орынсыз ашуға жол бердім... Сырына неге қанбадым. Өнім бе, түсім бе! Жер үшін жарға соғылған бейбак. Тоқта, тұра тұр. /Сонынан жүгіре басып, баруға ыңғайтанады/. Алқам-салқам, портфелин сүйретіп Шалдыбай қарсы жолығады. Кетіп калыпты.

Шалдыбай. Жанағың кім? Бүйрек беті бұлтиған, үріп ауызға салғандай бір керім ғой өзі. Антурған, әйел дегенше мандаійынның ырысы дәл сегіз елі-ау. Тұздықтап базарға салса да өтпейтін біз сорлы ғой. Неғып тұрын... Э, койши...  
Келеді өздері керек болса, жә, киін машинем дайын тұр.  
Жақын жерде бір колхозға барып қайтамыз.

Тоқтар. Әттөн дүние, сенің ролінде бір ойнасам-ау.

**Шалдыбай.** Осындағы жазушының бәрі қызығады. Мен бітемін. Бірақ, жаза алмайды. Біз деген бір баткыл-шытырман той жатқан. Жазу үшін сложный комбинация керек. Саған да ойнау оңайтимес. Фронттың ба. тылтың ба. қалың ба. бәріне де азық-түлік дайындал беріп отырған мен. Айтиакшы бір қызық бар. Кеше сен кете салысымен мені горсовет шакырды. Барсам мәжіліс болағын деп жатыр екен. Шалдыбай Жантөбетов. сенің отчегынды тыңдаймыз деді. Өздеріне бір ес болсайши. Құн бұрын хабарlamap па. айтпас па. ескертпес пе... Содан қысыла-қысыла сөйлем бердім дейін. Тер одан да, бұжан да ағып жатыр. Бөлөн ауданнан бәлен тонна, түгін ауданнан түген тонна түсірдім. Тонна-тоннасымен алшарына тізіл салдым. Соның бәрін магазин- магазиннің складтарына төккізіп обеспечить еттім дедім. Ендігі кәні өздеріңде. Наркомторг, горторг, пишеторг, облторг, райторг... бәрі де менен алады. Халықтың несібесін дұрыстарап бере алмай отырмыз. Продавец атаулының бәрі жейді. Бұл сұмдық кой. Осы арасын катты айтып подчеркивать етті. Аздан өтіріп де бар. Онсыз болмайды ғой. Дегенмен, бәрі шын. Наркомторгтан келген біреу маған, Вы врете сукин сын. дейді. Міз бакқам жок. Қызық-ай өзі. Содан қысытын графинадағы суды сылғындағы жұту берілпін, жұта берілпін. Содан горсоветтің бастығы Овош атаулыны өзің жаіман отырсың дейді. Солда сөз боппа. Решенияны кейін естисің деп өзімді шығарып жіберді.

**Тоқтар.** Міне, сондыктан да сенің ролінді ойнау киын.

**Шалдыбай.** Айтпаидым ба киын деп, сондай қысылан шақытта сөз түріп сөйтеп, жол тауып шығып кету ешбір артисттің колынан келмейді. Неге отырмыз, кетпейміз бе. Ә, тағы бір қызық бар екен-ау. Осындағы сеннің балдызың бар ғой...

**Тоқтар. Иә.**

**Шалдыбай.** Жүр ғой осында.

**Тоқтар. Ал, ол не істепті...**

**Шалдыбай.** Өзі военкоматка қайдан кіріп кеткен. Бүтін танертең маған повестка жіберішті. Шалдыбай Жантөбетов сенің бронынды аламын. Сен бронға жатпайсын дейді. Е. жатпасам жатпайын, бірақ өкпемде дімкәс ауруым бар дедім. Содан бронымды алып қалды. Мен жатын корықпаймын той. Бірақ... Зәрем жок... Ол бала той әй. Сен тентек болма деп айтсанышы өзіне. Біз сияқты сыйлайтын адамдар көп пе?

Үстінде офицер киімі, катты басып Бұлан кіреді. Шалдыбай сасып түріп кайта отырады.

**Бұлан.** /Токтарға/ Келген екенсің ғой?

**Шалдыбай.** Иә, келдік, бала.

**Бұлан.** Саған айтпаймын. /Токтарға зілмен/ Дегенмен де бұл жүрісін атына лайық емес. Сыйлан өсіп едім... Экемдей болып елін, бұның не?

**Шалдыбай.** Баланікі жөн. Қанша айтқанмен майданнан келді ғой. Мен айттым, апам ренжілі үйнен қайт дедім. Тілім бір алмайсыңдар, міне...

**Бұлан.** /Түсін сұбытын/ Сен кімге ақыл айтасын.

**Шалдыбай.** /Шошың/ Ақыл емес... Ара ағайындық сез ғой.

**Бұлан.** Кеселдін басы сендейлерден басталады... Құлқынның құлсы, сұғанак сүм. Біреуді атсан, біреуді арбап, елдің арын аяққа басып, жүрттың нәсібесін жүлшіп тартып жеп жүрген жебір. Майданда ер азamat қан төгіп жатқанда, сен мұнда ұры итше жылмандаң түкпір-түкпірді теміскіле... Шалжандауың жетеді. Арсыз ала аяқ. Қай бір қуанышы мен кайғысына оргақ болып жүрмін дейсін. Жалтырат табаныңды. Тайып тұр! /Колымен нұскап/ Бар!

**Шалдыбай.** Апрай, атыс-берістін де көмегі болмағаны ма. Ұнатпасаң қайтейін. /Кетіп бара жатып/ Токтар, тағы хабарласып тұрармыз.

Токтар үндемейді. Шалдыбай кетеді.

**Бұлан.** /Ызылды/ Осындаі немерелерді үйір қылым, сондайтармен бірге журу кімге абырой... Толқыннан арандағы әрекет орынсыз әдетке айналған аурудан басталған.

Токтар. Аманды жактамаймын.

**Бұлан.** Апамды жактамаймын. Сені мактамаймын. Сан рет макталғансыңдар. Орынды жерінде әлде мактаймыз, керекті жерінде кемшіліктерінді де ашып айтамыз. Қай мінездеріне қуанамыз, қай қыстықтарына сүйсінеміз. Сендерді талант дейді. Халық алақанына салып аялайды. Жан қорегі сусыным дейді. Несін аяды. Атак, даңқ, күрмет бәрі сендердің үстерінде. Өздерінді бір ойтайсыңдар ма? Жок, сол атакқа даңдайсып, жетілдік, жеттік, болтық дейсіндер ме... Әлі аз. Жетілп, жетіп болған жоксыңдар. Сендер сахнаға шыққалы ондаған жылдар өтті. Ол енбектеріннің сыбағасын алғансыңдар. Бір-ак бүтінгі танның, бүтінгі елдің, нария мен өкіметтің тілегін орындаі алып отырсыңдар ма. Не бердіндер? Айтыңдаршы! Заманың үшкір серпіні қайда альп кетті. Сонау майдан болып жаткан жерден бастап, бергі жердегі өмірде не болып жагыр, телміре қарап, терең толғанып, құлаштарыңды кен жая алған жоксыңдар. Кешегі көз алтында

ойнаң жүрген бала, бүгін майданың бағыры, елшін ері. Айды доктор, кандидат наук, ғылым иесі. Бойтариның солармен өшіше. Сонда ғана теренге бойтасын. Алтысқа сілтейсін. Болашы ұсақ әдептердің төңгрегінде күндерінді өткізу жетеді. Айымын жаңым ашиды. Сенгенің тек бойындағы таланттың ғана. Ол аз... Қайта толғанын. өзіне-өзін қарасаң осы айтқанымның бәрі де жөн десің...

**Тоқтар.** /Мойындаи/ Дұрыс. Бұлан Ұғамын. Бәрі де рас. Сен маған ақыл айтуга жарадын, о да менің жемісім. Куанамын. Жағызың-ак арманым будан быттайғы өмірімде сенің қайрауыңмен ұшталып оқыстырымында тоғтырамын ба дейтін ем /кіттү қиналып/ О: тілек болмады... Міне. Толқынның жазған хаты... Оқып көр.

**Бұлан.** /Асығын/ Нé денті?

Оқып жатады. Тоқтар ақырын верандыға барады.

**Тоқтар.** /Келе жаткан Аянды көріп/ Аяным, Аяшым... Папанды іздедін бе, күнім.

**Дауыс.** Папа, сені бұлан ағам ертіп келді ме?

**Тоқтар.** Жоқ, құлтыным өзім келдім. Эжең қайда?

**Дауыс.** Эне әжем. әне. Құлтай апам. Енді кетпейсің ғой, мен ойнаймын, пана.

**Тоқтар.** Ойна, ойна құлтыным! /Сырттан Құнікей мен Құлтай кіреді/ Веранданың сыртқа есігін ашып, құшағын жайып кетіп бара жатып/ Аяным, құлтыным тоқта... Келші! Кетеді.

**Бұлан.** /Күйінішпен/ Ия, ол Аянды сырттан ғана сүйіп кететін болды, апа...

Тым-тырыс түнерген калпында қалады.

### *Шыбылдық*

## ҮШІНШІ АКТ

### *Бірінші картина*

Театр саңнасының сырғындағы артистер гримдегетін орын. Оң жакта Шәрбанның, солда Толқынның бөлмелері. Коридор Төрігі кабырғада шымылдық құрулы.

Ойын басталғалы жатқан уақыт. Ұзақ соғылған электр конъюрауының дауысы. Үсінде ойын күмі Толқын бөлмесінен шығады да. Шәрбанның бөлмесінін есегін қағады.

**Толқын.** /Ызалы/ Шәрбан, бері шығып кетші.

**Шәрбан.** /Бөлмесінен шығып/ Толқынбысын? /Кол атысып/ Сәламатсын ба? Аман-есен қайттың ба? Келгенінді естіп едім. Бара алмай жатырмын.., ту өзің тіпті ажарланып кетіпсін, жол жаққан екен...

**Толқын.** /Зізді/ Күдайға шүкір, майдай жакты. Міне өлді, барса келмеске кетті дедіңдер ме. Ролімнен альп тастап жүрген қайсын?

**Шәрбан.** Альп тастаған емес, жастарды басты рольдерде ойнасын деген колективтің тілегі болған.

**Толқын.** Сол тілекті сенен де, ана алакұстан да бұрын мен айтқан болатынмын. Сонда менен бастауларын дұрыс па? Шет қақтай қызып мұқатамын дейтін шығарсындар... Пішту. Элдеріне қара. Мұкағаным...

Калыштың тұра алмайды.

**Шәрбан.** Байқұс-ау енді... Мандайға жазып қойған рөль жок қой.

**Толқын.** Манңайыңа жазбаса, жол бер.

**Шәрбан.** Мениң бермей жүрген күнім бар ма?

**Толқын.** Кызығыштай корын, безек қақкан көсемдігінді көрлеміз, болмаса ойнайтын бүгін сенің де ретің жок. Неге кезекті бермейсің.

**Шәрбан.** Көзің карауытып, ашуынды менен алғалы тұрсың ба, өзің?

**Толқын.** Саған айтамын, сенен алам ашуымды. Келірсіме... Өртті салып жіберіп жайдары жансып, су жүқлас сүмьрай бола қалатын ежелгі әдетін болатын. Театрды өз көлінан жасағандай билеп-төстейтін дәнeme де жок... Ойнай келген рөлім ойнаймын. Мықты екенсіндер, ойнаптай көріндер!

**Шәрбан.** Ол күштілігінді маған аитиа.

**Толқын.** Кім едің сен соншама

**Шәрбан.** Үйдегі казан бұзарлығың мұнда жүрмейді  
Толқын, сенімен салғынасың тұратын уақыттың жок. Қазір  
сахнаға шығам, ойыным бар /Бұл кезде Токтар ке.е жатады/  
Дауынды ана Токтарға айт...

Бөлмесіне кетеді. Толқын да өз бөлмесіне кетеді.

**Токтар.** Вася, Вася. Екінші конырауды бер.

**Дауыс.** Болады.

**Токтар.** /Толқынның бөлмесін қағып/ Құлтай,  
дайынбысын, киініп болдың ба?

**Толқын.** /Шыға кеп/ Құлтайнызың дайындығы шамалы  
бопты. Сондыктан өзім шыккалы тұрмын. жоллас режиссер.

**Токтар.** Қыңырлықты қызметтен тыскара жерде істесеніз  
екен. жоллас актриса.

**Толқын.** /Сазарып/ Қыңырлығым емес, кезегім.  
Қыңырлық сендерден кетпесін.

Сарт еткізіп есікті жауып, бөлмесіне кіріп кетеді.

**Токтар.** /Ызамен/ Кесірінді елдің бәріне бірдей тигізе  
алмайсын. Аспанды құлатып жіберсен де бүтін ойнай  
алмайсын. Құлтай қайда? Рұқсат еткен кім? Бұл не құмдық! /  
Колында камзолы, асығыс Құлтай келе жатады/ Сен қыз  
қайда жүрсін? Екінші конырау соғылды.

**Құлтай.** Аға, Толқын апаң өзім ойнаймын деп киініп  
алдығой.

**Токтар.** Болмайды! Толқын апаң ойнамайды. Халықты  
алдай алмаймыз. Афишада сенің атың жазылған. Басты рөльде  
сахнаға тұнғыш шығатын күнің. Тигізбесін қырсығын. Бар  
киін. Екі минут ішінде дайын бол!

**Құлтай.** Жарайды аға, киінейін, бірак...

**Токтар.** Күнім-ау, мен саған бар деп тұрмын ғой.  
Иглігіме кол сұқпа, болашағыма бөгет жасама деп неге  
айтпайсын. /Шәрбан бөлмесінен шығып келеді/ Шәрбан,  
бұл не, долялық па, жындытық па... Афишада жазылды,  
оны неге көрмейді. Театр үй ішінің драмасының орны емес,  
неге айтпайсын ана замандастына.

**Шәрбан.** Атты аласы, бес бересі жок. Өзіме қарап тұрып  
тарпа бас салған жок па. Не деп айтасын.

**Токтар.** Жаңым-ау... /сағатына қарағ/ Бес-ақ минут қалды.  
Не істеймін? Костюмерша қайда? Әділ іске катал болсан.  
айыбы жок. Бәрі жүр, Құлтай /Екеуі Толқынның бөлмесінің  
алдына келеді/ Толқын, үйренген жау атыспасқа жақсы деп.  
басынғын келеді ме? Әр нәрсенің орны бар. Мына Құлтай

кешегі бір күндерде шашы желкідей сенімен менің сонымнан жүгіріп жүрген баға еді. Бүгін міне тоң атдыны шығып, өнерін көрсетеү жарады. Бакытын байлаімысын. Неге бермейсің. Куанышы бәрімізге ортак емес пе?...

**Толқын.** Күттайды айма кес-кестеп тартпай-ак кой. Менің бағымды сен байлаімысың. Катардан келу маған да ауыр.

**Токтар.** Катардан... Сондағы жарыспағың Күлтай ма? Бақытынды өз колыңа алған жоқ па едің.

**Толқын.** Ендеше жолыма кедергі болма.

**Токтар.** Жолын ашылған... Киймі бер!

**Толқын.** Зорлықпен бе...

**Токтар.** Әділ іске киянат істеп тұрған сенікі зорлық. Толқын бәсеке талас десен, мына менімен, ана Шәрбанмен талас. Күйтіп жазықсыз жастың жаңын. Бер киімін!

/Ушинші қоңырау соғылады/ Токтай тұр. /Тұра жүгіріп кенет кідіреді/ Беріліп қалды. Толқын, сенімен екеуіміздің арамызыдағы тартыс та сенің осы сияқты таяз ой. шолак ақылтыннан туатын. Ақыры не болды.... Не болғалы тұр... Сен мұнда менің басымды күлкі. келемеже айна шырам дейсін гой, ана отырған халықты ойыншық етемісің. Ете алмайсың... Халықпен ойнауға болмайды. Өмір сахнаның сыртында емес, ішінде, халықтың көз алдында. Бер киімді!

Толқын безеріп тұрып қалып, ақырын киімдерін шеше бастайды. Онан күткен халықтың заңдың қол шапалактағаны естіледі.

**Толқын.** /Ауыр күйінішпен/ Мә, ал Күлтай, сен шық халық алдына. Маған шығуға болмайды екен...

Бөлмесіне кетеді. Күлтай да бірге кіреді.

**Токтар.** Шымығыл! Шымығыл! Шәрбан. Дайынбысың?

**Шәрбан.** Дайынмын.

Екеуі кетеді. Толқынның бөлмесінен киініп Күлтай шығады. Толқын бірге.

**Күлтай.** Толқын тәте, жүрегім соғып тұр... Менің тұнғыш кадамым. Токтар ағам екеуіннің айныған көңілдерінді кайта косуға себеп болар ма!

**Толқын.** /Ойланып/ Қосуға деймісің? /Күрсініп/ Шираң шынға шығып кетті гой, қалқам. Созғанмен қол жетпейді.

**Күлтай.** Жоқ, тәте, шындал сермесе қол жетпейтін шың бар ма? Біріннің көмегінмен, біріннің ізінмен міне кен дүниеге мен де канат қаққалы тұрмын... Ойлаған жерге жету үшін көңілші кейін тартатын күдігім екеуіннің арандағы айныған махаббат... Шынымен сөнгені ме...

**Толқын.** Оны енді еске алып қаитесін, қалкам. Сен қазір сахнаға шыққалы тұрысын.

**Күлттай.** Тілекtes бол, тәге!

**Толқын.** Тілекtesнін... Жолың болсын!

**Күлттай.** Мен шыққанша кетпейсін ғой?

**Толқын.** Жок... Иә... Аналық борышымды аятына дейін актай алмадым. Бәрі де арман...

**Тұнжырап** төмен қараша қалады.

**Күлттай.** Шығатын кезегім келді. Кеңтім, тәте.

**Жүре** береді.

Шам сөнеді. Ойын аяқталуға таяу уакыт. Сахна сыртында Тоқтар, Шәрбан түр... Заңда ду қол шапалактау. Құрмет. қуанышты, көнілің көтерінкі дауыстар.

**Тоқтар.** /Орнында тура алмай/ Әлі болған жок. Соңғы сатысына жеткізбей қол үрді... /сахнаға назарын аудара/ Осы серпінінді төмендетне... Аяғынды кең таста. Міне, міне, осы бір кезен... Толға. түйдектен тек... /Ырза болып/ Жарайсың Күлтайды, жарайсың! /Шәрбанға/ Қөрдін бе? Ұзакқа талмай шабатын жүйріктің серпіні бар ма емес ие? Вася, тез шымылдық! /Ду қол шапалактау/ Васька, аш! /Зат күніреніп кетеді, шапалак күшнейелі. Жарқ етіп сахнадан Күлтай шыға келеді. /Тоқтар күшағын жайып/ Жанған талап! Ризамын! Төбем көкке жеткендей болды. Жабырканқы көнілің серіпті тастанын.

**Шәрбан.** Құтты болсын қадамын!

Бүгін кезде Бүгін келеді. Ізін ала Күнікей. Шалшыбайтар келеді.

**Бұлан.** Күлттай қайда?

**Күлттай.** Мен мұндамын, аға.

**Бұлан.** /Көзін алып/ Ойтаған ойымнан шықтың, осы қасиетінді мәнгі сактай біл. Ардактаймын, қуанамын.

**Күнікей.** Келші Күлтай, манғайыңнан иіскейін.

**Шалшыбай.** Молодец! Тіпті өзіміз соқыр еkenбіз... Осы күнге дейін Күлтайды көрмей жүрген. Бәрінен де асырдың! Шәрбан. Толқындар шашына да ішесе алатын емес.

**Бұлан.** Өй сенің жүрмейтін жерін, қыстырылмайтын орнын болсайшы.

**Шалшыбай.** Шырағым-ай енді, қуанғанымызды білдірмейміз бе? Апа, бүтінгі енбек Күлтай екеуіміздікі... Міне, мына атаканды караңдаршы, үра, үра күлдіріп катды.

**Күнікей.** Е, сен байғұс кімте атакан үрмай жүрсің... Жарайшы балаар. Қуанттындар да, күлдірдіңдер де. Тоқтаржан. осының бәрі сенің енбегін. Сен едін баутап ұшырған /көзіне жас алып/ Не керек төрт күбылам тен тұрганда, менен бакытты кім бар еді. Манғайына симадын...

**Токтар.** Ия, апа, уакыт солай болышы...

**Шалдыбай.** /Үнаптай/ Уакыт, уакыт... Осындаидын арты тои-тобырга айналып, мәз-мейрам болып жатпайтын ба еді гәйірі...

**Токтар.** Коя түршы, Шалдыбай.

**Бұлан.** Жемтік ізлеген құзғын құсамай, осы сен бізден қашан аулақ көгесің. /Шалдыбаи үндемейді, ығысып теріс айналады/ Токтар аға, бұл саған қойған таудай талаптын, көп тілектін бір үшкүны ғана... Бетіңді жана түзедің... Енді құлачай, сүрінбей аяктай біл. Тек ез үяннан өзің шошыма. Кош бол!

Күнікей екеуі кетеді.

**Токтар.** /Ойланып/ Не деп кетті, Шәрбан?!

**Шәрбан.** Тұзыы ғой, үя легені Толқынның торы емес пе...

**Токтар.** /Толғанып/ Біреу тор дейді, біреу үя дейді.

Бұл жаңға батқан жарадан қашан арылармын!

## *Шымыладық*

## ҮШІНШІ АКТ

### *Екінші картина*

Толқынның үйі. Алғашкы перdedегілеи. Перде ашылған да Күнікей даға шығатын есіктен қарап сөйлем жатады.

**Күнікей.** Аян, Аян. Айырса ұзап кетпе. Осы үйдің маңында ойна, айналайын. Қазір папаң келеді. /Есікті жабады/ Папаң десе елең ете түседі. Аумаған әкесінің мінезі. Бәрін де сезеді.

Ішкі бөлмeden Толқын шығады.

**Толқын.** Оны мұнда кім шакырады?

**Күнікей.** Шакырғаның не...

**Толқын.** Не дедің жаңа Аянға. Папаң келеді... Көзің алғында дейін жетпеп пе еді? Дүшпаныңын қољында кот жаулық болып, бізді басқа теуіп отырган жок па...

**Күнікей.** Тепсе көтер. Кінә сенде, қызым.

**Толқын.** Өз басы бір сәрі. Кімнің, кімнің шырмауына түсіп жүр... Қашан саған Шәрбан дос еді. Көктен тілегенін жерден бергендей, мұқаттым... Масқара, мазақ, еттім деп отырган жок па... Сен кемтір оны білмейсің де, анамын деп елдің бәріне де құшағынды жаясын.

**Күнікей.** Шәрбан! Оның жазығы не?

**Толқын.** Жазығы күндеу. Өскенімді көре алмай алдырынан ор қазады. Табалаушы дүшпаным...

**Күнікей.** /Сөзін бөліп/ Ақырын сөйлеші. Бұланжан асығыс бір жұмыстарын істеп жатыр. Бүгін жүремін дейді. Сенің қайғың оған да оңай тиіп жүр деймісің. Жә... ... анау дүшпан еді, мынау қас еді деп көрінгенге соктыкла.

Кешірімді бол. Біреудің бағын біреу тартып ала алмайды. Шынынды айтша. Болары болды, бояу сінді деймісін. Жок, ашу алда, ақыл сонда, деп ақылына келемісін?

**Толқын.** Мен ақылымға келер ем. Дүшпанымға жығып берді...

**Күнікей.** Жығылатын жөнін бар. Жолдан тайдың жығылдың. Кімді кінәлайсың. /Зілдене/ Ауыр тиер, көтере алмас, кәрі анам ғой деп мені ойладың ба? Жаралы болып келген жалғыз бауырың Бұланды ойладың ба? Сен ушін

басын гуаға да, тасқа да үрған Токтарды аяй білдін бе? Жок. құдайыңды ұмыттынен қыз. Мың асқанға, бір ғосқан. Өкінесін, кор боласын, адасқан қаздай жағызы қаласын. Шет жағасын көрдім де... сездім де... Райыңдан қайт!

**Толқын.** Апа, маған жегкен жоқ па, неге қинайсын?

**Күнікей.** Қөлдененнен еститінінді өзімнен есті. Қөрмеймін, тұрмаймын. Мынау алақанның теріс жайылғаны жайылған... Мынай қекірек қекке сауылады.

**Толқын.** Кеш апа! Кеш!

**Күнікей.** Таубана кел.

**Толқын.** Қорқамын апа сіленнен. Басқа қарғаса да сен қарғамасаң еken.

**Күнікей.** Ет қарғысына ұшырағанша, өзім қарғайын.

**Толқын.** Жағынам, аяғына бас ием. Қарғамашы, апа! Тым болмаса сен аясаныш! Құшактап жылайды.

**Күнікей.** Көзден босқа жас аклайды. Өкінгеннін де, өксігеннің де алды осы. Әлі де кеш емес. Ойлан, тәубана кел.

**Толқын.** Тәубана кел деймісің...

**Күнікей.** Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйрін тапкан соң...

**Толқын.** /Бірден щешіп айта алмай/ Иә... Жоқ... Иә жолдан тайып, өмірден адасын, тілек үміті үзілген адам... қалай тәубасына келетін еді... Не деп мойындастын еді... Ауыр апа, ауыр...

Сырттан қонырау соғылады. Толқын өксіген күйінде ішкі бөлмеге кетеді. Күнікей есік ашады, даладан Құлтай. Тоқтар кіреді.

**Тоқтар.** Рұқсатпа? Қүйлімісің апа?

**Күнікей.** Шүкір қалқам.

**Тоқтар.** Апа, мені жай шақырдың ба?

**Күнікей.** Неге жай болсын. Бәрі отыр. /Орындықты нұскайты/

**Құлтай.** Толқын қайда апа?

**Күнікей.** Анда. /Құлтай Толқынның бөлмесіне кетеді/ Сені шақырғаным... Өскен ортан ұшқан үян мен едім. Осы үйдің түтінін тұтетіп жас та болсан бас болған, сен едің. Берекене әреке келіп аратасқанда, үйрінен шошыған құландай безін шыға келетін не жөнің бар еді? Қөнлің қалып, жүргегін сұыса да ұшқан үяды ұмытпа. Ат айналып қазығын табады. Өз жаққан отынды өзің сөндіремісің?

**Тоқтар.** Рас апа, дұрыс айтасын, береке, абырайға шақырысын. Ол аналық міндетін... Түсінемін, сыйлаймын да. Бірақ қөнілге щер болатын, мәнгі өшпейтін бетте дақ қалды ау. Оны өшіру қолдан келер ме еken?

**Күнікей.** Мен аналық мейріммен, ак тұсіммен жусам, сен азamatтық арынмен ақытына женгісөн тарқамайтын шер. өшпейтін данқ бола ма.

**Токтар.** Оған енді мені кинаманыз, қайда жүрсем де корғаның болайын. Сізге мәнгі баки ризамын. Ана деп ардактау әлде болса да менің борышым.

**Күнікей.** Бір билігінді берсөн деп тілең ем. Толқын тәубасына келсе... не дауын бар.

**Токтар.** Оған енді кеш.

**Күнікей.** Ойтан батам, ойтан.

**Токтар.** Мен ойтанып болғанмын, апа.

**Күнікей.** Менің ак ниетімнен арадағы әзәзілдін арбауы күшті болғаны ма?

**Токтар.** Арбауы... Бекер болар, апа.

**Күнікей.** Бекер емес. Шәрбанның шырмауына шырматым де, онан да. Ақылыңды тұмын басып, көшеде сенделіп жүргенінде бетінді достыққа қарай түзмелі, теріске бурған жанды әзәзіл демей не дейін... Айыл Толқында болса, адасу сенде де болсы.

**Токтар.** Оған да мойындаимын, апа.

**Күнікей.** Мойындасан сен де райынан кайт! Толқын, бері кел /бөлмеден Толқын, Құттай екеуі келеді/ Екеуінің некендей ак сүтіммен киши ем. Қосылуарың қандай киын болса, айырылуарың одан да киын.

Тым-тырыс.

**Құттай.** /Үмітгеніп/ Токтар аға, Толқын тәте, апам не деді. Ұзак пауза. Екеуі де ойда отырып қалады. Бұл кезде есікті ашып, тұсі салқын Рәш кіріп келеді. Токтар оған сескене қарайды.

**Рәш.** Рұқсатсыз кіргеніме кешірініздер! Бұрын да бір іздеп келіп ем. Төрт көздерініз түгел отыр екенсіндер.

**Толқан.** /Қалтырап/ Сізге кім керек?

**Токтар.** Кім екенін сұрамайық... Білем бұл кісіні.

**Рәш.** Білсөніз сіз білсерсіз. Білмейтіндерініз де бар... Менен сескенейін дедініз бе? Намысың болса сескенерсін...

**Күнікей.** Не деп тұрсын шырағым? Кімсін өзін?!

**Рәш.** Жоғалтқан бақытымды іздең жүрген жанмын. / Толқынға тесіліп/ Анадан азып туған азғын. Құлынымның кыршының қиган... өзегіме өрт салған сен... Не азапқа салдың мені... Өлген баламның қаны сенің мойнында. Неден өлді... неден өлді!... Мен қанғырып қалмасам... Жарымнан айрыны, жаныма қара сатмасан, мұндай халғе жетер ме ем? /Галықсып/ Кешініз ана... кешініздер, бауыр-туыскандар... Неге келді деп

сөкпендер, ызы-намыс, кеудемді кернеген шерімді төгейін деп келдім. Ана алдына жүтінейін деп келдім.

Талықсып отыра кетеді.

Тоқтар. Сүйей бер сорлыны, сүйей бер. /Күлтай екеуі сүйейді/ Талықсып кетті... Су әкелші.

Күлтай су әкеледі.

Күнікей. Жасаған, көрсетпегенің көп екен гой. Не естідім. Шыққыр көзім, не көрдің...

Күлтай. Тоқтар аға, Бұлан көрмесінші. Жүргі қозғалады. Жүрінізші екеуіміз үйіне апарайык.

Рәш. /есін жинап, басын көтеріп/ А... бұл үйде де каймығатын біреу бар ма еді. Жеткізіндер мұнымды.

Күлтай. Сөйттепеші аға, журінізші. Қасыретіне мен ортақ болайын.

Рәш. Ана ауынан неге естімедім бұл сөзді.

Күлтай. Менін сөзім ананын сөзі.

Рәш. /Рәш туре келіп, тесіле қарап/ Жаның қандай таза еді... Бір ауыз сөзің талған жүргіме нәр берді. Адасып келген мен сорлыны тұра жолға өзің бастап салып жібер. Сүйенішім, балапандарым, соларға тез жетейін. Қош бол, ана. Жамандыққа үйғарма. Қөрсін, білсін, куә болсын деп келдім.

Күлтай Рәшті атып шығып кетеді.

Бұлан. /Бөлмесінен шығып/ Бұл не сүмдық тағы да.

Күнікей. Сұрама, сұрама. Бөлмене баршы, құлтыным!

Бұлан. Тоқтар, сен мұнда ма едін?

Тоқтар. Иә, Бұлан осындағын.

Бұлан. Анау зарлап, боздап бара жатқан неткен жан? Ол неге күніренеді?

Күнікей. Сен білетін іс емес, сұрамашы, Бұланжан.

Бұлан. Сендердің пәлелеріннің шарпуына душар болған сорлы ма әлде...

Тоқтар. Иә, не пәлесі болса да тиген...

Бұлан. /Анырап қалып, кенет/ Жаң шошитын сүмдық, сендерден болады деп кім күткен!... Арасаспасын деп ем... Бекер болды... Апа, мен қазір жүремін. Нәрселерімді дайындаңың ба?

Екеуі ішкі бөлмеге кетеді.

Тоқтар. Бір үміт, бір қауып, тең тартыс ойда келіп ем. Толқын... Үміт сөнді. Күнә үстіне күнә жамалды. Енді маған кінә қоймассың...

Толқын. Ешкімге де кінә қоймаймын. Аз десен тағы нең бар айтып кет...

Тоқтар. Жоқ, мен саған түк те айтпаймын.

**Толқын.** Үй сенікі, мен кегейін.

**Тоқтар.** Жок, бәрін де кидым. Жүргімнің жартысы сенде калып барады. Саған кидым. Өтей деген ат жаман... Жатыз - ақ тілегім – апамның бауырынан айырма... Ер бала ғой, ер жеткен соң табар... Кош!

Кете береді. Алдынан арқасында жол жабдығын салған қабы бар Шалдыбай кіреді.

**Шалдыбай.** Мен сені анау үйден барып таба алмай, осында ескі мекеніңе кетті деген соң іздел келдім. Мені де жөнелттегін болдым. /Сыбырлап/ Әлті тентек үйде ме? Ә... Тоқын, денің сау ма? Аман есенбісің. Әдейі сенімен қоштасайын дең келдім.

**Тоқтар.** Мұның не қайда?

**Шалдыбай.** Труд армияға. Семей жаққа. Шөп шабу, ағаш кесу дейме, немене. Вообщем, жалпы солай.

**Тоқтар.** Үй ішінді қайттің?

**Шалдыбай.** Қалада осында, бірер жылға жетерлік азық - тұлғі бар.

**Тоқтар.** Дегенмен кын болған екен. Эйелің момын еді.

**Шалдыбай.** Бекер алған екем соны. Все же біздің әйел табылmas мық шегенің өзі ғой. Ат өздерің былай... Әлгі нетіп... общем жалпы татулықка келдіңдер ме? Не керек осы бүйректен сирак шығарып, бірінші тойларынды өз колымнан өткізіп ем. Екінші тойларына дәм жазбайын деді, общем.

**Тоқтар.** Сен енді бізге жарапазан айтуды қой, Шалдыбай.

**Шалдыбай.** Ә... азам қайда? /Үйден Бұлан, Құнікей шығады Шалдыбай сескеніп кетуге ынғайланады/ Апа, колыннан дәм тата алмай кетіп барам. Кош болындар... Мына екі тентекті өзің бірдеме ете жатарсың енді...

Құнікей. Байғұс-ау, қайда кеттің, тұра тұршы...

**Шалдыбай.** /Бұланнан қорқып/ Общем, міндетіміз ғой... Тоқтар, сен енді мұнда не ғып тұрсың, жүр шығарып сал мені.

**Құнікей.** Алтыс жолға бара жатыр екенсің, дәм ауыз ти шырағым.

**Шалдыбай.** /Бұланнан шошынғандай/ Ә... Иә... Жок. Е. Бұланжан...

**Бұлан.** Отыр. Бос сөз неменеге керек.

Шалдыбай отырады, Құнікей дәм береді. Есік қағылады. Бұлан барып ашады.

**Дауыс.** Ермұратов Бұлан осында ма?

**Бұлан.** Иә, осында.

**Дауыс.** Телеграмма бар. Қол койыныз. /Бұлан қол койып алады. Бұлан оқып/ Апа, сүйінші! Құттай қайда?

**Күнікей.** О. не қалқам, кімнен екен?

**Бұлан.** Ер атағын алған, елге енбегі сіңен казактын жауынгер батыр ұтынан. Дос сенімін актаған Құлтайдын сүйгендегі жарынан /куанып/ Бүтін, бүтін кешке... Қайғыны қуаныш жеңеді деген осы емес пе... /Құлтай кіреді/ Міне. Құлгай, көзде жокта, көңілде берік сактаған. айнымас досыннан телеграмма... Бүтін келеді.

**Күнікей.** Жасаған, қуанышыннан айыра көрме.

**Құлтай.** /Жүгіріп барып, қуанып Бұланды құшактай атады/ Менен де сен сағына күтіп едің... Сенімінді актадым. Токтар аға... Толқын тәте... /Екеуін барып құшактайды/ Өмірге тұнғыш аттап басқан қадамым екеуіннін араңа дәнекер бол ма деп едім. Болмады... Өкінішім сол ғана.

**Тоқтар.** Құлтай қалқам, мен де қуанамын...

Асығыс түбі өкініш,  
Мактап іздел, кайға алма!  
Мінінді үрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйті алма! -

дейді ұлы ақын. Солай болды. Жол осы, Кош болындар!

**Толқын.** /Ұмтыла түсіп/ Тоқтар... Тоқтар...

Сонынан жүре түсіп, босағаға сүйеніп тұрып қалады. Тоқтар қайырылмайды.

### *Шыбылдық*

*Семей қаласы, 1944 ж.  
1977 жылды өндөліп,  
толықтырылған.*

## ПІКІР – ОТЗЫВ

### Қайым Мұхамедхановтың “Майданнан майданға” деген пьесасы туралы

Казакстандық көркем-өнер комитетінің жаңындағы арнаулы Художественный Советтің март айы ішінде болған мәжілісінде Мұхамедханов жолдасының осы пьесасы оқылып, сынға түскен болғын. Сонда, көшіліктің корытқан іікірі қысқаша айтканда, пьесаның тәуір шығаруға болып, шығуның жақын түрған қасиеттері айқын екендігін айткан. Жазушы сын, көмек ретінде, тағы да пьесасын тоныктыра түсу ретінде, бірнеше кенестер берілген еді.

Сол катаarda, пьесаның елеулі геройы Максоттың рөлі өндірісте, тартыс үстінде, молырак көрсетілсін деген талап болған. Және, екінші катаarda болса да, елеулі салмағы бар Еркін сияқты кейбір геройлардың пьеса ішіндегі іс максаттары откірлене, айқынлай түссін дейінген. Пьесаның басынан аяғына дейін созылатын, үй-ішлік, досдық маҳабbat жайдары да, біраз дәлелденіп, әр тартыстары шырай. шымыртай түссін деген тілектер болған.

Содан бері карай, Мұхамедханов жолдас, айдан артық уақыт, үрдіс енбек ету нәтижесінде пьесасын толыктырып, қайта жазып шықты. Жанағы атаған Художественный Совет көздел берген, айырықша шарт талаптардың барлығын да автор, осы соңғы түзеуі үстінде, түгелімен орындаған шыққан деп білемін. Ен әүелті вариантында да, манызды қасиет бар деп танылған шығарма, соңғы түзеулер арқылы, әсіресе, өсіп, толығып, көркемдене түскен.

Өзімнің пьеса турасындағы, осындайлық түсініктеріме сүйеніп, мен Қазақстан Көркем-Өнер Комитетіне бұл пьесаны қабылдап алуды үсініп, автор мен режиссер екеуі бірінші істейтін жағдай жасалу керек деп білем.

*Мұхтар ӘУЕЗОВ  
1947 ж, Алматы.*

## **Қайым Мұхамедханов жолдастың “Дауылдан соң” /Майданнан майданға/ деген пьесасы туралы**

Ақын жазушыларымыздың алдына бүгінгі тақырып деп жалпылат қойылатын тілтектердің ішінде Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуір ерекше орын алады. Бұл соғыс зардабынан еріксіз үзліп, казір кайта жағанған енбегі, я болмаса, өрістей беруі, соғыс кедергісіне ұшырап, казір кайта үдей жөнелген социалистік құрылтыс жайы Қайымның “Дауылдан соң” / “Майданнан майданға”/ деп аталатын пьесасы осы тақырыпка жазылған.

Кайым алған тақырыбын негізгі жақтарынан түгел қамти алған.

Бір жағында соғыс зардабынан еріксіз доғарылған Мақсot агрономның ғылымдық енбегі кайта жағанып, аяқталғанын көреміз. Жазушы Еркін соғыс кезінде доғарылған творчестволық енбегіне бұрын болмаған қызулықпен кіріспі, онда үлкен нәтижелермен аяктап шығады.

Екінші жағынан, автор социализм елінде соғыс кезінде де сауса-сандарактау болмағандығын көрсетеді. Бақтыбала, Айбала, Зурә, Мұрат сияқты бір топ жастар соғыс кезінде өсіп, ғылым-мәдениет майдандарының биік белдеріне шыға бастаған.

Бір жағы майданнан қайткан, бір тобы елде болған сол екі топ казір социалистік құрылсты, социалистік мәдениетті қос қолдан көтеріп, жаңа сатыға шығарып жатыр. Пьеса осыны жырлайды.

Жаңа тақырып, жаңа мазмұн өзіне орай жаңа мағынадағы көркемдікті тілейді. Ол совет адамдарының берік сенімді жаны мен жүргегіне терендей білу, ол – совет адамдарының сегіз қырлы бір сырлы, ер. тапқыр екендіктерін көрсете білу.

Кайым геройларын әр түрлі сынды кезеңнен өткізіп, әр кайсысының сезім терендігін, табандылығын, адамгершілік қасиеттерін аша алған.

Өзі өте ауыр қалде қайткан агроном Мақсot, ғылымдық арманына бөгелмestен қайта кіріспін ке геді. Оның айыр қалі – сүйген қызы Айбаланың сезімін бір әлсіретпейді: сую сезімі қандай күшті болса, дәрменсіз күйректік және жок.

Пьесаның драматургиялық композициясы шебер құрылған. Бір жағынан майданнан қайткан ерлердің карсылалу куанышы

болса, екінші жағынан қуанышпен күткен Максоттың ауыр қалде келуі, әр кезде күдік болып отырады. Оның үстіне Еркін мен Максогтың творчестволық іске кайта кірісіп кетулері ылғи “кайтып кетер екен” деген қысым үстінде үстайды. Истің немен тынарын берік сеніммен күтіп отырсан да, олардың басындағы драманың қуанышы мен мұны уысынан шығармайды.

Пьесаның тілінде де жақсы-әрбір геройдың өзіне лаңықты тілі, орны бар. Негізгі геройтары – Еркін, Максот, Бактыбала, Айбала. Мұрат, халық жыршысы Әлімбет-толық жасалған образдар. Бірыңғайлау болғанмен фотокорреспондент пен Тұрдықұл да белгілі бір типтардың, одан-бұдан арылмаған адамдардың бейнесін бере алады /бұз екеудің біраз қырлануы керек/.

Меніңше, Қайымның “Дауылдан соң” /“Маданнан майданға”/ пьесасы казак совет драматургиясының жақсы табыстарының бірі есебінде театр сахнасына ұсынытуы керек.

*20/X-1947 ж. Алматы,  
Рабит MYСIREПОВ.*

## **“Дауылдан соң” /“Майданнан майданға”/ деген Мұхамедханов Қайымның пьесасы туралы**

Жаңа жазып, жақсымызды маңақтау туралы жазушылар айындағы міндет белгілі. Қайымның пьесасы соғыстан кейін еліміз бен жеріміздің жаңа белеске, жаңа міндетке ауысқан дәүіріне арналған. Мұнда өткен сұрапыл соғыстың жауынгерлері бар, оларды құтқен елдегі еңбек пен ғылымның қайраткерлері бар. Бәрі де соғысқан, бәрі де қаны мен терінен, тілек, ниеттерін төккен адамдар. Осылар бірімен-бірі кездескенде “еңді болық, бәрін бітірдік” деп болдырыған, дем алғысы келген күйде кездеспейді, женіспен тыңайған, қанаттанған, жаңа тілекке қанат қақкан түлеген қалыпта кездеседі. Осы күйдің өзі совет ҳақының женимпаз, ітгерішті бейнесіне сайма-сай шықкан.

Бас геройлардың бірі – жазушы Еркін Өмірге құмар, жақсытыққа, табысқа тоймайтын, қайрат күшіміздің үйіған, жинақталған сымбатын көрүте құмар, сонын скульгитурасының өзі жасауға қызығатын адам. Онын жары, хирург Бактыбаға –ғылымдағы озат адамдарымыздың бірі. Өмір үшін курс, ажалмен арпағыс соғыстан кейін де тоқтамайды. Ауыр жаракаттанып, жауды женіп қайткан жас герой Максот қауіп катер үстінде тұрғанда. Бактыбағана қорғап шығады. Бұл ұлы женістер үшін, ұлы құрестің тоқтамағанын көрсетеді. Сол сиякты Максот пен жас ғалым Айбаланың қатынасы, махаббаттары да біздің адамдарымыздың жаңа бейнесін көрсетеді.

Театр өнеріндегі қайраткерлер, халық ақыны, ғылым салаларының атуан адамдары мінез, көсіп жағынан бір-бірінен өзгешеліктері болса да, Мұрат, Максот жағынан бір адамдар. Бір-біріне тілекtes, біріне бірі жәрдем, күш сиякты боп шықкан бұлардың күныштары мен жеркенетін себептерінің де дәлелдері бір арнадан шығады. Сондықтан женіл мінезді, өзімшілдігі құшті, тәрбиесі жетпеғен Тұрдықұлдың іс әрекеттері басқаіарды катты жеркендіреді. Пьеса композиция, адамның характерлары, тілі жағынан жақсы шықкан. Мен бұл пьесаны оргалық театрлардан бастап, барлық театрда қойытуға ыстырық, жақсы шығарма деп танимын.

**Әбділда ТӘЖІБАЕВ  
1947 ж, Алматы.**

*Копия*

**ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА**

**заседания Президиума Союза  
Советских Писателей Казахстана**

*22 октября 1947 года*

**СЛУШАЛИ:** Информацию зав. секцией драматургов ССКП тов. МУСРЕПОВА о пьесе тов. МУХАМЕДХАНОВА Каюма "После бури".

Тов. Мусрепов характеризовал пьесу т. Мухамедханова "После бури" одним из выдающихся произведений, написанных на тему послевоенного периода из жизни советской интеллигенции. Он считает, что данная пьеса является хорошим ответом автора на постановление ЦК ВКП/б/ "О репертуаре драматических театров" и считает необходимым рекомендовать эту пьесу в Комитет по делам Искусства при Совете Министров Каз. ССР.

Выступление гов. Г. Мусрепова поддерживают т.т. А. Тажибаев, С. Муканов и другие.

**ПОСТАНОВИЛИ:** Принимая во внимание, что пьеса тов. Мухамедханова "После бури" в идеином и художественном отношении отвечает требованиям дня, с предложением секции драматургии ССКП согласиться и рекомендовать пьесу в Комитет по делам Искусства при Совете Министров Каз. ССР для постановки в театрах.

Председатель Правления ССПК

/С. Муканов/

Секретарь заседания

/Д. Абильев/

Выписка верна:

Управделами ССПК

/подп./

Ф.Писаревская

/М. П./

**ЕКІНШІ БОЛІМ**  
**ӨЛЕҢДЕРІ**  
**ҚАЗАҚ ССР-НЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ**

*Музыкасы: М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамидидікі  
Сөзі: Қ. Мұхамедханов*

Ер казақ ежелден еркіндік ансаған,  
Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан.  
Торлаған туманнан жол таппай тұрғанда,  
Жарқырап Лениндей күн шығып атты таң.

Жасасын Советтер Одағы.  
Жеткізген еркіндік, теңдікке.  
Бастайтын елдерді бірлікке,  
Женіске, шаттыққа, ерлікке.

Дақ салмай Лениннің жеңімпаз салтына,  
Үрпағы қости данқ – Отанның данқына  
Одақтас, ұрандас елдердің камкоры,  
Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына.

Жасасын Советтер Одағы  
Жеткізген еркіндік, теңдікке.  
Бастайтын елдерді бірлікке,  
Женіске, шаттыққа, ерлікке.

Іргелі мемлекет, ерікті болдық ел,  
Достықпен, бірлікпен жайнады туған жер.  
Еңбекте, майданда жеткізген женіске  
Данышпан Салин сүйікті кеменгер.

Жасасын Советтер Одағы  
Жеткізген еркіндік, теңдікке.  
Бастайтын елдерді бірлікке,  
Женіске, шаттыққа, ерлікке.

1945 жыл

## **Қазақстан Республикасы әнұранына ұсынылған нұсқа**

Ер казақ ежелден еркіндік аңсаған,  
Азаттық жолында ар үшін қиған жан.  
Сан ғасыр торлаған бұғауды талқандан.  
Ерікті ел болдық – жарқыраптты тан.

### ***Кайырмасы:***

Қазағым, жарыста  
Самғаган гарышка.  
Бостандық, береке ұраны.  
Тайсалма, тартынба,  
Құлашта, жарқылда,  
Алаштың ер жүрек ұланы!

Іргелі мемлекет – біз казақ еліміз,  
Достық пен бірлікте жайнайды жеріміз.  
Әділет, адалдық ак жолдан таймаймыз,  
Қаһарман казактың еніреген еріміз.

### ***Кайырмасы:***

Қазағым, жарыста  
Самғаган гарышка.  
Бостандық, береке ұраны.  
Тайсалма, тартынба,  
Құлашта, жарқылда,  
Алаштың ер жүрек ұланы!

Ұлы ата-бабаның адатмыз салтына,  
Атағы жер жарған айбынды даңқына.  
Алаштың ак туын аспанға көтерген,  
Бар әлем бауырмал қазактың халқына.

### ***Кайырмасы:***

Қазағым, жарыста  
Самғаган гарышка,  
Бостандық, береке ұраны.  
Тайсалма, тартынба,  
Құлашта, жарқылда,  
Алаштың ер жүрек ұланы!

*Семей,  
1992 жыл*

Тұған ел - айтын бесік, үшкан үям.  
Көз жұмылмай тұрғанда кайтіп киям?  
Тарта гөр, Семейімнің тонырағы.  
Тәстіктей жеріне мен еркін сыйм...

*Картағ.  
1952 жыл*

\* \* \*

### БАЛАЛАРЫМА

Сағындым да, сарғайдым да жүдедім.  
Қайғы отынан өртенгендей жүргегім.  
Көңіл қаяу, жүрек баяу соққанда,  
Осы өлеңім-дүғам менен тітегім.

Құлтындарым, сендерді ойлан сағынып.  
Қалғандаймын кейде есімнен жаңылып.  
Ұзак тұнде кірпік қакпай жатқаным,  
Көкірегім карс айырылып, аһ үрып.

Нені ойтаймын кірпік қакпай жатқанда.  
Байлық, атақ, мансап пен бак, мақтан ба?!

Қаным кайнап, капаланып күйем бе.  
Дүние үшін ар, ұтын сатқанға?

Оларды ойлан: жанбаймын да, күймеймін,  
Байлық, атақ, мансапка бас имеймін.  
Қайғы бұлтын серпіп тастар сендер ең.  
Басқа менің сүйерім жоқ, сүймеймін.

Бір күндерде сағым қуып, сандалдым,  
Бала көңіл, алдамшы өмір, алданым.  
Табасына таң болғандай тағдырдын,  
Шырмауына гүстім келіп жалғанның.

Тастұлектей құлаш үрдым кияға.  
Өткен өмір өкінішке сия ма.  
Торға түстім қанатымнан қайырымын,  
Сендер қалың, темірканат үяда.

Құлындарым есен-аман жүр мекен?  
Әкесінің бары-жоғы бір мекен?  
Мұсінимәм, жасын төгіп, мұнайын.  
Суретімекөзін сатып тұр мекен?

Қазыбегім, түстің мекен не халға.  
Араласып жүрсің бе әлде жанжатға?  
Тірі жетім секілденіп, карағым,  
Сенің дағы үсті-басың дағ-дағ ма?

Розошкам екі көзің мөлдіреп.  
Қағылса есік: “Әне, аға келді” деп.  
Есік ашсан ағаң емес, бөтен боп,  
Жүр мекенсің қашан келер енді дең.

Қайран дүние-ай, өзегімді өртедің.  
Жанам-қүйем, шердің күйін шертемін.  
Ойыма алсам, көзіме жас келеді,  
Жәнібегім, айналайын, тентегім.

Көгершіннің баласындағы Назымым,  
Тірі жанға жоқ қой сенің жазығың.  
Тар дүние-ай қыспағында тарығын.  
Тыныс бітіп, тұншықкандағы қажыдым.

Бекет жаным, томшаң қағып жүгіріп,  
Кейде жылап, кейде құлаң сүрініп.  
Шаршап келіп: алдыма алтып сүйгенде,  
Қайғы бұлты кетуші еді түрліп.

Таска тиіп тасыркады табаным.  
Жүргіме тұр қадалып қатамым.  
Дүниеге жана келген нәрестем.  
Мейірімсіз деме әкенді, карағым.

Жұрген күнде еркін басып өмірде,  
Қолмен соқтым көріксіз көк темірді.  
Күнім түн бол, жігер күм бол жасыды.  
Жалғыздығым енді ғана көрінді.

Жүрек жара, аяқ аксақ, бел жауыр,  
Амалын не сүм тағдырға тас бауыр.  
Құлындарым, көріскеңше күн жақсы,  
Бәрінен де сорлы анаңын күні ауыр.

Тіршіліктегі не көрмейді ғазиз бас,  
Кейде шаттық, кейде қайғы, көзде жас.  
Шаттығына әркім ортақ, дос та көп,  
Қайғына ортақ шын адап табылmas.

Қайғы отына бірдей жанып, күйетін,  
Ыстық жүрек, ақ көңілмен сүйетін.  
Адал ана, асыл жарым, ардақтым,  
Қағыбамдай алдыңа бас иетін.

Жарым болып, жаман атақ тақпадың,  
Ана болдың, Ана атынды ақтадың.  
Айнымайтын адап досым, бір өзің:  
Фархинұрым, сенсін менін мактаным!

Мактанамын сенің биік жанына,  
Мактанамын адамшылық арына.  
Отқа, суға түссен-дағы қажымай,  
Журегінде мені сактағанына.

Қайғы бұлты төнсө дағы басыма,  
Жасым жетпей ақ кірсе де шашыма.  
Жалын сөнбес, жаным жас бол қайтармын,  
Сүйген жарым, жабырқама, жасыма!

Ит бол үріп, мен ешкімді қаппадым,  
Қастық жасап, кісіге ок атпадым.  
Алтын көріп, адап жолдан таймадым,  
Сұғанақ бол, арам астан татпадым.

Мен кісінің қол созбадым бағына,  
Мен ешкімнің таласпадым тағына.  
Кең дүниеде жолым даңғыл деп журіп.  
Кез болыптын сүрінетін шағыма.

*Карлаг. Теміртау лагері,  
шілде 1952 жыл*

\* \* \*

Отырдық тар қапаста күнді санап,  
Ұйқысыз өткен түнді жылға балап.  
Мөлтіңдеп көз жасындаі кеп қапсың ғой.  
Көзімнен бір-бір ұшқан қайран арак.

Дейтүғын уақыт жетіп соқты сағат.  
Сағынған сондай күнді. қытмай тағат.  
Жарқ етіп бүлттан шығып күткен күнім,  
Ақ құсы әділеттің қақса қанат.

Дер едім сонда, дүние, арманым жок.  
Тағдырга таба болып қалғаным жок.  
Көрсеттің қорлығынды, зорлығынды.  
Кеудемнен жүрегімді алғаның жок.

Өр зорлықпен басымнан еркімді алдың,  
Әжім салдың бетіме, көркімді алдың.  
Анқылдан ақ көнілмен алданбаска.  
Аузымнан айнымайтын сертімді алдың.

Отқа салдың, отырдым жігер қайнап,  
Тордағы арыстандай көзім жайнап.  
Шындалып шарболаттай шықтым, міне.  
Отырмын өзінменен күліл-ойнап.

*Карлаг, 1952 ж.*

## ШЕРУБАЙ – НҰРА СТАНЦИЯСЫ МАҢЫНДАҒЫ ҚУАНДЫҚ – ҚАРАЕКЕ АУЫЛЫНЫҢ АҚСАҚАТЫ ӘТІМГЕ

Қадірлі ел ағасы Әтім аға.  
Қуандық - Караекеден затын, аға.  
Арғын аға болғанда, сәлем бізден,  
Әдейі арнай жазған хатым, аға.

Ер басына күн гүшп. сергелменде,  
Бейнеттің жүрміз дәмін татып, аға.  
Қазактың казақшытық жолыменен  
Орынды өкпе айтамыз батып, аға.

Қуандық қызыр конған ел еді ғой,  
Байып ба аиран-шалап сатып, аға?  
Сөз жарасы сүйекке таңба болар.  
Доска кулкі болмайық, жатқа таба.

Арғынның белді атасы Қуандыктан.  
Манғаз бай, сүбелі би, батыр шыкқан.  
Сарыарканы ен жайлап, мыңды айдаған,  
Қараекеде кім артты Саңырыктан?!

Кияш та өтті дәүлеті асып-тасып,  
Нұрлан да өтті жалғанды жалпак басып.  
Солардан мәнгі қалған мұра бар ма.  
Жан-жакқа карандаршы көзді ашып?

Азына шықты шалқып Сарыматайдан,  
Олдағы он жеті мың жылқы айдаған.  
Дастарқаны жиытмай ертегі-кеш  
Ат басын тартқан емес Арғын. Найман.

Алтайдың мал симады аймағына.  
Құт конып Аққошқар мен Сайдатыға.  
Бақ карал, қызыр дарып толыксыған  
Малайда Жанайдардың Мейрамына.

Олардың пейілі тар бол көрген емес.  
Желігіп жел нәсісіге ерген емес.  
Тағтаңдаш тиын санап, жалан қақса,  
Дәүлет конар дегенге сенген емес.

Ес тігендे бұзылған ниеттеріңі.  
Көрүте үяламыз беттерінді.  
От жакласа, күр тутін шықпас болар.  
Орынсыз сөз етеді текке кімді.

Куандық Сарыарқаға канат жайған,  
Шатқыған ортасында Арғын. Наиман.  
Құлқын нeden бұзылды бүтін сенің,  
Бата аған ел емес ең Қарынбайдан?

Екі бие біткенге еліресің,  
Тойып айран ішкенге семіресің.  
Қазақшылық қалыпты мұлде ұмыт,  
Керден қағып, кекип, керлесің.

Біреу барса өзімнің ауылым деп.  
Қаны бір кайран қазақ бауырым деп.  
Аяғы аксак, арқасы жауыр жанның.  
Сауықсандай шокисың сауырын кеп.

Мәз болып елдің алды, тоғымыз деп,  
Өмірде еш арманы жоғымыз деп.  
Күні-туні құдайдан тілейсіндер,  
Ботаты түйе болсын боғымыз деп.

Бұл мінез арға тиіп, жанға батты,  
Күйініштен шықкан сөз тиер катты.  
Кегі жоқ ағайындық айтқан наздың  
Басы катты болғанмен, түбі тәтті.

Адамшылық жатпай ма үят, арға,  
Мал бітпес қайыры жоқ пейілі тарға.  
Ауылыша іздең барса шулайсындар,  
Секілді жемтік көрген кара карға.

Арғын аға баласы, ары бар деп.  
Қазақ қой қазақшылық қаны бар деп.  
Аңсап барған сорлыға тап бересін,  
Өлгөн сарттың қойнында наны бар деп.

Ол барған бір сорлы жан айдаудағы,  
Баста еркі жок, кол-аяқ байлаудағы.  
Маңдай тасқа тигендей түніледі.  
Бұйырмай бір тостаған айран — дағы.

Бас аманда олдағы дәурен сүрген,  
Басынан бақ тайған соң тарткан кірбен.  
Атам қазақ ырым қып шығаратын,  
Ақ күйіп, жыланьды да үйге кірген

Бармаиды ол тамақ іздел табайын деп,  
Барады жақын тартып, ағайын деп.  
Бас - аяғын қарайсың жылтман қағып,  
Жарамды заты болса, алайын деп.

Айырылыш қадірлі ата-анасынан.  
Мал — мұлкі, сүйген жары, баласынан.  
Мал үрлап, кісі өлтіріп айдалған жок.  
Жабылған жауыз жанның жаласынан.

Біз бір жан мұсәпірлік сапардағы,  
Елінен аулақ болып татар дәмі.  
“Ер арыса — аруақ...” деген бар ғой,  
Кешегі азаматтар катардағы.

Біз түскен жан тағдырдың азабына,  
Бұл миңез жат қалың ел қазағыма.  
Көленкен көzsіз болсан аспас бойдан,  
Қатмайық дос, душпанның мазағына.

Сіздерден сұрамаймыз бер деп көмек,  
Ағайынға айтамыз оны не деп.  
Қара нардың жүгі ауып қайысканда,  
Көз көрсе, жібермей ме жатта демеп.

Тұыстар темір жолың бойындағы,  
Кетпесін карыз болып мойындағы.  
Үш жүздің ортасынан азamat бар.  
Айтқаны өкпе - назын ойындағы.

Деген бар "бұка - буға, азбан — дуға".  
Қайғысызың жан семірер қара суга.  
Көре алмай Қараекенің жақсыларын.  
Кездесіп журміз бе әлде сүм мен күға?

Құмалак қарын майды шірітетін,  
Аз жаман рұлы елді ірі гетін.  
Артық айтсақ биғайып, кешіріндер,  
Тұтқындағы адамбыз көңлі шетін.

Зілі жок, бұз өкпе - наз, өзегі жок.  
Көнілде кір сактастын кезегі жок.  
"Тұбі бірге тұтпейді". - деген макат,  
Ағайын азары бар, безері жок.

Хат жазған алыс емес, жақыныңыз,  
Біз дағы өздеріңдей ата ұлымыз.  
Баста ерік жок, құн бар ма сөзімізде,  
Теріс бол жүрген шакта мақұлымыз.

Тағдырдың кермесіне кім келмес кез,  
Біреуге ерте деген, біреуте тез.  
Тағы ғафу өтінің, сөзді аяқтап.  
Абайдан келтірейік бір ауыз сөз.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,  
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.  
Адамды сүй, ағланың раҳметін біл,  
Не қызық бар өмірде онан басқа!

*Karlag.  
1953 жыл.*

## ҰСТАЗЫМА

Есігін мектептің мен ашқанымда,  
Өмірге тұнғыш қадам басқанымда.  
Алғашқы ойдай көзге көрінген сен.  
Білімнің жарқыраған аспанында.

Мен онда асау тайдай бала күнім.  
Шалдуар үкпайтын өмір тілін.  
Ақ көңіл, адал ниетті, махаббаты  
Сен анам, сонда маған берген білім.

Мен де онда бала көңіл шатықтаған,  
Алымда мақсатым жоқ анықтаған.  
Сен сонда тәрбиелеп көзімді ашқан,  
Оқыту, үйретуден жағылаған.

Сен маған сегіз жастан танытқан хат.  
Өмірде мынаны сүй. мынау деп жат.  
Талынтып бізді әлпештеп өсірген сен,  
Баулыған балапандай темір қанат.

Жазуды үйреткен сен “Ана” деген,  
Отанынды анаңа бала деген.  
Ленин атын жазуды сен үйреттін,  
Сен тұнғыш таныстырыған данаменен.

*1936 жыл.*

\* \* \*

## АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ – ТЕМІРҚАЗЫҚ

Алтайдың ак иығы шықты шынға.  
Айдағы көз жіберді мың-мың жылға,  
Алтын туын өлеңнің тігіп құзға,  
Артқыға үлгі – деді қызың бер үлға.

Агасы ақындардың Абай еді.  
Алғыр ойлы, ардагер асыл гүна,  
Алтын күнгө көз салып қаралды да.  
Аманат, сен күәсін, - деді туға!

Кейінгі ұншактарым қанаттанып:  
Қыраншай шыксын құзға қанат қағып,  
Тарабы тасығанда ұлы өмірде.  
Жырласын тіккен туды қолына атып.

Қаламымды қалыптың тог баспасын.  
Асыл сөз мұхитына кеттім малып.  
Болат қалам сенімді қолға тисін.  
Қаламымен жыр жазсын, каруланып.

Жыр тасып тас бұлактай тасқындастып,  
Қарасын барлық әлем қайран қатып.  
Сөз болмақ самородный сары алтыңым.  
Әлемге әйгіленер, бакыт жайып.

Адамшының ар үшін еткен еңбек.  
Ескерімей тарихта коймас қалып.  
Мұрагерім, артымда қалың жұртыйм,  
Куә болар ісіме кәрі тарих.

Болашаққа сенімдімін ұрпактарға.  
Есінде мәңгі сактар мені халық.<sup>4</sup>  
Ал халқым мен қалдырым қазынамды.  
Пайдалан керегінше ішкің қанып.

Сырты күміс, іші алтын сөзім қалды,  
Қаламым ак қағазға өрнек салып.  
Сотықлаты соктақсыз жерде өстім,  
Бәйгіге шаба атмадым бойым тасып.

Бәйгіге түс, жеткіншек жас гүлшарлар,  
Бәйгімді бересіндер сендер алып.  
Өкінішті өмірім бұлдың болды,  
Сендердің өмірлерің болар жарық.

Үрпактар енді маған кіна қойма,  
Өмірден сокқы көріп кеттім налып.  
Өмірдің төріне шық, шынына өрле,  
Даңғыл жол алдарында кеттім салып.

Үрпактарым мен еккен гөзел гүлім.  
Өсіндер шашақ атып, шешек жарып.  
Алды үміт, арты өкініш өмір сүрдім.  
Сендерге бақыт таны туды анык.

Сонда менің акталар адам атым.  
Сонда өзім табамын іздең барып.  
- Деді де канат қағып, көкке самғап,  
Өсиетін айтты да жөнелді алып.

Қаламын қолына алып бабасының,  
Терен ой, ақыл дария данасының.  
Өсиетін орындалап отырғалы\*

Абайдың баласының баласының \*

Ақ көніл адад жүрек бол дедін сен.  
Адал еңбек, адамдық сол дедін сен.  
Адамшылық какы үшін еңбек қылсан,  
Айнымас ақ ниетті жол дедін сен.

“Пайда көрсөң бас ұрып,  
Мактан іздел қайғы алма.  
Мінінді ұрлап жасырып,  
Майданға түсіп бәйге алма”

Пайда көріп бас ұрып бүрілтімадық,  
Мактан іздел қайғыға ұрылтімадық.  
Мінінді ұрлап, жасырып жасқанбадық  
Майданға түсіп бәйгіні бүрын алдық.

Құрыштай асыл сөзбен қаруландық,  
Қан майданда жауға аттық, ойран салдық.  
Қас жаудың қақыратып қабыргасын,  
Қайрадық қаламынды миллион сан ғып...

Ұлы өмірде біз ашық көкті, жерді.  
Мұхиттың күл-талқан қып мұзын жардық.  
Табиғат тәжім етті бізге келіп,  
Бұрынғыдан қылмайды бізге баздық.

“Ғылым таптай мактанба”, - дедін бабам,  
Ғылымның дариясына жүзіп қандық.  
Қалың елің қазағың қайта туып,  
Өмірдің ең төрінен орын ашық.

Сен көксеген өмірге жетті үрпағың.  
Бұрынғы ескі өмірден қалмай қалдық.  
Өлеңге өзің салған данғың жолмен,  
Маржандай тізілдіріп жыр жырладык.  
Алпыс тарау әнінді жүз тоғатып.  
Сандуғаштай сайрады еркін халық.

\*Үрпағыңды бастаған ұлы Сталин,  
Бөлеген бакытқа елді ұлы Сталин.  
Абайдың асыл сөзін ардақта – деп,  
Күлімдеп көз алдымда түр Сталин.

Ендеше орындалды өсиетін,  
Адамшылтық арынмен, ақ ниетін.  
Халқыңың бел баласы, сен ұлысың,  
Елің бар махаббатпен шын сүйетін.

Жүрекке жылы тиіл, тілге жеңіл,  
Алтындаі Абай сөзі ертер көніл.  
Аспанда – ай, көкте – күндей күн-түн сәбей,  
Абай – тірі өлмейді, жасайды өмір.

Өлеңін асыл сөздің кеткен жазып.  
Бойға қуат, жаныма болған азық.  
Қалам алсам қолыма, өлең жазсам,  
Алдымда ақын Абай – Темірказық!

*Семей,  
14 қазан 1940 жыл.*

\* \* \*

## ОРЫНДАЛҒАН ӨСИЕТ (*Абайға*)

Шынына хан Шыңғыстың шықтым келіп.  
Қырандай айналам көз жіберіп.  
Қызғалдақ, қызыл жасыл көк балшырган.  
Бөлеген Сарыарканы көрік беріп.

Арканың самағ желі беттен сүйіп.  
Тұрдым мен таза ауда кеудем керіп.  
Сайраған сандуғаштың тәтті әуезі,  
Жүрек тербел, бітірді көңілге елік.

Бұлбұл құс әсем әнмен бойды билеп,  
Кеттім мен бар ынтымен соған еріп.  
Шерткенде жүрек қылын көңіл қүйі,  
Адамның болмакшыма өзінде ерік.

Қалқытып, қалықтатып, тоқсан толғап.  
Шалқытып, шарықтатып, бітер желік.  
Балқытып корғасындаі бар дененде,  
Кетпей ме сезім билеп, сүйек еріп.

Сыбдырын токтатай ма жапыракта,  
Жел тыныш, тыңдағандай аспан төніп.  
Қызыл гүлдің ғашығы сандуғашты,  
Жан бар ма тындармайтын болмаса өлік.

Сандуғаш шарықтатар көңіл құсын.  
Еркін ел, кең далаға болған көрік.  
Айдынның аккуындай, жұз қаламым,  
Теніздің теренінен маржан теріп.  
Бұлбұлдай сен де сайра қызыл тілім,  
Қанаттанған киялға бол да серік.

Шынынан хан Шыңғыстың төмен құлап,  
Сыңдырлап, сылан қағып күміс бұлак.  
Сынаптай тастан орғыш, сайды жол ғып,  
Дамығызың ағып жатыр қылмай тұрак.

Сүгудай шолны тақкан мөлдір бұлак.  
Сынғырлаған үніне салсан құлак.  
Терен, таусығас мұнда жыр бар.  
Бұлактың білмек болсан сырын сұрап.

Тасбұлақ токсан тарау жатыр құйып.  
Дарияға айналасы қекше курак.  
Мен келдім дараланып жағасына.  
Жайкалған көк шалғынның арасына.  
Тауында байғыз, көкек, қекте торғай,  
Сайраған бұтбұл конып ағашына.

Не түрлі дәмді жеміс, дәнді жеміс.  
Сайының енсең барып саласына.  
Шалқыған дария бейне қекшіт аспан,  
Толықсып жатқан сыймай сабасына.

Тұңғызың тубі терен, көлемі кең,  
Көзіннің сыймайтұтын шарасына.  
Айна боп бар әлемді тұрған тартып,  
Қазактың ұлан байтак даласына.

Шөлде қалып сусаса сусын болған.  
Өмірдің талтай тартыс таласында.  
Ертеде енреген ел-жүртүнің,  
Ем болған жүргегінің жарасына.

Қаранғы қара тұнде сәүле болған,  
Қапалы қалың қазақ баласына.  
Енреке емшек беріп емін тапқан,  
Кім айтпас мәңгі алғыс анасына!

Күркіреп, тау мен таста асыр салып,  
Бұралып айдаңардай жұз толғанып.  
Күнірентіп жатты Кавказды долы Терек,  
Қекке атып ақ көбігін толқындағып.

Жолында кездескенді кесіп өтіп,  
Бусанып, буырқанып, бұзып, жарып.  
Екпіні жер буйірін соктыргандай,  
Ақырып салғанында ашуланып.

Каспии е тентек Терек бара жатыр,  
Қазына неше түр и сыйытқ атып  
Қарасам дарияның бір шегіне  
Көрінді жалғыз жалау кө ібен қағып

Жалғыз жалау жалтышап,  
Тұманды теңіз төрінде  
Жат жерде жүр не тындал<sup>9</sup>?  
Несі бар туған жерінде<sup>9</sup>  
Ойнактаң тотқып жет гутеп.  
Майысар дінгек сықыртап  
От жүрген жок бақ іздеп  
Қашпайды бақтан бойды үрлап

Астында дария көк маидан,  
Үстінде сәуле алтын күн  
Қарашы, ол бүлік құдайдан  
Сұрайды дауыл, күні, түн

Жай оғындағы сөзі бар өр кеуде ақын,  
Лермонтов келе жатыр тұрсам бағып  
Танырқап ұты ақынға тұрғанымда,  
Көңгілімді бөліп кетті ән шырқалып

Махаббатты жүректен шыққан мұңды ән,  
Тамылжып гәтті үнмен түрді ырғалып  
Қарасам Татьяна акқудаиын,  
Үзіліп тал шыбықтай бет бүралып

Ақ тамак, ай мандаілы, алмадай бет,  
Тұрғандай дәл алдыма маған налып,  
Керіліп кер маралшай келе жатыр,  
Кейде от, кейде шок бол жүрек шалып

Қонырлатып қырдағы салған әні,  
Күнгірлетіп Саарқаны кетті алып,  
Қазақтың қаракат көз сүмбіл шашы,  
Тәтишке тәтті үнін қосты барып

*Семей қаласы,  
1940 жыл*

## ЖАМБЫЛ

*(Ақынның 75 жылдық тойына толғау)*

Жұтыздай ақ қаламым  
Төгілт жүрек шаттық жыр  
Заманға саи талабым  
Бөгелме сайра, сайра тіл<sup>1</sup>  
Ал, қаламым күдіра  
Күмістей сөз сылтыра  
Жүреін достың тасыта.  
Жау жүрегін жасыта,  
Жайна жырдан жинап ғұғ  
Айдының асыл ару.  
Аккудай жүзген көтінде,  
Отанның ерке мен ұлы,  
Еркін өскен елімде  
Ерке еткен мени XX жыл  
Шыркаткан бакыт жырына,  
Туган анам Октябрь,  
Бәлеген бакыт нұрына  
Екпіндеп Еділ тасқан жыр,  
Шарықтаймын қалқымын,  
Тербел қалам терен жыр  
Шығындаи қекке қалқымын  
Атана арна жырынды,  
Атаң алып сен түйнин,  
“Домбырасын серік кып”,  
Кеңген атан ғасырдан  
“Өтенде төгіп өрнектеп  
Асулардан асырған”  
Жүзге жасы кетенде,  
Бул заманды көргенде,  
Домбырасын қолға алып.  
Қырандаын қомданып  
Нөсерлетіп шаттық қүй,  
Кәрі саусак маймандаи  
Перне ұстінде билеп би,  
Токсан тоғыз тоғанып,  
Жырдан жібек есліп  
Кең даламда көслип,  
Тасыды қарт, тасыды,  
Сөз түйні кесілпі!

Шыкты аспанда шарыктай.  
Еңді онда жок жалықпак.  
Бакыт тауып қуанып.  
Өшпес күннен нұр алып.  
Жамбыл қайта жасарған.  
Жырдан маржан дестелеп,  
Асыл сөзден кестелеп.  
Өнерін Жамбыл өрнекген,  
Жақсы жыр қосты ҳалқына,  
Токсанды тежеп тойтарып,  
Жиырма бесін кайтарып.  
Қарлықкан дауыс ашылып,  
Кәрілтікті қасарып.  
Сыбызыдай сыйытып,  
Сұнқылдаған көмейі,  
Салған әні үзіліп,  
Жамбылдың үстем мерейі.  
Көлшікке кеше айналған.  
Су алуға ойланған.  
Болды міне дария.  
Үлде мен бүлде бөленіп,  
Көсегесі көгеріп.  
Шат-шадыман заман.  
Шын бакытқа кенеліп,  
Қайта туған қария,  
Боз балага теңеліп,  
Келді жігіт қалпына.  
Заман кеше тарылып,  
Елді кезіп сарылып,  
Бакыт таптай зарлаған,  
Ешін туын жыр қылышып,  
Ердің сырын сыр қылышып,  
Ел үмітін жырлаған.  
Күннің көзін көре алмай,  
Өристеп өлең есе алмай.  
Құлашын кен жая алмай,  
Шаршаған дауыс баяулай,  
Шарыктап көкке шыға алмай,  
Шіркін дүйдүл сынағмай,  
Топтан озып жүлде алмай,  
Қайғы жырланп, зар толғай,  
Еркін өмір сүре алмай.

Өмірден ләzzат ала алмай.  
Шаттық күштің күле алмай.  
Сән салғанат құра алмай.  
Көктің бүлгі торған.  
Бал тамған тілі бүлбүлдың.  
Басынан өткен сол заман.  
Біздей үсак үлгіты.  
Біздің елдеи жүргітты.  
Сүм патша шырмап торына.  
Тұншықтырған ол заман  
Сол заманда Жамбылдың.  
Алпыска жасы басқанда.  
Жер баспас жорға данғылдың.  
Жорғасынан танғанда,  
Домбыраның орнына,  
Колына таяқ алғанда.  
Кең дағаны кезе алмай,  
Төсекте жатып қалғанда,  
Ән шырқап өлең айта алмай,  
Болды Жамбыл арманда.  
Өмірдің болмай түрлауы,  
Ауыр гүрмүс шырмауы,  
Кәріліктің бүтәуы.  
Мойынға құрық салғанда,  
Нұрын атып көзінің.  
Сынын атып сөзінің.  
Бетінен шырай өн кетіп.  
Бүлбүлды кетті мендегіп.  
Басынан кешкен ауыр күн,  
Күн емес-ау қара түн.  
Бүл кезеңі өмірдің.  
Оты сөніп көңілдің.  
Жамбылға болды үлкен сын,  
Кетпестей естен жағанда.

Кешіккен жок Октябрь.  
Күткен күні жарқ етті.  
Құлімдеп көктен тәкти нұр.  
Халықтың бакыт таны атты,  
Жайды Жамбыл қанатты.  
Жас баладай шаттанды,  
Жана өмірге аттанды.

Жилы бойға кайратын.  
Жетті уақығ сайраитын.  
Ақындық кілтін ашады.  
Сөзден меруерт шашады.  
Тиегін жырдың ағытып,  
Шарыктап шалқып тасады.  
Шаттық күйін сызылып,  
Домбырадан үзілтіп,  
Зулап саусак қағады,  
Тасқындалп күй ағады.  
Сөз асытын тарады.  
Күректеп кенін актарып,  
Сөз гауһарын табады.  
Күшағында бақыттың  
Шуласып ән салады.  
Шырқаған әні шығындалп,  
Жер мен көкті алады.

Жаңа өмір, жаңа түрге еніп,  
Тоты құстай турленіп,  
Жазы шығып жадырап,  
Бәйшешектей гүлденіп,  
Кәрлікten ажырап,  
Жастықка Жамбыл ұласты.  
Жамбылда жок қажымак,  
Салтанаты ұнасты,  
Жібек шапан кигені,  
Кара жорға мінгені,  
Өмірден ләzzат алады.  
Даусы көкке өрледі,  
Күш қайнап, жігер кернеді,  
Екпінді үні ескектеп,  
Алатаудың бауырын,  
Аралап колхоз, ауылын,  
Карт Кавказды жанғыртып,  
Алтын – Алтай тауының,  
Шыңына да барады.  
Дауысы тасты жарады,  
Тянь – Шянның биік құзына,  
Сібірдің көкше нұрына,  
Зулап ескен желдей боп,  
Жетті әсем ән сала.

Казакстан даласын.  
Аскар бе.1. сай – саласын.  
Көркем жырға бөледі,  
Сөзден меруерт себеді,  
Актарылтып алтындей.  
Өркендең өнері,  
Жетпіс бес жыл өмірі,  
Ақынның дана шебері,  
Шыныраудан шығарып,  
Шырын сөзін береді.  
Салыстырып салмактап,  
Брилианттың тереді.  
Казынасын халықтың.  
Карт атам жинап келеді,  
Сталиндік ғасырдың.  
Жұз жастағы жігіті,  
Өлеңнен үрек себеді.  
Сұнкардайын түледі,  
Тұлпардайын үдеді.  
Кайраты тасып алыптың,  
“Жүрекке нәзік жыр беріп,  
Табиғатты менгеріп,  
Ар, атакка ие етіп,  
Марқайтқан еңбек қауымын.  
Сталиндік ұлы заң...”  
Деп жырлады қариям.  
Болмаған өткен тарихта,  
Ешбір елде, халықта,  
Алтын таңын тарихтың,  
Жаңа заңын халықтың,  
Кәріге қуат әл болған,  
Шырайлы гүлдей жайнатып,  
Бойына жігер жан болған,  
Гүлстанда сайраткан,  
Кеудесіне нұр толған,  
Жамбылды көріп жадырап,  
Кәрі тарих таң болған.  
Өкінішті өмірде.  
Қайғы мен кімдер өтпеді.  
Жамбылдай аскан таланттар,  
Не дарынды талаптар,  
Бакытқа колы жетпеді.

Жүргөн ұлы шер кернеп.  
Домбыра зарлап, күй тербел.  
Ташай бакыт жалғанда.  
Шатырып, шаршап таңанда.  
Домбыра болып серігі,  
Өмірдің болмай көрігі,  
Өтті Коркыт арманда.  
“Жерүйік” іздер жер шарлап,  
Көзінен канды жас парлап,  
Өмірден ләzzат ала алмай.  
Іздеп бакыт таба алмай,  
Баткан қалың кайғыға,  
Бейнесі мұңды көнілдін.  
Бейнесі сүм өмірдін.  
Өтті Асан кайғыда.  
Тоқсаннан жасы асканда,  
Жүзге аяқ басқанда.  
Жарқын жүзі жадырап,  
Күлімдеп күні аспанда,  
Нұрына қартым бөленіп,  
Боз балаға тенеліп,  
Көрлік естен кетеді.  
Арманына жетеді,  
Жамбыл бакыт табады!  
Миллионның жүргегі,  
Бакыттың берік тірегі,  
Сәлемі мен халықтың.  
Мұрасы мен тарихтың,  
Москваға барады.  
Күлдірген күнін өзіне,  
Қуат берген үніне,  
Рух беріп тасытып,  
Үқсатқан бакша ғұліне,  
Жасарғаны Жамбылдың  
Сталинді көргені.  
Күннен нұрлы қеудеде,  
Жарқыраған ордені.

\* \* \*

Жырдан бұлак ағызыса.  
Тіңден шырын тамызыса.  
Көз ағында Сталин.  
Актарытса асы қөз.  
Сөз алдында Сталин.  
Аркауы өлең жырының,  
Жүректе терен сырының,  
Дерегі – дана Сталин.  
Бақшасында бақыттың.  
Сайратқан оны Сталин.  
Жігер беріп, ал беріп.  
Өмірге көрік, сән беріп,  
Жайнатқан оны Сталин.  
Жетпіс бес жыл ақындық,  
Өмірінің табысы,  
Әлемге кетті дабысы,  
Өлгөнінше Жамбылтың,  
Жырлайтыны Сталин!

“Екпінді”,  
1938 жыл

## РЕВОЛЮЦИЯ ДАУЫЛПАЗЫНА (Максим Горькийге)

Дауылпаз асты үні аспанды алған,  
Шаңқылдап қара түнде үран салған.  
Бұл басқан алтын күнді күлімдепіл,  
Бұл пердені талқандап бұзып жарған.

Тенізде таудай толқын тулағанда,  
Дауылда құрыш канат емес талған  
Бұл бұзып, тұман сүзіп, бұгауды үзіп,  
Тас жастап, мұз төсөніп, қар жамылған.

Қиалап аспанды өрлең бұлттан аскан,  
Құшак жазып карсы алған көкшіл аспан.  
Кияның шың құзына шығып қыран  
Құйылып сөз бұлағы дария тасқан.

Қас налып, қалтыраған, дос қуанып,  
Құрыш сөз жай оғындаі өткен тастан.  
Қан майданға шакырып қайрат беріп,  
Халқына бақығ үшін ұран салған

Сол майданда дүшпанды жеңген елім,  
Сол ұраннан жүректе мықты сенім.  
Орынап, орындалған күткен мақсат.  
Ұлы Отан ұмытпайды сендей ерін.

Сені халқын сүйеді: “Шын ұлым!”, - деп,  
Сені сүйген Сталин – көсем – Ленин.  
Сенің атың сактаулы Кремльде,  
Сені бізден айырмақ емес өлім!

“Екпінді”,  
1940 жыл

\* \* \*

Ойнақы көз, турақсыз сөз,  
Қылтың қызыл онатын тез.  
Көздің күрты сылкым сулу,  
Бола қалдың сен кайдан кез...

Нәрсіз – тәтті көлгір күлкі,  
Бойындағы қымбат мұлкі.  
Жел көнілді желіктірген,  
Сылаңдаған қызыл түлкі.

Желөкпе едім кеттім еріп,  
Жел нәпсіге ерік беріп.  
Қызыл түлкі жалт бергенде  
Кү күйрығын қалдым көріп.

Қала бердім көнілім сүзип,  
Жүрмеспін деп енді жуық.  
Бір аңғалдың көзі шалып,  
Арсаландаң кетті күзи...

Арсыз нәпсі мені алдапты,  
Маңдай тасқа тилі қатты  
Келші сәүлем, қайдасың сен.  
Қайдасың жар махаббаты.

Тұннен кара, күннен нұрлы,  
Көрем көзді терен сырлы.  
Акылы алтын, жүзі жарқын,  
Терен сырлы, сегіз қырлы.

Тәкәппарлау мінезі бар,  
Тұла бойы ұят пен ар.  
Жаны таза, сабыры мол,  
Сенсін сәүлем, сен асыл жар.

*1936 жыл*

\* \* \*

## КИТАП

Көңгілім күнгірттеніп тұман басса,  
Ұмытып өзімді-өзім рухым қашса,  
Жудесем, жапа шексем, жабырқасам  
Жанға жай таба алмасам жалғыз басқа.  
Касірет басса бейне зіл қара тас.  
Уланып күнгірт оймен айналса бас.  
Кеппеген жаңа өксіп жылағанда  
Моншактап екі көзден ағылған жас.  
Сол кезде мен колыма кітап алам.  
Ақтарсам басылғандай көнілде алан,  
Жәй тауып жадырайды жаным-тәнім,  
Дөртіме сондағана дәрмен табам.

*F. Tokay,  
(1908 жыл, 17 марта)*

*Аударған К.Мұхамедханов,  
(“Екпінде”. № 84, 27.04. 1946 ж.)  
Семей*

## АҚЫН

Картайсам да, жыл өгін жетсе де жас,  
Бел бүгілін, хал тайса, иіліп бас,  
Картаймас жас көңілім еш уакытта.  
Бой бермес, күшпі жаным халдан таймас.

Кеудемде ақындықтың жатыны бар.  
Төңкерем карт болсамла тауды мұнар.  
Ақынның көңілінде қыс болмайды,  
Жадыраған көңіл-жаз. жаумайды қар.

Кәрілік шал ете алмас шын қартайтып,  
Отырман тілек тілеп жоқ-барды айтып,  
Жатпаспын құдай қосса пешке шығып,  
Өлеңнен бойға қызу келер қайтып,

Өлемін өлең айтып өлгенде де,  
Жан алғыш ғазірейілі көргенде де  
“- Біз кеттік, сіздер қалың” деп жырлармын  
Денемді топыракпен көмгенде де.

*F. Токай*

*Аударған К.Мұхамедханов  
(‘Екпінді’, N 84, 27.04. 1946 ж.)  
Семей*

## СҮЙЕМ ОТАН АНАМДЫ

Мен сүилем: туған елді — алтын бесік,  
Туған жерді, кір жуған кіндік кесіп.  
Жайнаған гүл бакшада бұлбұлдайын,  
Сайраған, қанат қакқам, еркін өсіп.

Мен сүием шалқып жатқан кен да іамды.  
Сәулеті, салғанагы, ген қаламды.  
Қойыны кенге голы аскар тауым.  
Орман ну, гүл орнаған сай-сағамды.

Мен сүйем: айдын шатқар, құміс көнді.  
Жер көркі белес-белес сары белді.  
Қозғайтын көңіл күйін құйқылжытып  
Жібектей ескен майды сама! же!..

Мен сүйем: сарқырай аккан өзенімді,  
Өлкемді, алабымды, өзегімді.  
Өсірген ұлы өмірдің ұланы еғін.  
Анамды – Отанымды - өз елімді.

Мен сүйем: Москвамды, Кремльді.  
Кан берген тамырыма жүрегімді.  
Таласта галай тасқын таңжытмайтын  
Мәңгілік берік корған тірегімді.

Отаным – бақыт берген, талаң берген.  
Шалқыған киялымға қанат берген.  
Онынан ай, солынан күн туғызып,  
Білімнің дариясынан маржан терген.

Отаным мені үйреткен багырлыққа,  
Кайтпайтын қан майданда багылдыққа.  
Сөзден жауға жай оғын жаудырагын.  
“От ауыз, орак тілді” ақындыққа.

Аспанда асау желмен жарысканмын,  
Мұхиттын мұзын бұзып алысканмын.  
Көздегенде болатын өз дегенім.  
Талайын бағындырғам қарысканның.

Еріне ерді өсірген елі де сай,  
Еліне батыр, өжеғ ері де сай.  
Аңдыған жау алысса басын жойып,  
Болатын төбесінен түскендей жай.

Ерке боп еркін елде өсгім жайнап.  
Ұлы өмірде шаттықтың жырын сайрап.  
Анамның – Отанымның махаббаты  
Таусытас берген бойға жігер-қайрат.

Еліме емінген жау төнген күнде.  
Ұлан-қыран доңданды қаны қайнап.  
Ар үшин елдің ұлы қаһарланды,  
Тұлпар мініп, женістің туын байлаپ.

Отан – ана ер ұлын аттандырды.  
Нар кескенін жауына қойған қайрап!  
Әдлееттің алмасы сұрыңды.  
Жауыздық жермен жексен болмақ жайрап.

“Екпінді”,  
19 актап 1942 жыл

### ЕЛ ҚАҢАРЫН ЖЫРЛАНДАР

Нұрлыбек, Төлеу, Архам, Тәнірберген,  
Сапарғали өлеңнен өрім өрген  
Кәрі тарлан, топ жарған Иманбазар,  
Тас кешу, талай кия аскан өрден:  
Сан түскең шаршы топка карт Нұрғали,  
Тасқындал жыр бұлағын толға, тербен!  
Маршалың ту ұстаған Жамбыл алып,  
Сарбазы өңшең сандак сонына ерген.  
Халықтың кабілетті ақындары  
Тенізлің теренінен маржан терген.  
Бір кезде арман еткен бақыттарын,  
Бұл күнде қолың ұстап, көзің көрген.  
Жырларың ел жүрегі, ел тілегі,  
Сөзден жауға оқ аткан өңшең мерген.  
Ерді құл, аруды тұл қылмак дұшшан,  
Орнынды есіл етпек, алған төрден.  
Қаптатып кара түнек ел басына,  
Тұрғызбак қорқауларды қайта көрден.  
Табиғаттың заны жоқ андар үшін,  
Тірілту жебірлерді мәңгі өлген.  
Тараған арам тәнге жан кірмекпе?!

Кім көрген, өлімтікті кайта келген!  
Алмас сөз жай оғындаи жаркыңдасын.  
Кек жыры, намыс жыры кеуден керген.  
Даулата, селдете, нөсерлеп сөз  
Жауына атой берсін көктен, жерден.  
Сыяң - уу, қалам — найза болсын.  
Қаруың зор міндетпен алған елден.  
Жауга ажал, елеңе бакыт жырын жырла,  
Ардақты асыл сөзің халқым сенген.  
Қарыскан қан майданда батырларым.  
Халық үшін курбандыққа қайтқан көпген  
Батыр Мәлік, қаһарман Төлегендер,  
Ел ұлы, ел қаһары жауга төнген.  
Ардағер камал бұзған ерді жырла,  
Алысып ажал менен жауды женген.  
Ел құші, ел бірлігі, ел достығы —  
Тамшыдан — көл, дария — гүған көлден.  
Еңбектің майданының ерін жырла,  
Бірі онға, оны жүзге жауап берген.  
Жау тұншығып, қүйресін қабырғасы.  
Ақынның жүргегінен тасқан селден,  
Дүшпанға сөз қаһары кем тимесін,  
Орыстың наизасымен жауды женген.  
Ақындық атынды акта, халық айында,  
Ас мұдірмей, ел сыны - аскар белден.  
Жырла, женіс сенімі — кол басшынды,  
Тарихта жок тенденсі әлемде тең.

“Екпінді”,  
1943 жыл

**БАТЫР АҒАМА**  
*(Гвардии полковникі Бауыржан Момышұлына)*

Ашуы сақылдаған аязды Ақпан,  
Қамалға қайсар ерім қарсы шапқан.  
Таудай тажал тап келсе талқан қылышып,  
Күлін көкке ұшырып аспанға аткан.

Біз басын мыңға балай қан майданды  
Дүшін беттін сыңдырып тауын шаққан  
Бет шешпей мұз төсөніп кар жамысып  
Кірпігін күндіз-түні емес қакқан

Етті үшін құрбандыққа басын бай іап  
Қан кешіп безген ерім рахагтан  
Ет шетіне жау келсе ер ғұрар ма  
Майданға шеру тартып шыққанда

Ағтан ,

Каисар қазақ ұланы ко і бастаған  
Ердің аты е ине бо ған мактанды  
Ет сағы етек басты бо ған шақта  
Киыннан кисын іздеп ақыл тапқан

### ЕРІ ҚОРҒАН ЕПІНЕ

(Советтер Союзының батыры Василий Кисляковка)

Бір биіктің басына  
Бір топ ертер құрып шеп  
Тайсалтмада жасыма  
Биікті жауға берме деп

Бұйрық со іаи берілген  
Шепнуге орын жок  
Ар ұят күшті өтімнен —  
Деді достар Кис іяков

Наизағаңдаи жарқыншап  
Ажал оғы түр жакын  
Жаң жакыншап алқымдан  
Туды ертерге зор қашып

Кара бұттаси түйсіп  
Тортап қауып қаптады  
Калың жаң шұтап түйсіп,  
Келеді ертер атиады

Еңеүрөген есер іер  
Енте іеи басып ке іел  
Дегенде атар осы ау жер  
Команда сонда береді

Жыргыш аңдаи жарапты  
Дүшпан тағы тәкіл күш  
Оқазалып барады  
Ер іерге туды киын іс

Ертер аткан автомат  
Оқ біліп ұнсіз қалғанда  
Енді дүшпан каптамақ  
Ажат қоршап алғанда

Оқ таусы іды амат жоқ  
Қырылмаиық бәріміз -  
Деді сонда Кисляков  
Достарым, кейін барының<sup>1</sup>

Кош болындар достарым  
Ел үшін жаным салаға  
Жау алдын жаңызыз тосқаным  
Қалмайық енди табаға

Жауда жалғыз қалып сіз  
Байлап берген секілді  
Өлсек бірге өтдік біз,  
Кетпейміз дең өтінді

*1941 жыл*

### **ҚАРЫНДАСТЫҢ БЛЕМ АТЫН** *(герой-партизанка Тося Петровага)*

Кірлетпеген ар ұятын  
Кірлетпеген данкты затын  
Отаны үшін жан киятын  
Қарындастың блем атын

Күған ер тер е ін кеін.  
Қанға малып ұалық жауын,  
Ердің қаны кетпей тегін  
Зұлым жаудың шакты тауын

Анасындай сүиғен етін,  
Өнімге де бетін буган  
Жүргенде берік сенім,  
Елдің кегін қанмен жуган

Бір топ қана партизандар  
Тап бергенде қалын жауға  
Үрейленген жыртқыш андар,  
Табалмады басқа сауға

Жұздел неміс қалды жайрап  
Қан үшін-қан, жан үшін-жан,  
Күн бұрыннан койған сайтап,  
Кетті жерге атқанша таң

Қалың тоғай Жер балаған,  
Жатыр ерлер демін алып  
Зұлым дүшпен анталған,  
Қаптыстыста келді қалып

Ас даярлап от басынла,  
Нәзік дene жас қыз жүрген.  
Анталап жау тап қасында  
“Беріл орыс!”, - деп иттей ұрген

Балағанға ерлер жатқан,  
Жаудырды жау гранатын  
Жауға жалғыз мылтық аткан,  
Карындастың білем атын

Пистолеттен дәлдеп атып,  
Оқ жаудырды жауға жалғыз  
Ондағ фашист қалды жатып,  
Берімеді партизан қыз

Бетине ұстап бір ағашты  
Қалың жаумен ұрыс салды  
Ажал коршап аузын ашты,  
Қыздың жалғыз оғы қалды

Мен құрбаның ұты Отаным!  
Қызы дауысы шықты катты  
Халқым үшін піла жаным!  
Ақырғы оғын өзіне атты

Кіртепеін ар ұятын  
Кіртепеген даңқты загын  
Отаны үшін жан киятын  
Қарындастың былем ағын

*22 май 1943 жыл*

## БІЗДІҢ КИЕВ

Ерлерім қаһарланып қабақ түйіп,  
Ақырып арыстандай жауға тип  
Ел кегін, ер намысын жібермеген  
Дос сүйінген, дүшганның иш күйіп

Қарсыласкан жауына жер құштырып,  
Қабырғасын күйретіп, тауғып үйіп  
Мұз балақ, болат топшы қырандарым,  
Жауға ажал жаудырған көктен шүйіп

Отанның от жүректі батырлары,  
Құрсанған көк ботаттан сауыт кип  
Тажалдың тырнағынан бауырларын,  
Азат етті көзінің жасын тыйып

Екі жыл түнек басып тұрган кала,  
Қарсы алды батырларын беттен сүйіп  
Бөленді қызыл туға ұлы күні,  
Қаһарман аты әйгілі біздің Киев

*6 ноябрь 1943 жыл*

## МОСКВА

Москва! Сені сүйгем жүрегім мен.  
Ардакты алған орным ұлы өмірден.  
Тасыйды Ақ Еділдей ақ көнілім.  
Құлакка үн келгенде Кремльден.

Москва! Ең ардакты асыл сөзім.  
Москва – соқкан жүрек. көрер көзім.  
Москва! Сені айтқанда киял шалқып.  
Ерекше қуат дарып. билеп сезім

Шарықтаң көніл құсы қанат жазып,  
Москва! Сен жаныма берген азық.  
Ұлы мақсат шынына сәулө шашқан.  
Жұлдызы Кремльдін – Темірқазық.

Кремль бүлттан аскан мұнарасы.  
Аймалап алтын құннің шұғыласы.  
Құшакқа ап сегіз ғасыр Москва тұр.  
Қадірлі қасиетті әрбір тасы.

Тарихтың таң Шолпаны ұлы бейне,  
Нұр төгіп туған дана Ресейде.  
Адам затқа азаттық жол көрсетіп.  
Ленин тұр құндей күліп Мавзолейде.

Ие етіп атак, даңққа Совет елін.  
Құлпыртып Ресейдің құтты жерін.  
Сталин Москвада Кремльден –  
Дүниені түгел шољып кеменгерім.

Москва - әділетке болған қорған.  
Әлсізді азат еткен түсken тордан.  
Достыктың, батырлыктың тұлғасы сен –  
Астанам алтын бесік – ұлы Ордам!  
Мұз балак тас тұлектей шынан ұшқан,  
Құттықтаң мерекенді Күн Шығыстан.  
Астанам, бір отауың өзін тіккен –  
Жайнаған күн сәулелі Қазақстан.

“Екпінді”,  
1947, 7 сентябрь

## МЕН - СОВЕТТІК АЗАМАТ

Мактанаңын, мен – советтік азамат.  
Мактанаңын менде ерік, менде бак.  
Ұлы өмірдің мен де ұтынын бірімін.  
Құр дандайсу, кеуде қағы маған жаг.

Қаралайым баласымын казактың,  
Кеше бәрін көрген ауыр азаптың.  
Ту көтерген мемлекет ел болдық,  
Ұлы Октябрь тудырган сон азат күн.

Ауыр заман, таршылықта күн өткен,  
Қарандырылған тұншықтырып жүдектен.  
Қолын беріп ұлы орыс ағамыз.  
Бізді бастап атып шықкан гүнектен.

Бір ғасырды сөйтіп бір-ақ аттағам,  
Бақыт таптым ата-бабам таптаған.  
Жолым даңғыл – Ленин туы қолымда,  
Мен советтік азаматтын – мактана!

Біз өмірдің өттік талай кезеңін.  
Алда да әлі кезеңдер бар сеземін.  
Біз жеңбейтін киындық жок, қамал жок.  
Дүшпандардың өртейтін сол өзегін.

Ұлы өмірге еркін басып келемін,  
Мол күшіме, он ісіме сенемін.  
Бейбітшілік, адағын еңбек, достықка.  
Арналады әнім, күйім, өлеңім.

Қанқумарлар курал етсе өлімді.  
Біз жырлаймыз ұран етіп өмірді.  
“Өлім”, - дейді құдер үзген өмірден,  
“Өмір!”, - дейді кім өзіне сенімді.

Сенімдімін, бақыттымын – көңіл шат,  
Сол бақытқа құмар бүкіл адамзат.  
Доска сену, жауды жену – салтымыз,  
Мактанаңын, мен – советтік азамат!

“Қазақстан мұтаплімі”, N 18, 1 мамыр 1955 жыл

## ОТАН ТУРАЛЫ ЕКІ ӨЛЕҢ

### I

Ақ сүтін берген анадай,  
Сүйемін ұты өмірді.  
Жайрандаң жас ба қадай  
Хатқым қандай көңілді.  
Теніне кай ел келеді.  
Елім менің дарқаным.  
Пейілің қандай кен еді,  
Даласындай Арқаның!  
Мандай терің тамған жер.  
Құлпырады мактаудай.  
Майданда – батыр, еңбекте – ер,  
Тұрамын кайтып мақтанбай.  
Ән шырқасан шалқытып,  
Аскар таудан асады.  
Ойды алып, бойды балқытып,  
Көнілім судай тасады.  
Бейбітшілік, береке,  
Енбек пен – достық сүйгенің,  
Өмірін – думан, мереке  
Көңілге кек түймедін.  
Жау қолы жетпес аспандаі,  
Өз күшіне сенімді.  
Әр күні бір-бір дастандай,  
Сүйемін туган елімді.

### II

Бізде шындық, бізде бақыт, әділет,  
Бізде берік айнымайтын айтқан серт.  
Адамзаттың бақыты үшін жасаймыз,  
Аллау, арбау, сүркиялых арман кет.

Кім өрт салса - отка өзі күйеді,  
Кім оқатса – оғы өзіне тиеді.  
Оқпен оттан елді сақтау ниетіміз –  
Бар адамзат бізді шексіз сүйеді.

Пәле құған – пәлеге өзі жетеді.  
Үреименен өмірі өксіп өгелі.  
Бізге айнала кім көр казса - өз көрі.  
Арам ниеттер өзі мүрдем кегеді.

Біз ешкінің қорқалмаймыз қүшинен.  
Жілі құрты жеген өзін ішінен.  
Ажат іздең алас ұрап анғұрған.  
Түлен тұртпі шошығандай түсінен.

Кім сүймейді гұған ата-анасын.  
Кім сүймейді адал жарын, бақасын.  
Кім сүймейді туған жерін – Отанын.  
Кім сүймейді салтанатты қақасын.

Соның бәрін құртпак үшін кім жакса өрт -  
Адамзаттың жүргіне ауыр дерт.  
Сүм ажалды, кас тажалды құртуға  
Бар адал жан бірауыздан берген серт.

Гудзон, Тибр, Темза, Сена өзені,  
Су орнына қанға толса өзегі  
Соны ойласа санасы бар адамзат –  
Қандай жүрек, қандай шыдам төзеді.

Бейбітшілік, берекенің еліміз,  
Өнер, білім, акыл – ойдың кеніміз.  
Бізде шыныңық, бізде достық, әділет.  
Жоқ ешкімге кешірімес кегіміз.

Бізге данғыл Ленин салған сара жол,  
Бейбітшілік – Ленин айтқан ұран сол.  
Ленин туын бүтін көкке көтерген,  
Жұз мың емес, дәл тоғыз жұз миллион қол.

“Екпінді”,  
N 170, 1955 жыл

## АЛТЫН ДӘН ТУРАЛЫ ЖЫР

Қазақстан даласы қалы кілем жапқандай,  
Алтын астық жайқа ып, теніз толқып жатқандай.  
Майданда — батыр, еңбекте — ер. Ұлы Отанның ұл-кызы  
Маңдаи тері тамған жер - құтиыралы мактападай.

**Қайырмасы:** Несібе — елге, ерге — атақ,  
Алтын астық тасқынданап.  
Теніздей толқып құйылсын.  
Миллиард пүт, миллиард.

Көтере алмай бастарын ырғалып түр егін жай.  
Алтын дәнді алайық, жүр бараиық, қалқатай.  
Көніл — көктем, өмір — жаз, достық, бірлік, береке,  
Шат шадыман ҳатқым мәз - әр күні бір дастандай.

**Қайырмасы:** Несібе — елге, ерге — атақ,  
Алтын астық тасқынданап.  
Теніздей толқып құйылсын.  
Миллиард пүт, миллиард.

Алтын дәннің аскары есे берсін аспандай,  
Астықтан алтын тау тұрсын, Алатаудан аскандай.  
Ант еттік Отан анаға — миллиард біздің сертіміз  
Миллиард пүт — елге құт, қас қалтыран сасқандай.

**Қайырмасы:** Несібе — елге, ерге — атақ,  
Алтын астық тасқынданап.  
Теніздей толқып құйылсын.  
Миллиард пүт, миллиард.

“Семей правдасы”,  
1958, N 175

## АНА ТЛЕГІ

Асыңды шип, жарығым,  
Бокшаңды ақ қолына.  
Мекгебіне бар. ұым  
Ғытымның түс сонына

Күн де шыкты құлімдеп,  
Жер жүзіне төкілі нұр.  
Іздегенім білім деп.  
Тұр, құлыным, тұр, ғұр, тұр!

Құлқін - күміс, тінің бал.  
Таудай болсын татабын.  
Әліппенәй колына ат,  
Құтты болсын қадамын!

Қамқор – анаң, ұлы Отан,  
Гүлі сенсін өмірдің.  
Сенде бакыт, сенде сән.  
Куанышы көніллің.

Азамат бол, ұланым,  
Сен еркесі елінің.  
Оқу, оқу ұраның –  
Өсіеті Лениннің.

Орындаій гәр жарқыным,  
Өсіетін бабаның.  
Тілегі сол халқынның,  
Тілегі сол ананның.

"Екпінді",  
1946, N 174

## БАЛА

Бала деген ата-ананың жүргөі,  
Өмір көркі, махаббаттын тірегі.  
Адам болып, азамат бол ер жегсе,  
Орындаатмак сонда ата-ана тілегі.

Күікен балаң дүние есігін ашқанда.  
Күн күлгендей көрінбеймек асқанда.  
Өсіресін желге, күнгө тигізбей.  
Мәз боласын аял-гапыл басқанда.

Мағнасыз былдырылған сөзі де.  
Сайрагандай сандуғаш күс өзіңе.  
Күн-күн сайын гүлдей жайнап өскені.  
Бакыт, рахат елестетіп көзіңе.

Өсіп – жетіп қалам алса қолына.  
Қосылғанда шәкірттердің тобына.  
Ашты дейсін өнер – білім есігін.  
Түсті дейсің адамшылық жолына!

Құтты болсын үшарыңның кадамы,  
Көп жасасын, таудай болсан татабы.  
Ғалым болып, өрге бассын өнері,  
Кайырлы бол қолына алған қаламы.

## АРОН - РАШИД ПЕН ИТТЕР (Ежелгі Шығыс халқының анызынан)

Бір күні Арон - Рашид ерте тұрып,  
Шаһарын кетті аралап жаяу жүріп.  
Хал жайын өз көзімен көріп білмек,  
Еріккеннен кеткен жоқ сейіл құрып.

Ер еді ары таза, жаны биік,  
Әділ деп сыйлайтұбын хатқы сүйіп.  
Кез келгендер жол беріп, кол қусырып,  
Тағыммен өтіп жатыр басын иіп.

Үш-ғөрт ит көңلى шат, масаттанып,  
Жылы канға жерігі әбден канып.  
Касашының үйнін қақ атында.  
Үрс-ырс етіп жатқанды демін алып

Жалт қарац, леді. Құтпан тұра сала:  
Майлаяқ, Төрткөз, Мойнақ былау кара:  
Арон - Рашид насташа келе жагып.  
Қауып атып болмайық біз масқара!

Енді үятка қалмайық патшаға үріп,  
(Қарады бәрі орнынан ағып тұрып),  
Сейледі соңда Төргөз:  
- Койшы, Құтпан,  
Не деп тұрсың шатасып, құдай үрүп.

Әрине, патшаны біз қаба алмаймыз,  
Жарамасып етегінен ала алмаймыз.  
Бір аз үріп, арсылдан – абаламай.  
Ауыз ашпай, тіпті, үндеңей қата алмаймыз.

- Патшаны құрмет ету бізге лайық.  
Қаппасак үргеніміз бола ма айып.  
Ит иттігін білдірмей қалу жөн бе,  
Тегінде иттікті біз ұмыттайық.

Өзара иттер сөйтіп ақылдасты.  
Бәрі де Төрткөз сөзін макұлдасты.  
Тұсынан патша аяндал өткен кезде.  
Шәуілдең ел билетін әнгеле басты.

*1950 жыл*

## ӘДІЛ БӨЛІС (халық әңгімесінен)

Аш қаскыр арсаландаپ келе жатып, тұлғиге кездесті.

Тұлқі қытмаң қағып, қутындаап:

- Батыр, жол болсын! Түсініз сүйк, жүрісіңіз сүйт кой?

- Жол болмай келе жатыр, Түкім. Бір киікті қуып, куып, сілем катып келемін.

- Қолыңызға түспей, құтылтып кетті ме?

- Секендерген неме, тасған-тасқа секіріп, құз жартасқа шығып кетті.

- Эй, Қасеке-ай, тосқауып салып, ұтылап қумаса, ол қулар жалғыз сіздің қолыңызға ғүспейді ғой.

- Онда бірігіп кусақ қаитеді. Түкім?

- Кусақ қуайык. Қасеке.

Қаскыр мен тұлқі жорта жөнелді. Екеудің бір терең сайды бойлатп, келе жатыр еді. Қарсы аңдарынан ан патшасы арыстан шыға келді. Қаскыр мен тұлқі сасып қалды. Жүрістерін бәсендегі, келіп, тағзыыммен иілтіп, арыстанға сәлем берді.

- Ей, екеудің бірдей асып-сасып кайда барасындар? – деді аштулы арыстан.

- Таксыр, таксыр ... деп қаскыр не айтарын білмей сасқалактап қалды.

- Алдияр таксыр, ан аулап бара жатырмыз. Мына аркар, киік дегендердің ызасы өтіп түр ғой, таксыр патшам, – деді тұлқі.

- Иә, Түкім, дұрыс айтасың. Олар менің де жынымын келтіріп жүр. Мана бір аркардан айырылып қалдым. Жаңағана бір тау теке өзімді тасқа соғып, анау шың құзға шығып кетті.

- Бір киік менің де сілемді қатырып кетті. таксыр, – деді қаскыр.

- Алдияр таксыр, әміріңізге құлдық. Мен бір амал-айла айтсам, рұксат болар ма екен? – деді тұлқі.

- Е, айт, Түкіш, айт, – деді арыстан.

- Таксыр, біз мына Қасекен екеуміз шалғыншыға шығайык. Қөрінген ан атаулыны ұтылап қуыш, қақпалаап әкеп, осы сайға тығайык. Сіз осы сайдада тосқауытда тұрыныз, деді тұлқі.

- Мынау табылған ақыл екен, Түкім. Енді тұрмандар, жөнеліндер, – деді арыстан.

Қаскыр мен тұлқі жорта жөнелді. Тұлқінің айла-тәсілімен

ұшесі қарқ -олжаға батты. Бір арқар, бір киік, бір қоян  
қолдарына түсті. Олжаны оргаға салып, қасқыр мен тұлқі  
арыстанның аузына қарады. Арыстан:

- Ал енді отжаны бөлейік. Кім бөледі? – деді.
- Тақсыр ием, патшамыз сіз түрғанда кім бөлуші еді? –  
деді тұлқі.
- Түкім дұрыс айтады, дұрыс айғады. – деді қасқыр.
- Жоқ, мен бөлемеймін. Қасқыр бөлсін. Эй қасқыр, сен  
бөл. Бірақ әділ бөл! – деді арыстан.

Аш қасқыр арсаландай, қуанып кетті де:

Мен бөлсем, таксыр патшам: киік сіздің сыйбағанызыға гисін,  
түкіме қоян ылтайық, мен арқарды-ақ алтайын, – деді комағай  
қасекен.

Арыстанды ашу кернеп, көзі қанталап, шатынап кетті.  
Еріңдері жыбыр қағып, мұрты түксіп, аузын арандай ашып,  
гүрілдең ақырып жіберді: Арыз, ақымак, қомағай, матғұн! –  
деді де қасқырға тап берді. Тап берді де бөренедей аяғымен  
қасқырды бірақ тарпыды. “Қынқ” деүге мұршасы да келмей,  
қасқыр табанда сеспей катты.

Ал енді сен бөл, – деді тұлқіге.

Тұлқінін зәре – құты ұшып кетті де, құлағын жымитып,  
қүйрұғын бұлғандаттып:

- Бөлейін таксыр, бөлейін, – деді.
- Бірақ, әділ бөл, – деп арыстан гүр ете түсті.
- Әмірінізге құллық, таксыр! Е, әділ патшам, бөліс былай  
болсын. Киікті танертенгілік тағамызыға женіз, қоянды түстік  
етініз. Ал, арқар кешкі қонақ асыныз болсын. Алдияр таксыр,  
ас болсын! – деді тұлқі. Арыстан жадырап, көңілденіп кетті  
де:
- Түкім, бұндай әліт бөлісті кімнен үйренигенсін? – деп  
кеңк-кеңк құлді.
- Аржағының дағы қылжыып жаткан қасекеннен үйрендім,  
таксыр, – деді тұлқі.

Семей,  
20 қаңтар, 1965жыл

## БАЙ МЕН ҚЫЗМЕТШІСІ (халық өнгімесі бойынша)

Баяғыда бір байдың үй жұмысын істейтін қолбала қызметкері болыпты. Бай қайырымсыз, қатал адам екен. Құндерде бір күн баланы базардан күріш алып кел деп жұмсады. Бала күріш алып қайтты.

- Бұрыш неге әкелмедін? – деп бай.
  - Сіз күріш әкел деп қана ақша бердіңіз ғой. - деп бала.
  - Бар енді бұрыш алып кел. - деп баланы тағы жұмсады.
- Бала базарда ұзак жүріп, бос қайтты.
- Бұрыш әкелдін бе, неге сонша көп жүрдін? – деп. бай баланы бәләғаттап, қатты ұрысты.
  - Базар тарқап кеткен. Бұрыш сататындар кетіп қалыпты. Іздемеген жерім жок. Таба алмадым. - деп бала кейіп, жыламсырады.

- Онбайтын баласың. Бірак жолы бітіріл қайтатын істі, екі жұмыс етесің. - деп. бай баланы жақтан тартып-тартып жіберді.

- Мен кінәлі емес едім ғой. - деп бала жылап жіберді.
- Екіншіде бірақ жолы бітіріп қайтатын іsten екі жұмыс тудырып жүруші болма! – деп бай өз сөзін сөйледі.

Бай бір күні қатты науқастаңып қалды. Баланы дәрігер шақырып кел деп жұмсады. Бала тез барып дәрігер ертіп келді. Дәрігермен қоса, жұпныны киімді, еңгезердей бір кісіні де ерте келіпті. Бай ан-тан қалты:

- Мына кісің кім? – деп сұрады баладан.
- Бала:
  - Байеке-ау, анала өзініз, бір жолы жұмсағанда екі жұмысты бірге бітіріп келмедин деп, ұрыстыныз, үрдиныз. Бұл жолы екі жұмысты бірақ бітіріп келдім: “Міне, Сізге дәрігер, дергінізге шипа болсын, өлсеніз көрінізді казатын адам керек кой, тағы да екі рет жүргізбесін деп, көр қазушыны да ерте келдім”, - деп еңгезердей кісіні нұскады.

20 қаңтар 1965 жыл

## САРАҢ КЕМПІР МЕН ОНЫң ЗЕЙІНДІ БАЛАСЫ

Бір кемпірдің зейінді бір баласы болынты. Ол бала катаңа оку оқиды екен. Бала демалыс уақытында ауызшағы үйінде қайтынты. Сағынып жүрген шеше баласының келгеніне куанып:

- Жаксы келдің балам. Сен келеді дең әзірлең қойған тағамдарым бар еді, -дейді.

- О, не тағам, ана? — деді баласы.

- Каздың семіз еті, майты құймак, қоп-қою бал қаймағын бар. Қайсысын қай кезде жегін келеді. кезек-кезек беріп отырарамын, - деді. Сонда баласы:

- Анытай, мен қаздың етін құймакқа орап, бал қаймаққа маңып жер едім, - депті.

## АНҒАЛ БАЛА МЕН ШАЛ

Бір анғал бала, белі бүкірейіп, жерге қарап, ақырында пікір бара жаткан карт адамды көріп:

- Ага не жоғалттыңыз? — депті. Сонда қарт:

- Ей балам-ай, жастық шағымды жоғалтып алтып, соны іздеп таба алмай келе жатқаным, - деген екен.

*20 қаңтар 1965 жыл*

## ӨСИЕТ

*(Taras Шевченкодан 1845 ж.)*

Өлгендे мені, койындар,  
Молага бай гақ жерімде.  
Украинамда сүйікті,  
Кең байтақ дала елімде.  
Ұлан - байтақ шексіз қыр,  
Көгілдір Днепр, айнала.  
Көрініп тұрсын, естілсін.  
Ағысы толқып долдана.

Кек тенізге құйғанда.  
Украиннан ағып жау қаны.  
Бәрін гастай сонда мен  
Тау-тасты да, дағаны —  
Аспанға үшіп тәнірге,  
Сондағана табынам.  
Оған шейін еш қашан,  
Мен тәніріні таныман.

Аттаныңдар, көмгөн соң,  
Бұғауды бұзып өтіңдер.  
Дүшпаннның улы қанымен.  
Ерікті берік етіңдер.  
Ел болғанда ерікті,  
Жаңарып өмір өзгерген,  
Мені де еске алыңдар,  
Ракымды майда сөзбенен

“Екпінді”,  
1946, N50, 10 март

### ЖАЛҒЫЗБЫН МЕН ЖАЛҒЫЗБЫН (Тарас Шевченкодан)

Жалғызбын мен жалғызбын,  
Жапанды жалыз қурайдай.  
Есе, бакыт бермелі.  
Бермелі ерік те құдай.  
Тәнірі маған көрік берді,  
Берді маған кара көз.  
Жас парлады ол көзден,  
Жалғыздық, қайғы болып кез.  
Бауырлас жанды білмедім,  
Атын естіп ағанын.  
Жат ортада өстім де,  
Енді солып барамын.  
Қайда мендік сүйген жар,  
Қайда адам, меймандос.  
Жоқ олар маған ...  
мен жалғыз  
Болмақшы емес, маған дос.

“Екпінді”,  
1946 жыл, N 50, 10 март

## АШЫ ТӘЖІРИБЕ Дауысы (Fabboldla Tokaidan)

Кай шақта сүйін кейбір жолдастымы. Көрсетіп көзден аккан мен жасымды. Жасырмай актарамын қағы шерді. Сөйтеймін ішке бұкней бар ырасымды.

Көрініп махаббаты ол көзіме Болады емі ренгендей әр сөзіме. Көзіне көзім тігіп қадаламын, Шығады нұры балқын ақ жүзіне.

Бір дауыс естіледі сонда маған: Дүниеде сенбек ешкімге бәрі жалған. Сен оның құр сыртына мәз бол тұрсын, Алдамшы үміт елес беріп саған.

Жан ашып аяғанмен сені есіркеп, Іші арам, аяғаны құр сырты тек. Жүзінен көріп тұрсан мейрімді нұр. Ол нұрга мағына бер басқаша дей.

Сен оған шын көнітмен шексіз сендің, Актардың түгел бәрін қайғы, шерлің. Жарқ етіп ашылғанда ақ көнілің. Сен соның шашыраған нұрын көрдің.

Жүзінен жолдасынцың көрінген нұр, Көз жасын мен шашылған көніңден нұр. Ол кара бет, іші арам әр қашанда, Махаббат, кіслік жок онда ешбір.

Ес кетіп таусылғандай амат — айлам, Үн келген жакқа қарап қалып кайран: - Періште ме, жок саитан айғайлай ма? Ей дауыс, естілесің әлде кайдан?!

Деді ол: - жанба, күйме, Менің атым - қаһарлы карт тәжірибе.

“Екпінді”,  
27 апрайль 1946 жыл

## ЖЫЛҚЫШЫ АТА

Қакпан бе. қамыс күлак, жібек жатды.  
Қаз мойын, томаға көз, серке санды,  
Аузымен күс гістеген, сәйкүлікті  
Баккан кім баптаған кім тұлпарларды?  
Күландай құлдыраса құйрықата.  
Екпінен жел тұрган дауылдата.  
Теке жаумыт тұлпардан ат мінгізген,  
Атыңды ардактаймыз, Жылқышы Ата.  
Бектеріп баданасын, аста Тарлан.  
Көтеріп ел міндетін мойнына алған,  
Ел камын жеген батыр ер—Едіге.  
Жау келсе, ел шетіне ойран салған.  
Тайбурыл айшылықты алты— ақ аттап,  
Тұлпарын мінгізгенде Құртқа баптан,  
Ел жауын егер етіп Кобыланды,  
Адал үл ел сенімін өтті актап.  
Астында актан кері Шора батыр,  
Тұғызған жау басына заман акыр.  
Тарихта Шора атаса, ода атасын.  
Өшпестей Ақтандердің ізі жатыр.  
Камбардын қас тұлпары Каракаска,  
Таймаған саздай басып қара тасқа.  
Жаута шауып, еліне туса қауып,  
Токсан үйті Тобырын бөледі асса.  
Ен шөлден Қек жорғамен көктей өтіп  
Төлеген Жібекті іздел, арман етіп,  
Қыйырдан Қосылтыскан ғашықтар да  
Өтпелі ме мақсатка атпен жеғіп.  
Жеткізген талай жанды арманына,  
Мақсатына, ойна алғанына.  
“Ер канаты аг болар” деген бабан.  
Не түспес канаттының кармағына.  
Атакты ел еркесі Ақан сері,  
Бермене топған торай Құлагері.  
Зұлымдар жануарын жарға жығып,  
Өлігенше тарқамады қайғы—шері.  
Күшілер домбырасын атып колға,  
Он саусак жорғаласа он мен солға.  
Желдіртіп, тамыржытып, сорғалатын,  
Күй төгілген “Боз айғыр”. “Қара жорға”

Ту алып, тұлпар мінген батырларым.  
Әнші, күйші, кеменгер ақындарым,  
Жылқышы Ата, деңеген кайсысы бар.  
Сүйсіндірген ардакты ағын бәрін.  
Астында Ақбоз тұлпар желдей ескен,  
Ақалмас жау желкесін баудай кескен.  
Арыстан Чапаевқа канат болған.  
Ерді айтсан, ер канаты шығама естен.  
Екпіні солқынданып қара жерді.  
Шеп бұзған, шеру тартып, бастап еді.  
Ел камы, бақыт таңы, ары үшін.  
Аттанған ардагерім Аманкеңді.  
Сансыз қол, сәйгүлікті мінген тандап,  
Бостандық, әділег шықты ұрандал,  
Дубірі ерлер мінген тұлпарлардың,  
Халқымның құлағында мәнгі қалтак.  
Ту тігіп, тұлпар мініп, қоиды бастап  
Мұз төсеп, бұлт жамылдып, қарды жастап.  
Батыр, маршал Буденний жаута шапты,  
Ер бетін көрген емес дүшпан жасқап.  
Ата, ана, бауыр, бала сүйген жарын.  
Халқы үшін, сактау үшін елін, арын.  
Женгенше жауды жерғып аттан түспей,  
Қарысқан қан майданда батырларым.  
Баптаған мындаи тұлпар құтылmas жау.  
Бір неміс жерімізден кете алмас сау,  
Құрыш түяқ, жорықтан жүлде алатын.  
Беті қайтпас алдында тұрсақа тау.  
Шабыска күні-түні талмай шырқар.  
Батырларым жорыққа мінген тұлпар,  
Еріне елі берген аты да сай.  
Күткармай жермен жексен жауды құрттар.  
Құландай құлдыраса қүйрық ата.  
Екпінінен жел тұрган дауындана.  
Тұлпар мініп, ту алған атын актап  
Сені ел, ер ардақтайды, Жылқышы Ата!

*Қ. Мұхамедханов  
Семей, “Екпінді” (N 124, 15.06. 1943 ж.)*

## ОТАН ҮШІН, ЕЛ ҮШІН!

Отан үшін, ел үшін.  
Кіндік кесін, кір жуған.  
Жетін, өсіп бел бұған.  
Өзінін туған жері үшін;

Орман нұры жайнаған.  
Бағында бұлбұқай сайраған  
Құзында киік ойнаған,  
Бәйшешек, жеміс, желеғі,  
Карасаң көзің тоймаған,  
Аскар тау, белес-бел үшін:

Суы шәрбәт өзенім,  
Кен өлкем, көкшіл өзегім,  
Бұралып ақкан бұлағым,  
Жағалай біткен құрағым,  
Қаз, үйрекі қанқылдап,  
Шағаласы шанқылдап:  
Дейтуғын-менің тұрағым,  
Айдын шалкар көл үшін;

Мандайды күнге тиғізбей,  
Бетінді желге “сүйгізбей”,  
Кайғы-уайым білгізбей,  
Кайғы отына құйғізбей;  
Тас түлектей талпытып,  
Нұрынды айдай балқытып,  
Көніл құсын шалқытып.  
“Ана сүтін актар” деп,  
“Ата хақын сактар” деп  
Өсірген ата-ана үшін:

Отаның балғын бұланы,  
Ұлы өмірдің ұланы,  
Ата-ананың тірегі,  
Кеудеде сокқан жүрегі,  
Шабактай суда ойнаған,  
Қызыққа канып тоймаған,  
Балапандай талпынған,  
Туған бөбек халқынан  
Келешек сәби бала үшін;

Тәні бөлек, жан бірге.  
Ар, үяг бірге, қан біріе.  
Махаббатты жүрек бір.  
Ұлы мақсат, тілек бір.  
Сүйіп ләzzәт алыскан.  
Махаббатиң табыскан.  
Қызыққа бірге қаныскан.  
Гүлстанның бағында.  
Бейбіт өмір шағында  
Бірге сайран салыскан  
Ардакғы ару-жар үшін:  
Ел жұртының ары үшін.  
Төгілген судай қаны үшін.

Есің, санаң, ақылтын,  
Жүргін-жаның, жақының.  
Көрер көзің қайратың.  
Жауға тисен айбатың.  
Кеменгерін, кол басшың—  
Алдында көсем, жол басшың—  
Ұлы партия дана үшін.  
Қан майданда қарыспай,  
Арыстандай алыспай,  
Ақ алмастай алдаспан  
Жау қанына малыспай,  
Бойлата сұнгі салыспай,  
Кескілесіп, шабыспай;  
Ақ дененде ок тесней,  
Ауыр-азап күн кешпей,  
Айсыз қара түн кешпей  
Апталап, аилап бел шешпей;  
Күн-түн қабақ қағылмай,  
Мандайдан тер ағылмай.  
Шалдығып, шаршап сабылмай,  
Рахаттан жаңылмаи;  
Төсеніп көк мұз жатыспай,  
Тізеден қанға батыспай:  
Атқаның қардай боратқан,  
Көздесе өткен болаттан.  
Ұсынса жауын құлатқан,  
Курайдай туран сұлатқан,  
Мойнындағы мылтықтың  
Тауса оғын атыснай;

Таста болса кесердей  
Жауған окка нөсердей  
Кеудені төсеп касқармай.  
Айсыз кара тұндерде  
Сансыз колды басқармай.  
Қауып-катель күндерде –  
Жауға шаппаи жасқанбай;  
Жалмауыздай емінген.  
Жұтамын, дег тебінген.  
Ерегескең дүшпанның  
Қанын жұтып мастанбай:  
Алдын-өрт, артын-көр қылмаи.  
Жермен жексен жер қылмай,  
Ел жауызы-жалмауыз,  
Ел қанын жұтқан қанды ауыз  
“Өмірден өшті!” дер қылмай  
Майданнан ерлер кетер мә’  
Отанның, елдің ананың,  
Женге, іні, ағаның  
Болашак үриақ-баланың,  
Ұлы көсем дананың  
Тапсырған ісін тыңдырып.  
Жауының белін сындырып.  
Алғыс алмай алдынан—  
Максатка ерлер жетерме!

*Қайым Мұхамедханов*  
“Екпінді”, 199, 23.08.1942 ж.  
*Семей*

## СОРМАҢДАЙ ЛИЗА (Н.М.Карамзинен)

Тұратын Москвада қала ұлтты.  
Дәл мендей қала маңын бітмес жатпы.  
Мақсагсыз мендей кезіп ой мен қырын.  
Серуендеи кететүғын жоқ қой салты.

Мен жаяу кетем кезіп тау мен сайын.  
Ну орман. шалқып жаткан көкорайын  
Әр жазда әр жерінен бір жаңа ық  
Көңілге хош көркемдік тұрар лайын.

Не болмаса ескіден жаңа бейне  
Көз тартатын көркемдік көрем кейде.  
Табиғаттың тамаша суреті,  
Ойды билеп, көнілді тербемей ме.

Ерекше көз тартатын жаңым сүйіп,  
Симонов монастыры тұрган биік.  
Тұнжырап, мұнға батып мұнарасы,  
Тұргандай шерге толып, тартып қуйік.

Шығып сен сол биікке тұрсан келіп,  
Қарасаң оң жағына көз жіберіп,  
Күздай үйлер, занғардай шіркеулері  
Москва алаканда - тұрсын көріп.

Мұнара сансыз крест алтындаған,  
Аспанның аясында жалтындаған.  
Батар күннің шапагы нұрын төгіп,  
Фажайып сәүлеттенер кешке таман.

Аяқ астың көк орай жалпақ шалғын,  
Шүйгін шөп шашақ атып жаткан балғын,  
Табиғат еркінді алып, елжіретіп,  
Сезім қылтын шертеді үккән жанның.

Аржағы ағынды өзен жерлін нұы.  
Мұнартып көтеріліп көкке буы.  
Балықшының қайығын шоли-шоли сүйіп.  
Сынаптай сыландаған мө.шір сұзы.

Ресейде бай өлкө әр гараған.  
Ауыр кайық ырғалып астық гартаған.  
Өзенді өрлең жүзіп келе жатыр,  
Ашкөзді Москваға жалак қаккан.

Өзеннің аргы беті қалын орман.  
Қыбырлап қара-құрық маға толған.  
Мұндың коныр ән шырқан жас малыштар,  
Ағаштың көленкесін етіп корған.

Тұрғандай бір қалыптан бір күн танбай,  
Малышға жаздың ұзак күні қандай,  
Күн өткізегер ермегі көңіл аулап —  
Кайтеді өлең айттып, әнгे салмай.

Одан әрі көресің көп ағашты.  
Жасаскан ғасырлармен талай жасты,  
Белентен жасы 1 орман жапырағын.  
Данилов монастыры алтын басты.

Көкорай, ғұл-бәйшешек ой менен қыр,  
Күбірлең құлағында шерткендей сыр.  
Көз үшінда көкжиеқ кемерінде  
Көгеріп Воробьев таулары тұр.

Сол жағы мол егіндік жалшак жаткан,  
Көрінер уш-төрт қыстасқ сол тараптан.  
Алыста Коломенниң селосы анау.  
Зәулім биік сарайы нақыш жапқан.

Келіп мен осы араға жыл-жыл сайын,  
Куанышпен карсы алам көктем айын.  
Күз келсем көріп мұнды табиғатты  
Мені-дағы басады сар уайым.

Монастырдан гіршілік кеткен көши;. Күлаған қабырлар ту шең өсін. Карап қалған монастың құжырасы. Үйрейлі үрген желмен ғұр түлдесіп.

Күлаған таастарына молајардың Сүйеніп, өткендерді есіме айым. Күлакқа ауыр тигендей күрсінгені Кемеске кегкен сонау ғасырлардың.

Жүргім қалтырайды, сұнып денем;. Кейде есіз құжыраға кіріп келем. Сол жайлы мекен еткен жанды ойласам, Ауыр хал көз алымға есептеген.

Көремін аппак ку шал карғық женген, Фәниден тез көшір деп ҳакқа қөнген, Олжа боп әлсіздік пен ауыр дертке, Денеден өзге сезім гүтел сөнген.

Жас монах жас өмірден күдер үзген, Темірлі терезеден көзін сүзген. Құстарға қарайды да аһ ұрады Сайрандаң көк теңізін еркін жүзген.

Моншақтап ұты жасы көзден тамған, Тірі аруақ катып-сеніп сұйлер қалған. Құңғірі коныраудың естілгендей Дабылтыңдай ажалдың жас жанды аған.

Сарайдың какласында суретген. Көремін кереметті болып өткен: Қалын жау қамағанда монастырды Балықтар нәсіп болып гүскен көктен.

Болмаса, құдай — ана жау қашырған, Сакталған суреттер сан ғасырдан, Ауыр күн бастан кешкен е.і тарихы Түскеңдеге еске осытар шергін сырдан.

Оқ атып, қызыш шауып, бүлік салып,  
Катал жау тагарлар мен лигвалик.  
Маңайын астананың ойран етіп.  
Сорлатқан Москванды қысымға алып.

Өткен кундер қан төгіс болған майдан<sup>\*</sup>  
Ескерткіштер бір тарих осы жайдан  
Москва тұл катындаі хасірет шегіп,  
Тек қана рахым күткен бір құдаидан

Симонов монастыры еске салған  
Ерекше жүргімнен орын алған.  
Лизаның қасіреті мен қайғысы ғой.  
Сормаңдай қайран Лиза. дүние жаған.

Симонов монастыры салатын ой  
Мені билеп, еркімді алатын ой  
Аяулы газиз жанның күйініші  
Лизаның аянышты тағдыры ғой

Уакиға осы ғой мен сүйетүғын  
Тебіреніп, көңілім иетүғын,  
Көзімнен ағызатын ыстық жасты,  
Жүрек шіркін жалындаі күйе тұғын.

Шамасы монастрдан жетпіс саржан  
Бір үй түр үнірейіп есіз қалған.  
Жеке өсken аржағында бір топ қайың,  
Көк шалғын айналасы жол жоқ барған.

Тозған үй иесіз қаіар уақыт жетіп,  
Отыз жыл бұдан бүрін кеткен өтіп.  
Сүйікті Лиза сұлу дәл осы үйде  
Анасы мен тұрыпты мекен етіп

\* Кремльдің онтүстік-шығыс жағында алты шақырымдай жерлердеги Симонов монастыры XVI ғасырда салынған. Москва маңындағы басқа монастырь іар сиякты, бұл монастырь да тас корғанмен коршаған, ерте заманда жау шабуытынан Москванды корғауда ұлкен маңызы бар берік бекініс болған 1591 жылды Қырым ұхыны Құзбы-Гирейдің әскері Симонов монастырына шабуыл жасап, коршақса да, бекіністі ала атмаған 1612 жыты поляк-литва баскыншыларының әскертері (Карамзиннің татарлар мен титвалыктар деп отырғаны солар) қан төгіс катты ұрыстардан соң, монастырды алтып талаңтараж еткен. Карамзин осы тарихи уақығаларды еске алалы

Әкесі еңбек сүйіп егін еккен,  
Әлді шаруа өзіне өзі жеткен.  
Байынты. тағаиынды ізгі жанға  
Ажаң жетип. келмеске сапар шеккен.

Ол өлген сон иесіз жері қалды.  
Аз ақша бір адам жалдап алды.  
Бұрынғыдай мол өнім қайдан боқсын.  
Барған сайын шаруасы нашаралды.

Жесір әйел жоктаумен жан жолдастын.  
Еніреп тия алмады көздін жасын.  
Ақыры хасірет женіп әлсіретіп,  
Карауга жарамады шаруасын.

Әкеден Лиза қалды он бес жаста,  
Ауыр іс түсті қайран ғазиз жасқа.  
Жұмыска жанын салды күн-түн демей.  
Шешенің сенері жоқ онан басқа.

Токизы құндіз-туні шекпен, шұлық.  
Көктемде шашақ атқан гүлді жұлып  
Жаз айында даладан жеміс теріп.  
Сатады Москваға кәсіп қылыш.

Кам көніл, мейірімді қайран шеше  
Егіліп еміренеді Лиза десе.  
Қысады баяу сокқан жүргегіне  
Құшактан қысқа күнде әлде неше

Құлыным, қуатым сен құдай берген,  
Бір өзін жұбанышым көзім көрген.  
Картайғанда сүйенер сүйенішім,  
Жалғызым, жарығым сен барым сенген

Ата хакын, ананың сүтін актаң,  
Қарағым дамылты жоқ жүр тықақтап,  
Қайырымды қалкама жәрдемші бол,  
Құдайым, қуат беріп, өзің сақтап!

Анамсың сәбиімде емшек берген.  
Мен үшін тұн үйкynды төртке бөлген.  
Күдай маған кол берді кызмет қыл деп.  
Ана сүтін актайтын кезек келген.

Жан анам, жылтамашы, егітмеші.  
Көз болып көздің жасы төгітмеші,  
Көз жасымыз әкемді тірітте алмас,  
Берік болышы, қайғыға берімеші!

Деп Лиза жұбатса да жан анасын,  
Өзі де төгуші еді көздің жасын  
Кеше тірі әкесі, бүтін өлік.  
О дүние, кайтып сорлы қайғырмасын.

Сырттай күдіп жүреді, іші жалын,  
Ананы аяп білдірмей қайғырғанын.  
Адамдай арманы жок, көнілі ток.  
Жасырып жүректегі хасірет-зырын.

Қайғыты кемпір сорлы дейді: - балам,  
Көз жасын ол дүниеде тиyr аナン.  
Бар қызық сол өмірде деседі гой.  
Әкенді көрсем сонда бақыт табам.

Тек қана өлтім келмес әзір менің,  
Мен өлсем не болады күнің сенің,  
Лизамды құтты орнына қондырғанша,  
Сабыр бер ажалаңа бар тілегім.

Тез берсе тілегімді қадыр алла,  
Косылсаң мейірімді бір адамға.  
Карактарым беріп мен ақ батамды,  
Көз жұмып көрге кірсем арман бар ма!..

Әкесі өлгеніне толды екі жыл  
Лиза жетім болғалы, шешесі тұл,  
Кезегімен жаз жетіп. жер құлпырды,  
Қалага Лиза келді сатуға гүл.

Әп - әдемі киңген жарқын жүзді.  
Бір жас жігіт көрін қызыды.  
Лизага қарсы келіп, құлімсірең.  
-Бикешім, сатасыз ба ғұліңізді?-

-Дегенде, екі бегі оттай жаныш  
-Сатам, -деп. Лиза берді ғұлін алып.  
-Гұліңе не сұрайсын? деді жігіт.  
-Бес тыын. -деді - Лиза әрен барып.

Бес тыының тым арзан. бір сом берем.  
Дегенде Лиза жерге қараң тәмен.  
Жігітке бір көз тастап. қып-қызыл бол.  
Деді ол: -Артық акша алмаймын мен.

Жігіт айтты: ақ жүрек көңілім бұл,  
Ендеше бес тыын ал, онда өзің біл.  
Бір сомға тұрарлық кой деп ойлаң ем.  
Сұлу қызының қолымен терілген ғұл.

Гұліңді бір мен үшін арнап терсөң,  
Басқаға сатпай, ылғи маған берсөң,  
Тек қана сенен сатып атар едім,  
Бұл шыным, сұлу бикеш, сөзге сенсөн.

Бес тыын алып Лиза ғулін берді,  
Тағызым етіп, қыз енді кетпек еді:  
-Сұлу бикеш, барасың кай жаққа? -деп.  
Қолынан жігіт үстап жібермелі.

Лиза айтты: Қайтамын үйге, -деді.  
Жігіт айтты: Үйлерін кай жерде еді?  
Баяндал үйдің жайын берді дағы,  
Аяндал өз жөнімен кете берді.

Қызыды енді келмеді оның бөгегісі,  
Өрескел көрінгендей өз жұмысы.  
Мыскылдан күле қараң тоқтай берді,  
Көшеден өткен-кеткен әрбір кісі.

Сонымен Лиза үйіне қайтып кетті,  
Көргенін шешесіне баян етті.  
Анасы айтты: бір сомын алмауың жөн,  
Кім білсін адам шығар арам ниетті.

-Мейірімді жүзі бар, өзі қандай,  
Десенші даусы қандай, сөзі қандай,  
Анатай-ау, кимаймын жаманлықка,  
Отай деуге тұр тіпті аузым бармай

-Сүйтсе де жақсы енбекпен тапқан нанын,  
Ешкімнен текке ешнәрсе алмағаның,  
Қалқам, сен білмейсің ғой за ындардан  
Қалайша кыз бағустын сорлағанын!

-Қатаға сен кеткенде жаным балам,  
Зәре қалмай сиынам, шырак жағам.  
Қатерден пәле-жала сактай ғөр деп,  
Әр кашан да тілеймін бір алладан!

Тия атмай көзге келген ыстық жасын  
Лиза сүйлі құшактап жан анасын.  
Ертеңінде қатаға тағы кетті,  
Гүлдердің теріп атып таңдаласын.

Кыздың көзі бір нәрсе іздегендей,  
Жок жоғалтып құдерін ұзбегендей,  
Гүлін әркім алғысы келсе дағы  
“Сатылмай”, – дейді басқа сөзге келмей.

Кеш болды қайтатұғын уакыт жетті.  
Болғандай жабырқады жүрек дергіті.  
Ешкімге бүйірмасын осы гүл деп,  
Москва өзеніне тастап кетті.

Ертеңінде іс тігіп кешке таяу,  
Терезенің алдында көнілі қаяу,  
Мұнды назды ән салып Лиза отырды,  
Ақырын даусын созып қоныр баяу.

Лиза кенет орнынан бірақ атты.  
Ах! деген даусы қыздың шыкты қатты.  
Қараң тұр терезенің аржағынан.  
Баяғы жап-жас жігіт келіп қантты.

Шешесі бержағында отыр еді.  
Қарағым-ау, не болсы саған? -деді.  
Күмітжің: ештене емес апатайым.  
Көрдім, -деп, -сонын өзін, жауап берді.

Соның кім? Кімді көрдің, Лиза қарғам?  
-Мырза ше өзімнен ғұл сағып алған.-  
Дегенде барса анасы терезеге  
Тағыммен амандасты бір жас бағлан.

Сып-сыпайы жас жігіт жылды жүзлі.  
Бетінен кемпір таштай бөтен ізді.  
Көңілі келбетіне гола қалды,  
Адам ғой деп ойлады бұл бір ізгі.

Жүрсіз бе, мейірімді ана, есен-аман.  
Келемін әлім құрып шаршап жаман.  
Жана саутан сүт жок па бір жұтатын,  
Бар болса, рұқсат ет, шеше, маған.

Шешесінің аудынан шакпай-ак сөз.  
Елгезек Лиза байғұс жөнелді тез.  
Мүмкін себеп болды ма, кім біледі.  
Жігітпен бұрын да бір болғаны кез.

Жып-жылдам Лиза келді сүтті алып,  
Құйылған таза ыдыска беті жабық  
Стаканды тазалап құйды дағы.  
Жігітке терезеден берді апарып.

Сүтті беріп қызы төмен қараң қантты,  
Жас жігіт қолына алып ішип жатты.  
Хор қызы құйып берген әнгәблі су  
Бола алмас дең ойлады мұнан тәтті.

Әркім андар. Лизаға ол алғыс айтты.  
Алтысты тілден көрі көз мол айтты.  
Ақ көңіл анқылдаған кемпір байғұс,  
Актарын мұн мен шерін сөз молайтты.

Қайғысын - опат болған байын айтты,  
Жалғыз қызы - күні мен айын айтты  
Еңбек сүйгіш, қайрымын мейірімді,  
Жақсы мінез Лизаның жайын айтты.

Жігіт үйіп тыңдалп түр кемпір сөзін.  
Ол кімнен айырмады екі көзін,  
Ол арасын сөз етіп не қыламыз.  
Сөзден жылдам сездірер сергек сезім.

Үятты көз, түп – тура қарау қайда,  
Жігітке қыз тұра алмай қарамай да,  
Жатт берген қыз көзінен жылдам болмас  
Жарқ етіп бұлтқа сіңген нажағай да.

-Қызыныңдың ісіне берем баға,  
Ей шеше, сатса екен маған ғана.  
Әуре боп қала шарлап жүрмес еді,  
Үйде жалғыз алан боп Сіз де және.

Анда-санда туар ем өзім келіп  
Дегенде, қыздың іші кетті еріп.  
Куаныштың сәулесі қөзінде ойнап,  
Жасыруға Лизада қалмады ерік.

Екі бетке ыстық қан келіп қалды,  
Алқызыл боп дұылдаш оттай жанды.  
Жаздың жарқын кешінде батар күннің  
Шапағындей, сәулелі нұры тамды.

Жігіт сөзін кемпір де қабыл алы,  
Бөтен ойы болар деп ойлаамады.  
-Лизаның ісі таза, тәзімді, –деп,  
Жігітке пәк ниетпен сене қалды.

Күн батып, кеш бол кетті .көз байланып.  
Бірталай уақыт өтгі сөзге айналып.  
Кемпір жөнін сұрады жас мырзаның  
Кетуге тұрғанында ынғайлданып.

-Мейірімді жас мырзам, кім дейміз біз?  
-Эраст деді жігіт, -есіміз  
Эраст, деп ақырын ғана бес кайтарды.  
Перштедей күнәсіз ак көніл қыз.

Қош айтты жігіт кетіп бара жатып,  
Қата берді көзбенен Лиза ұзатып,  
Қызының қолын қысып: Лиза, -деді.  
Кемпір сорлы отырған ойға батып.

Неткен адам, мейірімді Лиза жаңым,  
Болса еді дәл осындай сенің жарын.  
Жүреіт атып-ұшып, деді Лиза:  
-Апаратай-ау, бода ма о.1 ойлағанын.

-Ол мырза, -деп, жаутандап екі көзі  
(Кінәлі санағандай өзін - өзі)  
Біз жай шаруа... деді де қалды токтан,  
Сонымен аяқталмай Лиза сөзі.

Жас жігіт, жас мырзамыз Эраст кім ол?  
-Ақ сүйек тұқымынан, дәүлеті мол.  
Ақыл-ойы кем емес, адат жүрек.  
Жел мінез тулымалы — бар міні сол.

Тек кана ойлап өзінің рахатын.  
Қызық — думан өмірге болды жақын.  
Салтанат аксүйектер сұғынан.  
Ала алмай көңіл толар қанағатын.

Қолын байлан тұрғандай тағдыр қысып,  
Дүние тар бол жүргенде іші пысып,  
Жабырқаған жігіттің еркін алды.  
Көзіне жап-жас сұлу Лиза түсіп.

Өзі оқыған нәзік жыр. романынан.  
Көнілінде елестейгін ғажап заман.  
Болған ба, болмаған ба сол өмірді.  
Әйтеүір, киял билеп қылған арман.

Серуендең касретсіз көк орайда.  
Шомылып мәлідір суға рахат жайда  
Көк кептердей сүйсіп. сухиаттасып.  
Сайрандал. сауық құрган ен тоғайда.

Гүл орманды саялан, демін алып,  
Бакылты, той-думанмен жүрген хатық.  
Бар өмірін өткізген ойнап. құлпіп  
(Сенсеніз суреттеген ақынға анық)

Сол өмірді көксеген біздің мырза,  
Арманға кол жеткендей болды риза.  
Киялым көнілімдегі осы деді,  
Бір көргенде-ак ес кетіп Лиза қызыға.

Табиғат құшақ жайын кел деп ымдаپ,  
Ләzzат ал қызығынан деп жымындал  
Тұрғандаі, жас мырзаның көнілінде,  
Бой үрды сол қызыққа Эраст шындал.

Құмары Лизадай қыз әуел баста-ак.  
Көнілін сезім билеп, нәпсі бастап.  
Аз күн аужал дегендей бел байлады.  
Ак сүйектер сауығын біраз тастап

Тұн болып, кас қарайып. жапты тұнек,  
Анасы дүға оқып. тілек тілеп,  
Маңдайынан бір іскеп. сүйді қызын.  
Лиза жан, кайырлы тұн. тыныш үйкү! деп.

Бұл тұні Лиза жайлы үйықтаған жоқ  
Жүректе пайда болды үшкыннан шок.  
Көнілінен кетпейді Эраст қыздың,  
Бейнесі көз алдында ап-айқын бол.

Минут саиын алады көзін ашып,  
Жүргегі алып-ұшып, үйқы кашып.  
Ал үрүп, ала қызып жага атмады.  
Күн шықпай, қыз шықты үзден қадам басып

Қызу кан бойды билеп, ала сұра,  
Дауа іздең жас жүректің жарасына.  
Тұнжырап кеп отырды көк шалғынға  
Москва өзенінің жағасына.

Лиза қыз көнілі жүдеу, қабақ қатқан,  
Қарайды боз тұманға тоқын атқан.  
Барады тұман көкке көтеріли.  
Сынаптай шық мөлтілең шөпті жапқан.

Күн шығып, сәүле шашып таң да атты.  
Оятты жым-жырт жатқан табиғатты,  
Гүл-жапырақ жанданып бас көтерді,  
Сайрады, сауықшы құс ән шырқатты.

Селт етпей қыз көнілі жабырқаған,  
Не болды шіркін Лиза, Лиза саған?  
Күн шыққанда тұрушу ең гүл-гүл жайнап,  
Шат болып күспен бірге ән шырқаған.

Тұнжырап түсің кашты бүтін неден,  
Таза жанның кайғысы білінбекен.  
Секілді шыкка түскен күн сәулесі,  
Көзіңнен көрінетін күймдеген.

Бүтін сен бір тұнғыйық ойға баттың  
Қызыты әсер етпей табиғаттың.  
Кіршіксіз жаны таза жас сұлуды.  
Қандай күш, қандай сезім жабырқатты?!

Жас малшы мал өргізіп келе жатты,  
Сызылтып сыйызғыдан ән шырқатты,  
Лиза соған қадалып қараң тұрып,  
Мынандай тәтті киял ойға батты:

“Еркінді атып, көнітімді би. іеген жан,  
Кара шаруа, бакташы боса жаған.  
Жас машинаи жанымнан өгсеші ол  
Маі өргізіп, сыйылғып сырнайдай ән.

Амансын ба, сүйікті бакташым? -деп,  
Ит-құстан малында аман сақтасын. -деп.  
Иліп, назбен күйіп аманнассам,  
Жаксы өріс бұдан әрі таипасын, -деп

Қойына шалғын мынау шатқып жаткан.  
Тере тұтын гүл міне шашак аткан.  
Ол сонда күйіп келіп қолымды алса”....  
Киял ғой мұның бәрі ойды үялатқан.

Арман мен киял келіп араласты,  
Жас қойышы сырнайлатып әнге басты.  
Лизанын маңына ол келген де жок.  
Ақтылы қойын айдал бедден асты.

Отырғанда еш нәрсе ескермesten  
Өзеннен дауыс келді ескек ескен.  
Жалт қараса бір қайық келіп қапты,  
Эрасты көріп дүние шықты естен.

Қуанғаннан қалтырап, буын құрып,  
Тұрды да кетпек болып Лиза жүріп,  
Аяғы бір аттауга ерік бермей,  
Тапжылтамай сол орында қалды тұрып.

Қайықтан қарғып түсіп Эраст барды.  
Жылы жүзбен Лизаның қолын алды.  
Жүрегі діріл қағып, беті жанып.  
Арманына жеткендей болып қалды.

Кыз колын қайта тартып ала алмады.  
Алқызыл ерінгे ерін такап қалды.  
О, дүние, қысты, сүйіді құшырлана,  
Бар әлем кыз көзіне оттай жанды.

О. жаным Лиза. Лиза жаным.-  
Деді Эраст,- сүйгенім сен. тандағаным!  
Аспаннан төгілген бір әсем күйдеи.  
Осы сөз тебірентті қыздың жанын.

Қыз құлағы тәтті үнге әрен сенді...  
Ойға терен баруға болмайды енді.  
Лизаны ұялшактық аулақ тасған,  
Сол минутта рахат сезім жеңді.

Эраст білді қыз өзін сүйегінін.  
Жалындан жас жүргі күйетінін.  
Жаны таза кіршіксіз ақ көңілемен,  
“Жарым” деп бойып балқып иетінін.

Екеуі бір-бірінен көз алмай,  
Сүйші сәулем. сүй мені деген жандай.  
Қас қакқандай болған жоқ екі сағат,  
Қашама қараса да мейрі қанбай.

Бір кезде Лиза анасын есіне алыш,  
Кайтуға түрдү дағы ынғайланып:  
-Эраст-ау, мені өмірлік сүйемісің?  
Деді қыз, жүргі ойнап, от бол жанып.

-Мәнгі сүйем, Лиза жан сенемісің,  
-Ендеше аузыңдан ант беремісің?  
-Ант бер десен берейін, жаным Лиза,  
-Сендім Эраст, ант па ендікерек ісім.

-Сендім: Эраст Лизанды алдамассың,  
-Сені сәулем, алдамаспың, алдамаспың  
-Сен сүйдің енді мәнгі бакыттымың,  
Сорлы анам естіп көңлі судай тассын.

Жоқ Лиза жан, анаңа айтпа, -депті,  
Лиза сонда: кайтеді айтса нетті?  
-Карт адамдар өр істен кауіп етпек,  
Анаң да ойлай берер өр күдікті.

-Менін анам ондайды ойшамай гта,  
-Өтінем, бұңа жөніндегі сөз де айтпа!  
-Анамнан сыр жасыргым келмеуші еді.  
Жарайлды, бірақ өзің серттен қаитпа.

Кош айтысты, сүйісті, құшақгасты,  
Әр күн кеш жолыгуга уағдаласты,  
Лиза үйінін маңына табысұта.  
Айнымайтын, аумайтын, сөз байласты.

Кездеспек осы өзеннің жағасынан,  
Не болмаса қайынның арасынан.  
Уағда мықты, сырды үқты қөздерінің  
Жаутаңдан маҳаббатты қарасынан.

Лиза кетті. Эраст түр көзін алмай,  
Той тарқап, жүрттада жалғыз қалған жандай,  
Кемінде қызы да оған жүз карады.  
Уа дүние, күйіп, жанып сүйген қандай!

Таң атпай шығып кеткен іші қайнаи,  
Үйіне Лиза қайтты гүл-гүл жайнап,  
Көнілі тасып, шаттанып, ширак басып,  
“О! мені сүйді!” - деген бір сөзді ойшап.

Апатай-ау, күн қандай, қандай дала,  
Құлырып, түрленіп түр сай мен сала.  
Бүгінгідей сәулелі күн көрмедім,-  
Делі қызы, шешесінеге түрган жана.

-Дәл бүгін тамыржытып қайдағы әнін.  
Көрмен ем құстың мұндай сайрағанын,  
Көрмедім бүгінгідей хош исі анқып,  
Гүлдердің шашақ атып жайнағанын!

Кемпір сонда таяғын қолына алды,  
Көрмекке тамашалап аттын танды,  
Лизаның тасқан көнілі жан бергендей,  
Көрінді бар табиғат сонша сәнді.

-Лиза жан-ай, алыстан асын кеттім,  
Тамаша ісі кандағы құлдартғің.  
Көрген сайын көз күргүр бір тоýмайды,  
Десем де соншама жыны өмір еттім.

Көк зенгір көк шатырлай анау аспан.  
Көз салсаң көтеріп көнілін тасқан.  
Мына жерге қатайша көнілін то:мас,  
Жыл сайын гүл-бәишелешек, шалын басқан.

-Жаратқан дүниені етіп мұндаі.  
Адамды шын сүйген гой патша құдай.  
Лиза жан-ау, өлгісі келер кімнің,  
Қайғы – уайым болмаса, мәңгі тұрмай.

-Шыныңда солай болу керек рас,  
Бір алла рахымыңа иеміз бас,  
Шыбын жанды ұмыттар сорлы пенде  
Ешқашан екі көзден акласа жас...

Дәл сонда Лиза кімді есіне алды,  
Есіне атып, мынандай ойға қалды:  
“Сүйген жарды мен сірә ұмытпасың”  
Ұмытатын болсам да шыбын жанды.

Эраст пен Лиза айтылған сөзден тайын  
Кетуді, санады олар үлкен айын.  
Ынтықкан жас жүректер тұра алмады.  
Жолықлай күнде кешке құшак жайын.

Белгілі сөз байласқан жері дайын.  
Не өзен, не болмаса анау қайын,  
Кеш болып, кемпір үйкітал кете сала,  
Табысты қыз бен жігіт күн-күн сайын.

Тұнғиық кара су мен жасыл емен,  
Екеуі қатар жасап жүзге келген.  
Бұтағы тарамданып сұға төніп,  
Ерекше бір сәулетті көрік берген.

Сол емен Лиза үйінен сексен саржын.  
Көп кездесер жерлері көнілге алған.  
Саясина екі жас табысқанда.  
Аспаннан ай күтімдеп көзін салған.

Ақ күмістей шағылған көктегі айға,  
Қызы шашымен жел ойнап жібек майда.  
Эрастың діріл қақкан саусактары.  
Сол шашты маҳаббатпен сипамай ма.

Білдіріп қыздың ыстық маҳаббатын.  
Екі көзден мөлтілдең жас таматын.  
Алдына алып Эраст, күштіп сүйіп,  
Сол жасты ыстық ерні құрғататын.

-Қашан мені қасысың жүргегіне,  
Ақ білегін айкасып білгіме,  
Назды көзben қарап сен: “Сүйем, жаным!”  
Деп қашан жеткізесің тілегіме!

-Онда мен ұмытар ем өзімді -өзім.  
Ойды атып, бойды билеп рахат сезім,  
Естен шығып бар өмір, бар дуние.  
Тек кана бір Эрасты көрер көзім.

-Таныс болмай түрғанда жаным, саған,  
Ойда түк жок, болмаған көнілше алан.  
Япыр-ай, жайбаракат катай жүргем.  
Бәрі оның түсініксіз енді маған.

-Қазір ойлағ өмірдің ұқтым жайын,  
Сенсіз өмір маған жат-қайғы, уайым.  
Нұрлы көзін болмаса, сәулем, сенің,  
Караңғы аспандағы жарық айын.

Даусынды естімесем Эраст сенің  
Бұлбұл әні көніліме қонбас менің  
Жібек майда жел дағы жиіркенішті,  
Болмаса оттай ыстық сенің демін.

Бакташы кызды Эраст еткен мактан.  
(Лизага солай деп ол атак тақкан).  
Кыз оны шын жүрекпен қанша сүйсе,  
Жас жігіт өзін-өзі сонша ұнатқан.

Аксүйектер думаны, сән-сағанат.  
Оған салқын көрінді бір түрлі жат.  
Жаны таза жас кыздың маҳаббаты.  
Тен болмай еш кызыққа ондай ләzzаг.

Лизаны қарындаста бағармын. деп.  
Өзімді аға орнына санаармын деп.  
Адал ниет, маҳаббатын коріамасын.  
Ойлайды сүйтіл бакыт табармын деп.

Әр кезде сезіміне ақыл патша.  
Бола ала ма, ей анғырт жас байбатша.  
Сен өзің жүргегінді бітемісін.  
Ойлашы елендемей үшкүр атша.

Лиза Эрасттан соншама өтінді көп,  
Өтінді келіп жүр деп тауып уақыт.  
Эраст-ау, сені көру әрбір жанға.  
Болады деп ойтаймын үлкен бақыт.

Эрасты анасы да күп алатын,  
Келгенде ол да анқылшап қуанатын.  
Өлген ерін еске алып, әңгіме айғып,  
Шері тарқап кемпір де жұбанатын.

Сағынып кемпір байғұс жастық шакты,  
Әңгіме етіп сүйгенін қалай танты.  
Ерімен ең алғашқы танысканын,  
Өткізген өмірлерін тату-тәтті.

-О, дүние, бірге өткізген өміріміз,  
Өл-өлгенше тоймады-ау көніліміз.  
Маркумды өз қолымнан аттандырым,  
Жетім — жесір бол қалдық кемпір мен кыз...

Кемпірдің әңгімесін таза ғыңдан.  
Көнілін бөлүші еді Эраст тыңдан.  
Лиза ісіне он есе артық берсе.  
Артық акша алмайтын кемпір құндал.

Күн артынан күн өтіп, анта да өтті.  
Лизасын Эраст бір күн ұзак қутті.  
Көз қызарған, көнілсіз Лиза келді.  
Көргенде қызды жігіг шошып кетті.

- Лиза, Лиза! Не болды саған жаңым?  
-Эраст-ау, кайтейін мен жылдым.  
-Не болды, неге сәүлем, айтшы жайын?!  
-Бәрін айтам, жасырар бар ма халым.

-Бір бай шаруа ұлына мені сұрап,  
Келіпті, тұрағы да емес жырак.  
Мен жыламай, сәулем-ау кім жылайды,  
Шешеме де құдасы қалыпты ұнап.

-Бердің бе ризалық, Лиза, соған?  
-Не деп тұрсың, шынын ба бұл сұрағын?  
Анамды да аяймын бір жағынан.  
Көзінің жасын төгіп зар жылаған.

Тірімде ұзатпасам сені балам,  
Өлерде азап тартам, көнілтім атан.  
Сен мені аямайсың,- деп жылайды,  
Сүйгенім сен екенін білмейді анам.

-Дүниеде одан қымбат маған не бар.  
Сәулем, сен бақыт таисан көнілтім тынар.  
Шешен қайтыс болған соң косылтамыз,  
Мәңті бірге боламыз сүйіскен жар.

Бір тамаша рахат тұрмыс құрып,  
Жұмактағы жандардай өмір сүріп,  
Ну орманды, қыстакты мекен етіп,  
Бақытты боламыз бірге тұрып.

-Біздерге жар боларсыз қалайша сіз.-  
Деді де ақырын ғана күрсінлі қыз.  
-Не дегенің. Лиза жан!- деді Эраст  
-Сен ақ сүйек. жай ғана шаруаымыз біз.

-Олай деп ренжітпе Лиза мені.  
Ақ жүрек. күнәсіз жан сүйген сені,  
Жаным сүйген бір өзін бакыттымсын,  
Өмірлік жарым сенсін көнгілімдегі.

Тұрғандай орындалып ақ тілеі.  
(Лиза өмірден осындаған бак тілеі).  
Жарым деп жаны сүйген жас жігіттін.  
Мойнына оралды кеп ақ білеңі.

Құшакка енді, күн өтті күнәдан пәк,  
Айқасты ақ білектер дәл шашпа-шап.  
Қызу қанын серпінді сезім билеп.  
Эрастқа бір керемет орнады бак.

Лиза оған қазіргідей періште боп.  
Бұрын тіпті дәл мұндаи көрінген жок.  
Айкалай аймақтауы есін алып.  
Құшырланған сүйгені жағынды от.

Қызы еш нәрсе білген жок, сасқан да жок.  
Еш нәрседен қорықкан жок. кашкан да жок.  
Қаранғы кеш бөледі құмарлықта.  
Бір жұлдыз көктен сәүле шашкан да жок.

Сезім билеп ақыт-ой кетсе адасын,  
Ешбір жарық жеңе алмас сәүле шашын,  
Екеуін де тебірен гіп, бір тышсыздық,  
Не болғанын үқтырмай алды басын.

Ah. Лиза, кіршіксіз ең сүттен де аипак,  
Күнәсіз күнің қайда балатық шак?  
Жарылмаған қауындаған қайран Лиза.  
Періштең-сақшың қайда жүрген сақтап?

Аласқандық, албыргың үнүт өтгі.  
Лиза үқтай не болғанын есі кетті.  
Аң-таң болып Эрастан сұраң еді.  
Жауап тапнаи, тіл қаттай үндементі.

-Ойнырмай менде үрей жоқ, не істедік біз.  
Өліп бара жатқандай болсым.- деп қыз.  
Шыбын жаңым... айтуда бармайды аузым.  
Құдайым-ау! Бұл не Эраст? Қалдың ба үнсіз?

Күн күркірен, нажағай жалтышады.  
Мен қорқам, Эраст!, - деп қыз қалтышады.  
Жай оты албасты деп үрсама еді.  
Күнәсіз Лиза емесін қалпындағы.

Қатулана қаһарлы сокты дауыл,  
Кара бұлттан шүмектен текті жауын.  
Табиғат аза тұтын тұргандай тап.  
Мезгілсіз жарылды-ау деп бір жас кауын.

Лизаны Эраст болса шын жұбатиак.  
Үйшігіне дейін кеп шығарып сал.  
Қыз жігітпен кош айтар кез келгенде  
Көзінен токтамады жас моншактап.

Кетерде қыз жүргең күйіп-жанып,  
Көзінен қуаныштың жасы тамын:  
-Эрдайым біз бакытты боламыз, деп  
Эраст жаңым, сендерші, сендерші анык!

-Лиза жан, сенци сәулем айнашайын,  
Бере гөр - деді Лиза бір құдайым,  
Сөзінде сенбей қайтып тұра алачын,  
Сүйгенім сенсің Эрасг. күн мен айым!

Бірак та жүрек құрғыр жетті, жетті,  
Кеш жаңым, көріскенше ертең деңті.  
Кездесіп келіп жүрді, кетіп жүрді,  
Кызулы қызық күндер өтіп кетті.

Лизаның нұрлы көзі маҳабағы.  
Кіршікісіз мейірімі, балдан тәғі.  
Сүйгені, ыстық құшак аймалауы  
Бәріне Эраст көнілі салқын тартты.

Қанағатсыз күтілек аран ашқан,  
Ақырында бәрінен безіп қашқан.  
Жүректін рахатшы һәзік сырын  
Кім уға алса, сол мені мақұшатқан –

-Бар тілек орындалса рахат тауып.  
Махабатты алдайтын ең зор қауіп.  
Лиза Эрастқа баяғы періште емес.  
Қызы басынан ол дәурен кеткен ауын.

Бұрын Лиза Эрастын жанын тербеп,  
Киялтын шарықтатса көкке сермен,  
Қанағатын алған соң тояттанып.  
Жігітке енді бәрі тартты кермек.

Сүйісу, күнәсіз пәк сыйластықты.  
Жігітке таныс сезім көңіл шықты.  
Ондай ләzzат Эрастқа көнген мәлім,  
Қуантып, жұбатпады оны тіпті.

Кешегі сүйи Лиза маҳабатты.  
А дегенде көрінген тым ләzzәтті,  
Көрсе қызар жел көніл дауаламай.  
Эраст қызға күн сайын салқын тартты.

Жігіт көңілі тартса да қызға сырдан  
Лиза басын жолына еткен құрбан.  
Эрасттың рахатын бақыт санап.  
Бір соған еркін беріп, мойын сұнған.

Эрасттың сырдан тартқан сезіп түрін.  
Көрген сайын сыр тартып Лиза ақырын:  
-Көңіліміз алансыз бақытты едік.  
Көнілді болушы едің сен де бұрын.

-Эраст-ау, болмаушы елі менде алан,  
Деуші едім бір сенімен бакыт табам,  
Сүйікен ыстық жүрек сұымас деп.  
Сенгем саған, еркінлі берген саған.

Кей-кейде қош айтысын бара жатып.  
Дейтуғын Эраст: -ертең болмас уақыт.  
Бір тығыз ісім бол ғұр, келе алмаймын.  
Қызы сонда құрсінетін ойға батып.

Ол кетті бес күн үдай келмей қызға  
Арылмас қайғы тәнді Лизамызға.  
Қабак қатқан көніңсіз, жабырқанқы,  
Алтыншы күн легенде келі мұрза.

Лиза жан жатыр қазір соғыс болып,  
Соғыс болса, белгілі болмак жорық.  
Аз уақытқа қош айттар келіп тұр.  
Майданға аттанады біздің полқ.

Лизаға Эраст сөзі октай тиді,  
Жүргіне басыған шоктай тиді  
Естен танып қалардай қаны кашқан,  
Қызды жігіт жұбатып, құшты, сүйді.

Жұбатты қайтармын деп аман - есен,  
Лиза жан, шықпайсың деп есімнен сен.  
Мәнгі айырылмай тұрамыз бұдан былай,  
Осы жолғы сапардан келген соң мен.

Тауы мұлдем шағылып, Лиза сынып,  
Бағанадан тым-тырыс қалған ынып,  
Улы жасы көзінен кетті нарлаң,  
Үрей бөгеп жібермей түрған тұнып.

Елжіреп Эрастына жакын барып,  
Егіліп махабатты көзін сатып.  
-Қалуыңа болмай ма? – деді, жаным,  
Еміреніп қысып тұрып қолын алыш.

-Калуыма болады бүтін гаңда.  
Ертең бірақ бегіме кеғиес гаңба.  
“Отанның корқақ ұлы - жексүрыны”.-  
Дейді ғой. Күлкі болам әр адамға.

Олай болса бар, жаным, бүйіртса алла,  
Күлкі болып жүргенше әрбір жанға.  
Ажал оты тап келіп, сорым қайнап.  
Зар болып қалмаспын ба сүйген жарға!

-Арман жок Отан үшін болсам құрбан,  
-Сен өлтеген соң мендағы тірі түрман.  
-Аман келем, сүйгенім, саған келем,  
Жаман ой ойлаамашы, ей Лиза жан.

-Я, құдайым, бере ғөр қадір аллам.  
Құн сайын, сағат сайын жалбарынам.  
Аман-есен көрсет деп, сәулем сені,  
Сыйынам тілек-тілеп дұға қылам.

-Әттең дүние-ай сауатсыз болғанымды,  
Білдіріп тұрап ең ғой сен халкыңды.  
Хат білсем мен де жазып тұрма па едім.  
Сарғайып санаменен, солғанымды.

-Досың үшін өзінді сакта жаным.  
Қасірет шегіп, қайғы уын татпа, жаным.  
Көздің жасын көл етіп төкпе Лизам,  
Сен сонда сенімімді актағаның!

-Қатал жанба ең, бұл қандай киянатың.  
Мен бе екем көздің жасын тия алатын,  
-Сағынып-сарғауды көп көрдің бе,  
Ойласаң сөзің теріс ұялатын

-Жоқ жаным, жылаймын мен тілек тілеп.  
Сен жоқта Лизаң сенің шер көкірек,  
Көз жасым тышлады сонда ғана  
Соғуын токтатқанда ыстық жүрек.

-Фафу ет. Лиза жаным, кінә коима,  
Кездесетін қызықты уакытты ойла.  
-Эраст-ау, күтетінім сол уакыт кой.  
Жүрөнде шыбын жаным шықтай бойда.

-Жалған-ай, тез кездессек сондай шакка,  
Ұмытпа, Эраст. Лизанды есте сакта.  
Өзімнен аргық көрген кимас қалқам.  
Тапсырдым көріскенше жаңыз жаққа.

Не сөйтесті бұл жерде жігіг пен қыз.  
Түгел бәрін жаза алмай отырмыз біз.  
Ақырғы рет кездеспек болды олар,  
Айырыларда коштасып ертең күндіз.

Лизаның үйіне ертең Эраст бармақ,  
Кемпірге қол айтыса әдейі арнап,  
Мейірімді жас мырза кетеді деп,  
Естігенде жылады кемпір зарлап.

-Лизаның өз колымен еткен ісі,  
Менікі ғои, алмасын басқа кісі.  
Болмстан кемпірге Эраст акша берді,  
Кемпірдің келмесе де тіпті алғысы.

Карт ана алғыс айтты, тілеп тілек,  
-Жолың болсын, шырағым аман кел тек,  
Оң сапар бер, бір ақшам өзің сакта,  
Көзім тірі тұрғанда бір көрсет деп.

-Оған дейді жалғызыым, Лиза жаным.  
Қосылар көнілі сүйген тауып жарын.  
Аман қайтып тойында сен де болсан,  
Болмас еді, құдайым, тіпті арманым.

-Ана болып, балалы болса Лиза,  
Ат қоятын балаға сенсін мырза.  
Осы сөзді шырағым, сакта есінде,  
Ондай күнге жеткізсе мен риза.

Лиза түр анасына қарай алмай.  
Ұялып гөмен қарап, көзін салмай.  
Окүшы өзі-ак сезер айтиасақ та.  
Лизаның дәл сол кезде көңілі қандай.

Еске алсақ кош айттысар кетер кезді.  
Лиза қалай шылады, қалай төзді.  
Соңғы рет Эраст қысып құшағына.  
Естігенде "кеш Лиза!" деген сөзді.

Алкызыл теніздей бой көкге шалқып.  
Шығыстан таң шашағы шыққан қалқып,  
Еменің саясында қыз бен жігіт.  
Көзде жас, көңілі босап, бойы балқып.

Эрасттың құшағында қайғы басқан,  
Қам көніл Лиза күп-ку өні қашқан.  
Жары емес, жанымен қош аитыскандай,  
Айырылып жанын берген жан жоғастан.

Көзіне көрінбейді жер мен аспан.  
Улағандай төгілген ыстық жастан,  
Мұнға батып, мұлғаш түр бар табиғат,  
Салбырап жым-жырт болып қозгалмастан.

Лиза еніреп, егіліп, Эраст жылап.  
Екеуі де көздерін жаска бұтап,  
Қош айттар уақыт жетті, Эраст кетті,  
Лиза байғұс сенделіп қалды күлап.

Тізерлеп қолын жайып, көкке бағып,  
Эрсаттан көзін алмай қарап қалып,  
Ұзай-ұзай қөзінен болды таса  
Жығылды Лиза сорлы естен ғанып.

Бір кезде есін жиса зорға барып,  
Тұрғандай бар дүние қайғыланып,  
Табиғаттың көркі жок көз алдында,  
Бар қызықты сүйген жар кеткен алдып.

-“Ах, дүние жапан түзде неге қалдым,  
Сонынан бірге көгкей сүйген жарын.  
Артынан неге құстай үшпаймын мен,  
Қандай күш жібермәдің, үсап қалдын.

Не көрсем сүйген жармен бірге көрем,  
Бірге болам, бір жүрек, бірге өлем,  
Я болмаса жар үшін құрбан болып,  
Соны сактап, жолына басты берем.

Емес қой соғыс маған қорқынышты.  
Сенсіз маған қорқыныш онан құшті,  
Токта, жаным, токташы, сүйген жарым.  
Міне, жарын артынан құстай үшты”.

Енді ғана жүгіріп кетпек еді.  
Эрастты казір қуып жетпек еді.  
“Анам бар-ау” деген ой қалды үстап,  
Лизаны жібермәді, кетпес деді.

Құрсінді Лиза сорлы көнілі жасып,  
Елжіреп іші-бауыры, өні қашып,  
Басы төмен салбырап, еңсе түсіп,  
Үйіне әрен җетті баяу басып.

Содан бастап әр күні қасірет болды,  
Анасына білдіртпей Лиза сорты,  
Жасырған өрт жандырып жас жүргін,  
Сырты бүтін, қыз іші шерге толды.

Аулакта ен тоғайда қасірет шегіп,  
Зарласа онашада жасын төғіп,  
Сүйгенін есіне алып еніресе,  
Кеткендей қайғы бүлтты түрған төніп.

Кейде Лиза сағыныш төксө зарын,  
Орман құсы қосады мұнды сарын.  
Кей-кейде үміт оты сәүле беріп,  
Арылтқандай каранғы қайғы зәрін.

“Сүйген жарым келгенде қайтып маған,  
Қайғым ұмыт болады, бақыт табам”, -

Осы ойды сүйеу көріп, көзі жайнап.  
Атқызыл гүл бетіне жүтірген кан.

Құлпырып қыздың өні кеткендеңі.  
Секілді мақсатына жеткендеңі  
Жайранда жарқын жүзі жадырайды  
Дауыдан сонғы күндей көктемдеңі.

Соныменен екі айдай уақыт өтті.  
Бір күні Москваға Лиза кепті.  
Бар жұмысы қаладан дәрі әкеlemek.  
Шешесінің көзіне болған дерпті.

Бір үлкен көшеменен келе жатты.  
Алдынан шыкты арбалы салтанатты  
Қараса Эраст отыр арба үстінде.  
Ah деп Лиза танырқап қарап қапты.

Үкідег үшты арбаға қойып бетті,  
Арбалы тоқтамады өтіп кетті.  
Бір қақпаның алдында бұрылғанда,  
Лизадағы сонынан қуып жетті.

Арбадан түсіп Эраст жылдам жүріп,  
Салтанатты үйге енді кетпек кіріп.  
Ол келгенше жүтіріп келіп жеткен  
Лизаның құшағында қалы тұрып.

Қысылды тіл ката алмай Эраст сасып,  
Құп-ку боп кетті бегтен каны қашып.  
Сағынған жар сөзіне жауап бермей,  
Лизаны үйге кіргізді есік ашып.

Жетектеп онаша үйге алып барып,  
Есікті бекітіп ол кілтін салып,  
-Лиза, енді уақыт солай ренжіме  
Деді Эраст: - қойып едім әйел атып.

Енді мені әуре етпе, солай өмір,  
Мені ұмытсан өзіңе болар женіл  
Сүйтгем сені әлі де сүйемін мен  
Яғни, дегенім ғой таза көңіл.

Мінеки, дег бір жұз сом ақша алып,  
Лизаның қалтасына өзі салып:  
-Ақырғы рет маған бір сүйіп дағы,  
Сонымен үйнен жет аман барып.

Лизада ес қалмады үміт сөнді,  
Кызды Эраст шығарды үйден енді  
-Мына қызды қорадан ұзатып сал.-  
Деп мырза малайына әмір берді

Жүрек жанып, бойымды билей алмай.  
Эрастты адам деуге аузым бармай.  
Лағанат айтып, карғауға даиынмын мен  
Оғырмын карғауғада сөз таба алмай.

Тілім макау отырмын көкке бағып,  
Көзімнен аккан жасым беттен тамып,  
Шіркін-ай, неге роман жазбадым мен  
Қайғысы болған халды жаздығы негып?

Соныман Лизаны Эраст алдалы ма?  
Соғыска барамын дег бармалы ма?  
Соғыска барды, бірақ соғысқан жок,  
Карта ойнап жүрдай боп қалмады ма.

Жауменен соғысудың орнына ол,  
Карта ойнаудан басқаға тимеді кол,  
Сүйткенше соғыс бітті, бітім болды,  
Эрастың Москваға қайтқаны сол.

Борышка белшесінен әбден батып.  
Жер-мұлкінен айырылды тәнір атып,  
Қатарына қосылар жалғыз жол бар  
Соғылмен алмак болды басын сатып.

Өзі бай- жесір қатын егде тартқан.  
Эрастқа күмар болып, қатты үнатқан.  
Соғыләндің қолына барып кірді.  
Осы еді жалғыз жолы оның тапқан.

Лизага болса да шын қөнілі ак.  
Амалсыз мұндаі іске болғаны тан,

Жоғарны жағдаштардың бәрін гізек.  
Эрастты аға алар ма актаң бірақ

Көшеге Лиза сүйгіп шығып калды.  
Қандай қалам жаза алар мұндаі халды.  
“Сол ма, соғы ма шығарған мені қуып,  
Мені тасғап, сүйді ме басқа жанды?”

Өлдім, біттім- дели қызы басы айналып.  
Ой, сезімі үзіліп есген танып.  
Қайырымды бір әнел көмек берді.  
Сорлы қызыға көшеде жағқан татып

Бір кезде көзін ашты есі кіріп,  
Әйелдің көмегімен әрен тұрып.  
Әйелге акырынғана алғыс айтып.  
Басы ауған жакқа карай кетті жүріп.

“Енді маған өмір жок, қайғы мен шер.  
Жұтсашы мен бейбакты қу кара жер,  
Құлап қана кетсеші, үстіме аспан”  
Ойы осы Лиза өмірден үзген қудер.

“Жоқ! Басыма құламас анау аспан,  
Жер жұтпайды, жағыр ғой тапжыламстан  
Қайғы-қасірет, қүйініш, мұн менен зар,  
Қызық жоқ енді қалған өмір жасған”!

Қаладан Лиза сүйтіп шығып кеткен,  
Ой улап қызы акылын тентіреткен.  
Тұнғиық кара судын жағасына,  
Есеніреп, сенделіп барып жеткен.

Белгілі ол карасу түбі терен,  
Жағасында кәдімгі кәрі емен.  
Тысіз күә осылар емес пе елі.  
Лиза бақыт тапқанда Эрастпенен?

Тұскенде раҳат күндер еске келіп,  
Жаны күйіп, ішіні кетті өзгеріп,  
Тұнғиық тұнжыраған оиға бағты.  
Көз алдын тұман қантап күнгірттеніп.

Бір кезде Лиза басын жұлып атып,  
Караңы айналаға көзін салып.  
Жолмен кетіп барады көрші қызы  
Шақырды. Лиза айқайтап көріп қалып.

Шақырып Аньотаны он бес жасар:  
-Сүйікті досым, -деді, - бір сөзім бар,  
Он сом алтын ақшаны берді қызға:  
-Үрлік емес осыны анама апар.

-Мейрімсіз бір жаңға болдым ғашық,  
Анама айтпаң едім сырымды ашып.  
Ол адамның аты Эраст неге керек?  
Деді де Лиза сынып қалды жасып.

-Сол адам ашад мені тастап кетті,  
Анама айт: құдай үшін кешірсе етті!  
Жан анамның алдында кінәлімін.  
Оңға келмес өкініш бір іс өтті.

-Осы болды өмірден тартылған сый,  
Анама түгел жеткіз көніліне түй,  
Міне, жаным, қолынан сүйем сені,  
Сен де мендей анамды қолынан сүй.

-Анама айт, - деп, - мені Лиза бірақ,  
Тұнғиық қарасуға кетті құлап.  
Аньота үрейі ұшып ойбай салып,  
Жүгірді үйге қарай зарлап-жытап.

Қыстактан ел жүгіріп келіп қалды,  
Лизаны судан іздел тауып алды.  
Жағада жатты өлік сүр-сүр болып,  
Тапсырган әлде кашан шыбын жанды.

Жас сұлу, жаны таза аяулы жан,  
Бақыт таптай алдамшы бұл жағаннан.  
Мезгілсіз кош айтысып дүниемен,  
Өмірін осылайша аяқтаған.

Опасыз өмір сырын сезбес пенде,  
Дүниеден өкінішпен мен көшкенде.

Танырмын ол дүниеде, жана өмірде  
Сенімен сонда, Лиза, кездескенде.

Қара су жағасына шықкан дара.  
Кәрі емен ку бас қарттай жаны жара.  
Сол еменнің түбінен орын сайлан,  
Қойыпты Лиза қызды сол араға.

Әр кезде сол жерге кеп ойға бағам,  
Сүйеніп жер бесікке Лиза жатқан.  
Көз алдыңда қара су мөлт-мөлт етіп,  
Жоғарыда жапырак сыйбыр қакқан.

Лизасын кемпір естіп естен танды,  
Қан тоқтап кәрі жүрек соктай қалды,  
Сорлы кемпір көз жұмды енді мәнгі.  
Көреміз күлазыған жатғыз тамды.

Иесіз үй елегізсе үрген желмен  
Қыстактың түрғындары жокқа сенген,  
Ол сорлы Лиза қыздың даусы, дейді  
Түн баласы болғанда күніренген.

Әраст өтті өмірден таппай бакыт,  
Лизаның кайғысы оған кетті батып.  
Қанына ортақтын деп санады өзін,  
Өле-өлгенше сол кайғы ойды улатып.

Өлерден бір жыл бұрын сол Эрастпен,  
Танысып ауызба-ауыз сөйлестім мен,  
Дәл осы уакиғаны айттып беріп,  
Лизаның бейітіне ертіп мені әкелген.

Маган Эраст осындағы сырын ашты,  
Екі көзден ағызып қанды жасты,  
Ол дүниеде бір-бірін тауып олар,  
Мүмкін енді табысты, татуласты.

*Күлаайғыр  
Қарғандау облысы,  
20.01.1954 - 05.02.1954 ж.*

## ТҮСІНІКТЕР

“Майданнан майданға” – пьеса алғашында 1947 жылы “Дауылдан соң” деген атпен жазылған сол жыты 22 қазандығы Қазакстан Жазушылар Одағының Президиумының отырысында бекітіледі. Ғабит Мұсірепов: “Қайымның “Майданнан – майданға” пьесасы казак совет драматургиясының жақсы табыстарының бірі есебінде театр сахнасына үсінштүсі көрсеткіштің үшінші деңгээлік мәдениеттің мемлекеттік майданынан шығып келген”, – деп ерекше баға берген.

Пьеса оқиғасы – Ұлы Отан соғысынан кейінгі казак ауыттында өтеді. Негізгі тақырыбы соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын көтерген ерлердің қажырлы еңбегі.

“Комиссар Фаббасов” – тарихи драматық шығарманың оқиғасы 1919 – 1920 жылдары Аягөз. Сергиополь жерінде өтеді. Шығарманың негізгі кейіпкері – Аягөзде Кеңес Үкіметін орнатуға белсene ат салыскан. Сабыржан Фаббасов. Драмада сол заманың тарихи шындығы нанымды баяндалады. Пьесаның премьерасы 1962 жылы Семейдің Абай атындағы музыкалық драма театрында режиссер Бәйтін Омаровтың жетекшілігімен қойылған.

“Ер Білісай” – тарихи драманың оқиғасы 1919 жыты Семей облысының Жарма ауданында өтеді. Негізгі кейіпкері ак бандыларға қарсы күресті, ерекше ерлік көрсеткен Білісай тарихта болған адам.

Білісай Байғарanova (Жарма ауданы) азамат соғысы жаһдары ак бандыларға қарсы күресте ерлік ісімен көзге түсіп, ет аузында “Ер Білісай” атанған әйел.

“Перне” – тұрмыстық махаббат драмасы. Сәбит Мұқанов 1944 жыты 28 июльде Қазакстан Халық комиссарлары советтінің жаңындағы Өнер басқармасына жазған хатында быттай деген: “Жазушы Қайым Мұхамедхановтың “Перне” пьесасы өнер туралы жазылған сүбелі шығарма, шынайы талантты дүние. Сондыктan Қазакстан Совет Жазушылар Одағы жолдас Мұхамедхановтың бұл пьесасын Қазақстан театрларында койдыруды үсінады”. Пьесаның оқиғасы Ұлы Отан соғысының соңғы жылдарында өтеді.

## ӨЛЕНДЕРІ

“Қазақ ССР-нің Гимні” – 1944 жыты Қазақ ССР – нің Мемлекеттік Гимні мәтініне жабық конкурс жарияланған. Ақын сол конкурста жеңімпаз болып танылған. “Ер казақ

ежелден еркіндік аңсаған” - деген өлең жолы “Біз казак ежелден еркіндік аңсаған” - деп өзгертіліп. Ф. Мұсіреков пен Э. Тәжібаев қосалқы автор ретінде тіркелген. Бұл жөнінде “Ана тілі” газетінде (1991 ж. № 51) Әбліла Тәжібаевтің және “Халық кенесі” газетінде (1992 жыл № 150) Фаббас Қабышұлының макалалары жарық көрген.

Негізінің нұска “Казахстанская правда” газетінің 1945 жылғы 17 наурыздағы № 234 санында жарық көрген.

“Казахстан Республикасының ұсынылған нұска” – 1992 жылы Казахстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне жарияланған конкурсқа ұсынылған шағарма. Байқауға ұсынылған мәтінде бұрынғы саясат шенберінде мәжбүрлікten қолданылған әсіресаяси сөздер жок. Өлең Егемен Казакстанның болашағын айқындағын, аташ рухын аскактатын биік деңгейде жазылған. “Егемен Казахстан” газетінің 1992 жылғы 24 наурыздағы № 70 санында жарық қөрді.

“Балаларыма” – 1952 жылы Карлаг, Теміртау лагерінде жазылған. Өлең 1991 жылы “Семей таны” газетінде жарық қөрді. Ақынның айдауда жүргенде сонында қалған алты баласына және сүйікті жары Фархинурға жазған өлеңі. “Алтын көріп, адап жолдан таймадым. Сұғанак бол арам астан татпадым”. - деген өлең жолдарынан ақынның азаматтық кредитесі айқын көрінеді. Автор: “Лагерьде жүрген кездегі сезім-сырымы, көніл күйімді білдіретін, будан 40 жыл бұрын жазылған “Балаларыма” атты өлеңімді тұнғыш рет жариялан отырмын”. - деп түсінік берген.

“Отырдық тар қапаста құнды санап” – 1952 жылы жазып, 1955 жылы М.Әуезовтің үйінде оқып берген. Галым: “Елу бесінші жылы түрмeden босадым. Мойынты-Шумен келіп, Алматыға түстім”. - дей келе, “Бір сәтте Мұхтар: Қайым. сен түрмеде не ойтап отырдын? – дегені. Бір кісінік камерада отырғанымды, көрген корығымды айттым да, мынау өлеңімді оки жөнелдім”. - деп есіне алады. Алғаш рет “Семей таны” газетінің 1996 жылғы санында жарық қөрді.

“Шерубай – Нұра станциясы маңындағы Қуандық – Қараеке ауылының ақсақалы Әтімге” - өлең 1953 жылы Карлаг, Құлайғыр лагерінде жазылған. Бас еркіндігі жок, айдауда жүрген азаматтар атыннан станция тұрғындарының мінездерін сыйнап, шенеп айткан өкпе-назы. “Ауылына ізден барса шулайсындар. Секілді жемтік көрген кара карға”, - деген өлең жолдарынан осыны аңғаруға болады.

“Үстазыма” – Серіз жасында қолына қатам алдыртып, оқытып, үйретіп, тәрбиелеген үстазы Тұртықан Хасенұлына

арнаған өлеңі. Темірканат баланандай баулып, Абай атын жазуды үйреттің - деп тебіренеді ақын. Өлең 1936 жылды жазылған.

“Алдымда ақын Абай - Темірқазық” – Қазақтың ұлы ақыны Абайдың ақындардың ұстазы, өлеңдердің бигіне алтын туын тіккен ақын ретінде бағатайды. “Қолыма алып, өлең жазсасам, Алдымда ақын Абай – Темірқазық”. -дейді. Өлең Семей қаласында 1940 жылды жазылған.

“Орындалған өсiet” – Өзін Хан Шыңғыстың бигінен айналата көз жіберген қыранға теңең. Абайдың соңында қалдырыланған мол мұрасын жырға қосады. Абайды ұлы дарияға, басқа ақындарды оған құйып жатқан мөлдір бұлакқа балайды.

“Жамбыл” – 1938 жылды жыр алыбы Жамбылдың 75 жылдық мерейтойы кеңінен атап өтілді. Осы мерекеге орай 18-19 мамырда халық ақындары мен жыршы-термешілерінің слеті өтеді. 20-22 мамыр аралығында Қазақстан Жазушылары Одағының плenumында К. Мұхамедханов толғауын оқып, елдің алғысына бөленеді. “Екпінді” газетінің 1938 жылғы 12 апрель, 10 мартағы сандарында жарық көрген.

“Революция дауылпазына” – XX ғасыр басында реалистік әдебиеттің негізін салушы ретінде Максим Горькийге өлең арнамаған ақын кемде-кем. Ақын “революция сұнқарын” – “Шаңқылдап қара түнде ұран салған” дауылпазға тенеңді. Өлең “Екпінді” газетінің 1940 жылғы 18 маусымдағы N 139 санында жарық көрген.

“Ойнақы көз, тұрақсыз сөз” – Қазак аруның бойындағы тұрақсыздық, сылкым сұлулық, көлгір күлкі сияқты жағымсыз касиеттерін айта отырып, ақын тұла бойы үят пен арға тұнған, жаны таза, сабыры мол сүтуды іздейді. Өлең 1936 жылды жазылған.

“Сүйем Отан анамды” – Тұған елін, жерін, өзен-көлін шабыттана жырға қосады. Ақын ел басына қауіп – катер төнген қаһарлық күнде жасулан елін корғауға аттанады дейді. Өлең “Екпінді” газетінің 1942 жылғы 19 акпиндағы санында жарияланған.

“Ел қаһарын жырландар” – Соғыс жылдарында Семей қаласында облыстық ақындар айтысы өтеді. Бұл айтыска Сапарғали, Төлеу, Нұрлыбек, Архам сынды атакты ақындар қатысады. Ақынның айтыска катысушыларға арнаған толғауы. “Екпінді” газетінің 1943 жылғы санында жарық көрген.

\*“Батыр ағама” – “Бел шешпей, мұз тәссеніп, кар жамылған, Кіргігін күндіз-түні емес какқан”, – деп даңқты батыры, Халық қаһарманы, гвардия полковнігі Бауыржан

Момыштының соғыста көрсеткен ерлік ісі шабыттана жырга коскан.

“Ері қорған еліне” — Майдан даласында Оган үшін қасық қалғанша шайқасып, ерлікпен қаза тапкан Кенес Одағының батыры Кисляковтың ерлігі суреттеледі. Өлең 1941 жылы жазылған.

“Қарындастың білем атын” — Атақ даңқын кірлетпей, елі үшін жанын қиған ержүрек партизан Тося Петрованың ерлік ісі нанымды бейнеленеді. Өлең 1943 жылы 22 мамырда жазылған.

“Біздің Киев” — 1943 жыты неміс басқыншыларынан азат етілді. Осы қуанышты мерекеге орай ақынның жазған өлеңі. “Тажалдың тырағынан бауырларын, азат етті көзінің жасын тиіп”, - қаһарман қаланы азат еткен ерлерді жырга косады.

“Москва” — соғыстан кейін жазылған өлең. “Москва — соқкан жүрек, көрер көзім”, — дей отырып, ақын: “Астанам, бір отауың өзін тіккен — Жайнаған күн сәулелі Қазақстан”. - қазақ елін де жырга косады. Өлең “Екпінді” газетінің 1947 жылға 7 сентябрьдегі санында жарық көрді.

“Мен советтік азамат” — “Қазақстан мұғалімі” газетінің 1955 жылғы 1 мамырдағы № 18 санында жарық көрген. Совет азаматының адал енбегін, достығын, мактандышын жырга косады.

“Отан туралы екі өлең” — 1955 жылы “Екпінді” газетінің № 170 санында жарияланған. Ақ сүт беріп өсірген анадай Отан анасын сүйіспеншілікпен жырга косып. “Кім сүймейді туған ата-анасын, Кім сүймейді адалжарын, баласын”, - дейді.

“Алтын дән туралы жыр” — Тың көтерілгеннен кейін казақ даласында берілген алғашкы миллиард пүт астық берген енбеккерлер жырланады. Осы өлеңде Бекен Жамақаев ән де жазған.

“Ана тілегі” — Балаасының талабына, алғашкы қадамына қуанған ана тілегі жырланады. Елімнің ертеңі, халқымның болашағы сенсің деген ана сөзі айттылады. Өлең “Екпінді” газетінің 1946 жылғы №174 санында жарық көрген.

“Бала” — Бала ата-ананың жүрегі, бала маҳаббаттың тірепі — деп ақын баланың былдырылаған тілін де жырга косады.

“Арон Рашид пен иттер” — Ежелі Шығыс азызының желісі бойынша жазылған мысал өлең. Патшаға үріп, арсылдаған иттер арқылы әрбіреуге қаралан қарағ тисін жүрген адамдарды шенейді. “Біраз үріп, арсылдап — абалаймыз, Ауыз ашпай, тіпті, үнделемей қала алмаймыз”. 1965 жылы жызылған.

“Әділ бөліс” — Халық әңгімесінің желісі бойынша

жазылған шағын әңгіме. Бала іар ұғымына даиыкташып жазылған. Еші аяусыз канап. әлтінжеттік жасап отырған. Гойығысы адамдар бейнесі арыстан арқыты берілген. 1965 жылы жызылған.

“Бай мен қызметшісі” – Халық әңгімесінің желісі бойынша бала ұғымына арнап жазылған мысал әңгіме. Қытымыр, қаиырымсыз байды қызметшісінін тапкырлығы сөз болады. 1965 жылы жызылған.

“Сарандырған мен зейінді баласы” – Халық әңгімесінін желісі бойынша бала ұғымына арнап жазылған мысал әңгіме. Сарандырған мен зейінді баласының жол тауып кеткені айтылады. 1965 жылы жызылған.

“Анғал бала мен шат” – Халық әңгімесінің же ісі бойынша бала ұғымына арнап жазылған мысал әңгіме. Өтіп бара жаткан өмірді байкамаған анғал бала туралы айтылады. 1965 жылы жызылған.

“Өснегет” – Тарас Шевченконың айдауда жүргенде 1845 жазған өлеңі. “Екпінді” газетінің 1946 жылды № 50 санында жарық көрген.

“Жалғызбын мен жалғызбын” – Украина халқының ұлы ақыны Тарас Шевченконың түрмө мен айдауда жүргендегі өлеңі. Өлең 1847 жылы жазылған. “Екпінді” газетінің 1946 жылды № 50 санында жарық көрген.

“Ашы тәжірибе дауысы” – Татар ақыны Фабдолла Токайдың 1911 жылы жазған өлеңі. Жүзінен нүр төгіліп мейірленіп тұрса да ешкімге сен бе. ~деп карт тәжірибені жырға косады. Өлең “Екпінді” газетінің 1946 жылды 27 апельдегі санында жарық көрген.

“Сормандай Лиза” – Орыстың әйтілі жазушысы әрі тарихшысы Николай Михайлович Карамзиннің атақ даңқын әйгіті етіп, әдебиет әлеміне танытқан шығармасы – “Бедная Лиза” (повесть) 1792 жылы жазылған. Көркем кара сөзбен жазылған шығарманы Кайым Мұхамедханов 1954 жылы өлеңмен аударған.

## **МАЗМУНЫ**

### ***БІРНІШІ БОЛІМ***

Майданнан майданға.....	5
Комиссар Фаббасов.....	83
Ер Білісай.....	158
Перне.....	181
Пікір.....	215

### ***ЕКІНІШІ БӨЛІМ***

Өлеңдері.....	220
Сормандай Лиза ( <i>Н.М. Карамзиннен</i> ).....	273
Түсініктеп.....	306

**“Ет-шежіре” көғамдық корының президенті  
Дидахмет Әшімханұлы**

**ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ**

**VII том**

**Драмалық шығармалары,  
өлеңдері**

Редакторы А Әубәкіров

Техникалық редакторы А Сайдахметұты

Компьютерге төрл, корректуралық салыстыру жүргізгендер -

М Ермаганова, Ж Найманбеке

Компьютерде беттеген М Шаяхметұлы

ИБ № 81

Теруге 10 10 2009 берілді Басуға 16 11 2009 кот конысты Пиши  
84x108 /32 Қағазы оғсеттік Карш түрі “Times Kaz”  
Басылымы оғсеттік Шартты баспа табағы 19 5 Есептік баспа табағы 20 00  
Таралымы 2000 дана Тапсырыс № 274

‘Ет-шежіре’ қоғамдық коры 050009 Атматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143-үй, 609-бөтмес

ЖШС Жедел басу баспаханасы’,  
050030 Атматы қаласы, Красногорская көшесі, 71